

12015

3612к

Маркиза Базарбайқызы



ҚЫРМЫЗЫ



Маркиза Базарбайқызы

ҚЫРМЫЗЫ

Алматы 2013

УДК 821.512.122
ББК 84.(5Каз)7-44
Е16

Базарбайқызы Маркиза

ҚЫРМЫЗЫ: Өнгімелер / Маркиза Базарбайқызы. —
Алматы: Аң-Арыс, 2013. — 248 б

ISBN 978—601—7337—31—5

М. Базарбайқызының бұл кітабына халқымыз
бостандық табалдырығынан аттаған қын кездегі ел
өмірінің суреттері арқау болған. Тілі шүрайлы, оқиғасы
тартымды, сюжеті шыныр. Айтар сөзі салмақты, берер
төлімі мол.

Кітап жалпы оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84.(5Каз)7-44

ISBN 978—601—7337—31—5

© Базарбайқызы М. 2013
“Аң-Арыс” ЖПС 2013

Алғы сез

Маркиза Базарбайқызының қысқа да нұсқа жазылған өнгіме-эсселері бас-аяғы жүп-жұмыр. Дем сәтте құйылып тускен өлең сияқты сезіммен оқылады. Өзі ұстаз болған соң шығар өнгімелерінің бәрі ғибыратқа толы. Оқыған жанның сезімін селт еткізіп, өзінше ой түйуге жетелейді. Кейіпкерлері қарапайым енбек адамдары. Күнде сіз бен біз көріп жүрген жандар. Әйтсе де оларды Маркиза басқа қырынан көріп қояды. Көріп қояды да, оларды өзіне ғана тән мінез-құлқымен, еріксіз езу тартқызар жылы жымысымен көз алдынызға тоса қояды.

Бірде кейіпкерлерді аяйсың, бірге қайғырасың. Сонымен қатар жетістіктеріне қуанасың, талабына, өмірге құштарлығына тәнті боласың. Қысқасы, кейіпкерлермен жан-журегінмен тілдесесің.

Ол өр түрлі тақырыптарға қалам сілтейді. Сонау елде ақша жоқ, азық тапшы кездегі жас өспірімдердің тележеңшікке телміріп еліктеп-солықтауының арты көшеп-көш болып топ құрып тәбелесу, аяғы мүгедектікке үласқанын, Сайлаш секілді аналардың образы арқылы суреттеп сананы сілкілесе, желтоқсан ызғырығының құрбаны болған кек өрімнің сол кездегі он үш жасар карындасының көзімен көргенін айтқызу арқылы біздің қоғамның сол оқиғаға сол тұстағы көзқарасын зерделеген. Талай ғасырлар ата-бабамыз ансаған төуелсіздіктің өз-өзінен келе қалмағанын, оны осындай мындаған жас өрендердің журегінің жалыны, бостандыққа деген құштарлығы, өлшеусіз құрбандығы мысқалдан жақындастып, ақырында жүректерде жарылыс жасағанына сенесің.

Маган, өсіресе, кешегі қан майданның алыс ауылдағы жаңғырығы, жүдеу тірліктің атаусызы ерлері — өр мінезді кейіпкерлері үнады. Қазакты қазак етіп ұстап тұрган да осы мінезділік, ұлтық салт-сананы берік ұстануы емес пе? Автор осының қырагы көзімен көріп, қаламына іліп тускен.

Архиварус Сәбина сияқты кейіпкерлер арқылы кешегі совет дәуіріндегі ұлт жанашырларының, казақ халқына рухани қызмет еткен зияялыштарының еңбектері қалай төрк етілгенін көрсеткісі келіпті.

Отбасы сыйластыры, келін өдебі, ене төрбиесі туралы әңгімелері өз алдына бір тәбе. Кейі жүрек ауыртады, кейі езу тартқызады. Әңгімелер өр килы, жалықтырмайды, Оқыған сайын құмарыңды арттыра туседі.

*Кәмила Құдабаева, жазушы-прозаик
Қазқстан Жазушылар Одағының мүшесі
В. Пискуль атындағы халықаралық
өдеби сыйлықтың лауераты*



**София апам менің
(соғыстың қыздай жесірі)**

Менің София апам бақытсыз ғұмыр кепті. Өлде бақытты ма? Оны өзің екші, оқырманым.

Оның қылтиң бой түзеген кезі соғыстың өртті жылдарына тұра келді. Суреттей сұлу бойжеткенге ауылдың аргы шетіндегі ұстаның жетінші ұлы Аксунқар ынтық еді. Ол “повестка” алған күні екеуі қол ұстасып, айлы түнде күм шағылды кепті ауылдан ұзап кетті. Бұл бір “ташықтық тілі тілсіз тіл, көзбен кер де ішпен біл” дейтін тылсым шақ болатын.

Жігіт ертеңіне майданға аттанды. Қыз “ескерткіш” болсын деп қолындағы алтын жүзігін шешіп берді. Түбіт мұрт бозбала жыымиды:

— Ең өуелі көзім осы өшекейге түскен. Сосын “муны таққан қызы дүниедегі ең сұлу қызы болуы керек қой” деген оймен жүзіңе үңілдім. Сол сәтте жүрекім сокпай қалғандай болды. Күннен де көркем, айдан да өсем екенсің. Бұл — сенің сәнің гой. Өзінде қалсын.

— Жоқ, сен соғыстан келгенше сөнденбеймін! — қыздың нәзік болғанымен кесімді үні ұста ұлының жүрегін жалындаштарып, қорғасындаш балқытты.

— Менен ескерткіш белгі болсын. Сені қанғырған оқтан сақтасын.

— Ал, мен соны ойламаппын. Қап, менен белгі қалмады-ау! — деп, өкінді Аксунқар: — Тек жауды женіп келейін, он саусағына өзім сокқан алтын жүзіктермен толтырmasам ба, тек жауды женіп келейін! — деп, тістендей тісі шақұр-шұқыр еткен жас жолбарыс.

Жоқ, белгі қалыпты. Тоғыз ай тоғыз күн өткенде өмірге Белгібай келді інгалап. Қыздың шешесі адудынданып, етегінің астынан сұрып альш, өз бауырына басты. Қызына емізу түгіл еміренуге тыйым салды. “Басың жас, болашағың алдыңда. Мен қайбір басқа жарыған адаммың, өзіңе іні, жалғыз бауырыңа серік болсын. Маған қолғанат болсын. Айттым — бітті, қестім — үайлі” байлам жасады шешесі. Қайран, менің София апам, баласы шырылдаш жылаш жатса да қасына жақындауға батпайтын. Сейтіп жүргенінде Аксунқардан “қара қағаз” келіп, ауыл шулап қалды. Ұста

Куан жеті бірдей қазага қабырғасы қайысса да тағы үш ұлының кез алдында жүргеніне шукіршілік қылыш қала берді.

Софыс аяқталыш, жааралы жауынгерлер елге орала бастады. Бір күні кеш күрым сондай жауынгердің бір бүл үйдің есігін қақты. Төртбак, шымыр, күн қақты. Қол-аяғы бүтін. Дені бойы тұзу. Жөн сұраса келе жалкы жігіттің туған-туысының өуелсін жұт-апаршылық, кейінгісін соғыс жалмағаны белгілі болды.

Жолаушы өз кезегінде көрші ауылдағы Сәдудің қызы үзатылып, екі-үш балаға ана болып үлгергенін естіді. Жігіт тұнеріп төмен қарады. Ол — атастырылған қалындығы болатын. Қол-аяғы балғадай жігіттің белін соғыс алыш қалған. Сол жақта қала бермей, қуыс кеудесін сүйретіп, Қазақстаным деп жеткені — алыстан болса да қалындығының төбесін көзben көріп жүрерін көңіліне медеу етпекті. Алдынан өтіп кешірім сұрамак-ты. Енді... тұла бойы үгітіліп отырған жерінде құм төбешікке айналғандай сезінгені. Сүм соғыс-ай!

Софияның апасы өзгеше байлам жасады:

— Балам, сен бүйтіп жел аударған қаңбақтай жорта берме. Қаласаң менін киімшөң ұлым бол. Мына екі бауырыңа комқор боласың. Өйтпесе бойжеткен қызыым міне. Шал-шауқан, ақсак-тоқсакқа қимай отырған кекірегім бар. Күйеу балам бол. Еншінді қазір беліл берем. Еліңе жетектеп кетем десен де, қоны қонам десен де өзің біл. Өзің еркінде.

Жігіт төмен тұқырған күйі міңгір етті. Не дегенін өзге түгел өзі де үкпады. Сор маңдай София апам жүзін есікке бұрып, кез жасын кесесіне тосып алыш, кермек шайды жұта берді, жұта берді.

Ертеңіне айналадағы төрт — бес кемпір — шалдың батасын алыш, Үмсындық ана қызы — күйеуін отаулап шығарды. Ат арқандар жерге ғана ұзаған екеуі қараша үй тігіп, қара мосысын, қалайы шөйнегін, екі — үш тостаған, бір-екі көрпемен үй болыш шыға келді.

Жездем сөзге жок, қара күшке мығым. Жұмыстың қыны мен ауырына сұранып тұрар жан еді. Төүліктің жиырма сағатын қара жұмысқа, төрт сағатын түяқ серіппес үйқыға жұмсаушы еді. Шаршап келген күйеуін жез

құманға су томыртқылаң, сұлгісін қарына іліп келіншегі майысып қолына су құйыш күтіп алатын. Сырт көзге әп-әдемі отбасы.

Софыстан соңғы шаруашылығы шалқайған елге нағыз таптырмайтын жұмыс күші қосылғанға халық риза. Қызын кол-аяғы сау шаруакор жігітке ұзатып анасы риза. Тек байғұс София апам...

Бастапқыда “әй, Қопарғали!” десе шамданбай “өү” деп мойын бұратын жездеміз келе-келе атың кім деушілерге “Қопарғалимын ғой” дейтін болды. Шын аты-жөнін кейінгі балалар, біздер білмей өстік.

Еркектікten қалып, ер қара санатында “тағдыр салды, біз көндікке” жездем келіскеңімен, София апам көнбеді. Көнбекені сол — Алланың аманатын орындағанына, перзент сүйемегеніне қиналды. Қазіргі жыныс катынасын ашық жарнамалап жатқан заманда өмір сурсе қандай боларын кім білсін бірақ қазакы ұятпен шегеленіп, әдеппен әдіптелген тәрбие мен адудын анасынан қаймығатын София апамның басында жат ой болмағаны анық. Бірақ бала сую құштарлығын баса алмады. Жар құшағы бүйірмаса да сәби суюге ауған аңсарын тежей алмады. Оның үстіне көз қиығында кеңліне қуат беріп жүрген Ақсұңқарының “белгісі” опат болды. Жаны ыдырынып кеткен София апам балалар үйінен секпіл бет сары шашты бір қызды бауырына басты. Ол құрғырын апа-жездем асты-үстіне түсіп қанша әбектесе де “жаман-жақсы болса да, тарпай коймас тегіне” дегендегі өсе келе “оібай, Софияның сары сапалағы өйтіп кетіпті, бүйтіп кетіпті” деген сөз ілестирді. Жасы он бескесе толмай күйеуге қашып кетті. Қызының өз ісі мен тілінен тапқан тегірепшін жуып-шайм деп апа қу жанын қуырдақ қылатын. Қорлықта жүрген жерінен неше рет тауып өкелді. Кішкене есін жиыш, тамағы тойса тағы... Қашқан қызының соңынан ел ақтап табанынан таусылған аласын аяп, бұл кезде үйлі — баранды, әп-әдемі қызметі бар, алыс ауылда тұратын бауыры ортаныш қызын өкеліп таstadtы.

— Қой, ұяластарынан айырма. Асырасам, ана мейріміне шөлдеген қу жетім кеп емес пе? — деген қарсылығына да қарамады.

Алда — жалда, қызың табылыш жатса қайтыш алармыз. Әзіршे шайынды қайнатып, үйінді сыптырып, басынды қарап берсін, — деп алдаусыратты.

Бәрібір София апам асыранды қызының тағдырына өзін жауапты жандай сезініп ара-тұра поезга мініп алыш, аяқ жететін жерді шарлап келетін. Іздеді. Көп іздеді. Таппады. Торықты. Конді.

Ал шыншактай аппақ Сана саналы қыз бол шықты. Айналып, толғанған жаңа өке-шешесіне біртіндеп бауыр басып кетті. Тындырымды бала, озат окушы атанды. Апа-жездем де бутін отбасының кейініне еніп бір жасап қалды.

Уақыт дәңгелегі тынымсыз зырқырап, бағы бір өзі он үйдің ішкі-сиртқы шаруасын тасқаяқтай қағыстыратын сұнғак, сұлу келіншек те қартайды. Бір күн “келінің әл үстінде” деген сұық хабар келді. Жалғыз бауырның келіншегі.

Соғыстың қыздай жесірі, тағдырдың тас маңдай тұтқыны, өмірдің талай талқысын қайыспай тік көтерген қайран София апам жайнамазын жайып жіберіл, мойнына бұршақ салып:

— Я, жаратқан ием! Шұбырган бала-шагасын шулатып келінімді ала көрме. Жетімдер жаутаңдамасын. Орынына мені ал! Жасым үлкен. Жол менікі. Мен құрбан! — деп, Алласына жалбарыныпты.

Сірө, ешкімнің ала жібін аттамаған өулие адам болса керек, София апамның тілегі қабыл болышты. Жұз елу шақырым алыстағы Қарабауда әл үстіндегі келіні басын көтеріл, шаруасына жарапты. Ал өзі төсек тартпай— ак, тағдыр артқан ауыр жүкті белі бүгілмей-ак, тік көтерген күйі бакиға аттаныш жүре берілті.

Қайран менің София а-а-апам...

Қайран, қымыз!

Тарихқа Ұлы Отан Соғысы деген атпен танымал Советтер Одағы мен фашизмнің жан алысып, жан беріскең сонау 1942-інші жылдың күзі болатын. Рота командири Базарбай оң қолын басынан асыра кетеріл:

— Отан үшін алға! — деп, ұран тастап, солдаттарын үрысқа бастай берген. Өуелі қолынан наганы үшіп кеткенін сезді. Келесі сөтте айналасын тас қараңғы түнек басып, ысқырган оқтын, жарылған снарядтың үні де күмығып өшіп тынды.

Көзін ашқанда айналасында ешкім жоқ екен. Атакаға солдаттарының дурк көтерілгені есіне түсті. Кенет “бәрі

сонда ілгері жүгіріп кетіп, өзім жалғыз қалған шығармын” деген үрейлі ойы Базарбайдың есін тез жигізды. Есінен танған күйі осы жерде бір төулік өткізгенін ол кезде білмеуші еді. Үрейлі ойдың жетегінде шапшаш ұшып тұрмақшы болғанда басы зеңіп кетіп, омақаса жаздады. Басын сипайын десе, оң қолы терісіне ілініп салақтап жүр. Сол қолымен өупірімдеп сипап көрсе — шоқпардай ісік. Қан жоқ. Енді асықпай үсті-басын түгендегеуге кірісті. Білегіндегі сафаты, аятындағы етігі жоқ. Тес қалтасынан шығармайтын партбилеті және жоқ! Мессаған! Бұл не болғаны сонда? Сіре, өзін өлді деп есептеп, жолдастары бөрін алғып штабқа өткізген шығар?

Қой, не де болса өрекет ету керек. Жайлап қозгала бастады. Мына аянымен ұзап кеткен өскерге қашан жетеді? Ал жүгірейін десе, салақтап теріге ғана ілігіп тұрган оң қолы бұлғандап санына соғылыш кедергі келтіре береді. Іздалған жауынгер қолын кесіп тастамақшы болып, бекісін іздейді — жоқ! Сол жерде Базарбайға бөрінен жанына қатты батқаны — осы бекісін алдырганы болды. Өкесінің көзі болатын. Өкеден қалған жалғыз зат болатын. Шебер ұстаның ұсынықты қолымен соғылған дүние еді. Сөнді. Ешкімде жоқ. Елдегі өзін күтіп отырган жақындарын еске түсіріп отырган тілекшісіндей көретін. Мына қол болудан қалған, жүрісіне кедергі болғаннан басқа пайдасы жоқ, теріге жабысып салақтаған пәледен күтылайын десе бекісі де жоқ болғанын қарамайсың ба?!

Тілті болмаған соң, оң қолдың алаканын теріс қайырып, шуберекпен білегіне таңып тастады. Енді жүрісі анағұрлым женеілдеді.

Соғыстан кейінгі жаймашуақ уақытта өзі куле өңгімелеп отыратын сол сөтте бекісі қасында болса кедергі келтіргені үшін майдан даласына кесіп тастап кетпекші болған оң қолымен талай шаруа тындырган-ды. Бейбіт күнде шот соқты. Балаларының кекілінен сипады. Бауырларын арқадан қағып жігерлендірді. Талайды қолтығынан демел, өмірге ынталандыруға жарады. Сол майданнан жас баланың алаканында болып кішірейіп, бүрісіп, солып келген оң қолмен. Осы қолмен!

Базарбай сол кезде өз жауынгерлерін қуып жете алмағанымен, штаб үйғарымы бойынша басқа ротаға жетекшілік етіп, қайта соғысқа араласты. Минага түсіп 36

жерінен бірдей жаракат алған, сонда да жарагалылар әшалонында қызметін жалғастырган, бомбалаудан жаңған вагондардағы қызыл өскерлерді дер шағында құтқарып, негізгі топқа қайта қоса білген командир тағы бір аспаннан бомбалаудан кейін ес-түссіз күйде госпитальден бір-ак шығады. Аяқтың бұлшық етін паршалап кеткен оқты алып, терісін тігіп, жамау-жасқау солдатты енді амалсыз еліне қайтарады.

Базекең елге оралғанда үй іші Тайсойғанның құмында отыр екен. Ол кезде өлі палигон түспеген, шебі шүйгін, бидайығы мен баялышы белден келетін ен жайлау еді ғой!

Елге жеткен соң баяғы жас сәбидің алақанын еске түсіретін бұрсіп семіп кеткен он алақан үш жылда жетіліп кәдімгі еркектің күректей жұмыскер алақанына айналды. Оны Базекең үзбей ішкен сары қымыздың, дөрі қымыздың арқасы деп есептейді. Рас та шығар...

Қымыз. Іккылым заманнан бергі қазақтың төл сусыны. Сусын емес-ау, асы, тамағы, дөрісі. Тарихтың атасы аталағын Геродот жазып кетті деген сез бар. Қымыздың қазақ үшін орыны бөлектігін Берел қорғанын казу кезінде ағылшын ғалымдарының қорытындысы да қағаз бетінде анықталып қалған. Сонау бес ғасыр бұрынғы тарихтың өзі мойындал отыр. Тек мойындан алмай жүрген өзіміз, қазіргі қазақтың жалқаулау, ұмытшақтау, әсіре еліккіштеу үрпағы. Әйтпесе, ертеде осы қымыздың жасалуы ете қупия ұсталыныш, шең елдіктер білмейтін, жазатайым біліп қойған болса құпиялыхықты сақтау үшін ол шпионды майып ететін де заң болған деседі. Ал қымыздың қазіргі номері бірінші денсаулықтың жауы — холестелинді ерітетін касиеті барын қазақ ғалымдары дөлелдей отыр. “Алматы ақшамы” газетінің 4499 санында шыққан “Мысыр пирамidalары қаланды ба, құйылған ба?” деген мақала ойлы оқырманды селт еткізердей -ақ жазылышты. Не түйдік? Маған әсіресе, қазақ жаугершіліктен аман қалса ең кемі жүз он, жүз жиырма жыл өмір суреді дегені ұнап кетті. Көп жасау мақсат болмаса да, сонша жасты қиналмай, алжымай откен бабаларым үшін кекірегімді мақтаныш кернеді. Ал қазір қазақтардың елуден асса болды — солай болуы тиісті деп өлімді қабылдаудына түк те келісе алмаймын. Әсіресе, ер адамның мезгілсіз кетуіне. “Айналайын, арақ ішкенше қымыз іш!” дегім келеді де тұрады. Шынымен де гранитті

ерітіп жіберетін қымызға сенің канындағы қатқан түйіршік не, тәйір! Мылға қан күйылынты, жүргегі тоқтап қалыпты дегендерге түк келіскім келмейді-ау, келмейді. Бұл тағдырга қарсылығым емес, тек өзіңе, өзіңің деңсаулышына салак қарама дегім келгени.

Өкем марқұм өзі өмірден озғанша бір-екі жылкысы болды. Біреулерге қосқызып қойса да қол үзбеді. Иә, совет өкіметі кезіндегі қолға артық мал үстаптайтын заны болды. Занға сәйкестіріп мал басын екеуден асырмай керек болатын. Өзі қайтыс болардан бұрын кімде не мал барын маған табыстаған еді... Иә, күректей аялды алақандығана білеміз. Бұріскең саусақ есте жок.

Тек баяғы қанды қырғын соғысты еске түсіретін — білегінің ішкі жағындағы оймақтайдың ішкі біткен тесік қана. Және қолдың сырт жағындағы он теңгенің көлеміндегі үнемі аппак болып тұратын жараның орнығана. Адам айтса нанғысыз мұндай әнгімелердің талайын карт жауынгерлер өлі де айта берер. Өлі талайын естірміз. Тек содан ой түйіп, құдайым сүм соғыстан ұрпағымызды аман еткей деп тілейік.

Ерте сөнген ғұмыр

Бір жамбастай қисая дамылдаған Дәкен бүйірінен тиген қатты сокқыдан жаны көзіне көрінді.

— Халық жауы, атаңа нөлет! Халықтың егінін суға алдырып, егіс басында үйкітап жатканың қара, бұл халық жауының! Протоколдатып, тура итжеккенге айдатамын! Темір торда шірітемін!

Дәкен жан дөрмен үмтүлшіп, дәу қарынымен жөнкөріліп тұрам дегенше бригадир жігіт екіқабат өйелдің жон арқасынан қамшымен екі-үш тіліп өтті.

— Ойбай, бригад қайнам-ау, қазір-қазір, — деп, үмтүлшіп тұрам дегенше қамшыдан қорғалаған күйі тағы құлады. Бұл жолы сокқыдан емес, бүйрекінің қатты бургені сондай есі ауыш кеткендей болды. Бүректі өлдебір темір саусақтар бүре үстал, буын-буыны өлсірей берді. Бригадир жігіт те артық кеткенін шамалады, бірақ үрейге бой бермеу үшін, бұрынғыдан бетер балағаттап, байбалам сальш, шоқыта жөнелді:

— Мен бір айналып келгеннеше су бұзған арықтарды жөндемесең басың кетеді. Халық жауы. Қара да тұр, халық

байлығын ресуа еткенді мен саған көрсетермін! — деп, тістеніп барады.

Есін жиған соң Дәкен жорғалап үршығына жетті. Соны таяныш етіп тұрмақшы болған. Ол байғұс морт сынбасы бар ма? Қап, енесінің көзін көрген үршық еді... Қунде бір созым жұнді ала шығып, бір құлак суға толғанша созып тастаумен кешке дейін бір үршық жіп иіре келетін. Қыс қыр астында. Оның үстіне үйде көкүр-шүкір шаруадан қолы да тие бермейді. Қап, жұмысы тоқтап қалатын болды ау. Үршықты кімге жасатып алса екен? “қыс арбаңды жаз сайла” деген. Мына буйрегінің құрсаулап ауыруын-ай... Жібері қызулатап ауырып жур еді, тек қызылша болмаса екен. Түү, беті аулақ! Қөршінің баласы содан қайтыс болды. Бір мезгіл күйеуін ойладап кетті. Байғустың денесінде сау тамтық жок. Басы қараның бары игі. Азаматы қанды қырғыннан аман келген соң ашты-тоғына, жалаңаш-жалпылығына риза.

Дәкен кетпеніне сүйеніп аз тұрған соң құрсақтағы сәбінің бүл-қынғанын сезді. Япирмай, жана балаға зақым келмеді ме екен деген ойдан денесін сұық тер басып кетті. Бүйірі нәл қаққан етіктің тұмсығын әлі сезіп тұрғандай ауырсынады. Бала тағы қозғалды. Тіршілігінен хабар беріп, анасы тыныштансын деп жатқандай. “сен тірі бол, сен тірі бол, балапаным!” Ана ішпін аялай сипап, құлімдеп қойды. Ұл болса екен деп қиялдайды. Соғыстан аман келген күйеуіне ұл тауып берсе, қане?!

Ахмедия дүниеге Жібек келгенде ұл ма деп катты қуанған. Өзі “е, басың жерге жетіп тұрған жок, қызды берген құдай ұлын да берер” деп жұбатқан. Сонда күйеуі:

— Әймм, мен осы құрау-жамау күйімде қанша ұзакқа баар дейсін, көріп кеткім келеді дағы, — деп қойған. Келіншек шоши тұра сыр бермей:

— Қойыңызшы, жамандық шакыра бермей...— деп, күнкілдеп бұрылыш кеткен. Осы бала бойға біткелі құдайынан ұл сұрап мінажат етуде.

Дәкен сол күні кептетіп, екі аттац, бір тоқтал үйге өзөр жетті. Ка-закы коржын үйдің бір бөлмесінде қайнағасы бала-шагасымен, екінші жағында қыздарымен бұлар тұрады.

Кеп түссімен келіншектен маза кетті. Түнде құрсақтағы баланың сұы кеткенін білгенде абысының оятуды ойлады.

Ол байғұсты да аяайды. “ күні бойы бір мігір жок. Емізулі баласы жана ғана үйкітады. Кішкене дамылдасын. Өлі толғақ басталған жоқ қой” деп, езін езі жұбатты.

Мал қорага барыш, арқан алмақшы болып енкейе беріп, байқамай қадаға қағылды. Сол-ақ екен бүйіріне біреу пышак сұғып алғандай шашып қоя берді. Тізесі еріксіз бүгіле берді. Есін жиганда езі шеп үстінде жатыр екен. Қанша уақыт етті екен? Еңсесін бір зілдей салмақ езіп барады. Шіркін, арқанға асылып тұрса... Құйымшағы, сегізкөзі ештеге сезбес қара тасқа айналғандай. Денесі екіге бөлініп, басы мен кеудесі өрт шалғандай жанып тұрса, кіндіктен төмен қара сұық қариғы. Мына ағаш бөшкенің ернеуіне қолы бір іліксе... Япырмай, ешкім мұны іздемей ме? Қол ұшын беретін пенде бар ма? Таң да жақындағы ау. Бозала сөуле қылаң берді. Уф, жан-ай! Ешкім кораның есігін ашпай ма? Баласы өліл қалар ма? Кел! Келші біреуің! Уа, кім бар-ау!

Біреудің келгенін сезгенде қуануға да күш керек екенін үқты, Өлсіз ғана “шақыр” деді. Іле-шалаabyсыны да жетті. Дәкен бір сөт талықси берді. Белін тартқанabyсының құшағының жылуын сезді. “Ұл, ұл!” деген қуанышты үнді естіді. Кез алды құнғірт тартып өзге өлемге еніп бара жатты. Өлден уақытта құнғірт дүңкілден есін жиды. Ө, келі түйіп жатыр. Баланың “жолдасы түссін” деген ырымы гой. Әйелдердің қарбалас жүгіргені, жарыс қазан қайнатқаның естіл жатыр.

— Әй, ана қырдың басындағы балалар кімдер? Бұл қайнагасы Есмұқанның дауысы.

— Дәуренбек, Сагат, Сатышалды.

— Дәуренбектің сағатын негыламын, мейлі, қайдан сатып алса да. Ойнаған балаларды сұрап тұрмын мен сенен.

— Түү, ата, айттым гой. Анау енкейіп асық атып жатқаан Сагат деген бала. Қасында тұргандар — Дәуренбек пен Сатышалды.

— Е, солай демейсің бе? Араларында Жекен ағаң жоқ де. Онда жүгір, ағанды тап. Қек атты ерттеп қойдым. Барыш Білгір доғдырды тауып өкелсін. Тез. Әйтпесе, Дәкен төтең өліл қалады.

Бұл сөздердің берін үққан Дәкен қайынағасының қамқор көніліне риза болды. Қансырап өлу деген рахат дүние екен гой. Бойы дел-сал. Дүние бір жұмсақ, жайлыш,

сыйқырлы өзгеше өлемге ауысқандай. Жұмбак, сазды өуен өлдилеп алыш барады. Көз алдында қызығыт тұман. Сол тұманның ортасында қызығыт құмда ойнап отырган өзі, шашынан сипап түрган анасы, енді міне, әкесі өзін көтеріп әкетіп барады. Бұрылыш, күйеуіне көз салды. Сол қызығыт тұман ішіндегі күйеуі қазіргі бет-ауызы быт-шыт, дene сиқы бұзылған кезі емес, жаңадан қосылған жас жігіт кезі екен дейді. “Көтерші, ак тамакты иіскелейін..” деп еркелететін сиякты ма-ау... Дәкен иегін өнтек көтерді. Жүзіне жылы күлкі жүгіріп етті. Үзділік кетті.

Дәкен өмірден өтерінде бақытты еді. Бір ошактың отын өшірмейтін үл әкелді өмірге. Томашадай өйел өз отының басын базар етті. Алланың өзіне берген сыйын толығымен қабылдады. Жар сүйді. өз өлінше бақытты ғұмыр кешті. Ал кексе өйелдер жас адамның көзін жұмыш, алақанын жазып, өлімге бой ұсынып, байбалам үрейсіз мамыражай еткеніне таңданды.

Тосын ештеңе болған жок. Таң мезгілімен атты. Күн орынына батты. Тек бригадир жігіт “асыл жеңешем-ау, алтын жеңешем-ау, кісіге сез қайырмайтын сабыр жеңепшем-ау” деп, ат үстінде аңырап жоктау айтып бүл елде жок үрдіспен жиналған жүртты бір шошытты. Алақандай ауыл оның бүл қылышын өпербақан жігіттің жаңа өнері шығар дей салды.

Дәкен марқұм өзінен үш күннен соң апыл-тапыл қаздандаған Жіберегін жанына аларын, үш жылдан соң Ахмедияның тоғырақ жамыларын, бұрым өруге жараган Қарлығашының он жағынан орын аларын білмеген еді.

Ие, жас өйел бала үстінде өлді. Соғыстан кейін ел еңсесін тіктай алмай жатқан заманда бүл таңсық оқиға емес-ті.

Ие, есендіреп барып есін жинаған өйелдер: “ойбай-ау, Дәкен бала туып еді-ау” десіп, сәбіді іздел таппай қалды. Ойнап кеткен жалбыр шаш қыз келіп:

— Мен біреу басып кетпесін деп, бөшкеге салып жібергем,
— деді. Кіндігі де кесілмеген үл өлі тірі екен. Ой, Құдайдың құдіреті-ай десеңші! Шала жансар шарананы абысыны Бигайшпа етегіне орап алды. Алты айлық ұлы Қеріммен егіздетіп емізді. Кең қолтық қазекемнің отбасы тағы бір үлді болды. Есмұқан шал сол баланы өз үлдарынан артық еркелетіп, шыбын қондырмай корғаушы еді. Бигайшпа тәуір көретін қайнасы мен келініңің көзіндегі аялады. Алтынны үл осы шаныракта еркін есіп ержетті.

Менің анам (хатқа жауап)

Жорабек, Сіздің үлгінізben хатқа бірден жауап қайтару менің қолымнан келмей қалды. Кешірініз.

Мен ушін хат жазысадағы мақсат — жаныңа жақын тұтқан адамыңды алыстан болса да тілеулестігінді білдіріп, жаның жадырату. Сіздің хатыңызды оқығанды көнілім қанаттаныш, жігерім жаныш, ойым серпіліп, көкжиегім кеңейіп қалады. Өзім де Сізге дәл сондай хат жазуға талпынамын. Бірақ мынау соған лайық болмайын деп тұрган сияқты. Бірақ енді жауап жазбауға тағы ыңғайсызы...

Атамның бейтін көтеріп жатқанда келген хатыңызға жауап жазбаган себебім де көнілсіз хат жазғым келмегендіктен деп үғыныз. Кезек күтпей-ақ келіп қалған хатыңызға енді тағы жауап бермеу өдепсіздік болар?

Отбасым туралы, анам туралы жаз деген екенсіз. Хатыңызға жауап ала алмаған соң мен не жазарын білмей дағдарып қалмасын деп қолтығымнан демегіңіз келген шығар. Оныңызға тағы рахмет.

Негізі анам он екі құрсақ көтеріпті. Біз алтаумыз ержеттік. Ашаршылыққа, жоқшылыққа, дәл қасымызда кунара жарылып жатқан бомбага (Азғыр полигоны) қарамастан ержеттік. Кенже інім екеумізден басқасының өз отbastары, бала-шагалары бар, бөлек тұрады. Шаңырақ иесі кенжені үйлендіру биылғы жылдың жоспарында болғанмен, келесі жылдың сметасына кіретін сыңайлыш.

Қатар-қатар арасына бір жылдан салып келген уш өлім менің қабыргамды қаусатып, омыртқамды үгітіп кетті. Ағатайымның (ол кісі отызда болатын) қазасын көтере алмай өуелі әкем, сосын анам қайтпас сапар шекті.

Бұл хат өрі Сіздің сұрағыңызға жауап болсын, өрі Сізге айтқан бол өз көнілімді бір парактап шығайын, сөзбен суретін салайын, рахат сөттерімді еске алайын.

Анамды “апа” дейтінбіз. Себебі біз әжемнің бауырында ертегі тыңдал өсken балалармыз. Өжем мен ес біліп қалған кезде тоқсан тоғыз жасында қайтты.

Апам әкеммен Теке қаласында (қазіргі Орал қаласы) мұғалімдікке оқып жүріп танысыпты. Шашы жерге сүйретілген аса сұлу кісі болышты. Өсіресе, “жуған кезімде үзарыш, шей сандықтың үстіне шығып тарамасам жерге тиіп былғаныш қалатын” деп отырушы еді, жарықтық.

Бірақ менің есімдегісі белгे ғана жететін селдір шаш. “И-и-и, балапаным-ай, колың қандай жұмсақ”, — деп, тек менің жуып-тарағанымды, ергенімді үнатып отыратын. “Қартай-ғанда шаш кейін қарай өседі” деп қоятын. Яғни, күн санап қыскарады дегені. Жалпы сөзге шешен, өзімсол кезде оқыған әдебиетте кездесе бермейтін небір қылықты да қытықты сөздерді сол кісіден естідім. Өзі қайтыс болғанда жастығының астынан жуан бір дәлтер өлеңдерін тауып алдық. Қайран апам-ай, балаларын жасытпайын деп бар мұнын дәптерге төгіпті ғой!!!

Бес жасында ғой деймін, мектепке әлі бармай турған кезімде (мен алты жастан оқыдым) апама “шолпан жұлдызы” көрсет” деп өтініпші.

Шолпанға неге құмартқанымды таратып айтам десем хатым қампиып, аяғына дейін окуға тәзіміңіз жетпей қалар. Қояр да қоймай, көрсет те көрсет, ерте оят деуіме қарап ол туралы ерекше азыз естігенімді үғарсыз.

Апамның не айтканы сөзбе сөз есімде жоқ, әйтеуір жүргегімді майда толқын сипагандай жанға жайлыш сезім қалыпты.

Таңғы саф ауада, көгілдір нұрда ерекше жарқыраған жұлдызға қарап тұрмыз. Таңғы салқыннан денем тітіркеніл кетті. Бірақ тан өбден аппак болып атып, шолпан жұлдызы көзге көрінбей кеткеніше үйге кірмей қойыпшын. Апам да мені құшактаған күйі тұрыпты да қойыпты.. Сол сөттегі оның нұрланған жүзі маган шолпан жұлдыздан кем өсер еткен жоқ. Бетіне жалтак-жалтак қарай бергенімді өзінше тусініп; “кірмей тұрсың ба?” деп жұлдызға бағыттай көтергені әлі есімде, ал менде аламның жүзінің шолпаннан да нұрлы екендігін жеткізіп айтар тіл жоқ.

Сенесіз бе, содан кейін шолпанды аспанның қай тұсынан, қай мезгілде сансыз рет көрсем де дәл сол сөттегідей, сәби кездегідей өсерленіп көрмепшін.

Осы кезден бастап апам не іс-еесе де мені қасына ілестіріп жүріп көрсететін, үйрететін болды.

Сегіз жасында қолыма ине, қайшы ұстатты. “Баяғыда қыздары іс тіге білмесе мамалары бармагын шайнап тастайды екен” деп қояды. Қорқып кеттім. Егер іс тіге алмасаң саусағынды тістеймін дегені ғой деп ойлаң қоямын. Сондағы бала кезімде өзіме тіркен көйлегімді, мұнда, мен институттың екінші курсын үтіріп барған жылды өзіме

көрсетіп екеуміз еске алыш күліп бір мез болғанбыз. Қайран апам менің, сақтап қойылты. Сен жоқта сағынғанда иіскеп қоямын дейді. Сол ақ нұктесі бар көк көйлекті тіккенде тепшү, жәрмеу, қайыш тігу — берін көрсетіп берген. Ба, қарай гәр, тіпті омырауына желбіршек салыш тігішпін! Кейін бой жеткенде өкеме ақ сукнодан костюм-шалбар тіктім. Тауар кат кезі ғой. Ал өкем ақ киімді аса ұнататын.

Жалпы апам ауыл өмірінде өйел баласына не білу керек — берін үйретті.

Ең соңғы үйреткені — тесма жасау. Көдімгі дүкенде сатылатын тесма. Ондайды қолмен жасауға болатынын, оны мына менің кемпір болыш қалған апам тамаша жасай алатынын сол кезге шейін білмеппін! Салмақты, аса сабырлы кісі болатын. Янырай, тағы мен біліп үлгермеген қанша өнері ішінде кетті екен?

Сол жолы да біле қоймас па едік: тесма керек болыш өрі оны дүкендерден таба алмай дал болмасак. Оның үстіне өкем маған “дал-дардай болыш алыш шотта көбейтуді білмейсің” деп ұрсып, (ол кісі бухгалтер. Шот соқанда қолы қолына жүқтайды. Көдімгі ағаш шотка сырт-сырт дегізіл есебінді лезде шемешкепе шағады.) Маған шотқа бөлу мен көбейтуді үйретіп берді. Мен өкеме риза болыш бетінен сүйіп алғыс айттым. Сол апамды желіктіріп, ол да өз өнерін көрсеткісі келген сияқты. Қарттарым менің! Мені өлі жас баладай аялап білгендерін үйретіп бакқан!!!

Әрине, өз анасы берін біледі деу өр баланың пікірі пығар. Бірақ мен үшін анам үлкен өмір мектебі еді.

Жаңа “рахат сөттерімді” деп жаздым. Мұным түк те өсірелеу емес. Апаммен бірге болу сондай жанға жайлы. Кейде үнсіз ғана ұзақ отырамыз. Бір біріміздің бар екенімізді сезініп, сол сезімнен қанағат табамыз. Ал енді екеу ара әңгімемізден еш уақытта жалышп қөрген емесспін. Жөнене апам мәселенің мен аңғармаған басқа қырынан келгенінде бар ғой жанына қанат біткендей болады. Намысына тимейтіндей етіп, мысымды баспайтындаи етіп көз алдыңа тоқсананда өзің байқамаған мәселенің қатпар-қойнауын қолара бергің келеді, қыртысын жаза бергің келеді.

Ие, шіркін, алдыңда ақылшын болғаны қандай жақсы! Екеуміз әңгіме етпейтін тақырыш жоқ-тын. Үй-ішпілік ұсак түйектен бастап мен жұмыс істейтін ұжым мушелеріне дейін өз пікірін білдіріп, жөн сілтеп отыратын. Құдай-ау,

мен нені жоғалтқанмын десенші! Ол өмір сүруін тоқтатып қана қойған жоқ, мына менің ойлай білу қабілетімді өзімен бірге өкеткендей ғой!!!

Тоқта, тоқта, сабыр... Сізді шопштып алмадым ба? Кешіріңіз. Сіз бақыттысыз ғой. Анаңыз болмаса да Адасқұлдей женгеніз бар. Мен бір жолы “неге Мырзага дейсіз? Олай деп қайнағасын атамаушы ма еді?” деген сурагыма жұмсақ күлімдеп қойып:

— Біріншіден қайнам қарашаңрактың иесі; екіншіден отырысының өзін қарашы — нағыз хан-патшага лайықты отырыс, тур келбеті ені, өзі ақылға кемел, мінез мынау. “Мырзага” деген атқа сай нағыз манғаз мырзаның өзі. Оның үстіне мен енемнің мектебінен өткен келімін. Ат тергеймін. — дегені бар-тын. Сізге көзінің бар шуағын төге қарап тұрып:

Енді өзіне лайықты жар кездессе, — деп, көзін маган аударғанда мен кіретін тесік таппай, “қап, бекер сұрадым-ау” деп, ұялыс тапқанмын. Сіздің қамыңызды өзінізден бетер ойлайтын женгеніз бар неткен бақыттысыз жансыз!!!

Айтса да Сізге анам туралы жазып отыр едім ғой.

Ал бір жолы сол жанымнан артық көретін жанның саусақтарын күл—парша етіп езіп жіберген де өзім.

Қыстың бір аязды күні мені, он бір жастағы баласын мектебіне шыгарып салып қасымда жүрген апамның екі саусағын есіктің жактауына қысып қалыппын. “Жібер, жібер!” деген әжептарқы дауыстан шопшып кетсем керек, одан әрмен баяу жаба түсілпін. Ашпудың орнына жауып... Сосын өзім қорықканан апамды құшақтап жылаппын.

Кейін, әбден жазылған соң “сонда мені неге үрмадын, неге үрыспадын” деп сураганымда:

— Үруга саусақтарымның ауырганы сондай — ұмыттып кетіспін. Ал мен үрыспай-ақ өзінді-өзің әдемі жазаладын. Алты ай бойы қасы-кірпігінді отқа үйтіп тамақ пісрідің, сиыр саудың, ойнауга қолың тимеді, — деп жымияды.

Иә, менің апам біреуге дауыс көтеріп үрысканды білмей етті. Ең қатты айтқаны “бар болғырлар-ай” дейтін балала-рының біреуіне ренжігенде .

Ал өзі оңашада ылғи өндөтіп жүретін. Мен небір керемет өуенің небір тамаша сұлу сездерін тамсанып тыңдаушы едім.

Маган араб әрпін, латын әрпін үйретіп жазғызатын. Бірде “ш” әрпін жазып отырып:

Мынау аш шал
Бойына назар сал.
Кигені шарық
Өзі аш-арық.
Жегені шабак,
Ішкені шалап.
Шалап пен шабактан

Болсын ба қарық? — деп тақпактады. Мен дереу қағып альш кайталадым. Апам мағаан үрейлене қарап: “қалай тез жаттап алдың?” дейді. Ешкімге айтпа дегеніне қарамай күні бойы тақылдасам керек. “Ойбай, балам, осылай жазған өліппенің берін өртеткен. Соңдықтан айтпай-ақ қойшы!” деп, жалынған сайын өршелене түсsem керек. Сірө, совет өкіметінде ондай көріністегі шал совет қоғамның сиқын алады деген саясат болса керек. Себиге саясат не керек. Сұлу тақпакқа қызығып жаттап алғаны болмаса?

“Кайық салдым теңізге
Колыңдан келсе мені ізде.
Басынаң асып күнасы
Далада өлді дегізбе”

деген зарлы өуен де сол репрессияға үшyраған, ел-жүртynн сағынған кінасыз күналы боздақтардың гимні деп үқтым.

Жалпы апам айтқанда сөз күлпізырып шыға келетін, сөулесі миңеда қалатын.

Бір қызығы апам сонша көп билетінің сыртқа шығармайтыны еді. Ол айта беретін сұлу сөздердің, сұлу өуеннің авторлары ол кезде өлі ақталмаған ақындар екенін мен қайдан біліпшін. Әсіресе Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін көп айтатын. Оның тамаша лирик екенін біз мұндағана біліп жатырмыз, ақталған соң... “Апа-ау, өзің тамаша ақынсың ғой” деп еркелеп құшпактасам, тссс...деп ерінін басатын себебін кеш үқтым.

Озімнің оқулығымдағы Сөкен, Илияс, Бейімбеттің бір жылды дүниеге келіп, бір жылды өлген себебін сұраймын ғой. Мүмкін емес сияқты. Апам мені құшағына тас қып құшактап альш, басымнан сипап отырып бала ұғымына сай етіп өндімелеп берді. Содан кейін орынсыз сұрақ қоймауга тырысып жүрдім. Апама Текеде оқып жургенде Ахмет Байтұрсынов сабак беріпти...

Шүпірлеген балалар кешкі дастарханға жиналатын кез мен үшін бір мереке болатын. Өрі апам да әр баласының

мерекесің күні сол баласы сүйіл ішетін асын өзірлеуді ұнататын. Мысалы мен үшін, мен әлдебір жарыстан озып келгенімде бүкіл көшеге иісін бүркүратып кісе наң пісіріп жататын. Ал кешкі ас кезінде кім күні бойы не тыңдырды, ертең кім не істеуі керек, кімге қандай тапсырма бар — берін осы дастархан басында шешіп аламыз. Әдемі өзіл-оспак та осы жерде айтылады. Жөне небір “қытықшыл” сөздерді апамның ауызынан естіл, дүрк көтерілген көтерлердей бір шулап күліп аламыз. Шіркін, сол балалық қамсыз-мұнсыз кеңдер-ай!

Сізді жалықтырып жіберген жоқпын ба? Адасқұл женғеніз байқап қалса “Мырзага роман оқып жатыр” деп, күліп жүрер. Аяқтайын.

Кеше бата оқуға екі бейтаныс өйел келді. Қаланың шығыс жағында тұрамыз десті. Апамның қайтыс болғанын ести сала келіпті. Әдейілеп, құрбысын ертіп. Маған айтқаны: “кайсы бір жылы вокзал басында бар ақшамды үрлатып алдым. Алты балам бір ай бойы аш отыратын болды-ау деп жылап тұрсам сенің Озипа шешен келді де маған “менің үйіме жур” деді. Үйіндегі бар ақшасын маған берді. “Менің сауып отырған сиырым бар, бір қашық ұным бар. Тарым бар. Ал. Сен балаларыңды тарықтырма” деді. Өмірі көріп-білмеген маған сондай жақсылық жасады. Қуандым. Қарыз деп алдым. Әне-міне қайтарармын деп жүргенімде арада жылдар оқтайды зулап өте шығыпты. Мынау — бата оқырым, ал мынау сондағы алған ақшам. Тарықканымда жылы сөзімен демеп, көмек қолын согзан жалғыз сол еді. Аруағы риза болсын. Ал. Менің мойынныма қарыз болмасын.”

Іе, апам жарықтық елдің берінен жаңы ашып, көмектесіп жүруші еді. Өсіреле сол көмегін аямайтын. Өкем екеуі қанша кісіні кейлекшеп бала етіп алды, қанша кісі бізді тума тұтып жүретін....

Бүгін көшеде екі-үш өйел менің апам туралы айтып бара жатыр екен. Қастарына жетіп барыш еркелегім келіп кетті. Еркелеп... Анашымды сағындым.

Сізге рахмет. Сізге жауап жазамын деп апамды еске алғып жаным біраз жай тапты. Себилік махаббатымды, ол кісінің өзіне айта алмай арманда кеткен сөздерімді сізге хат жазу арқылы сыртқа шығардым. Сол үшін де Сізге рахмет. Сіз ауруханада жатқанда мұнды хат жазып жаныңызды жабырқатып алмадым ба? Сізден тағы жігерге толы хат күтемін.

Сөлем жолдаушы Сізді аса құрметтеуши қарындасының деп білерсіз. 15 шілде, 1981 жыл.

Шарынкүл

Хикаят

**Анам Озипа Ахметқызы Женетованың рухына
арнадым**

“Кызы-ұлттың ұяты. Әйел баласын тәрбиелеу — ұлттың тәрбиелиеу.”

Ұлтыңның ұлы және ізгі адамдары көп болсын десек қыздар санаасына ұлылық пен ізгілік ұғымдарын терең сіңіруіміз керек.”

Шемша Көлбайқызы Беркімбаева

Мен қазақ емеспін

Шарынкүл осы бір аппақ күмістей сақалы төсін жапқан, көзінен күн шуақты мейірім меймілдей төгілген, пайғамбар жасынаң аскан атанаң әңгімесін тыңдағанына бір сағаттай уақыт етілті. Келіншектің айтқанының бөрін мақұлдағ бас изейді. “Иә, бауыда тас бар, иә буйректің де ахуалы мәлім, бұғанамның сынғаны да рас. Иә, аппаратың дөл көрсетіп түр” дегенімен Шарынкүл ұсынған биологиялық қоспалардың біріне де елең етер емес. Енді не дерін білмей тосылған Шарынкүл сөз бүйдасын денсаулыққа бұра-бұра болдырды. Тағы не десе екен?

— Сені неге “Жақсы тәте” деп атайды, атың Жақсышүл емес екен?

Шарынкүл риясыз жымыды. Иә, қызметтестері дәл солай атайды. Бұл кіммен сөйлессе де ештуақытта қарсыласпайды. Сөзінің мәтепі. “Жақсы, солай дейік, әйткенмен мына жайға көніл аударсақ...

“Жақсы, сіздікі дұрыс, сонда...

“Жақсы, бірақ мынандай да сез бар... — деп бастап, өз пікірін үнемі дәлелдеп шығады.

— Сіз айып етпеніз. Бірақ бұл сырласып отыратын жер емес. Біз халыққа қызмет етеміз. Халықтың денсаулығына.

Кенет шал:

— Мен қазақ емеспін! — дегені. Бұл үнсіз қасын көтерді. Шал мұны таңдандырығанына жас баладай қуанып,

құнжыңдал, етті алақанын бір-біріне үйкеді. Бірақ сол сөтте-ақ жүзіне өлде өкініш, өлде өкпе төрізді бір салқын жүгіріп етті. Былғары креслоға салмағын сала, нығызыдала жайғасты. Үнсіздік ұзақ созылғанына ыңғайсызданған, өрі не айтпақ болғанын білгісі келген женсік ой билеген Шарынқұл шыдамады:

— Тұлнізде мұкіс жок!

Шынымен езге ұлт өкілі болса қазақ тілін соншалық менгергеніне деген құрмет бар еді үнінде. Өуелде атасының түріне қарап қазак па деген. Енді біргүрлі татар ма, өлде башқұрт па деп қалды. Осы қызық, жас сәбилер мен пайғамбар жасынан аскан кездерде адамдардың ұлты тек киім кигені мен өдет-салтынан болмаса турінен жас кездегідей ұлты атойладап көрінбейтіні несі екен. Арғы тубі пенде бігкен бір Адам Атадан тарайтын болғандығымыздан ба?

— Жоқ-ау, өкем қазақ, шешем қазақ. Мен қазақ емеспін!

Ол тағы біраз кідірді. Сірө, мына келіншекті сырына өбден ынтықтырғысы келеді-ау. Шарынқұл де үнсіз күтті. Өзі бастаған өнгімені өзі аяқтайтынына өбден сенімді.

— Қазақ болғанда да өкем орта жүздің, шешем кіші жүздің айтулы руларынан. Ыргатыла қозғалып креслоны сықырлата тіктеліп отырды. Ұзақ өнгімеге кірісетін сыңаймен сөзін бастады.

— Мен Қазақ бола алмадым. Немереммен орысша сөйлесемін. Не тілімді, не дінімді қабылдамаған үрпағыммен қалайша қазақтын деп мақтанайын? Не салт-дестүрімді дұрыстап үкітыра алмасам...

Шарынқұлдің жон арқасынан мың сан күмырыска жорғалап етті. Өлдебір аяз денесін құрсаулады. Япрай, мынау қазіргі қоғамның жан айқайы фой. Емі табылмай асқының түрған кеселі! Өзі ше? Жалғыз ұлға не үкітырып үлгерді? Нанын тауып бергеннинен басқа не бітіріп отыр? Озиша апасы елгелі көкірегін кемірген мұң көзіне кіреуке үйре беретін. Мына “мен қазақ емеспін” деген сөз жаңының терең түкпіріндегі жасырын сырын қозғал кеткені. Жалғыз жалғыз перзент есіріп отырған өзі сияқты аналар аз емес екендігін күнде көріп жүр. Олар да өзі сияқты, бір жапырақ нанын табам деп кешке сурлігіп жетеді. Тіпті кейбіреуінің баласымен сөйлесуге уақыты да жоқ. Тамағы, кірі, отын-көмірі... Бұл не сонда? Ұлт тәрбиесінің үзілуі ме? Бай

мемлекетпіз деп шірептегендे үзенгімізді үзе жаздаймыз. Жеріміз кең, қазыналы. Жан басына шакканда... аншадан, мұншадан... Қай механизм дұрыс істемей жатыр? Занымыз өлсіз бе? Тек жан сақтаумен айналысқандар қаша? Осы карқынмен жүре берсек қашаға дейін қазақтығымыз сакталар екен? Қай халықты да жоғалыш, құрып кетуден сақтайтын — үлттық рух. Үлттық рух кем болса сол үлттың болашағы жоқ. Үлттың айқындалап тұратын салт-дәстүрі. Өзіндік салт-дәстүрі берік сақталмаған үлт дубаралық күй кешеді. Үлдары ынжық, жігерсіз, ал қыздары... Үлт тәрбиесі қызға тікелей байланысты емес пе? Өз перзентін үлттық санаға сай тәрбиелей алатын қызды өсіру ол үлттың сактаудың бірден бір жолы емес пе?

Иығынан зілмауыр ойлар басқан Шарынқұл автобусқа мінбей жаяу аяндады. Қазақ еместің біреуі өзі емес пе? Осы Шарынқұл не істеп жур өзі? Тірі анасынан қол узді. Ие, анасы шайлау өйел. Қазір қартайған шығар? Қандай күйде екен? Өзін ойлай ма, сағына ма? Өкпеледі. Өкпесі қара қазандай-ақ болсын. Содан не тапты? Баласының туыстарынан тірідей безді. Шіркін, Азаматтың әжесі қандай абызал жан еді, үнемі өзіне ара түсетін. Бар ма екен? Оларды кешірмейді, кешіре алмайды. Кешіре алар ма екен, қайдам... Өзін қойшы, Ертестігі өсіп келеді. Ертең оған тума-туыс керек емес пе? “Жалғыз ағаш орман емес, Жалғыз кірпіш корған емес”.

Өткен өміріне көз жіберсе мәселе тек өзінде екен. Салынды құсап өмір өзен қалай ағызыса, солай ығып жүре берілті. Ел солай айтады десе, көне берілті. Өзгенін пікірімен өмір кеше берілті. Өлдекімге сеніпті. Сондықтан басына түскен қыындықты өлдекімнен көріпті. Егер ол... Егер сонда... Жамандықтың бөрі өзгеден бе екен? Өзі қайда қалды өз өміріне өзі жауапты болмаса... Өлде өмір жолы, өмір мектебі деген осы ма?

Ойлар. Ойлар... ойлай білмесе адамзат не болыш кетер еді. Қалай еді, кешегі кітаптан оқыған сезі? Алла Тағалам адамзатты жаратып тұрыш: “Он сегіз мың ғаламға иелік етсін деп сені жер бетіне жібердім” депті. Сол адамның бірі өзі... Өзі... Ал өзі өзге түгел өз тағдырына иелік ете алды ма? Ойлар. Тағы да ой...

Баяу жылжыған келіншек кенет айналасында бір өзгеріс болғанын сезінді. Қара күздің өңменіңнен өтердей ызғырық

желі тынып, дымқыл ауа агарып, нұрланып сала бергендей. Өуелі не болғанын үқпай жан-жағына жалтақтады. Е, жаңағы үшқындаған қар жапалақтап жауа бастапты. Жер-өлем аппақ мамыққа бөленіп келеді. Аппақ қар айналаны көмкөріп үлгеріпті, талай жылғы қоқысты ақ көрпемен жауапты. Ағаш біткен аппақ киім киініпті. Аппақ өлем. Аспаннан саулаған мың сан аппақ көбелектер алақанына, иығына қонып жатыр, қонып жатыр.

Аспан
Жерге жақындалап қалғандай ма?
Жер
Аспанға жетуді армандай ма?
Аппақ өлем,
нұрлы өлем арасында
Аппақ карлар
Қалқиды. Баяу. Майда.

Кекжиек жоқ, табиғат шекарасыз
Өмір-киял, білінбес екі арасы.
Табанды сел көтеріп, қаласаныз
Ақ мамыққа айналып кете аласыз!
Ақ мамыққа айналып...

Себезгілең бір өуен кекіректен
Не деген күй жанымды тебіренткен?
Ақ мамық жер
Ақ мамық жан дүнием
Қандай хабар келіп түр Құлдарттенн?
Аппақ өлем.
Нұрлы өлем.
Дүние кен...

Өй, мынау өлең гой! Бұл кімнің өлеңі, ей? Шынымен өзі шығарды ма? Шарынқұл өзі ақын екен! Уау, қандай тамаша! Қой, күні кеше үяла жымиғанды ғана білетін, сөйлемді дұрыс күрай алатынына өзіне өзі құystанатын үян қеліншек... Қой, бір жерден оқыған шығар. Жоқ, Шарынқұл өлең кітап оқымағалы қай заман? Яғни? Қарай гөр! Тамаша!

Аппақ қармен бірге кеңілі көтерілген Шарынқұл іштей мәз. Ауыр ойларды сілкіп тастап, аяғын сілке басып ойнакы аяңдайды. Дәл қазір ауру аяғы да, жалғыздығы да, ұлының болашағына аландауы да бір сөтке кері ысырылып, табиғат ана сыйлаған мейірімге шомыльш еркелей басады.

Дәл осы сәтте оған көзі түскен кез-келген жігіт жүрегін қолына ұстап соңынан жүгіре жөнелер еді. Көзі шоктай маздал, жүзінен нұр тамыш келе жатқан Шырынкул қызының өткен өмірін бір парактап көрсек...

Қайран, қыш-қысқа қызы ғұмыр-ай

Шырынкул бүйірінен біреудің түрткенінен ояныш кетті.

Бұл кім болды екен? Қонақтар түгел кетті. Иә, кеп отырды. Ұзак. Бірақ, ейтеуір кетті. Кім қалып еді? Жок, анық біледі, бәрі де кетті. Үйде бөтен ешкім жоқ болса мұны кім оятуы мүмкін?

Шырынкул запыс болыш қалған. Ана бір жолы үйге қонған қонақ өзін оятқалы корқып қалған. Қонақтың жүп-жуан әдепсіз саусақтары денесін шарлап кеткенде үяттан өртene жаздал, бейбастақ қолдан іесіне сыйырлай ұрсып, тәтеме айтам деп қорқытып зорға құтылған. Содан бері үйге еркек қонса зәресі кетіп тұрады. Бірақ бүгін үйде бөтен адамнан ешкім жоқ екенін ойша саралап, көnlін бірлеп, қасында бүйіғып ұйықтап жатқан Меруертті бауырына қыса түсіп, атқағтаған жүрегі біртіндең орнына түсіп көзі іліне бергені сол еді — бүйірі тағы солқ ете тусти.

Сонда... масқара-ай! Өз құрсағы ғой! Яптырай, екіқабат болыш қалғаны ма?

Міне, тағы булк етті. Иә, бұл өз құрсағындағы тіршілік іесі хабар беріп жатыр.

Шырынкул түрмे мен екі ортада жүгіріп жүріп етеккірі уақытылы келмегеніне таңырқаған да қойған. Соны ойлап жататын уақыты да болмаған сияқты. Демира төтесі екеуелеп жасаған кеп түшпараты ыдысына салып алып базарға сатуға жүгіреді. Одан түскен азгана ақшага керек-жарагын, тамағын сатып алып, Азаматына жолығу үшін түрмеге жүгіреді. Кей күндері бостан-босқа есік бағып тұрыш-тұрыш бос қайтады. Кейде апарғанын өткізіп қуаныш қайтады. Азаматты көрмегелі төрт ай он сегіз күн өтілті. Бакандай төрт ай он сегіз күн! Зулап жатқан уақыт-ай!

Түптеп келгенде бұл үйге бөтен адамның өзі-тап осы Шырынкул! Өзі ғой! Мына Шырынкул, Азаматтың қалындығы...

Қалындық?!

Шырынкул үнсіз егіліп қоя берді. Өй, Азамат-ай! Шырынкулді айдалаға, бейтаныс ортаға тастап кеткеніңдай...

Осы үйге алдыңғы жылы бір келген.

Онда автобекетте жылап тұрган.

— Неге жылайсың, қарындас? — деген дауысты естіп, кезін апыл-ғұпты сүртіп қараса, көрші ауылдағы Тоқтамыштың мақтаулы ұлы Азamat. Өзінен уш-төрт жасы үлкен болуы керек.

— Автобустан қалып қойып...

— Жалғызысың ба? Қалада неғып журсің?

— Құжаттарымды оқуға тапсырып... қыздар кетіп қалды. Мен сыймай...

— Сыймай? — жігіт талшыбықтай қыздың дәу автобусқа қалай сыймағаның түсінбегендей аңырды.

— Бір топ сыған тебелесіп мініп, кісі кеп...

— Конатың жерің бар ма?

Шырынқұл батылданып, қамсыз-мұңсыз жан сиятанып:

— Таңғы рейспен кетем ғой. Гүнде осында бола тұрам...

Жігіт сөл ойланды. Сосын қолынан жетелеп осы үйге әкелді.

Арада сегіз ай өткенде осы үйге тағы келген. Онда Азamat екеуі үйленуге дайындалып, қалаға той көйлегін сатып алуға келген болатын. Той көйлегі. Үлбіреп тұр-ау, үлбіреп тұр! Көре бергісі келеді. Үлкен шар айнаның алдында шыр айналып билер ме еді? Әдемі желбіршекті. Ақыл моншақты. Сөүкелесі қандай?! Тек сатушы “жених тойға дейін көруге болмайды. Ырымға жаман” демегенінде...

Азamat қалада тұратын әпке-жездесіне тойға шақыру билетін бере кетпекші болып осы үйге жолшыбай соқканы еді. Үйде екі кішкене қыз бар. Үлкендер ауылда, кешке келеміз деңті. Қап! Үш жасар Айгүл шырылдаپ жылап, оны он жасар Меруерт аяғын салақтатып көтеріп жур. Баланың денесі күйіл тұр.

— Сүт бар ма?

— Жоқ.

— Бал бар ма?

— Жоқ.

— Дәріден не бар?

— Мамамның волидолы. Нан бар. Шәй бар. Қазір шәй қояйын, — деп, қонақжайлық көрсетеді шынашақтай қыз. Екеуінін әнгімесін сүйсіне тыңдал, Шырынқұлге мейірлене караган Азamat:

— Дәрігер шақыру керек! — деді. Айгүл шар ете тұсті.

— Жоқ! Уколдан қорқам. Көтеріп жүрсендер жыламаймын, — деп тақ-тақ етеді.

— Өзі ғой, балмұздақ жеп, мұздай су шашып ойнап... Таңертең мамамдар келеміз деп телефон соқты. Соған дейін бірдене етіп, алдандырып...

Шырынкул баланы көтеріп ыңылдала өндегіп еді, Айгүл де ыңғысып қойып біртінде тыныштала бастады. Сол күйі тәсекке жатқызғанда онша қарсыласпай көне берді. Тек Шырынкулдің төсін сипалап. мөмесінің үшін үстады. Жас қызы қымсынып, тұла бойын өзгеше сезім билеп сәбидің қолын қағып жібермекші болып еді, Меруерт тоқтатты:

— Мамам деп жатқан ғой. Өлі күнге сүйтіп үстап жатпаса үйықтамайды. Үйықтап қалсын, сосын... — деп сыйырлады.

Шырынкул Азамат байқап қалар ма екен деп жаны шығып барады. Тұла бойын өлдебір белгісіз сезім жайлап алған.

Бұлар шеін ішіп, ауру баланы үйықтатып болғанша түннің бір уағы болды. Ертең ертемен осы арадан ауылға жүретін болып шешті. Шырынкул қаланың екінші шетінде өзі жалдала тұрган пәтердегі құрбыларына той кейлекін көрсетіп мақтана алмайтын болғанына аздал екінді. Бірақ алда күтіп тұрган бақытты күндерге деген ытызарлық оны тез ұмыттырды. Меруерт ауызғы бөлмеде, Азамат жер төсекте, өзі Айгүлдің қасына қисайды.

Өуелі ғашықтардың қолы табысты. Төсектен өзі түсті ме, өлде Азамат көтеріп алды ма — есінде жоқ. Жігіттің әлеуетті алақанында қорғасындағы балқып, сары майдай еріді. Өздік мән жойылып, жоғалып, өзге өлемге сіңіп бара жатты. Бейне бір орыстың пәтерші жіберіп отырған, баяғыда шошқа қамаған сасық сарайында емес, көдімгі қазақтың сайын даласында, қып-қызыл қызғалдақтар ортасында жалбыздың жұпарын жұтып жатқандай. “Серпер” күйін оркестрмен дүрілдетіп тартқандай, құлағына көп жылқының жосыла шапқанындағы дыбыстар талмаусып жетіп жатты. Кейде керім күйші жалғыз шекпен сұнқылдатақан өсем өуен жүрек қылыш дірілдете үздіксе, кейде домбыра қақпағын нөсерлей шерткен ақ жауындағы нөзік саусақтан төгілген күй денесінің өр талшығын талдыра маужыратады. Осы бір ес танды халден Азаматтың сыйырлай койған сұрағы айықтырды:

— Неге жылап жатырсын, жаным?

Жұан саусақтардың үстінен сипалап кезін іздеді. Рас: аппақ жүзі су-су.

— Мілмейім...

Білмейтін рас. Қорықканнан ба, қуанганнын ба, белгісіздіктен бе? Жок, ол кезде қызда мұнын бірі де жок, тек жан толқынысы, жанын тербеткен сезім ғана бар болатын. Оның анықтамасын кім білді?

— Жылама, күнім. Асылынды өзіме сыйладың. Екі дүниеде ризамын. Алаканым салып өтемін. Үстамсызығым үшін мені кешіріші, мен қінелімін. Кешірдің бе?

Шырынкул басын изей берді. Азамат ешқашан қате айтпайды.

— Неге үндемейсің? Өкпелемеші, күнім. Ең болмаса “иे” деші.

Қарандыда басын изеп, жан-төнімен келісіл жатқанын Азаматы байқамағаны ғой? “Иә” деді қыз, өз дауысы өзіне өзөр-өзөр естілді.

Ертеңгі оқиға кино лентасын асығып тез-тез айналдырығандай өте шашпаң өтті.

Автобуста Шырынкулдің біз өкше сұлу туфлиін трактор табан кроссовка жанши басты. Жөне тарақан езгендей таптап мыжыды. Қыз көмекейден ышқынды. Азамат ожар жігітті қеудесінен түйіп түсірді. Бұл азаматына сүйсіне алғыс толған көзімен қарады. Аяғының бір қабат терісі сыйдырылып қанап кетілті.

— Кешірім сұра, дойыр неме!

— Не? Мен бе? Сен, бокмұрын, білесің бе менің кім екенімді?! Сенің сукаң жолымда тұрғаны үшін өзі сұрасын кепшірімді!

— Өдепсіз...

— Кім? Сен мәмбет, байқа! В порошок сотру! Кел, бетінді ет қылыш жіберейін! Тұс автобустан!

Жіргітін жағасынан қылғындыра жерге алыш түскенде Шырынкул де жағаласа түсті. Төртпак шомбал қараның бес-алты жандайшабы мұның Азаматын лезде коршап алды. Шыр-шыр етіп ақылға шақырган мұны шопақ құрлы көрмей шетке атып жіберді. Өуелі жұдырық, сосын тарсылдан аяқ кетті. Бұл жүргіншілерден арапша суралды, сосын телефон іздел зыр жүгірді. Біреуі стакандап арақ сататын дүнгіршекті нұскады.

— Алло, милиция!

— По-ли-ция деніз! — деп, шіренді трубканың ар жағы.

— Полиция, мұнда тәбелес болып жатыр, тез келінізші!

— Мокрый ма?

— Не? Тез жетінізші, өлтіріп қояды ғой, тез келінізші... дауысы дірілдеп жылап қоя берді. Мұның қолынан трубканы жұлып алған орта жастағы дүнгіршектегі өйел: — Бұл қай белімші? Атын кім? Мейлі, айтпай-ақ қой! Өзім тауып алам, айткан адреске тез жет! Осылдан кісі өлімі болса дәл сен жауап бересін! Үктың ба?

Жанашыр тапқандай жеудіреген мұның қолындағы тенгелерді кейін ысырды, мұндай қонырау тегін, тез жігітіңе жет деді.

Алқынып жүгіріп жетсе мұның аяғын мыжыған ожар асфальтта шолжылып жатыр, қасында бүйірін басып Азамат журелей отыр. Өзге жігіттер көрінбейді.

Есесіне шу-шу еткен өйелдер толып кеткен. “Козғалма, актілеп, басын жарды деп түрмеде шірітеміз! Кімге тиіскенін білмей жур екен, бейшара!” — деп, бүйірін таянып бүйрыкты боратып түр. Шырынкулмен қабаттаса полиция да жеткен. Бұның сезін құлакқа ілген ешкім болмады. Тақ жеген мына жерде сұлап жатқан жігіт. Ал Азаматтың сыйайластары қашып кетілті-мыс. Азаматтың қолын артына қайырып машинасына салып алды да кетті. Шырынкул аяқ асты тапталып, жыртылып, ластанып сұры кеткен той көйлегін жұмарлай кеудесіне қысып әпкесінің үйіне қайтты. Содан бері осы үйде, содан бері Азаматтың бір көре алмады.

Күнде, кунара түрмеге барады. Бұрын манынан жұруге жүрексінетін. Онда тек баскесерлер отыратындаі өзінен өзі үрей шақыратын жерден аулақ жұруге тырысатын. Қазір Азамат сияқты ешбір жазықсыз жандарды қамап қойғандай көріп аяп қарайды.

Дәмира әпкесіне түшпара, мәнті жасауға кемектеседі. Азаматқа тамақ тасиды. Бүгін де кешкे шейін тұрып, жолыға алмай сағы сынып, басы салбырап үйге қайтып келе жатса, жолын бір сыған өйел бөгеді:

— Тоқта, сұлу қыз, сен жақында куанасың!

Бұл жылы сез дәметіп тұра қалды.

— Өкел, позолатый руку.

— Ақшам жок.

— Бес тенге де жарай береді.

Шырынкул тыындарын сылдырлатып жолына керегін алып қалды да, қалғанын сығанның алақанына салды. Алакеугімде өзі де қоса үңіледі. Осылар не көреді екен, алақан көдімгі алақан.

— Тұрмеден келесің. — Бұл басын изеді.
— Тұрмеде біреуің отыр. — Тағы бас изелді.
— Онда жап-жас жігіт. Токта, екі күн? Өлде екі апта?
Екі жыл ма? Көрінбейді.

Шырынқұлдің журегі алқынып ауызына келді. Екі күннен кейін Азаматтың әкесі келуі керек деген. Сонда босатып алатын шығар?

— Өй, сұлу қыз, сырғанды салшы. Анық көрінбей тұр. Бұл сөзге келмеді, сырғасын шешіп сырғанға ұсынды. — Ө, міне-міне, біреу жала жауыпты ғой. Түк жазығы жоқ. — Бұл басын шұлғыш-шұлғыш жіберді.

— Кара, түу, тағы көрінбей кетті. Енді жұзігінді салағой. Қорықпа, маған анық көрінуі үшін керек. Пай-пай, өзі сені катте жақсы көреді екен. Уф-сүф! — екі алақанын сарт-сүрт соғып, көз алдында ғайып болған сақина-сырғасын сұрауға ұмысынған қызды қолының сыртымен бөгей:

— Қазір үйіне барсан май шам жаңып тура. Сол май шамның түбінде сенің сырға-сақиналарың жатар. Тез барып ал, ейтпесе біреу алып кояр, — дегені.

Шырынқұл автобусқа жүгірді.

“Сүйеді. Ұмытпалты. Азаматы бұрсігүні шығады. Мұны сүйеді, сүйеді.”

Үйге жақындағанда терезеден май шамның жарының көріп жүрісін тездете түсті. Бәсе, бәрі дұрыс келуі керек. Үйге кіре сырт киімін шешпестен терезенің түбінен алтын бүйымдарын іздең мұны Дәмира тәтесі токтатты. Өкініп жатыр. “Кап, мендегі неке сақинасына қосып ломбардқа өткізсек біраз акша болатын еді” деп кояды. Жасып, темен қараған Шырынқұл енді тек екі күннен кейін Азаматтың тұрмеден босанып шығарына сенгісі келді.

Бүтін таңда жететін Азаматтың әкесі келгенде босатып алса... тек босатып алса...

Бүйірі тағы солқ етті. Өз құрсағындағы тіршілік, өзі туралы хабар беріп жатыр.

Бөпелі болатынын түсінгенде қуана алмады. Ішін қос қолымен басып алып енірей жөнелді. Жылап жатып талықсып үйіктап кетілті.

Шырынқұл шыны аяқтың сылдырынан оянды. Терезе жап-жарық. Қасында Меруерт те жоқ. Тұнімен жылап беті келкіген ісік. Масқара-ай, түрі түр емес -ау.

— Мынау ма? — гүр ете түскен жуан дауыстан бұл Азаматтың әкесі екенін үқты. Бір уыс болып, үяттан бұрсіп жердің жарығын көрсө ойланбастан еніп кетер еді.

— Тунде қонактар болып... Күйеу балаңыз баска жұмысқа тұрамын деп, таныстарын шақырып...

— Бұрынғы жұмысы жаман емес сияқты еді ғой...

— Мынауысы ақшасы көп, тәуірлеу деп желіктіріп... — Күйеу балаңыз аналардың қызды-қыздысымен Мына Шырынқұлді “тоқалым” деп...

Масқара-ай, кеше шәй жабдығымен кіріп-шығып жүргенде көзін жырбақтатып “ақ тоқаш, ақ тоқаш” дегені сол екен ғой. Бұл еркелеткені деп ойласа? Мына Меруерттің әкесі, Азаматтың жездесі, өзі пана тұтып отырған ағатайы... Сеніп жүрген қорғаны осы ма? Енді қайда барып күн көрмекші? Кімнен пана сұрамақшы?

— Басым қатып кетті, — Дәмира өз көкесіне ары қарай шағына берді: —Менің тірлігім мынау, түшпара сату, елмestің күні. Не істеймін? Өрі шошқа ата, хозяйнді айтам “мына үйді бұзып орнына үй салып сатамын. Пәтершіден жалықтым. Канададағы балам келейін деп жатыр. Үйді босат” деп отыр. Расында мұның сасық үйінде бізден баска ешкім жоламайды. Басқа үйде не жағдай болар? Бір бөлмелі пәтер жалдасақ Шырынқұлді қайтем? Женешем не дейді?

— Женешен, — деп, күж етті де “балам түрмеде, Азамат аман келсе қыз көп. Ол салдақыны қайтем!” дегенін айтпай, қолын сілтей салды:

— Түрмесін ашатын уақыт болған жоқ па?

Керексіз бала

Пешке арқасын сүйеп алған Азаматтың әжесі жіп иіріп отыр. Семейге этапшен жүргіземіз деген соң жылы шұлық, қолғап токығалы отыр. Тек кезі құрғыры сыр бермесе екен. Мейлі, немерелері көмектесер. Азаматты бауырына басып кенже ұлы есепті өсірген. Өз баласы санайды. Кенет есік ашылып, бір бала кірді. Қолында қомпиган пакеті бар.

— Тәтейге беріп жіберіп еді.

— Тәтен жұмыста, кешке келеді. Кім берді?

— Бір қыз, өзіне бер деген.

— Жұмысына апармасаң?

Бала салмағын екі аяғына кезек кезек салып аз кідірді де, тапсырманы орындаудың ғой деген тоқ көнілмен: мен кеттім, — деп, шығып жүре берді.

Босағадағы жетімсіреген пакетті кешкі шәй ішіліп болғанда бір-ақ көрген үй иелері ішпіндегі хатты оқып:

— Бетпак, өзіңе сол керек! Бала дейді ғой! Баланмен коса құры! Сенің кесіріңнен менің арыстай ұлым өне түрмеде отыр! — деп, бажбаландаған келінің тоқтатып, әжей хатты дауыстап оқуды бүйірді. Ұзақ жыл ұстаз болған кейуана дереу балаларды аялдамаға жүгіртті. Қайдагы, кергендер айтады: “киімі жұқа бір қыз дірдектеп ең соңғы автобус кеткеншे жүрді” дейді.

Шырынқұл сол жолы қалтырап — тоңып бұрынғы пәтерлестері Өсемқұлдерге келе құлады. Шеше жайы белгілі. Бір ай бұрын сырласып жағдайын айтқанда “алдырып таста, көзін құрт. Болмаса жетімханаға өткіз. Пәленшенің қызы үйінде отырып туып қалыпты дегізбе” деп ұрысқан. Үйден қуған. Енді міне, бар үміт еткені Азаматтың анасы еді. Жолыққысы келмеді, яғни қабылдамады. Жазда үйдің іші-сыртын өктеп, сырлап қызу дайындалып, Шырынқұлді тезірек өкел деп Азаматты асықтырған бейне олар емес, бетен біреулер сияқты. Тусінбейді. Ештеңе ұғудан қалды. Адамдармен қалай қарым-қатынас жасау керегін ұғудан қалды. Қызыы көтерілді. Сандарактады. Ауруханада есін жиды.

Елдің бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай “саған бала не керек?” дейді. Тіпті Өсемқұл “біреумен келісіп қойдым” деп, бір үйге жетектеп келді. Сол кезде үйден біреу капрон шелекті көтеріп шықты. Шырынқұлге жас сәбидің тарбиган саусағы елестеп кетті. Ауызын басып далаға атып шықты. Нөресте де мұның ойын сезіп қалғандай тынымсыз тыптырап жатыр. Тал түбіне құсып-құсып, енді ол үйге беттей алмай кері қайтты. Баласы нөренжік болып туылды. Шалажансар туылған балаға қоймаған диагнозы жоқ. Атын Азаматы тез келсе еken деп Азатқул атады. Баласы жатқан аурухананы айналып шықпайды. Баласының күтушісі баба Анямен дос болып алды. Күн көріс қынданай түсті. Бұл жақта Өсемқұл қарызымды бер деп қысады. Бағы жасалмаған түсікке. Өрі бізге келіп қонып жүрсің, бізben бірге ішіп-жейсің. Ақта дейді. Ау, бұл мойнына борыш ілгісі келеді ме? Ақшасы бар болып бермей жүрсе бір сәрі. Қаптаған кеп кағенің ыдысын жуа-жұа шаршады. Шаршамас еді-ау, олар бір ай, екі ай жұмысын істетіп алған соң сен қыскардың, бізге ылайық емессін деп жалақасын бермей қуып шығады.

Бір күні қыздар жабылып киіндіріп, бет-ауызын бояп Шырынқұлмен біраз өуреленді. бас бармағын шашайтып

бәрі бір ауыздан нағыз сұлу десті. Өрине, сұлу. Шырынқұл өз сұлулығына сенеді. Бұл сұлу болмаса Азамат қаар ма еді? Тек мына юбкасы түскір ыңғайсыз. Жок, осы дұрыс. Бірден кезге түседі.

Баласына дәріге ақша, қарыздан құтылып, бөлек пәтер жалдал, түү тегі, киялдан кетті ғой. “Он екіде бір гулі ашылмаған қыздардың қасында сен кімсің? Баласы бар әйелсің. Кім біліп жатыр. Одан да осылай ақша тауып жан бак. Ең болмаса Азамат келгенше.” Соңғы бүйрыйын беріп “Маргаритаға бар” деген Өсемкұл бөлек кетті.

— Не, сен бірге журмейсің бе? — деп, шырылдаған Шырынқұлге “біздің клиент басқа, сен өуелі Сайынан баста” болды сез қысқасы.

Жалғыз қалған Шырынқұл екі аттап, бір тоқтап көшпеде жүр.

Долы тағдырдың лай сұына ілескен акқудың қауырсынындаі қарғам-ай, кайда барып тірелер екенсің? Қайырлаған салындының арасында шіріп қор болармысың? Өсем беріктің тәбесінде желбіреген үкідей үлбіреген сұлулыққа лайық, сөнгө жараптан көркінді қайтейін сенің?

Айналасына жалтақтаған ол Маргаританы іздемеді. Жүрексінді. Өуелгі тұран жерінен қуылыш кетті. Бір жуан теректі панарап еді тағы бір қыздар тергеді.

Бұл жай тұрмын, такси тоқтатамын деп еді, пөлеге қалды. Біреуі темекісін мұның бетіне басып сөндірді. Баж етіп тұра қашқан беті қасына келе қалған машинага міне салды. Тез кету еді мақсаты.

— Бірінші шығуың ба?

Бұл басын изеді. Кенет қасында отырған жігіт ағасына бар мұнын шағып жылағысы келіп кетті. Қозіне жаққан бояуы бетін айғыз-айғыз қылышп, суртетін қол орамалын қапелімде талтай, кеудесін өксік буып “куйеуі — Азаматты тұңғыш рет осылай атады — тұрмеде екенін, баласына қымбат дері керек екендігін” өксіп отырып баяндағы. Ерекек мырс етті.

— Бәрін осылай дейсіндер!

— Тоқтатыңыз машинаны!

— Соңша жер тегін жүрмексің бе? Ақшаң бар ма?

Мәссаган! Бұған да қарыз!

Әкелген жері қонақүй емес, бір бөлмелі жайлы пәтер.

Шырынқұл мың тенгеге таңырқай қарады. “Доллар береді деген” деп міңгірледі.

— Пішту!!! Доллар беретіннің қызметі басқа! Сандырақтамай, бергенді ал да қайқай! Жігері құм болған қыз “тым болмаса таксиге бөлек беріңіз” деді.

— Бәсе, біз сияқты ақшалы көкелерің тұрганда жібектей есілмей қайда баrasыңдар, жәлептер!

Жәлеп. Масқара-ай, бұл — жәлеп екен! Жәлеп! Шырынкул — жәлеп! Миына біреу шеге соғып жатқандай шыңшып етеді. Осы тірлігі жәлептік деп аталады. Рас. Осы кезге дейін не ойлап келген? Қыздар өзін бояғанда қайда барам, неге барам деп ойламағаны несі? Бөрі сөйтеді дегенге көне салғаны... Бөрі сөйтеді дегенге ере жөнелгені... Не ойлаға..., жок-ау, неге ойланбағаны... Кім өзі? Кім болды енді? Жоқ, мүнша масқара болғанша өлтірінген! Жанұшырып балконта жетті. Түү төменде көшениң жарқыраған шамдарына шағылышып қоныздай қыбырлаған адамдар. Қоныздар. сасық қоныз! Мағынасыз тірлік бір-ақ қарғып кетіп, мына мағынасыз тірлігіне лағнет айту керек!

Бірақ кебеже қарын еркек мұны секіруіне үлгертпей жіп-жіңішке білегін сыйндыра жаздал кері қарай лақтырды. Долылық буған қыз енді ыстық суға күйіп өлмекші болып шешті. Көзінің қарашығы кішірейіп, жиегі қып-қызыл болып, беті бүрісіп, адам шошып тұра қарай алмайтындағы күйетінін көзіне елестетіп — міне, осы өлім нақ өзіне лайықты деп санады. Суық суды тиып, тек ыстық суды барынша ашып білегін сарылдаған суға тосты. Ештең сезінер емес. Тек құлағына Азатқұлінің шыр еткен дауысы жеткен сияқтанды. Ана жолы байқамай ыстық су тамып кеткенде сүйткен. Балаланым-ай, қарының ашты ма, өлде тоңып қалдың ба? Сенің менен басқа кімін бар?

Жайлап сабасына түсіп, асықпай ұ-ұзак жуынды. Бұл кір, ардың кірі сабынды сумен қанша жуса да кетпейтінін үқканша ваннада ұзак отырды. Әлсіреп шықса да тамаққа зауқы соклады. Өз киімінің устіндегі теңгеге көзі түскенде санасты тағы лайланып жүре берді.

Кебеже қарын ақшалы өміянын тырситиш жастығының астына жасырған екен, әрі аунағанда көрініп қалыпты.

“Сен сияқты жексүріндар болмаса біздейлер арын былғамас па еді” дегісі келді ме, Шырынкул кебеже қарынның арсыз майлы бетіне былші еткізіп түкірді де, мың теңгелікті құлаштай жapsырды. Кебежекарын “дура” деп бір боқтап альшып ақшаны өміянына тықты. Шырынкул алакеугім таңды бетке альшып үйден шығып жүре берді.

Сенің қызың

— Шырынқұл, сені бір жігіт шақырып түр! — дегенде тапырақтап тұра жүгірді. Азамат! Азаматы ғой! Келді ғой ақыры! Келді!

Бірақ дереу кейін қайтып еден жуатын шелегі мен шуберегін орнына қойды. Бас мейірбике көрсө оңдырмай үрсады. Үстіндегі халатын ауыстырды. Жымырайтып тартып алған орамалының орнына осы сәтке арнал тіктіріп крахмалдаш қойған биік қалпаққа алмастырды. Туфли? Киер-ақ еді, бірақ ауруханада тақ-тақ еткізіп... болмайды. Жаман тәпішкесімен узын дәлізде құйын перен үшьып келеді. Азаматтың мойынына асыла кетіп шағынсам. Талытай кеудесіне мандайымды тесеп еркелесем. Жыл санац, ай санац, күн санац, минут санац сағынғанымды айтсамдеген арманы қанатсыз үшьырып келеді. Үшьып келеді.

Жақындей бере құшактасқан екеуді көріп журісін тежеді. Денесін өлдебір үрей бугандай ма? Тіпті екі қадам жетпей токтап қалды. Өрі қарай аттауға дәрмені жетпейтіндей.

— Қашан келдің?

— Бес-он минут күттім.

— Жок, ана жақтан? — Тұрмеден деп сұрауга аузы бармады.

— Он бес күндей.

— Содан бері... Шырынқұл аузынан шыққан әр сөзі Азаматпен екі араны сөт сайын қашықтатып бара жатқанын, ортада аттап өте алмайтай жарықшақ пайда болғанын, онысы секунд сайын терендең һөм үлғайып бара жатқанын үрейлене сезінді.

— Ауылға бардың ба? — Ауылыша деуден өдейі қашты, ал аулымызға дей алмады.

— Ие.

Тақ-түқ жауаптасып тұрган бұл өзі билетін Азаматы емес. Сағыныш, аңсал күткен жігіті емес. Құрттай сәбиінің әкесі емес. Мүмкін Азатқулді айтса баяғы Азаматы қайта оралар?

— Қызынды көруге келдің бе?

— Қызынды!? Дауысында кекетінді ызгар бар. Қыста Аязды күнгі темірмен темірді соққанындаш шыңыл қулағынды жаңғырықты.

— Сен қызың ба?

Шырынқұлді қақ мәндайға қойып жібергендей денесі түршігіп кетті. Белін айналдыра сындыра құрсаулаған аурудан талықсып кеткендей есентіреді. Азатқұл бойына біткелі қайзы токтаған. Енді лақ етіп ыстық қан құйылғанын сезді. Еріксіз төмен қарады. Аяғының асты түгел қызыл ала қан болғандай көрініп кетті.

— Өне, айттым ғой, саған тіке қарауга беті жок. Төмен қарап тұр! — Өсемқұлдің өзі туралы, мына Шырынқұл туралы айтып жатқанына тіпті таңдана да алмады.

— Азатқұлді айтам. Сенің қызын. Менен тұған. — Түсіндіре алмағанына ыза буа бастағандай.

— Не?

Ялырмау, мұның бала тұғанын ешкім Азаматқа айтпағаны ма? Өуелі Өсемқұлге тесілді. Соғын көзін баяу аударып Азаматқа тұра қарады. Өзінің бөпелі болғанын Азаматтың үй іші билетініне бек сенімді еді. Ешбірі айтпағаны несі?

— Сен оны алдырып тастаймын дегенсін. Шіңкілдеген Өсемқұлге мойын бұрмай, жігітінен көзін айымаған күйі: — Мен сенің ол ақылынды тыңдамадым. Азамат селт етер емес.

Бітті. Осымен бәрі бітті. Тәтті қиялды — Азаматы, Азатқұл үшлеі шүйіркелесіп отыратын ойша салған суреті лап етіп жанып кеткендей. арманы жанып күлге айналғандай... Енді уғі десе күлде көкке үшшіп жоқ болардай. Жоқ болатында... Ааа а?...

Бірдене деу керек. Жо, бір әркет істеу керек. Үмтыйлып, Азаматтың бос тұрған қолынан тартып апарып, баяғыда Сайын көшесінде бетіне темекі шогын сөндіргеннен қалған қоңыр дақтың үстінен жапсыра үстады. Саусақтары түрлідей. Одан наждак-құм қағазы жұмсақ шығар. Беренедей жуан саусақтар түк сезімсіз. Дәмиңә өкпесінің үйінде той қарсаңында тап осы алақанда қорға сындаі балқыш, майдай еріген тап осы Шырынқұл екендігін ұмытқан алақан. Бөтен. Жат. Өгей.

Ұзақ таңдар армандаған қиялды жағелге үшты. Жүргегі жиі сокты. Қоптасу? Енді не қалды? Қіттің алақанын сүймекші еді, ерні білегіне жанасты. Қолының қоспасынан екі рет сүйді. Үшіншігі дәрмені жетпіді. жоқ, сүйгеннің ырымын жасады. “Хош” деді. Дыбысы шықпады. Бар күшін жинап өкпесіндегі ауаны өзөр сырғып-қысып бері шығарды.

— Хошшш...

Бітті. Енді бұрылып жұмыс орнына қайта берсе болады. Аяқтары ап-ауыр. Қозғалта алмайды. Бейне бір шоғыннан қүйған дерсің. Бекітіл қойған дерсің. Азаматтың қолы да бетіне жабысып қалған төрізді.

— Өй, Шырынкул, бақырауық қызың оянды. — Кезекші мейірбекенін шақырган үні естілді. — Тез жет. Өйтпесе, касындағы баланың бәрін оятады.

Шырынкул осы сәтте әлдебір өзгеріс болғанын бүкіл денесімен түйсінді. Азамат екі қолымен бірдей қысып кеудесіне басып алған он қолын Өсемқұлден жұлқи босатып:

— Жүр, көрсет қызылды! — деді.

Бұдар дәлізді бойлап үзай бергенде:

— Ол — жәлеп. Бұзылған қыз. Айттым ғой барсан ғасынды дуалап айналдырып алады деп. Ол Сайында тұрған. Оңбаған қыз! Бармашы, Азамат!

Шырынкулге бұрынғы ауылдасы, пәтерлесі, сырласы Өсемқұлдің бул сөздері тым алыстан айтылып жатқандай қулағына көмескі естілді. Бұрылмауга, мән бермеуге тырысты. Азаматтың екі саусағынан қыса ұстап Азатқұліне тез жетуге асықты.

Корада

Кең, еңсесі биік жан тола үйде Шырынкул өзін жападан жалғыз жүргендей сезінеді. Тек мал қорага кіріп, қызыл қасқа сиырды сауып, суарғанда ғана бәрін ұмытқандай болады. Бір күн сиырдың бауырында отырып енірегендеге қызыл қасқа мұны тұмсығымен тұртті. Сала қулаш тілмен бетінен жалап жұбатқандай болды. Ешкімге айта алмай іштен тынып жүретін Шырынкул оңаша қорада қызыл қасқа сиырды сылап-сипап журіп сейлейтін болды, мұнын шағатын болды. Сиыр да бұл кешіксе, мәніріп іздел, азан-қазан болады. Енесі де “Сиырды Шырынкул сауа бастағалы сүті кебейді” деп мактап қояды. Өйтепеір бір ісін мақтағанына қуаттанған ол шырылдаш жылай беретін қызынан гөрі қорада болғанды қалап тұратын өдеть тапты.

Азаматтың өздерін, қызы мен екеуін ауылға, әкешешесінің үйіне өкелгендегі шаттанған күндері-ай! Бақыты басына қайта оралғандай қуанған кездері-ай! Бірақ Азамат

апталап-айлап Алматыда жүреді. Сылтауы — жұмыс. Анда-санда үйге келе қалса Шырынқулғе жарым екен деп көніл бөлмейді. Тіпті мұның бар-жоғын байқамайтындей.

Той көйлегін киіп, дүрілдетіп той жасамаған соң ба, әлде есейген сайын қол-аяғы тарбиыш, икемге келмей, әрі ауруы асқынғанда шырылдан жылай беретін сәбін жатсына ма, өйтеп үшінші ата-анасы мұны келін деп қабылдамады. Қабылдамады ғой...

Ие, көрші ауылда тұратын анасы тепсініп келіп “құдағи” атана алмай ол кеткен. Анасы келгенде қуаныш, мал қорада жүргенде киетін кір-кір халатымен келіп құшақтай алған.

— Тұр әрі, бок сасымай! Ойбай-ау, аппақ мактадай ул-біреген қызыымды не істеп жіберген, құдай-ау! “Жақсы үйге түскен келін — келін; жаман үйге түскен келін-келсан” деп осындайдан айтады екен ғой. Ойбай, жұзіқара, бетіме шіркеу салдың-ау, елге енді не деп барам, ойбай!

Анасының айқайы күштеген сайын Шырынқұл бүрісіп састы. Азаматтың анасы бірдеңе деп салатындей, екі өйел салғыласып кететіндей шошиды. Сосын жүгіріп барып Азатқұлді анасының алдына тастай салды. Анасы жиеніне алдансын дегені еді. Қанша шайпау адуын өйел болса да етегіндегі баланы көргенде шошып лақтыра жаздады. Қол-аяғы кепкен сексеуілдің бұтактарындей ебедейсіз қисайып, жинауға келмей қакырайған, қыр аркасындағы омыртқасы будір-бұдір болыш қолға бататын, көзінің қараашығы дәу, тесірейіп қараған көзқарасы зерені алатын, сәби деп атауға ауыз бармайтын нерсеге шоши қарады. Етегін сілки қағып асығыс аттанды. Жай кетпеді, сөйлем барады: “Жарымаған тұқымнан, азғын тұқымнан азып тумай қайда барады!” Зөрлі сөздер құлакты қарып түскендей болды.

Шырынқулғе өз анасының келіп кеткені екі араны одан әрмен аша түсті. Тіпті Азаматтың кеңже қарындасты, оқушы бала мұны тек “жұзіқара” деуге көшті. Өжесі қанша ұрысса да “не, өз мамасы айтты ғой” деп тістеніп тұрыш Шырынқұлді тек солай шақырады. “Жұзіқара” деген сезі естісе көшедегі бетіне басылған темекі шоғы есіне түседі. Өзін өзі ит етінен жек көріп жүнжіп сала береді.

Азатқұлдің ауруына дерігерлер ештеңе істей алмаған соң әжесі жетелеп халық емін біраз жағалады. Түк өзгеріс жоқ. Шырылдаған баласын жұбата алмай бірге жылайтын Шырынқұл Қадір түнінде Алласына жалбарынды. “А,

күдай, Азаткулім өзінің қатар-кұрбысындай ойнап, солармен бірге жүретіндей ете ғер. Сәбіімнің түк кінасы жоқ еді ғой. Қатарынан қалмай өссінші. Өйтпесе, жанын қинаяй бермей өзің өкете ғой” деп, ағыл-тегіл жылады. Сол түні сәбіі тыныш ұйықташ шықты. Шырынқұлде үміт пайда болды. Өттең екі түннен кейін...

Бала өлді. Өр нені бір айтып шапылдаған келінін Өжей ұрысып тоқтатты. “Тәйт, ер! Не деп сандалып тұрсың! Кісі мүгедек бала туам деп туады дейсің бе? Анасы дұрыс тамақтанбаса, оның үстіне үнемі үрейде жүрсе қалай дұрыс сәби дүниеге келеді. Құн көзі түспесе гүл де жайқалап өспейді. Мына кенжеңе дейін “жузіқара” дейді де отырады. Қалай десең де өліп отырган оның баласы, тар құрсағынан жарыш шыққан сәби. Өдепсіз сөзінді ендігөрі естімейін! Тым құрымаса дәл бүгін дұрыс сейле! Тым болмаса өлімнің тылсымына күрмет деген болуы керек қой!” деп, өжесі ара түспегенде Шырынқұл сол еседігірегенмен есендіреп не боларын кім болжар еді...

Арада айдан асқан уақыт өткенде Азамат “Күімдерінді жина. Қалаға апарамын,” деді. Шырынқұл қуаныш кетті. Тікен сөзден, тіміскі қезқарастан құтылып, жудә, жақсы болар еді. Екеуден екеу, одаша... Окуын жалғастырса... Мүмкін шығарып тастаған шығар? Оны тіпті ойламапты ау... Тек құжаттарын той қарсанында сырттайға ауыстырығаны есінде. Одан бері қаша уақыт? Алдағы төтті елестер қуат бергендей тез жиналды. Жаугандал: “Улкен-дерден бата” дей бергенде Азамат үйден шығып жүре берді. Бері жұмыста, окуда болатын. Үйде тек көрі өжесі. Шырынқұл өжесінің бөлмесіне келіп қалаға жүріп бара жатқандарын меләмдеді.

“Жолың болсын, жарығым. Бағың ашылсын!” деп, майдайынан сүйгенде Шырынқұлге батылдық пайда болып, ол да өжесінің бетінен сүйді. Азаматтан қалып кетуге корыққандай жүгіріп күшті жетті. Автобустың соңғы орындарына қатар жайғасқан соң күйеуіне еркелей:

— Қайда тұратын боламыз? — сұрады. Тағы сұрайтыны көп еді. Азамат шаршанқы кейішпен көзін жұмды. Қой, бара білермін. Дем алсын. Қайбір жетісіп жур дейсің. Ауыр жұмыс шартатады ғой деп өзің жұбатқан Шырынқұл басын байының иығына сүйел үнсіз отырды. Өрі ысырыла қисайған еркегі Алматыға жеткенше жақ ашпады. Өзі

бұрын жұмыс істеген, Азатқұл емделген аурухананың есігінің алдына келгенде ғана:

“Мен сені осы арадан алып кеттім. Осы араға қайтып өке-ліп түрмүн. Арамызды жалғап түрган бала жок. Енді екеуі-міз екі бөлек адамдармыз. Өз тағдырыңды өзін жаса”, — деді де, бұрылып журе берді. Азамат көшениң арғы бетіне өткенде көзінен таса еткісі келмеді ме, өлде өлдене сұрағысы келді ме, өзі де білмейді, артынан тұра жүгірді.

Машинаның тормозы тебе құйқаны шыңғырта сырыйш тоқтады. Азамат өлдененің болғанын желкесімен сезді. Бұрылмады. Үш-терт қадам жасады. Тағы бір қадам аттады. Тағы бір... Бұрылмауға тырысты.

Жок, жұрт у-шу болып жатқан жерге қайта оралып, Шырынқұлді қолына көтеріп алғанда он аяғы жерге сүйретіліп қалды. Сол көтерген күйі ауруханаға кірді. Ештеңе естімейді, жұрттың сөзі әншнейін гүіл болып тұр. Гүіл гүрілге ұласты. Азамат құлағын қос қолымен мықтап басып алды. Ештеңе білгісі келмеген еді.

Шапағат

Озипа көнілін сурай келген келін-баласын шығарып салып палатасына кірсе, қасындағы тесекке бір қызды өкеп салыпты. Қан-сөлсіз ак қағаздай жүзіне көз тастал бір сәт бөгелді. Содан тамақ ішуге барса да, ем-дом қабылдауға кірсе де сол аппақ жұз көз алдынан кетпей қойды. Ал ол болса көзін ашпаған күйі сұлық жатыр. Мұның бір сезінен жауап бермеді. Тек түн ортасы ауа қыстыға жылағанда тағы шыдамай қасына барып, дәрігер шақырсам ба деп ойлай бастағаны сол екен терезе алдындағы орыс кемпір бажылдан берсін. Өуелі ыңғайсызданды. Сосын аузына келгенін теккен бейшараға жыны қозып:

— Тейт, ері! Өзің түскенде бүкіл аурухананы дурліктір-генінді үміттүң ба? — деп үрсып таstadtы. Тұла бойын тугел үсак діріл жайлап алған қыз жылап жіберді. Бұырқанған тасқын өтер жерін таптай бөгеліп тұрып-тұрып тиегі енді ағытылғандай селдей жөнелді. Озипа қыз қолынан баяу сипап емін еркін ішін босатуын күтті. Біраздан кейін арнасын тапқан өзендей жылаған қыз бөсендеп баяулай берді. Түндей тұнжыр көздің қарашығы қайсы, жиегі қайсы... Тереніне тарта жөнелетін бір құдірет бар екен. Бет

әллетінде не мен, не бір сызат жок. Хас шебер мұсінші бар енерін салып мінсіз жасаған мұсіндей көз арбайды. Алды сөл бүйраланған мөлт кара шашын сипап, көніл түкпірінен меймілдей төгілген шуақ өз жанын тебіренткен Озиша бөтен қызды өз баласындаі әлділең отыр.

Таңға жақын Озипаның көзі сөл ілініп кеткен екен, қыздың тұншыға шыққан “Азамат” деген дыбысынан оянды. Лангет салынған қолымен қыздың қолынан үстап, сау қолымен мандайынан сипап отырган болатын. Тусінбей калды. Алаканының астында күлгін шаш. Құл сеуіп қойған тәрізді. Боп-боз. Кір шалғандай. Бір-ак түнде шашы агарғаны ма? Ой, Алла-ай, бір түнде шашы агарғандай бұл баланың қасыреті қандай болғаны сонда?

Озипаның тұске дейін тірнектеп жинаған мәліметі мынаған саяды: күйеуі тастап кеткен, себіл өліп қалған. Қыздың өз ата-анасы қабылдамаған. Окуы жок. Жұмысы жок. Басланасы жок. Емделуге төлейтін жөне ақшасы жок. Жок.

— Обал емес пе, өзіне неге айтпайсындар қурсағында баласы бар екенін.

— Сол, обал болмасын деп. Ертең ауруханадан шыққан соң түсік жасатуға ақша да ташпас. Өрі жамбасының сынығы біткенші ол беле жатырға жабысып қалса қайтеді? Иии, барыңызшы әрі. Өз балаңыз түгел ғой. Сізге бідене түсіндіремін деп тұрган менін де мыйым жок.

Озипа кейін шегінді. Әр қазақ менің жалғызым дейтін акын жүректер тас бол кеткен бе? Бөтеннің тағдырына үкім айтқанға неге құмармыз осы?

Алғашқы балалары тұрмай, жергөк ісін аңсаған кездері. Көрші ауылдағы құрым киізге орап, үй іргесіне тығып жасырып үстап отырган Жанкісі батырдың қыльшын атан түйедей қалап алдырғаны; баласының кіндігін ырымдаң кестіргені — бәрі-бәрі көз алдынан бір сырғып өтті. Жок, Шырынқұлға айту керек. Мейлі, өзі шешсін. Алла бір қозы артық туса шөп басын айыр бітіреді деген. Өркімнің өз ырызығы бар. Айтады.

Шырынқул мына жаңалықты естігенде дур сілкінді. Кеше ғана өмір сүргісі келмей, көзін ашпай қойған келіншектің жүзі нұрланып сала берді.

— Ала, ала, бері келінді. Қызыңыз тез жүріп кетсін десеніз мына үнтақты берінді. Міне, бұлай дайындаиды, — көрші

палатадағы Базарқұл шакырды. Оның Озипа апасына берген үнтағын Шырынқұл сүйсініп ішті. Сол түні тыныш үйіктады. Қызының тынышталып, жазылуға бет алғанын көргенде, ертесіне Озипа өзі іздел барып еді, сатушы келіншек құлшынып “мына біреуін жарасын таңғанда сепкізсеніз жара бес-алты күнде бітіп кетеді” деген соң онысын жөне алды. Медбикелерге өтініп отанын дүрдиген жарасына сепкізді. Шырынқұл күн санаپ жақсара бастады. Озипа өзінің өлі қалған қызын қайта тапқандай бір сезімде болды. Қылышбек келгенде тұра солай деді. “Шал өлтінде ауылдағы үйді саттырып, маған Алматыдан өптерген бір белмелі үйінді пәтершілерден босаттыр. Біз Шырынқұл екеуміз сол үйде тұрамыз” деп, ез шешімін кесіп айтты. Келін бірден өре түрегелді, қарсылық білдірді. Үл үнсіз тесіліп біраз түрді да ойласайық, ақылдасайық, танысайық деді, жеті өлшеп бір кесетін ежелгі мінезіне сальш байыппен сөйледі.

Шырынқұл ауруханадан шығарда көп ойланды. Ешкім іздел келмегеніне көндікті. Бұрынғы таныстарынан байланысты шорт үзіп, Озипа апасымен, ішпіндегі шаранасымен, аксақ аяғымен жана өмір бастауга белін бекем буды. Өмір.

Өмір сүрудің өзі ерлік екен-ая!
Теуекелдің өзі табыс екен-ая!

Ауруханада жабысқан Базарқұл тәтесі өлі қамқорлап жүр. Соның айтуы бойынша “Шырак” деп аталатын аяғы ауру, сал болып қалған өйелдердің қогамына мүше болып кіріп алды. Солардың үйымдастырған бірнеше курсына қатысып сертификат алды. Тігіншілер курсын оқып алды. Бірак тігін машинасы өте қымбат тұрады екен. Өрі Қыльш ағасы ескі компьютерімді берем деген соң, соның курсын бітірді.

Өсіреле, “Іскер өйелдер қауымдастыры” жолдама берген курс өзіне өте ұнады.

Бірінші оқу күні түк ұқпаса да ондағы кісілердің өзіне деген ықылсыс жігерлендірді, аяғына дейін оқуды ойлаган. Қас қылғанда екінші күні бойы өзімен бірдей өдемі құлш құмыраны сындырып алғаны... Зересі кеткені сондай — үні шықпай қалды. Оны төлеуге ақшаны қайдан алмақ? Қайдан ғана келе қалып едім. Қайдай қолтайсызбын. Өз өмірім де быт-шыт. Соңшалық тәлейсіз болсам, анамнан тумай-ақ қойсам етті.” Бір уыс болып бүріскең мұны үлкен бастық

ұрсадың орнына иығынан сипап жұбатып түр. Түсінбей қалды.

Бұл курста Озипа апасы сияқты үлкендер де, өзі сияқты келіншектер де, тіпті он жеті-он сегіздерде жас қыздар да жүр. Тіпті тәртеуі мүгедектер арбасымен келіп отыр. Балпанактай келіншектер де жүр. Шырынқұл сындырган құмыраны бәріміз ақша жинап төлейміз деп шешті. Оған үлкен бастықтары “ауыз бірлігі құшті, үйымшыл топ екенсіндер. Бұл мәселені кейінге қалдырайық. Тек сендер бәрің де жақсы оқып, өз алдырыңа фирма ашып кетіндер” деген тілек айтып жатыр екен. Мұны сертификат алсаң телемей-ақ құтыласың дегені деп ұқкан Шырынқұл оқуга бар қүшін салды. Неге оқымасын, күнде әртүрлі етіп (өзі өнді түгел түсінде көрмеген) түскі ас береді, курска бір тын телеттірген жоқ. Тіпті бала сияқты ойнап алады ара арасында. Бірінші күні бір бірінің атын атап доп лақтырды. Әдісі сол екен. Бірін бірі өмірінде көрмеген әйелдер тез-ақ бір бірінің атын жаттап алысты. Содан ба, бірден татулық орнап, бірін бірі қимай қоштасып көпке дейін хабарласып жүрді.

Смета жасау деген мый жетпейтін қызың іс деп ойлайтын. Оқи келе азарт оянып, қағаз жүзінде Шырынқұл бір өзі бірнеше фирма ашуға дейін барды. Имидж жасауға келгенде алдына жан салмады. Үнемі бір жаңа, тың ұсыныстар айтады. Күн сайын ауысып келіп отыратын мұғалімдері тек мұны мақтайды. Мақтаған сайын күлшына түседі. Өмір сұру не деген ғажап!

Бұрын қалай байқамаған. Мамандық деген көп екен гой. Тіпті үйде отырып ақша табуға болады екен. Анада Базарқұл тәтесі соны көрсетіп берді. Әйтеуір Шырынқұл өзіне, өмірге келетін сәбиіне өзі ғана жауапты екенін, өз өмірі тек өз қолында екенін түсінді. Тұмаса да туғаннан бетер өзінің қамын жеген Озипа апасына алғысы шексіз. Екеуі шұңқілдесіп отырып жоспар құрады, не істесе де аласымен ақылдасып жүргені. Апасының екі немересі — Карасай мен Қази уйге келгенде Шырынқұл шеңберек атқан ішіне қарамай ұлдар қалаған тамақты тәттілеп өзі пісіреді. Балалардың сынғырлаған күлкісіне толып базарға айналған үйде бір жан рахатына бөленеді. Екі үл өзіне еркелегенде тәбесі кекке аз-ақ жетпейді. Апасының жүзінен тегілген мейрімді көргенде өзінің дұрыс істеп жүргенін бағамдайды. Өмір сұру дегенінің өзі дөл сол сәттегі куанышың мен алғы күнге сенімің шығар. Өмір сұру...

Шарынкул

Шырынкулді жұмысқа орналастыру үшін құжаттарын үйге тіркеу үшін қарал отырган Озипа апасы:

— Сенің шын атың Шарынкул ме? — деді.

— Иә, апа, менің атымды үлкен өжем қойған екен. Жұз бірге келіп, менің үш жасымда қайтыс болыпты. Ол кісінің айтуы бойынша. Сондай бір батыр ана өмір сүріпті, Шарын деген.

— Иә, қазақ даласы қай кезде де батыр қыздардан кенде болмаған фой. Кешегі Өлия, Мәншүктөр сол рухтас арулар емес пе?

Апасының сөзі жауапсыз қалмасын деп өзі естігіен әңгімесін айтуга кірісті.

— Жаугершілік заманда өз баласы бар, өзгесі бар — бір топ баланы шапқыншылықтан арашалап қашып жүріп сол ана таудағы үнгірді панарапты. Аштыққа, өсіресе суға шөлдеген балалар шырқырай қинальпты. Сонда Шарын ана Алладан су сұрап зар илеңті. Сонда аян келіп “егер бір баланы құрбандыққа қисан су келеді” депті. Сонда Шарын ана еш ойланбастан үнгірден атып шығып:

— Мен құрбан. Мені ал. Балалар тірі қалсын. Өмір жалғассын, үрпағым өмір сұрсін. Мен құрбан, мені ал, мен құрбан! — деп, үш рет айқайлаған екен, жаңбыр селдетіп беріпті. Қазір адамдар Шарын шатқалындағы сол бұлакты қасиетті деп іздел барып ішпеді екен. Бұлақ басындағы талға ак іліп, тілеу тілейді екен.

— Түү, қызым-ай, қандай тарих айттың! Тұлабойым шынырлап кекенін қарашы. Өжен де сені тегін Шарынкул атамаған шығар? Білесін бе, мынандай бір аңыз бар. Осы біздің заманымызда бір өженің өуелі ұлы, сосын немересі ауырмай өле беріпті. Сонда өлгі өже айтқан екен: Осы бұрынғының кіслері айтушы еді. Ажал турарап келгенде таба алмаса тұқымына түседі деп... осы ажалы түскір мені іздел таптай жүрген де. Сендер “ақәже, ақәже” дей бермей бір үш күн қатар мені өз атыммен атаңдаршы.” деп өтініпті. Масқара болғанда өзі де, үрпағы да ол кісінің шын атын білмейтін болып шығыпты. Жас кезінде ісімен, қылышымен көпке ұнап “ақ келін” атаңса, есейе келе “ақапа”, сосын “ақәже” деп кете беріпті. “Өй, -депті кемпір — анау екі қырдың астындағы ауылда менің қайнам, сендердің “күрек сақал” аталарыннан сұрап келіндерші. Бір білсе сол білер. Мен келін бол түскенде жетілердегі ұл еді.”

Атын біліп келіп үш күн пәленіше өже деп ез атымен атаган екен төртінші күні ақ тесегінде ез ажалынан өліп, үргагының өлімі күрт тынышты.

Жә, бұл ажал туралы дейік. Ажалы түскір тапшаса таба алмай жура берсін гой. Бірак бағын да сені тапай жүрсе кайтеміз? Сенің атыңды азан шакырып құлағына айтқанда саған келер бақ пен дәulet те сол атқа байланады емес пе? Ең болмаса үйде сол сенің өжек койған атты атап жүрсек кайтеді?

Шырынқұл ойланып қалды. Балабақшадан бастап иеленген атын кимай отыр. Белкім, Озиша апасынің дұрыс шығар... Жок, дұрыс айтады. Өмірде көргені де, түйгені де кеп абзал адам. Осы көріп отырған жарығы да осы кісінің шапағаты емес пе? Аллам мені өлмесін деп осы кісіге жолықтырған гой.

— Иә, апа. Жақсы. Менің атым — Шарынқұл! Мен Шарынқұлмін!

Тек апасының көнілі үшін ғана емес, өзі де біртүрлі шабыттанып дауыстап айтыш мәз болды.

Апасы столдың ана басынан тұрып келіп Шарынқұлдің маңдайынан иіскеді. Екеуіне кезек жаутаңдаған Шарынқұлдің ұлы аласының етегінен тартты. Енді үшеуі тарс құшақтасқан осы сәттің ләззатына маужырап үнсіз қалды. Бұл бір жүректерге нұр құйылған ғажайыш шак болатын.

Шарынқұл Қылыш ағасының оғисіне кіріп жарқын амандасты да, көзін көзіне тік қадаған күйі сейлеп кетті.

— Кеше үйге жеңешем келіп балама үйді босатындар деп кетіпті. Балам Сізді өз атам деп есептейді. Өзі жанындағы жақсы көретін өжесінен айырылып қалып уайымдаш жур. Өзі бар болғаны он бірден енді кетті. Өжесін еске түсіріп туратын пәтерді ауыстыру маган да киын. Ең болмаса он сегізге келсе екен деймін баламды. Қылыш аға, егер мен сол кезде Озиша апама, сіздерге жолықлағанда, сіздердің үлкен жүректі қамқорлықтарыңыз болмағанда мұның бірі де болмас еді. Сондыктан мен сіздерге Орбита ықшам ауданынаң екі белмелі пәтер қарап қойдым. Соны сіздерге сатып өпесем деймін. Бүгін жеңешем үшеуміз барыш көрсек, уақытын белгілеңіз. Жо-жок, жағдайым жетеді. Бір белменің орнына екі белме болса қайтеді екен? Аз-мұз

ақшасындағы айырма... Жо, қарсыласа көрменізші, менің де бір қарындастық ізетім болсын. Кімнің атына аласыз? Мүмкін ұлдардың біреуінің атына толтырасыз ба, Қазидың атына? Алған соң пәтерші жібересіз бе, өзіңде біліңіз.

Тек мына Озипа аламның петерінде біз Ертестік екеуміз отыра тұрайық. Себебі баламды ескен ортасынан айыргым келмейді. Үйренген достарынан, мектебінен. Бұның бекісін, харakterі қалыптассын. Және өзі өздерінізді қатты сүйеді. Өл өзір тумаған екендерінізді айтпай-ақ қоя тұрайық. Есейіңкіресін. Айтам ғой, міндетті түрде айтамын. Әсіреле Озипа әжесінің өзіне тумай тұрып һем туған соң жасаған қамқорлығын айтып бергенімде ол кісінің рухын тәбесіне кетеріл өтеріне күмәнініз болмасын. Ие, агатай, өзірше осылай бола тұрсын.

Қылышбек Шарынкулдің тұлғасына сүйсіне қарады. Яптырай, қандай орнықты сөйлейді. Бір күннің ішпінде қалай шапшаң өрекет еткенін көрдің бе? Өр азаматтың-ақ менің қарындастым осындағы деп мақтана айтуына тұрарлық, арка сүйеуіне жаарарлық болып жетілгенін қарай ғер!

Кеше танауды делдей: “сениң айта алмағаныңды мен айттым. Шарынкулге үйді босат дедім деп, ерлік істегендей екпіндей сөйлеген келіншегіне: “мұның қалай? Шарынкул — менің өкіл қарындастым. Кешегі өткен анамыздың сүйікті қызы. Өзің өкіл бала дегеннің мәнін түсінесің бе? Қазақ емесссің бе? Өкіл баланың жауапкершілігі бірге туған бауырдан салмақтырақ екендігін білмеуші ме едің? Күні кеше анаңды ақ жуып, арулап бір білдей азаматтың істейтінін өзі атқарғанын неге ескермейсің? Оны былай қойғанда, ана жылы ауырып өлім ауызынан қайтатыныңда менің тірі қалуым күні-түні қасымнан бір елі ұзамай күткен Шарынкулімнің арқасы деп мақтанғаныңды қалай тез ұмыттың? Екі ұлыңа деген ықыласын айтпай-ақ қояйын. Қой, олай бұлінбе. Қөрінгеннің айтағына ілесе женелетін женін қайсы? Өз ақылтың да жетеді емес пе? Екіншіләй бұл сезінді естімейін! — деп, келіншегін тыиыш тастағанын айтпады.

Ие, бул баяғы жүрт айтса болды, ел айтса кенді деп жүре беретін Шарынкулге мұлдем ұқсамайды. Киім киісі де, сез салтауды да, иегін сөл көтеріп басын өр ұстауды да өзгеше.

Менің Шарынкулім ғасырлар тоғысында, формациялар ауысыш жатқан апырлыс-топырлыс кезінде өмірге келіп,

балғын жастығының жә сұлулығының шырынын татудан гәрі тағдырдың кермек дәмін мол сімірді. Ол сонда да казак қызына ғана тән қайсарлықпен өз өмір сокпағын кең де даңғыл жолға туралай білді.

Бірақ иномарканың ір-ір табанының донғалағының астында түрмластай тұралаған тағдырлар қаншама?

Иә, Шарынқұлдің бірден осылай бола салмағанын оқырманым өзін де оқып-біліп отырсың. Өрине, адамға журген ортасы көп өсер етеді. Алла саған сол жора-жолдасты өзің таңдау еркін де өзіңде беріп қойған.

Бір сезінің басы бір сезінің аяғына шалынып былды-былды деп тез де түсініксіз сейлейтін Базарқұл тәтесі бір күні оны өз төлімгері Сөулеге жолықтырды. Жігіт ағасы шомбал қазактың “бөтен елдің компаниясын мақтап сатқын болғанша, одан да бір кантордың еденін жуып наныңды адалдан жесенші” деп жекіріп, Шарынқұл жер болып жылап отырған. Сөуле жұбатудың орынына:

— Дұрыс айтыпты! Өне, мәндайында еден жууга жаралыған деген жазу түр” — деді. Шарынқұл айнаға жүгіріп барып қарады. Шынымен де бет өлпетінде бизнес емес, құлдың санаға тән бірдене тұрган шығар?

Сөуле сықылықта күліл мәз. Ақ қағаздай аңқау, сенгіш, сезімтал жандар тәрбиеге тез көнеді. Не істеу керектігін талдаң беріп еді, пәлен жыл Базарқұл тәтесі түсіндіре алмағанын ұға қойды. Оп-онай. Тек жоспар жасап ал да күні түні содан айрылмай енбектен. Еңбек. Еңбек. Еңбек — бәрін де женбек. Сөуленің көрсеткенін, айтқанын бұлжытпай орынадады. Сыртқы келбетін, ішкі жан-дүниесін бір қалышқа келтірді. Сонын Сөуле айтпакшы: “әйда, Марш” деп жүріп берді. Жұмыс барысында өлті аға айтқандай сатқындықпен емес, халқына денсаулық жөнінде қызмет етіп жатқанын үқты, сонысын өзі мақтан тұтты.

...Иә, осы күнге жету үшін аз жігер жұмсалмағаны хак.

Немере

Газеттен үлкен етіп берген суретке көзі түсे берген соң Сапарқұл мақаланы байытап оқуға кірісті. Ертестік. Бұл өзі оқытқан шекірттерінің бірі шығар. Болашағы зор шахматшы депті. Болашағы? Хім. Болашағы. Сол да сөз бе екен? Сот болса, не банкир десе бір жән. Шахматшы деген

не тәйірі. Көп болса біраз атак алар. Сосын? Қалай өмір суреді? Шахматшы?... Ішінен кекетіп қойып өрі қарай оқыды. Сөзі салмақты бала екен, ө. Өлде тілшінің өз ойы ма?

“Әжем былтыр қайтыс болды. Мен енді он үшке келем. Он үште отау иесі дейді қазақ. Яғни өз ісіне өзін жауап беретін жас. Әжем айтатын еді: анаң сен үшін отқа да түсті, суға да түсті. Ө, әкемді білмеймін. А나ам ол кісі Америкада, бізге ақша жіберіп тұратын жұмыста дейді. Мүмкін бұл а남амның мен өскенде әкем жоқ деп жасық болмасын деп ойдан шығарған ертегісі шығар? Бұрын сенетін едім. Әжем айтқандай ендігі жерде а남амның қамқоршысы езім ғой. Еркекті өйел баласын қамқорласын Алла өзі жаратқан дейді әжем. Апама әкесіндей, жан жарындај және туған бауырындај мен қамқор боламын. Он үшке келемін ғой. Анамды мен қамқорламағанда...

Япырмай, мына баланы қалай-қалай сейлеткен? Оқыған сайын үнап барады. Өзінің түрі оқушы кезіндегі Азаматына үқсайды екен. Түрі. Токтамысов Азаматұлы Ертестік. Тоқта, тоқта... Тоқтамысов? Өй бұл өз немересі болып жүрмесін? Өлгі Шырынқұлден туған шығар? А, Құдай, солай болса екен. Е, Алла осы тілегімді бере көр! Е, Алла...

Мақаланы басынан түсіп тағы оқыды. Және оқыды. Және. Қайта қайта оки берді. Өлдене магниттей тартып барады.

Өй, Сапарқұл-ай, бір қора жаңнан дәңгередей үйде бір өзің қалған соң көнілшек болып кеткенсін ау. Зейнет құжатын туралап алған. Енді үйіңізге қайта беріңіз, зейнеткерсіз деп қуып шыға ма деп қорыққан кісішпе мұғалімдер бөлмесін күзеткеніне жол болсын. Жан жоқ үйде не қызық бар. Терезесі үнірейіп қорқыныш тудыра қарсы алатын үйін бірте-бірте жек көріп бара жатқандай. Кешегі қызыл су шайыш кеткен жапырайған тамдардың орынна көшесі оқтай тұзу, қызылт кірпішпен сөндеп салған сынғырлаған жана үйлер ішінен немерелер шулап кірішшығып жүрсе... мақтаныш-ақ отырар ма еді? Кім білсін.

Өуелі енесі жарықтық өлді. Үйдің ырысы бір кісіге байлаулы болады дегенді естігенмен мән бермейтін. Бірақ ол кісі қайтқалы бір пөлені бір пөле жетектеп есігінен сығалады да тұрды. Сол жылы құзде мырыш табытпен өскердегі ұлының денесін әкелді. Ұзамай екі сөбіймен

теркіндең келіп жатқан кеңже қызы, у?... Аудыл үстінен еткен карғын су жұтты. У?, жұтқан емей немене, сол сұлық судан жабысқан кеселден ауруханада... у?, бар шалені шығарған езі. Сол қызы босанған сайын үйге алдырыш... Үйгыр құсатып, қазакта жоқ салтпен у?. Нем бар еді... Башалаған інген құсатып, ез үйінде босанған болса... У?, егер іс әтті гой. Сөбілдік мейіті суда қалды деп күйеуі түнімен сұлық су кешіпті. Ескілікті ауруы асқынып ол да кетті ол дүниелік болып... Өзі сол күні жинальыска қатысамын деп Алматыда жүрмегендеге алде қайтер еді? Құдай біледі. Ұлкен үл Азамат әне, қырыққа келіп қалса да күрең ақша табамын деген дәмемен қара базарда арба итеруден аса алмай ол жүр. Өзіне қатын құтаймай-ақ қойды. Жыларалатып “апа, міне, келініз” деп таныстырып қояды, әйтеуір. Ұлкен қызының барған жері жайсыз болып бала алдырып еді, бейшара алқаш байынан бір перзент сүйе алмай ол жүр. Енді келіп-келіп мына жаман шахматны баланың суретінен ез немересін көргісі келіп емешегі үзілтуін-ай! Осы газеттегілер де қызық, шешесінің атын да жаза салса қайтер еді? Әй, қайдам, Азамат сол жолы “Шырынкул өлген шығар. Машина басап кетті. Қызыл ала қан қүйінде ауруханаға ез қолыммен апардым” деп келіп еді гой. “Құтылғаның жақсы болпты” деп қуандыған-ды. Ендігісі не?

Әй, бірақ үмітсіз шайтан деген. Газет редакциясына барып білсе біреу кой дей ме? Бәлкім Шырынкул сол кезде екіқабат болған шығар?

Бір кездері болыш-толған, ауыл-ауданда тек мактауга лайық Токтамыстың шаңырағы ортасына түсті. Үрпаксыз қалды деген осы ма деп шашы ағарғанда Алла тілекті берейін дегені шығар. Қөн бетіме түскен көленкені қайтемін. Тәуекел. Баласына, тіпті бөтен біреуден туып алса да Азаматымның атын бергеніне қарағанда Шырынкулімнің ойы бөлек болмағаны да. Қой, барайын. Беттің арын белбеуге түйіп ертең, жоқ, дәл қазір Алматыға жүреді. Шешім сол. Бітті. Дәл қазір. Шырынкулімді табайын. Табайын Шырынкулімді.

Табиғат аданың ақ мамық құшағында манаураган Шарынкуллі қалтафонның шырылы селт еткізді.

— Мама, сен қайдасың? Газетті көрдің бе? Менің суретімді көрдің бе? Ұлкен етіп бастырыпты. Өдемі, иә? Қарасай мен Казига айттым. Олар кепкесе үйге келеміз деді.

Мама, мен тамақ істеп қойдым. Шәй да қайнауга жақын.
Мам, торт ала келесің бе, іө?
Ой, маматайым менің!

Қазақы салтым-ай

Той. Ауыл тойы. Сағыз өзенінің жағасындағы еңсөлі үйде бүгін дурілдеп той өтіп жатыр. Есік алдындағы алаңның шанын көкке көтеріп, ой-дәй, жастар жүлкүшін билеп мәз. Біз, бір топ кемпір, Алматы — Астанасы бар, Ақтөбе — Атырауы бар — жан-жақтан басымыз қосылып жүз көрістіргенге мәзбіз. Төргі бөлмеге оюлы қызыл ала көрпелерді қабатташ сальці, табанымыздың ізі қалған осы Сағыздың шағылынан бастап, кат-қабат естеліктерді ақтарып қиялымызбен қызы күнімізге оралып арқайын отырмыз.

— Қызы-ау, — дейді Сания апам (“қыздың” өзі алпыс екі жаста, апам тоқсанға иек артып қалған) — есінде ме, деп қойып бір өңгімені бастап берсе өзгелеріміз іліп ала жәнелеміз. Бізге ғана ыстық біраз тарихты қозгаймыз.

Бізге ғана деңгін-ау, санасында санылауы бар өрбір үрпак өз ата тегіне үніле жүрмеуші ме еді. Мүмкін осы өңгімeden сағынған бейнелерін танып қалар. Сондағы актарылған сырларды қаз қалпында ортага таставын. Сонымен тойға келгенбіз...

— Апа, осы бір күлдіргі сез бар еді, “есігінді аш, мен Санияның байымын” дейтін. Соны тарқатып берші.

Сания Малдыбатырова иығын қозғап дыбыссыз күліп бар денесімен бұлкілдеп алды да:

— Ия, шырагым. Ол сез бір балдызының жездесімен ойнаған жел сезі ғой. Өзің де білесің, өлең, тақпак түріндегі шымшымалар халық жадында тез жатталып қалады. Ауыздан ауызга көшіп ұмытылмайды. Өне, өткен ғасырдың басындағы:

Аққиіз, Шоқат
Мал жинауды қатырат.
Колхоздағы қотыр ат
Мініп ал да тырқырат,

әлі ұмытылмай жүр емес пе? Бір шумакта сол кездегі мал төркілеу саясаты, ортақ малды қараушы селқос болатыны, көтеремге айналдыратыны көрініп-ақ түр емес пе? Жердің

атауы талай рет өзгергенде осы бір шумақ өзгермей халық жадыннан сыр шертеді емес пе? Өлең сөздің құдіреті сол. Ал енді өлгі сөзіңе келсек: біздің шал тунделетіп, боранға қалып, аты болдырып жолдағы жалғыз үйге түссе: олар “кімсің” деп есіктерін ашпайды дейді. Сосын

- Сағызды білесің бе? — демей ме,
- Иә.
- Сол Сағыздағы жалғыз дүкенді білесің бе?
- Иә.
- Сатушы Санияны білесің бе?
- Иә.

Онда сол сатушы Сания менің өйелім. Мен тонаушы да, қарақшы да емеспін. Сол Сағыздағы водакачканың бастығымын. Атым болдырып, өзім тоңдым. Жол ұзак. Сендер өздерің қазақшылықтан кете бастадындар ма? — деп үялтса керек.

Ал “ұялған тек тұрмас” демей ме? Әйтпесе, ол кісі түрлі жауапты қызметтерде болған, еліне еңбегі сіңген азамат.

Кемпірдің бірі сөзді киіл кетті.

— Өй, Сания-ау, сол агатайым сен осы үйде босанып жатқанында біздің бәрімізді сарайға (жаздақ, тастан салынған үйді Сағыздықтар осылай атайды) қамал, сенің есігіңе ешкімді жолатпағаны есіме түсіп кеткені.

— Иә, иә, тап бір Кремльдің сақшысы құсал... хи-хи...

Сания апамның жүзі нұрланып бар денесімен тағы да бір булкілдеп алды.

— Осы той жасап жатқан Серіктің (Берегенов) анасы Жәмиға келін аурушаң еді. Бәлен құрсақ көтерді. Балала-рының қызығын көре алмай жастай кетті, жарығым... Сол күні марқұмның жүзін бергелі жиналғанбыз. Кенже қызы Айтольыс төрттеғана болатын. Мені аяқ астынан толғақ қысты. Жұмазия акушер айғты: “апа, үйінізге қайтыңыз. Бұрын да бала туыш жүрсіз. Тез босанып қоясыз-ау”...

Сағыздың аргы жағындағы үйге жетуге уақыт тығыз болды. Тәсек қойып, ақ жайма тесеп, жағдайымды жасап жатыр. Кілең перзентханада туып жаман үйренгенмін. Әншнейнде балаларымның әкесі мен босанғанда қазақы салтпен қасыма жоламайтын. Бұл жолы “толғатқан өйелге ауруы бар кісі кірсе, сол ауруы жас босанған өйелге ауып кетеді екен” дегенді естіп, есікке тұрып алып ешкімді жібермегені. Таңбай досына бар өйелді қойдай иіртіп,

алдына ас-суын бергізіп, қашан Сания босанғанша біреуің шықпайсың дегені...

Мұны айтқанда Сания апамның жүзі бал-бұл жаным, сәбіне еміренген солжылдаған сұлу келіншекке айналғандай. Қайран жастық шак!

Осы кезде үйге кірген тағы бір кемпір дау айта бастап еді, алам өкпешіні бірден тының тастады:

— Өй, шырағым, мен де бұл үйге өзің сияқты қонақпрын. Бұл шаңырактың иесі, тойдың иесі—Серік пен Салима. Базынаңды соларға айт.

Апамның өр мінезіне сүйсініл, токсанға келгендергісі мынау, жас кезінде қандай болды еken деп қиялмен суретін салғым келіп, тағы сез күтіп төлміремін.

— Осы балалардың әкесі, менің Есен жездем неден қайтыс болды? Апам өлгенде бар болғаны ол кісінің қырықтағы кезі еді гой. Екеуі арасына ай салып қайтыс болған дей ме?

— Жаным-ай, ол бір мезгілсіз қаза. Қедесін береміз дегеннің үстіне менің бөпелі болғаным қосылды. Сол жолы жезден уш қара қойды бірінәз кейін бірін аспакқа асып қойып соғған еді. Сонда теріден бірдене жүккән болуы керек. Міне, мына жеріне талаурап жара пайда болды. жанжагы қызырып ісіп, кол тигізбей ауырып, жараның беті қап-қара нокатқа айналды.

— Қазактар оны түйнeme дейді.

— Сибирьский язва гой!

— Жанды жара. Емі — бақа!

— Ол кезде қайдан білішіз. Есенді самолетпен Атырауга әкететін күні біздің үйге жүгіріп осы ауруханада істейтін Мұстахима келді.

— Өлті Шыңдыбайдың келіп міне?

Сол айтты: “кеше ауруханаға совхоздың директоры Сахуалин келіп аурулармен сейлесіпті. Есенді көріп, мына кісіні неге тез емдемейсіндер. Ауылдың маңдай алды механизаторына істеп отырғаңдарың не? Өлдерің келмесе мен облыстан тікүшак алдіртайын. Емдетіндер! деп үрысты. Бүгін он бірде тікүшак келмекші.”

Мен ауруханаға тұра жүгірдім. Барған бетте ініме үрыстым. Ертерек неге айтпайсың, Доссорда Молдаш Малдыбатыров деп өкендейтін атас а бітті, бәрі тік тұрып емдер еді. Дәрігерге де үрсып жур мін: диагнозын дұрыс қоя алмасаң Ізбасарды шақырмадың ба деп. Жан қысылғанда не демейсің?

Есеннің бетін былай етіп таңып қойыпты. Жағы босап қалыпты. Былдырлап сөзі түсініксіз. Соның арасында совхоздың активтері жинальш қалды. Ішпінде сенің әкен Базарбай құда да бар. Сағыздың батысындағы тастақ жерге тікүшак қонатын болды. Ауылдың бері сонда. Мен інімді жібермеймін деп шырылдаймын. Ел маган басу айтады.

— Сырттың жарасы жеңіл. Өп-сөтте сылып алып тастайды, — деп қояды Қабдош: — бірдене көрдің бе, неге үрейлендін?

“Түсімде етбетімнен жатыр екенмін. Аяғымдағы голошымды бір әйел келіп шешіп алыш кетіпті” деймін мен.

— Ақ Сөкем-ау, әйелдікке салынба. Өзім бірге барамын. Қорықпа. Өйтпесе өзің де бірге жур, — дейді Базарбай.

Сол тікүшакпен біздің шал, Жылқыбай, Базарбай, Тасым бөрі кетті. Кетті. Кетті ғой...

Апай көңілі босап, 1968 жылы қайтыс болған інісін ойладап бір сөт үнсіз қалды.

— Қызы-ау, түйнеменің емі бақа еді ғой. Бақа! Менің шалымның айтқан өңгімесі бар еді. Баяғыды, он жастағы бала кезінде шешесі осы түйнемемен ауырыпты. Жас бала не істерін білмей үйдің сыртында жылыш тұрса Ойыл жактан бір ақ сақалды шал келеді екен.

— Ата, не істеймін? Шешем уш күн болды, ауырып жаңын қоярга жер таптайды. Уш күн, уш түн. Қолын көтеріп алыш бебеулейді. Уш күн, уш түн болды, үйкемағалы. Қапкара жара үйықтатпайды. Не істеймін?

“Анаң сол жарага бақа тартуы керек” дегенін ести сала, құдыққа қауға тастаса шелекке бірден бес-алты бақа ілініпти.

Жарага таңса болды бақа серейіп өліп қала береді екен. Солайша төртеу-бесеуін таңған соң аласы ауызынан сұы ағып үйықталпайды.

— Өне, ажалсызға сол, шалдың ауызымен емін айтқызып, баласының қолымен бақа таңғызып шебер құдай өзі көмектесті.

— Сол енеміз бертінге шейін отымыздың ақылшысы болыш төрімізде отырды.

Енді Сания апам да өңгімеге араласты.

— Өне бір жылы Жұмабайыма ВТЭК-тен қағаз алу керек болыш Мияллыға бардым.

— Ол өлті емшектегі кезінде кез тиді дейтін балаң ба?

— Иә, сол. Дәрігер түстен кейін қабылдайтын болды да, сондағы құрбымның үйінен түстендім. Қүйеуі ақ костюм шалбар киіп ыздып жүретін серілеу жігіт еді. Келіншегі мені көрсімен арыз айтты. “Осы ауыргалы үйге бақа тольш кетті. Жараға бірден-бір ем дегенге танып берейін десем, таңғызбайды. Сен айтшы, бәлкім сені тыңдар.” Қайдағы. Киініп алыш шығып кеткен. Мен дәрігерге келсем, ол да сол жерде отыр екен. Қірді. Врачтың пышагы тиген бойда жаны шықты. Енді қайтесін, ахалына көрінгені шығар, “құрдастарым мазак етіп күледі, олай ету-ескіліктің қалдығы” деп, үйге өзі шұбырып кіріп тұрған бақаны басқызыбады.

— Иә, халық айтса қалп айтпайды деген бар. Кейде халық емі медицинаңнан күшті.

— Жән сөз. Осы көз тигенге де врач тук істей алмайды. Айтпақшы, балаңа көз қалай тиіп жүр?

— Емшектегі кезі. Жаз — бізде киіз басу науқаны. Демалысымды алыш, көршілерімді шақырып киіз басуды бастап кеттік. Он үш қатын, қоямыз ба? Екі текеметтік жұнді сабап, тай қазанға суды сарқылдатып қайнатып енді бастай бергенде бастық машина жіберіпті, орталыққа тез жетсін депті. Бұл өлгі 1950 жылы жаңадан сайланған министрдің біздің елге келгендері оқиғасы. Алты бірдей ақ үй тігіп, іші-сыртын жайнатып, белсендердің осы қалай төуір кілем, дүниелерін жинап, сары қымызды салырып, ой-дәй, қапылып жатырмыз.

— Өне, айттым гой, бұл Сәкенсіз іс бітпейді.

— Әрине, кез-келген кісі бітіре салатын іс болса Сәкене машина жіберіп не жындары бар?

— Өй, қыз, Сания атаң мықты дүкенші, оны да бір жерге түртіп ал!

— Өлгі рабкоптың бастығы мұны дүйім дүкеншіге үлгі қылатын. Санияда құстың сүті жок, сосын жылқының еті жок. Басқа не зат сұрасағы да тауыш береді деуші еді мақтан туғыз.

Мақтау кімге жақпасын, апай да бір жымып алыш:

— Бірде қызық болды, Складқа тоқ шәйнек түсіпті деген сыйбыс шықты. Отчетымды тастай қылып түске дейін өткіздім де, түскі тамаққа берілетін бір сағаттық үзілісті пайдаланып жүз шәйнекті вагонға тиеттіріп алдым. Бергі жағына зат толтырып қойдым. Мұқыр, Жантерек, Жаман-

сор, Шолақсайдың дүкеншілері бөрі шуылдайды “бізге де бер” деп. Алыста, бер жағында көп зат бар. Ертең өкеп бере-мін деп құтыламын. Бір алым алған соң беріп жындымын ба? Апай өзінің сондағы әбжілдігіне, ерінбейтіндігіне, құлығына риза пішінмен жымынып еске түсіріл отыр. Басқа дүкенші болса қалаға келгенінде есеп тапсыруды сылтау-ратып екі-үш күнге мойын босатып қызырып кетеді екен. Ал апа бір күнде есебін де өткізіл, тауарын да тиеп бөрін үлгертіп журеді екен.

— Әй, жазушы қызы, бұл Сания апаң тек дүкенші дейсің бе, сол кездің атқамінер азаматы болды десең келісер.

— Сәке-ау, осы сенің мына Сағыздагы өшелишепі ашқаныңды мына қызга айттып па едін? Айтсаңцы, жазсын.

— Сен де бір ит жылғыны ұмытпайды екенсін! — Деуін десе де өзі жасық шағының мөніндей болған кезеңдерді сез қылғанды ұнатқаны көрініп-ак тұр. — Иә, дөу бастық шақырып алым тапсырма берген соң, үкіметтің жұмысы деп оқитын жер, жатын жай, төсек-орын, ыдыс-аяғына дейін дайындал, сметасын жасап құмбыл кіріспін кеттім. Тек екі ай өткенде ғана өлгі директор болатын Ким келді. Е, сол кезде өзім құрыскан оку орыны қазір жыл сайын пөлен маман дайындал ел қажетіне жарап тұр!

— Пай-пай! Өне, айттым ғой, сосын әлгі...

— Апа, көз тигенді айтам дегенсін.

— А, иә... Он уш келіншек жан шыдата ма, сол куні-ак екі текемет дайын болды. Мен болсам келген “қонақты” құтудің шаруасымен шаршап тұнгі екілерде бір-ак үйге кірдім. Баламның іші өтіп қалышты. Ертемен тағы емшек сүтімді сауыш, шешеме “кешегідей бөтелкемен берерсіз” деп табыстал асығыс жөнелдім. Өлгі киіз басқан куні прокурор Галымды білесің ғой, соның шешесі немересін аркалап келіпті. Елімізде жаксы салт бар емес пе, асарлатып көп кісі жинальшпастаған жақсы іске жақсы тілек айтатын... Сол Галымның шешесі немересіне: “Түспі жабыспай. Өне бөпені қарашы. Кіп-кішкентай болса да жыламайды. Өне, борп-борп еміп жатыр. Қарай гер өзін!” деп таңданыпты. Келесі куні баламды емізіп отырсам төсімді тырмалап, бауырыма кіріп мазасызданып кетті. Соның үстіне кірген көрші ейел “ки түсірте қояйын деп ем, ақшасы түскір жетпей қалды. Екі жұз сомдай қарыз бере тұр” деп сұрады. Балаға көзі түсіп. “мынаған көз тиген. жауырыншы кем-

пірге апар” деді. Шешем де елп ете түсті. “Апар, апар. Балаңың мазасы өбден кетті, апар. Таңертең ерте оятамын. Жастығыңның астына ақ зонға жиырма бес сом түйіп қоямын.” Таң қараңғысынан оянып, балпанактай баламды (салмағы бір он кило болып қалады-ау) кетеріп алыш үш шакырымдай қашықта тұратын жауырыншы кемпірге тартым. Асығыш жүргенім уақытында үлгеріп қызметке шығуым керек. Сонда үйдің қасында рабкоптың машинасы тұрды. Мен арса-арса болып жолсызбен тіке тартым. Жауырыншы кемпірдің қызы менің құрбым. Өзі ісмер. Қол машинасы бар. Ол мені көргенде қуаныш кетті. Зыр жүгіріп мосыға шейнек ілді. Жауырыншы әже баланы көріп шошып кетті. “Неге ертерек әкелмедің? Төрт күн өтіп кетілті гой.” Енді, көз тигенге жеті күн өтсе оны құтқара алмайды еken. “Өй, қын, қын. Жаны қалар. Өй, бір жері кем болып қала-дыш-ау” деп уайым айтты. “Әкеліп тұрарсың, әкеліп тұрар-сың...”

Сонда дейім-ау, мен де жеттім өліп-талып, өлгі біздің үйдің жанында тұрған машина да жетті. Шөпір шалба-рының балағын қыскартуға жауырыншының қызына келіпті...

— Апа-ау, машина өкіметтікі, ал ұлың жекеменшік, сенікі. Сосын үалғансың дағы...

— Дұрыс, дұрыс... Жас кез гой. Бөрін үятсынамыз. Содан, жауырыншының айтуы бойынша, Фалымның келіншегі құрбым гой, енесінің сандығынан бертпеле шөлісін өперді. Бір аяулы нәрсесін күйіріп үшілкта деген, сосын андып жүріп дәрет сындырған жердің топырағын күрекпен бір кесіп алыш, соның суына сәбиді шомылдырдық. Tipi қалды, бірақ бір қол, бір аяқ кем болып бітті.

— Яптырай, ә! Кез тиген деген қын нәрсе еken гой. Ал Есен жездем не болды?

— Жан бөлек. Өлген артынан өлмек жоқ. Совхоз аяулы азаматы үшін гроб (сол кездің салты гой) жасатып, үлкен жүк машинасын жіберіпті. Біздің шал “қырық күн шілде, ауыл алыс, мәйіт жолды көтермейді” депті де, өлгі Нөргеев-ті білүші ме едің, вагонның бастығы, содан вагон сұрапты. Ол да азамат еken, сөзге келместен сан. эпиддтің қағазын туралап, мұз тиетіп бір вагонын лезде дайындастыпты.

Шиеттей төрт бала жетім қалды. Не шеше жоқ. Не әке жоқ. Жоқтауымызды айтып жер қойнына берген соң

акылдастық. Ең кішісі төртте, үлкені он алтыда — Амангелді. Ойласа келе біздің үйдегі апама тоқтадық. Салмақты салған Базекең болды. Балаларға бас-көз болыш отыратын бір кісі керек жоқ. Апам да келіскең сияқты еді, бірақ жиналатын түрі жоқ. Ақылдастар алқасының пікіріне қарсы емес сияқты еді. Мен түгіне түсінбеймін. Балалар бір келді, екі келді. Тіпті болмаған соң Базекең өзі келді. Мен айттым:

— Апамның билігі өзінде. Мен Есеннің үйіне бар деп айтсам бір кесе көжесін қызғанды дер, көnlіне алар. Себебін білмедім. Ашып айтшы, апа?

Апам төмен қарап күмілжиді. Не бай жоқ, не бала жоқ болған соң өзіне серік етсін деп бауырына осы Амантайды қырқынаң шықкан соң салып бергенбіз. Байғұс апамның күдігі сол баламды алыш қалады дейді екен.

— Ай, апа! Алла алдында сұраусыз! Өкете бер! — дедім. Мына тарихты естігенімде менің журегім уылжып аузыма келді. Тебіреніп кеттім. Манадан бері өншейін сөз тындаған екенмін. Жазам! Жазу керек! Менің Сағызымда қандай тамаша адамдар тұрған! Олардың осы өнегесін көрген үрпак қалайша жаман болсын! Өзіммен өзім тебіреніп кеткен екенмін. Сания апам өлі сейлемп отыр. “Содан апам осы үйде жиырма бес жылдай балаларды қанаттыға кактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай тәрбиелеп жеткізді. Оқытты, білім өнеріп адам қылды. Келін түсірді. Қызды жасаулады. Қолы шебер кісі еді. Бір Қалжанға сол жоқ кездің өзінде он бес көрпе апарыпз ғой. Жетіммін деп қам көкірек болмасын деп... Сексенге келіп, осы балалары арулап қойды.

— Япырай, ө! Қазір болса ғой сол балаларды көздерін жөудіретіл жетімдер үйіне өткізер еді,— деп, бізді тындалп отырған жас келіншек шыдамай сөзге кірісп кетті.

— Заң бойынша өткізу керек деп табандап тұрып алады қалалы жерде, — деп, екіншісі оны қостай женелді.

— Айтпа, сонда балалар елден жырақта жатбауыр, орыс тектес бірдене болыш... шыға келеді-ау.

— Енді міне, төртеуі төрт үй. Сания сенің еңбегің зор.

— Еңбектің қайтқаны — сол, өзімен өзі үй болыш, жаман атқа ілінбей, адам болыш кеткендері. Ата-ананың мерейі осы емес пе?

— Міне, мына Амантай да аяқтанды.

— Соны айтам-ау. Бүкіл Сағызда ес жоқ. Бері қуаныш осы тойда жүр.

— Қалыңдық та осы ауылдың қызы. Көргенді жердін, өнегелі атанаң перзенті.

— Ойбай, үлбіреп түр-ау, үлбіреп түр. Өзі нешеге келіп...

— Қойшы, не болса соны сөз деп! Одан да екі жас бакытты, үбірлі-шубірлі болсын деп тіле!

— Өумин!

— Өумин!!!

Ұштап аианың әңгімесі

Атам үлкен кісі.

Күйеуімнің ағасы ғой. Сол кезде менің көзіме шал болып көрінетін. Қызық, қазіргінің ондай “шалы” өзілің жарасса атаңмен ойна деген” деп, тым жеілtek. Ауызында бата емес, тост. Сейлеп кетсе, сөзге қонақ бермейді. Сол кезде дейімдай, үлкендер көзімен қарап-ақ тым салатын.

Атамның іс-қимылы бипаз. Біреу-міреу бірдене құраса: “әне, екі келін отыр, солардан сұрандар, солар біледі” дер еді. Тәрбиесі екен ғой, бізді үй шаруасын өздері менгеріп кетсін дегені екен.

Абысын болса көп сөйлейтін адам.

Аулымызда бір ел ағасы(парторг), елге сыйлы азамат бар еді. Бір күн шей құйыш отырған мені шығарып жіберіп, абысынға әй бір ұрыссын. “Сен, шырығым, о деп, бұ деп келінге тиісе берме! Үйдін де, түздің де жұмысын бір өзі атқарып үлгертіп отыр. Тәубе де. Байынды алса құдай алды. Енді жүрттан сен туралы “келініне күн бермейді” дегенін естісем, ондырмаймын! Айтпады деме!”

Есікті жамылыш тұрып тыңдал, әй, бір қыбымның қанғаны-ай!

Сол ағайды “ыссы” деуші еді. Мінезді солай суреттейміз ғой. Ол кісі соғыс жылдары “труд армияға” алынған. Жасы асқан не соғысқа жарамайтын кісілерді заут-фабрика, шахта жұмыстарына әкетіп жатқан кез. Төрт-бес жыл жүріп келді, соғыс біткен соң да тез жібере қоймапты.

Елде екі үл, екі қызben келіншегі қалған. Біреумен ойнап қойып, егіз қыз туыпты. Өлі туған нәрестелерді көміп тастапты. Бірақ, ел құлағы елу, сөз жата ма? Ағайдың да құлағына жетсе керек. Әйелі қайтқанда басына бейіт көтертпіеді, белгі қойызыбады. Кейін, балалары ержетіп, тас қойғысы келген екен, рұхсатын бермей қойыпты. Солай, ойнастық жасағанның жазасы. Сол күйі жермен жексен болды. Білгенге бұл да тәрбие...

Абысын ұрса беретін дедім ғой.

Қазір ойдал отырсам ол кісінікі де төрбие екен. нәрсесін орнына қойып үйренсін, тиянакты болсын, немесе балаларды алаламай еркелетсін дегені шығар... Жаспын. Қызыметтемін. Үкіметтің жұмысын да, үйдін шаруасына да бір өзім. Үлгеріп-ақ жатамын. Бұл кісі неге ұрса береді екен деп екпелеймін дағы.

Күйеуіммен үлкен қалада оқып жүріп табысқанбыз. Атаанам: алты жетімің ортасына келіпсін. Өз қалауынмен келдің. Енді бізге “көргенсіздің асыраған баласы-ай” дегізбе, тіл тигізбе! Саған айтарым; біз келгенде бір жетімің көзінен жас көретін болсақ, ақ сүтімді ақтай аомаганың. Осылардың көнілінде қаяу, көзінде жас көрмейтін болайық” деп қатаң ескерткен.

Алты жетім деп отырғаны: шал жетім — қартайып келгенде кемпірі өліп қалған. Абысын жетім — шал өліп отыр, абысынның қолындағы терт жас бала — болса, болмаса шын жетім солар ғой!

Шешемнін осы сезі қулағамда. Абысын қанша ұрсып жатса да ләм демеймін. Үнсіз тыңдал аламын да, бұрыльш шаруамды жасай беремін. Жұмыс уақыты болса-қызыметіме кете беремін. Мен кеткен соң сабасына түсетін шығар, жұмыстан келгенімде баламды бесіктен шешіп алыш қолыма ұстата салады. Бала емізіп отырып бәрін де ұмытамын.

Катын байғұс — кіші енемді айтам — сөйлеп төрбиелемесе, қалай төрбиелейді? Сөздің бәрін ұрысты деп қабылдайтын жас келінін ой да шығар, қайдан білейін... Әйтеуір көріп, естіп, үйреніп осы халге жетеміз ғой.

Қазакы төрбиенің қаймагы бұзылмай түрган кез. Біздің кісі ел қызыметінде жүрді ғой, үйдегісінен түзделгісі кеп. Соған сез келмесін деп те тырысасың. Сөйтіп жүріп балаларым ержетті. Өкесі ауырып қайтыс болғанда ен кенже үл бар болғаны екіде еді. Ол да міне, соқталдай азамат. Үл-қыздарыма өкпем жоқ. Бәрі біздің жолымызды құып жоғарғы білім алды, бір-бір елдің тұтқасын ұстал, ел қажетіне жарап отыр. Ендігі кезек немерелер, алды Лондонда оқып жатыр. Білімі тиянакты дегенім ғой. Аналық мақтанышымды білдіргенім.

— Хадиша-әй, шейің дайын ба? — Сөлем бере келген кісінің басын сөзбен қатырдың деп, маған ұрсып бұрқылдайды, жарығым. Өзің осылай бір келгенінде саған

әңгіме айтпасам ішпім жарылыш кетпей ие? Газет оқуға көзі құрмажар жарамайтын болып барады. Тыңдайтыным — радио. Теледидары тарсыл-курсілге толып кетті ғой бүгінгінің. Сағат Өшімбаев деген баламның сөзі жақсы еді. Сондай салихалы сезідер естігім келеді. Атырауында өзім бастас кісі қалмай барады. Бір актарылып сырласатын, сезінді бөлмей тыңдайтын құлақ таптай қор боласың кейде.

Шүкір, балалар өсіп, құда-жекежат көбейіп, немерелерге дейін алды аяқтанып, ақар-шакар ел қатарлы қауқылдастып аламыз. Тәубе.

Санап отырсам өзіммен өзім, тек шал екеуміз балаларымызben оңаша өмір сурген дөуреніміз жеті-ақ жыл екен. Қалған уақытта қолымызда ата-ене, қайынағаларымның балалары, үйім сапырлысқан жан болыпты. Қырықтың бірі қыдыр дейді, сол көптің ішінде жетілген ұлдар ел қамын жейтін азамат болып атқа қонады екен.

Осы өзің сияқты аяулы жандар келгенде бөрі шұбырыш келіп сөлемдесіп кетеді. Тек мына сенің асығыс болғаның дұрыс болмады. Ойлансан қайтеді, енді қашан ат ізін саласың? Асықпай, қонып, аунап-кунап біраз болып кетпейсің бе? Ұлдар апам келді леп, бір-бір марқаларын сойып, қонақ етеміз деп дайындалып жатқан. Е, е, қайтеміз енді, кешке, қызметтен шыққан соң бөрі келіп сөлемдесіп шығар. Жур, шей ішпіп, ермек қыла тұрайык.

Аяқталмаған диалог

Екі кемпі... сарқідір өйел сөйлесіп отыр.

— Мә, мен саған бір қызық айтайын...

— “Мә” емес, әдеби нормасы мәссаған. Өзің мектепте сабак бересің.

— Мәссаған деп үлкен деңгейде, халқаралық жиында айтса үйлесер. Осы мәссағанда көкірек, менменсу, тіпті кекету бар сияқты.

— Сөзден көкірек іздеген сені көрдім.

— Ал “мә” таңырқау, сүйсіну.

— Иә, сезінің жаны бар. Баяғыда менің Клара Төлеухановна Өмірова деген дәрігерім айтып еді. Бір жылдары Москваға синпозумға барғанмын дейді. Кремльде жүрсек “мә, мынаны қара!”, мә, сен қайдан жүрсің, ей” десіп екі кісі бас салып құшақтасып жатыр. Мәскеудің қақ

ортасында маңыраған не қылған “қойлар” деп тұрсақ, сенің Атырауының адамдары.

— Диалекті десең дей бер. Мә бәрәбір жұмсақ. Сөзді байытайық, сөзді байытайық дейсіндер де, өздерің дайын сөзден бойларыңды ала қашасындар. Сендерді, әдебиетшілерді түсіну киын. Өп-әдемі сөзі диалектіге итере салып...

— Жә, кешір. Сөзінді бөліп жібердім, не айтып отыр едін?

— А, ана жылы ауылға барғанымды айттып отырга едім гой, сонда Мақаттағы Қамар мамамның үйінде...

— О да бір дәурен екен-ау, жаз шықса болды, Мақат мама, Сағыз мама, Жантекерек мама деп поезға мініп жөңкіліп жүретініміз...

— Сағыз маманың “кісе наны-ай” деп, ана Жантекеректегі Құнсағи маманың, Қылышбек пен Балтабектің анасының шұбатын, құрт-майын жеп...

— Осы Мақат мама, Уалиханның анасы жас кезінде беті бұлтиған аппақ манарадай әдемі кісі...

— Қазір де жүзінен нұры төгіліп тұр.

— Қазіргінің қазағы есікті ашпай жатып неге келдің деген сұрағымен-ақ кеуденен итереді. Тап бір бірдене керек болмаса есік ашу керек еместей-ақ.

— Ол кезде алуға емес, беруге баратынбыз. Өкеміз марқұм жаз болса, каникулға шықсымен пәлен көкелеріннің орнына сөлем беріп келіндер деп поезға мінгізетін. Сөлем бере келдік десең мамаларымыз кебежесін актарып, барын аузызына тосатын, жаны қалмай күтетін...

— Иә, әкеміз балалар жат болып кетеді деп, мына үйдің баласын ана үйге, ана үйдің баласын мына үйге тасып жүріп үйреткені. Әлгі Қойшыбай ше, Қалима апаның үлжен ұлы, сол, бір жазда үйге езі келді. Сегіздердегі кезі-ау, жүдеп, биттеп кетілті. Өкем дереу барыш шешесіне үрыстым дегені есімде. Бір көрген ауылына, түү Гурьевтен тоғыз жүз шақырым Сағызға езі келіп тұр. Со кезде жолсеріктер де мейрімді-ау, билетсіз, балаға жаны ашып...

— Иә, бала жаны мейірімге құмар... Иә, әкеміз бар туысқаныңың баласын қанатының астына жинап, көзінен таса етпеуге тырысыпты-ау. Біз болсақ телефон шалуға да уақыт таптай жүргеніміз. Жат бауыр болып барамыз.

— Сонымен, Қамар маманікіндеңін?

— Сенің Уалиханың

— Неге менікі? Маган іні болса, саған аға.

— Өзің ғой, менің Ақмаралым, менің Уәлмханым дейсін де отырасың.

— Иә, Ақмаралым осында оқып жүргенде ай сайын, алта сайын келіп, сөлем беріп тұратын. Компьютерді колдануды өзі үйретіп еді, жарығым! Сағынып кеттім ғой.

— Өне, бұған тек бастап бер... Көзіңе сақ бол, болды. Өнесіндей.

— Ағылшынша тіл сындырып қалып едім...

— Міне, Қамар маманың тәрбиесі екені көрініп түр. Қой, өңгіме тында. Сол жолы жерге жайылған дастарханды жинап алған сон сенің Уалиханыңа біреулер келіп, далаға шығып кеткен. Іле қайта кірді. “Мама, ұсақ ақшаң бар ма? Маған бере тұршы” дегені. Таң қалып қарап отырмын. Қемпір камзолын алғызды. Қалталарын қарап, ақша өперді. Не деген тәрбие. Сонда сенің Уалиханыңың аудан өкімі болып істеп жүрген кезі. Қарыны қампайған дөү еркектің қалтасы құр дейсің бе? Бұл — тәрбие ғой. Балалары, келіншегі көріп отыр. Мамасына осы қылыштымен осы үйлің иесі сенсің, бәріміз сені тындаймыз деп отыр. Осыны көрген немерелер өжесін сыйлап құрақ үшпай ма?

— Дұрыс айтасың. Сол Мақаттағы Света ше, Махфузаның келіні, көшеде құлап іштің қайнұсын “ойбай мұның мінезі жаман” деп, отауга жаңа түскен келінін айбындырығанына түсінбейтінмін. “Өй, не деп отырсың, кекен естісіе, өлтіреді; бұл қылыштыңды кекен біліп қоймасын; ұят болмасын” дегені өзінше жас келінін тәбиелегені екен ғой. Қазіргінің енесі келінің көзінше байына, келінің атасын жерден алып, жерге салып, бақылдап үрсып, бір-бірінің беделін айрандай төгіп жатады. Сөйтеді де келінім ата-енесін сыйламайды деп арыз айтады да отырады.

— Иә, бұл сезінде жұз пайыз қосыламын. Жастар олай, жастар бұлай дей бергенше өз аузымызға қақпақ қойғанды білгеніміз абзал-ау.

— Өже-өже, мына Аян бар ғой...

— Иә, өже, Назардың өзі...

— Келе ғой, балапаным.

— Кел, қоشاқаным! Тағы неге келіспей қалдындар?

— Мәрзия, осы “екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату” демеуші ме еді?

— Екі аяқтыда бажа... Бұлар бөледен туған пәлелер емес пе?

— Қойшы, пөле демеші. Құнім менің, балдан тәтті бала-пандарым менің!... Кел, бері. Екеуің де кел. Сендер бауырсындар. Қайта көшпеде біреу тиіссе, бір-бірінді қорғандар.

Тылсым дүние

Алды алпысқа таяу, арты отыз бестердегі бір топ әйел оғисте жиналыш шәй ішіп отырмыз. Қазақ жиналған жерінде шәй ішпей жүре ме? Бастықтардың кезін ала бере бас қосамыз. Шәй тағы әнгіме дүкенсіз ете ме? Бүгінгі тақырып — әркімге анда санда бір кездесіп қалатын кездесіп жұмбақ сырға тола оқыс оқигалар. Бастап берген тағы да Нәзира. Өзінің ақсазанына ота жасағанда наркоздан кейін мәйітханадан он алты сағат өткенде қалай тауып алғанын айтыш еді, жүрт сілтідей тыңды. сосын әркім естігенін, көргенін жарыса айтыш әнгіме гүрілдеп берді. Солардың ішінде маған аса өсер еткені Саягүлдің әнгімесі еді.

Тілті терезе сыртындағы құтырынған боран да таң қала құлак түргендей жым — жырт бола қалды.

“Анам ұрса беретін, — деп, бастады Саягүл: Тауықтың миындаиди миынц җок. Ертең қайтіп күн көрер екенсін? Ие, ажарым болса -мынау, ерінім бұрсип, көзім жыртиш... Өрі оқушы кезімде тығызының толық едім. Өрі кара қызыбын.

— Өй, оның он тоғызының ғасырдың аруы ғой. Оймақ ауыз, күлім көз дейтін! Мына жиырма бірінші ғасырда ен сұлу аузы жаялышқтай, ерінің негұрлыым негрдің ерініндей...

— Е, бұл түрім бала туып, қат-қабат шаруамен жүтіріп жүргендегі ысылғаным ғой.

— Қойшы жеңеши, тал шыбықтайың енді артықтау, десе де сол сез жанына жаққан болуы керек, риза болып сыйылышқтап алды.

— Сонымен, мына тест дегенің біз сияқты “тауық миilar” үшін талттырмайтын өдіс. Ештеге ойланбай түрте-түрте саласың. Ал білімділер, ақылдылар болса бастарын катырып өлек. Солай түрте салғанмын. Аяқ астынан жинаған балым жоғары болыш оқуға ілініп кеттім. Біліміме емес тіліме ғана сенгендікten тек оқудан шығып қалмауды ойладым. Құжатымды жатақханасы бар оқуға өткіздім. Бірінші сессияны өупірімдеп өттім. Бұл кезде бәрімен танысып алғанмын. Қалған міндет қалтылдал қатардан қалмау. Өкей, үкай деп жүріп аман-есен дипломра да іліктім. Бір

күні отырмақта бір жігіт таяқпен келді. Өзімді жаңа суреттеп бердім ғой. міне, мынау маған лайық деп шештім де, бері билеп кеткенде жігітке өзім барыш сейлестім. Өзім армандағандай қалаға келгеніне көп бола қоймаған, яғни бұзыла қоймаған. Тағы бір сықылықта алды. Өрі атанаасы жоқ екен. Мениң заказым! Мұнда немере ағасы бар. Тұған ағасы үйлі-баранды, елде. Бітті. Нағыз маған лайық осы жігіт деді. Осыдан айырылма! дедім өзіме-өзім. Үйлендік. Жігіттің тойға деп жинаған ақшасынан өзіне қатқан костюм-шалбар өпердім, өзім прокаттан. Не қылам кейлекке ақша шығын қылыш, бес-алты сағат киеді екенмін, кейін көрмеге қоямын ба? Керегі не!

— Түү, жеңеше-ай, сіз де айтасыз-ау. “Тауық ми” болған соң, сол, ақылға онша салмақ салмауға тырысқаным дағы. Сонымен, қаланың шет жағында пәтер жалдап тұрып жатырмыз. Мұндағы ағасы бір балалы болғанымызда Птичник деген жерден үй өперді. Екі сиыр, он қой, тауық-қаз. Өлгі кісінің малдары. Бақтық. Жылқы да үстадық. Азғана семіртеміз. Сосын қайнаға соғымға сойып алады. Әрине, бізге де аудысады. Шіркін, сол қайнаға барында тамақ ток, уайым жоқ болатын. Жем шепті өзі тауып, жеткізіл беретін. Атып кетті. Қызғанған біреулер шығар. Таппады ғой. Сосын-ақ біз айдалада қаңғып қалдық.

Ие, күйеуімнің жалғыз-ақ міні бар. А, аяқты қойшы, протезін аудыстырып тұрап. Ішеді. Өлтіріп тұрып ішеді. Сол аяқты мас болғанда өзі айдаған тракторы езіп кеткен ғой.

Осы балам ішімде. Пәтер жалдап отырмыз. Үнемі жетімсіздік. Қатты торықтым. Есін жимай сондай бір ішпү кезінде киімдерімді жинап кетпекке бел будым. Есіктің алды үнемі қара көлеңке болып тұратын. Алдынан бір ак кейлекті өйел бөгеді. Елес екенін түсіндім. Қол -аяғым үйшіп қалды. Жаным мұрынның үшінде. Кейін қарай жүгіріп, мас күйеуіме тығылдым. Жұлқылап оятамын келіп. Дірдір етемін. Өзер оянды. Былдырлап ешкім жоқ қой, ештеңе жоқ қой деп мені құшактаپ, қайта қорылға басты. Ак кейлекті өйел кетті.

— Өй, тәте, сен менің айтқаныма денем түршікті дейсің. Ал мен сол кезде қандай болдым. Содан осы үйден көшнейік-ке бастым. Сол кезде ғой әлгі қайнагамыздың осы жерден үй өперіп, бізге малдарын бақтыратыны. Үлкен ауласы, мал қорасы бар. Көшіп алдық. Елестен құтылғаныма мен мәзбін. Ол ішпүін қоймады.

Баламның төрт-бестегі кезі еді. Қалада тұратын құрбым туған күнін тойлауга шақырды. Қаланың қақ ортасы, жайлыш пәтер. Ертерек барып қолғабыс жасап жүргем. Оның ұлы менікінен кішілеу. Екеуі тату ойнап отыр. Менікі гой жуас, төртілті. Бұл құрбыма жаққан сияқты. “Коның ертең кет. Ваннаға түсіп аларсың, мына ақ карда сендер жаққа жеті тұнде машина да бара қоймас” — деп, жұмақты үйіп-төгіп тастады. Мен қуана келістім. Тойдың қызған кезі еді. Баяғы ақ шытыралы көйлек киген әйел “қайт үйіне!” деп санқ етті.

Көзім бақырайып жан-жағыма қараймын. Ешкім елең етпейді. Яғни менен басқасы оны көрмейді де, естімейді.

Дерев жиналат, дастархандас машинасы бар келіншекке жалынып жүріп үйіме жеттім. Аула ашық. Үйдің есігі және аңқызып тұр, белме жайрап жатыр. Күйеуім пештің алдында екбетінен түскен. Өлтіріп кеткен екен дедім. Үйдің іші қара сұық, азынап кеткен. Баламның төсегін етекпен жылыттым да, қымтап жатқыздым. Малды түгендедім. Пеш жақтый. Бөрі дұрыс, тек күйеуім өле мас. Еңкейіп бетіне қарасам, шошып кеттім. Бет ауызы бір жағына қисайыш кеткен. Зәррем кетті. Сол сөтте құлагыма құранның үні жетті. Отыра кетіп құлқуалыламды сыбырлап бетін сипай бердім, сипай бердім. Тіпті аударып шалқасынан жатқызуға жүрексіндім. Түрі өлемет еді. Соңда дейім-ау мен өлті құрбымның үйінде коның қалғанымда, маскүнем байғұс сол күйі өліп кетер ме еді, өлті ақ шытыралы көйлекті елес әйел қайт үйіне демегенде. Келмеймін ғой...

Қайнағам өлген соң тентіреп кете жаздадық дедім ғой. Қолға ілінген жөнді жұмыс жоқ. Ел маскүнем байғұсты жұмысына жегіш алады да ақшасын бермей кетеді. Шын қинаған кезіміз еді. менің он сегіз сағат мұғалімдік айлығым жұғынға жүк болмайды. Оны да уақтылы ала алмайтын кездер еді ғой. Торығып жылап отырганмын. Өуелі бір жып-жылы алакан басымнан сипағандай болды. Үйде бір өзім болатынмын. Бірақ осы жолы сескенбедім. Қарасам сол әйел. Жасы он жеті он сегіздердегі қыз сияқты. Маған ақ жайнамаз бен құран кітап ұсыныш тұр. Көзімнің жасын сүртіп анықтап көрмекші едім, тағы жоқ болып кетті.

Кейін естідім: күйеуімнің анасы өзі маған өнгімелегендей төрт бала тумаған екен. Бір ғана менің күйеуімді туыпты. Ал елдегі қайнағам деп жүргенім екіқабат болып қалған

қызды паналатып, кейін бала үстінде өліп қалғанда жетім қалған жетімекті, яғни менің күйеуімді асырап, сактап өсірген мейрімді жандар болып шыкты. Енем жарықтық жастай өліпті, бала үстінде. Яғни мен қиналған сөтте елес болып келетін сол кісі екен.

Өнгіменің әсері ме, бәрі тым-тырыс, ешкімнің сойлеуге зауқы болмай үдірейісті. Мен дастарханға бата жасап, құран оқыдым.

Кейінгі сөздерінен сұыртпактаған сырым: күйеуі арағын қойыпты. Көрші келіншек жайнамаз тігіп сатады дегенді естіп сұраса дөл елес ене ұсынғандай ашпақ жайнамаздың шетін күміс жішпен кестелегенін алышты. “Ал құран үйде бар болатын. Бір жолы мешіт тегін үлестіріп жатқанда алғам дейді. Бәрі де күйеуім арағын қойса деген тілектен туындаған әрекет кой” — деп, күледі аржайы келіншек. “Арағын қойғалы етек-женімізді жинап келеміз. Сау кезінде “Саям менің, панам менің, сен болмасаң баяғыда өліп қалам ғой” деп кояды. Кей-кейде елес енeme екпелеп алатыным бар: жайнамаз бен құранды одан да балаңа бермедің бе деп...”

Иә, Саягулдің енесі елес болса да барзак дүниесінен қолын созып баласының қамын ойлады екен. Құдірет-ай!

Ана махаббаты деген осы ма? Осы біз бар анамыздың бізге деген ықылас-пейілін тірісінде байқамай қалып журген жоқпаз ба? Дүниені ұстал тұрған осы аналар махаббаты шығар-ау?...

“Боздактарым-ай!!!”

Фашизмді женген, тарихта Ұлы Отан соғысы деген атпен енген қанды қырғынның аяқталғанына жиырма шақты жыл өткен. Мен жетінші сынып-тың оқушысымын.

Апамның “ұйықтасаңшы, түннің бір уағы болды ғой. Ертең тағы ерте тұруың керек” деген қомкор үніне “Қазір-қазір, апа. Енді кішкене ғана қалды” деп, қызық кітаптан айырыла алар емеспін. Апам, болмаған соң өзі келіп қолымнан кітапты алды. Алып жатып көзі алдыңғы беттегі айбақ-сайбақ жазылған әріптерге түсті. Түрі өзгеріп, дауысы жарықшақтанып:

Кайдан алдың? — деді. Саусактары дір-дір етеді. Мұншалық ашуланар не істеп қойғанымды түсінбей:

— Сабагымды түгел оқыдым, — деп, ақтальш жатырмын. Жоқ жерде анамның ашыны шакырганымша іштей өкініп калдым.

— Жоқ, мына кітапты кімнен алдың?

— А... ол Айжан дейтін менімен бірге оқитын қыздың кітабы.

— Мүмкін емес... Мүмкін емес... — дейді апам, кітапты кеудесіне қыса ұстап құмыққан үнмен. Абайсызда үршықтан түсіп кеткен бір шекім жұндай жерге дыбысыз шеге беріп: — Аты да, тегі де бірдей болуы мүмкін емес...

Көз жасы омырауын жуып кетіпті. Мен қапелімде не айтарылымды білмей, улken кісіні қалай жұбатарымды білмей дал болдым. Біршама уақыт өткенде анам кенет өзі серпілді.

— Тұр, киін. Мені сол үйге ертіп бар. Өнетов Қарасай және Өнетов Қази деген егіз екі нағашың бар еді. Екеуі де он жеті жасында сұранып соғысқа аттанды. “Сталинградтың түбінде тұрмыз. Ертең соғысқа кіреміз” деген үш бұрышты хаты келді. Сол бір ғана хат алдық. Содан кейін хабарсыз кетті. Хабарсыз... Бұл — сол сенің нағашың шығар... Біз кезінде көп көшпіп едік. Бізді таппай қалған шығар... Адасып қалған болар... Жур, барайық!

Мен тез-ақ кітіндім. Анамның, қуанғаннан ба, қорықканнан ба, аяғын басуы қындал кетті. Сол кездері тізесінің ауруын емдеңдің жүрген апамды аяп, өзім-ақ барып келейін деп шештім. Апам да болмай мәсін киіл есік алдына шықты. Сосын “жарайды, өзін барып келе ғой, күнім. Мен үйде күтейін” деп қалыш қойды.

Анашымның бауырын сағынған құштар көнілі маған ауысқан ба, айлы түнде үш шақырым қашықта тұратын дос қызымын үйіне қарай құстай үштім.

Қос бұрымы аш белін сипап есік ашқан Айжан құрбымның қой көз-дері шарасынан шыға бақырайып, жеті жұндегі алқынып жеткен маған таңыр-қал қарайды. Апасы да жүгіріп келді. Үйді басына көтеріп кекіре беретін жеңешесі үрпіп үнсіз қарал қалышты. Мен биік табалдырықтан азар аттал өтіп, алқынған демімді басу үшін сол табалдырықка отыра кеттім.

Олардың жабыла шулап “міне!” дескен сирағы кір қожалақ бес жасар ұлды Өнетов Қарасай дегендеріне сенгім келмейді. Тіпті де сенгім келмей-ді.

Өзгелер : мынау — менің нағашым; анау — бөлем; пөлен туыс, түген жұрагат деп жатқанда ішімде біртүрлі қызға-

ныш оянатын. Енді, міне, жоқ жерден жауды женғен дәү нағашым осы үйде тығылыш жатқандай көрініп аңқылдағ жетіп келгенім-ай...

Көңілім өлем-жәлем болып, “Қоныш таңертен қайт. Енді екі-үш сағатта таң да қылан береді. Жарық түскенде қайт”, — деген Айжанның апасы мен женешесінің сөзін тындалады. Қарға адым жер ұзатып салып олар қалды.

Келерімде қалай тез келгемін? Екі үйдің арасы неткен қашық? Айдың сөүлесімен алакеугім жарықтанған далада ұзарып қарандаган құбыжықтар неткен көп? Өнегінде сол құбыжықтар қуып жетіп ұстап алардай жүрегім үрейге тұнып мен келемін. Торыққанымнан ба? Қорыққанымнан ба? Иен даланы басыма көтеріп жылап келемін. Бар дауысымен аныраймын келіп. Дерегі табылмай қойған нағашыларымды жоқтадым ба? Үміттен денесі түгел дірілдеп, менен тек жақсылық хабар күтіп отырған анашымды аядым ба? Өлде атаусыз, атсыз кеткен боздактарға арнал шығарған он үштегі қаршадай қыздың сөзі жоқ жоқтауы ғой дейсіз бе? — әйтеуір боздап келемін, боздап келемін... Ай, бір анырадым-ау! “Қой!” дейтін ешкім жоқ. Ішім шерден бір босап, енді жылайтын жас қалмаған кезде үйге де жеттім.

Ертеңінде бес жасар Өнетов Қарасайды жетектеп әкелип Женетова Озишаға көрсеттік. Анам өзінің бауырымен аттас балдырғанды төредей күтіп, дәмді-тәттісін беріп, еркелетіп бір мауқын басты. Кім біледі, егер көрмese әмір бақи сол бала өзінің інісі еместігіне сенбей аңсан өтуі мүмкін бе еді?

Кейін, женістің 50 жылдығына арнал “Книга памяти — Боздактар” деген атпен Алматы баспасынан шыққан кітапта менің жауажүрек он жеті жасар егіз нағашыларымның аты жоқ болды. Әрі оқимын, бері оқимын. Жоқ. Тізімде жоқ! Себебің іздестіріп жазған хатынызға: “олар туралы дерек архивте тіркелмеген” деген жауап алдық. Архив тұрган үйді (ол кезде Доссор поселкесінде) екі рет су шайған, бір рет өрт шалған. Мекені бірнеше рет ауыстырылып, қазіргі таңда Атырау қаласына көшірілген. Сол кездерде жоғалып кетті ме екен? Мүмкін нағашы ағаларым мулде басқа округтен шакырылды ма? Ол кезде ауданды округ дең аттайтын. Ауданның атының өзі неше рет өзгерді... Әйтеуір, ізі жоқ... Кезінде оларды жылап жүріп майданға аттандырған ала-женғелерімнің өзі қазір мына әмірде жоқ.

Сол бір түнде кеш жатқанпа оқылған кітапты аnam көріп қалмағанда туған жиені мен де олар туралы білмей етер ме едім. Төте жазумен (арап харлімен) жазылған жалғыз хаттан басқа арттарында ешбір белгі қалмаған қайран боздақтарым-ай!!! Дөл осылайша 17—19-дағы бозбаланың қаншасы ісіз жоқ болды екен десенші!!! Исадай-Махамбет туған елкеден түлеп, батырлар жырымен ауызданған, отан қорғаймын деп “жау қайдалап” алыш үшқан ақ еділ анғал жау жүрек жауынгерлерім-ай!!! Топырактарың торқа болсын. Имандарың жолдас болсын. Ескермегі деменіздер. Біздің осынау бейбіт өмірімізге қасықтай қаныңмен, шыбындай жаныңмен қосқан үлесінді ешқашан ұмытпаспсыз. Жадымызда, жүргегімізде сактармыз.

“Никак нет!”

(Софыс ардагерінәң әнгімесі.)

1941—1945 жылдар — Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихымызға кірген. Ол соғыс бір миллиард адамды жалмаған. Мен сол кезде “япымрай, соғыс менсіз бітіп қалар ма екен? Жаудан кегімді алуға үлгермей қаламын ба?” деп өрекпіл тұрган от жүректі кезім. Жасым 17-де.

Менің азамат орынындағы кісі еді. Кесек сәйлеп, бір шаруашылықтың бар жұмысын бір өзі деңгелентіл отыр. Сол абзал анатың үлгісі болар, мен де ел үшін бір қадеге жарауга жастай үмтүлдым. Ең үлкен қаупі-ді айттым ғой. Себебі, біз тұратын жердегі военкомат мени “әскерге жарам-сыз” деп тапты. Қазақстан мен Ресейдің шекараласқан жерінде тұрамыз. 10-сыныпта оқып журмін. Бір күні түнде шекара асып, Куйбышев қаласындағы жекеменшік клиникасы бар бір орыс дәрігеріне екі қарын май мен бір дорба құрт-ірімшік апарып бердім. “Денсаулығы мықты. Соғысуға жарамды” деп жазып берінізпі деп жалынамын келіп. Сонын алдындаған екі бірдей өкпелден сұзық тиіп, ауру сорып тастаған, тириған арықсын. Орыс шалым ерледі. Қағазын сүйкектетіп жазып берді. Мен қағазды алыш ұшып военкоматқа жеттім. Анама түк сездірмеуге тырысам. Ұзамай— ақ әскерге алыңдым. Бұл 1944 жыл. Бізді топырлатып әшалонмен алыш журді.

Мен аздап орысша білемін. Менен басқа қазақ жігіттерін “онға, солға” деген бүйректы түсінбей жатып, мылтықтың

Ұнғысың қалай тазалап, қалай жинау керектігін менгермей жатып майданға өкете берді. Мені және мен сияқты төбесінде тесігі барларды оқытып болар емес. Сейтсек, біздерден командир жасамақшы екен.

Сейтіл жүргенде соғыс бітіл, тағы комиссияға түстік. Төрт-бес бастықтан құралған комиссия отырған жерге кіргізді. Тап-тар. Сіресіп сымдай тартылып мен түрмүн. Фамилиям — Фатауов. өзгелер “F”-ға қақала берген сон, өркайсысына түсіндіре беруден жалынып фамилиямның алғашкы әрпін түсіріп, Атауов қылыш алғанмын. Енді тізім бойынша біріншімін. Рахат. Қайран албырт шақ-ай! Менін тұқымым одан әрі осы фамилиямен кетті ғой.

Қазір комиссияның алдына мен бірінші болып кірдім. Әскери төртіппен сықынып тіп-тік түрмүн.

— Офицер болғың келе ме? — деген сұраққа үйретінді төртіп бойынша, мағанаасын ойлап та үлгермesten:

— Никак нет, товарищ командир! — деп, санқ ете түстім. Жаумен берпе-бет келіп соғыса алмай қалғаныма өклем қара қазандай, әрі әскери қатаң төртіпке мойын ұсынғым келмейтін далалық қызу қаным бар, басқаша ойлауға тілті де мұршам келменті.

— Онда боссың! — Мен есікті тарс жауып, шыға бердім. Роталас жауынгерлер “не сұрайды екен? Сен не дедін?” десіп, шулап жатыр. Кейін бөрі де менің үлгіммен “никак нет” — пен шығыпты. Менен кейінгі отыз жауынгер солай істеген. Енді ойлап отырсам, түсіндіріп, ынталандыру жұмыстарын нақты жүргіссе, сол жігіттердің көпшілігі-ак әскери болып кетуі ғажап емес екен.

Гимнастерка

Соғыс бітті. Өне-міне елге қайтамыз деп жүрміз. Ұзак жүріп қалдық. Бір күні, өйтепеір, жана әскери киім үлестірді. Су жаңа киім киіл, жұтынып шыға келдік. Біздің де ішімізде небір көрікті, сымбатты жігіттер көп екен. Қөніліміз өсіп, ауылда бізге кез сүзбейтін қызы қалмайтындей өзімізге өзіміз мәзбіз. Жағамыз жайлау, төбеміз қыстау. Ішімізде Өтеген деген кербезіміз бар. Өсірсесе сол қатты қуанды. Үсті-басын сылаап, сипап шаң жуытпай, әлдене тиіп кетсе — жуып-шайып өлек болды да қалды. Өйнек керсе айна құсатып алдына тұра қалыш, айналышқатап үсті-басын тузақтап өуре.

Бір күндері әшалонға тиеді-ау. Ол кезде қазіргідей жолаушының жайлы поезы қайды? Жұк тасыған, мал қамаған вагондар. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Жол шеті көрінер емес. Қыыр шығысқа бет алғанымызды байқап, қызмет ету өлі бітпегенін ұқтық. Ләм деуге шама жок — өскери бүйрық. Өр бекетке тоқтаған сайын қатын, келіншектер сүт, айран, наң ала жүгіреді. Бір бекетте өзіміз сияқты солдаттармен тоқайласып қалдық. Олар қызметін аяқтап, елдеріне бағыт алған екен. Біздің су жаңа киімдерімізге қызықты. Олардың қолдарында пәшек-пәшек ақша. Қыыр шығыстан келе жатқан жауынгерлер тозығы жеткен гимнастеркасының үстіне ақша қосып, біздің жігіттердің инежілтен жаңа шықкан өскери киімдерімізге ауыстырып жатыр. Ақша қолға тисімен картоп, наң, айран, балық альп жеп, қаужаңдал біз бір жырғап қалды.

Отеген ғана өзгермеди. Өуелі өзіне шақ келетін киім іздейтін шығар дескенбіз. Жок, айырбасқа көнбеді. Ақыры, ала қарғадай бөлектеніп өзі ғана су жаңа киіммен қалды. Біз қолымызға іліккен тәтті-пәттіні бурай соғып, аузымызға ұрып жатырмыз. Ол болса бір жұтынып қойып гимнастеркасының қыртысын түзейді.

Хош, алты ай рельсте сартылдал жүріп Қыыр Шығысъына да жеттік-ау. Бізді қабылдал аларда қойды тоғытқа айдағандай топырлатып өкеліп дезенфекциядан өткізді. Үстіміздегіні шешіп, кірген есігіміздің аузына қойдық. өзеннің арғы жағасына өткен секілді келесі есіктен шықканымызда қолымызға бір-бір таза киім үstattты. Алты айғы кір-қонымыздан арылып, таза форманы кіп альп жайнаңдал шыға келдік. Көрген бейнетті сөтте ұмытатын жастық шақ қой!

Тек Отегеніміз ғана судан шыққан сүр тышқандай сүмпііп қалды. Оның сонша мәпелеп шақ тигізбеген су жаңа гимнастеркасы да біздің ескі-құсқымызben бірге өртеліп кетті. Соғыс саясаты деген альп машинаға сенің сұлулыққа құштар көнілінді тапап-жанпыш өте шығу түк емес -ау...

Оққагары бар

Алматыдағы жиырма уш жыл көрші тұрган Өйкен атты көліншектің аузыынан естіп едім.

“Менің жеті-сегіздердегі қолды-аяққа тұрмайтын ұрыншашқ кезім. Үйге бір мыжырайған кемпір келді. Қамшының

поезды күтті. “Таңғы төртте жететін поездан Шыңжырбай түседі екен” деп елде ес жоқ. Дұрсілдеп поезд өтті. Жоқ! Ешкім түспеді. Бибінің жүргегі жарылардай өрекпіді. Қап, алдақ кеткен арман-ай! Өлгі өйелі түскір қайда жоғалған! Желкесінен алтын сілкілесе, жарын сол тауыш берердей өрліберлі жүгіріп ізден алашапқын болды. Жоқ! Жер жұтқандай жоқ!

Үйге келген соң енесі басу айтты: — Е, шырағым, біздің үміт шырағымызды үрлеу үшін келген Қызыр шығар, сол орыс өйелі? Өзге бейнеде көрінген Қызыр таң алдында жоқ болыш кетеді деуші еді. Сабыр ет. Енді екі ай немесе екі жылда келіп қалар.

Айтқандай-ақ екі ай дегенде хат келді. Югаславияда тұтқында болыпты. Соғыс бітіп, тұтқындарды айырбас-тағанда елге қарай өтіпті. Қолы-басы бүтін, дені-қары сау. Бірақ әзірге қираған қалаларды қайта салу жұмысында болады екен.

Ие, ақсарбас! Қуанышты хабарды тойлап тағы бір серпіліг қалды.

Атты шектей шұбатылған жеті жыл өткенде жарымен өзөр қауышкан Биби келіншекте ес жоқ.

Бибіқадиша ана он екі үл мен қызды қатарға қосқан батыр ана. Сұрапыл жылдарда белін бекем байлап колхоздың қатты-қайырым жұмысын қыңқ демей атқарып, ата-енесін аялап, ошак отын өшірмей, арына дақ тусірмей өткен қайран біздің АНАЛАР!!!

Сәбина

Жаулап алушы ел отарланушы елдің ең алдымен тарихын жоюға тырысады. Түгел өртеп жібереді. Сонда ол ел тезірек жоғальш, жаулап алушының ортасына сіңіп кетеді. (тарих ғылыминың докторы Берекет Қөрібаевтің сезінен.)

Сәбина он алтыға толып, төлкүжаты қолына тисімен қалаға оқуға кетті. Аулынаң алыстағанша асықты.

Көзің ашқалы көргені — биік жақтаулы арба үстіндегі көш. Өзі баланың үшіншісі. Үлкендердің зекіп жұмсайтыны да бір өзі, кішілерін жуындырып, киіндіріп тамақтандыратын да бір өзі. Кейде апасы бөлені осы Сәбина баксын деп тұа беретіндегі көрініп кетеді. Міне, биыл да анасы жас балалы. Бұл кетем дегелі қабағын қарс жауыш, сейлемей

қойды. Мейлі, шамдары жарқыраған қалаға бір жетіп алсыншы. Сосын кере жатар. Бірер көйлегі мен жолға арнап пісірген құлшесін алды. Жұмыртқа пісіріп алды. Тауықтары бұның кететінің білгендей өншепейінде жұмыртқасын қызғанып құрқылдал бітегін қылышын бүтін көрсетпеді. Тек аласы теріс қарап бүк түскен күйі бала емізген болып қозғалмады. Екі ағасы кетті ғой. Онда айналып-толғанып беттерінен қайта-қайта сүйіп еді ғой. Жылап та алған. Енді бұған “жолың болсын” да демеді. “Апа, мен кеттім, — деп, екі барды қасына. Бұрылмады да. Күйбендеп қашпанғы жүрсін, үйден шықты да айдау жолдың шаңын бұрқыратып “қала, қайдасың” деп жүріп кетті. Жаяуға жол қашық.

Ұзак жүрді. Шөлдеді. Екі тунеді. Қарыны ашты. Өкесі тігіп берген бөтенкесін тозып қалар деп дорбасына салып алған. Қалаға жақындағанда киеді ғой. Өкесі ендігі ауылға оралған шығар? Не деп жатыр екен? Өкесі мықты шебер, қолынан бәрі келеді. Колхоз бұзылған сеелканы жөндеуге де, таға соғуға да, қыл арқасы құдышқ қазуға да мұның өкесін жұмсайды. Әйтседе, қиялы ауыл туралы емес, өзінің болашақ өмірінің әсем бейнесін елестетіп ентелей басады.

Қалада пәтер табу, оқуға кіру онай болмай шықты. Оқу бағызыда басталып кетіпті. Мұның білімі жоғарғы оқу орынына лайық емес болып шықты. Енді не істейді? Азығы таусылған, ақшасы және жоқ. Жылауға намысы жібермейді. Сейтіп менірейіп жүргенде белін қайыс белбеумен бұған, басына тықыр жұнді берік киген бір қазак:

— Қызыым, ауылдан келіп пе едің? — деп сұрады.

— Иө, ауылым алыста. Қонатын жерім жоқ. Оқуға іліге алмадым, — деп, жөн-жайын бірден ақтарып айтып салды.

— Бүгінше біздікінде бол. Мына жақын жерде тұрамыз. Бұл үнсіз ілесті.

Әйелі домаландаган қызымырлау жан екен. Балалары көрінбеді. Сәбинаға үйіктайсың деп көрсеткені — төбесі аласа, тастан сылап жасаған, үстінде ескі алаша, ескілеу құрак көрпе теселген қуыктай бөлме. Бұған да шүкір. Әйтеуір, далаға қонғаннан жақсы ғой. Кейін кішкене стол мен ағаштан құрастырған орындық пайда болды.

Ертеңінде бір кеңсеге ілестіріп барып, Сәбинаның хат танитынын, жұмыс істегісі келетінін түсіндірді. Бастық асықпай денесін көзімен тінте қарап паспортын алды. Өлдебір қағаздарды толтыртты. Жазуына үнілді. Сұрактар

берді. Сосын “айлығың он үш сом, атқаратын жұмысың — архивті реттеу. Жаулық пифылы бар сөздер кездескен қағазды тіркеп, белек қоясың. Совет Одагының жаулары іштен ірітіп, халықтың санасын жаулық сөздермен улап жатыр. Соларды түгел жою керек! Үлтишылдық күшейіп тұр. Сонау Москвадан бастап тазару науқаны журуде. Біз де өз үнімізді қосып, халық жауларын аяусыз өшкере-леуіміз керек. Егер сен оқыған кітапта мынандай сөздер кездессе қызыл белгі соғып белек қой. Соларды аямай өртсу керек. Қозін құрту керек!” — екпіндеп сейлеп, демін ентіге алыш тоқтағанда шоқша сақалы шоштаңдал кетеді екен.

— Өй, Қызылбаев! — деді өзін өртіп келген қазакка — бұл қыз сенің үйінде тұра берсін. Саған сол үшін жалование тағайындаимын.

Себина қуанның кетті. Тамаша. Айлығы бар. Үйі бар. Енді не керек? Дереу отыра қалып бастығы айтқан сөздерді шүқшия іздеуге кірісті.

Өуелі сөз куалады. Сосын мәтінді оқи бастады. Қазак ауылда ескендігін болар, айыбы татар демессың сөзді түгел түсінеді. Ал мына өлең жанына тіпті жағып барады. Сыңғырлаған сұлу сөздер. Бейне бір бұлак акқандай. Бұлқілдең жүгіргендей. Жалпы қазақтың сөздері ынғай ырғакты келісіммен үндесіп, үйлесіп, толқынданып, құбыльши, құлпырып тұрады ғой. Сабина құныға оқып кеткен екен, бастығы кіріп көлгенде сасқалаңтап қалды. Бастық сүр жыландағы кекшіл қозімен тесірейе қалғанда жаны мұрынның ұшына келді.

— Қызылбаев! — деп, зірк еткенде жүргегі суу еткен қыз құнысып қалды. Кімді өкелгендің? — бұған зілдене қарады: — саған бұл кітапхана емес! Архив! Сен архиваруссың! Керек сөзді ғана тап! Сен бір кітапты сонша оқып отырсан жұмысты кім істейді? Әйтпесе жұмыстан қуып жіберемін!

Кезі жыптықтап кітапты тез-тез ақтарды. Қолдары мен еріні дір-дір етті. Айғай шыққанда жүгіріп келген Қызылбаев есіктен ентіге кірді. Өзі нарттай қып-қызыл болып кетілті. Бастыққа басын изей береді. Ол біраз бүркырап шығып кетсімен, етті, ың-ыстық алақанымен шашынан сипап, бұған басу айтты. Кешкे үйге бірге қайтты.

Себина күніне бес кітап оқып, керекті сөзін сыйып жоюға тиісті кітапты тапқан күні бастығы мақтап қояды.

Өзі де мәз. Бір жолы жұдьрықтай екі бас қант берді. Біреуін Қызылбаевтың келіншегіне беріп еді, ол да қуаныш,

ықылас пейілімсөн кешкі астың төуірін бұган қүйді. Ал біреуін өз дорбасына салып, бауырларына апарам деп сақтап койды. Сағынып та кетті, есіресе Мархаба өзін үйкітатарда өн салмаса жатпаушы еді, негұптар жүр екен десенші?

Осылайша ай ауып, күн зыглады. Қектем келгенде тағы оқу орынына туспекші болып, емтиханға дайындалды. Дайындалтын дайындалды, бірақ...

Бастың окуға жібермейтінін айтқанда жігері құм болды. Себебі: “өз міндетін дұрыс атқарып жүр”. Халық жауының сезін өшкереуден артық қандай ардақты іс болушы еді? Оттаңты! Мұндай рахат жұмысты он жыл оқып, он бір диплом алсан да табу мүмкін бе?”

Жұмыс! Бастың жазып берген он шақты сезіді өр кітаптан іздеу де жұмыс болып па? Оның үстіне ана жолы жұмыстан өте кеш шыққанда өзі белгі соққан кітаптарын отқа өртеп жатқанын көріп таң қалды. Сонда Сабина белгі соқса болды, ол кітапты өртеп жібере беретін болғаны ма? Оның ішінде тамаша сездер де бар гой. Бұл астын сызған сездерді басқасымен алмастыратын шығар, мен де кітаптың жақсаруына еңбек етіп жатырмын гой деп жүрсе...

Сосын өзіне ұнаған кітапты ұрлап алуды ойлады. Бірақ корыкты. Біліп қойса ондырмайтыны анық. Сонда да төуекел етіп Мағжан деген біреудің жұп-жұқа кітабын Қызылбаевтың пенжагының кең қалтасына тығып қойды. Үйге келген соң алып, жастығының тысына тігіп тастады. Қызылбаев сезсе де сәзбеген, анғармаған болды. Бірақ мейірлене карап басынан сипап қойды.

Қызылбаев, өле-өлгенише атын білмей етілті-ау. Өйелі де Қызылбаев деген санқ ететін. Бастың болса болмаса фамилиясын ғана атайды. Өзі “ағатай” дейтін. Атыңыз кім деу қалеріне де келменті. Баласы жоқ байғұстар Сабинаның бетінен өз перзентінің бейнесін іздеді ме екен? Сабина болса бауырларының шуынан мезі болғаны сондай бұл үйде жас бала болса өзі қашып кестер ме еді, кім білсін?

Сәбина бастығының өзін уысынан шығармасын үкқанда басқа жол іздеуді сйлады.

Алдында “Отан соғысына қыздарды да алады” дегенді естіген. Кешкі мектепте бірге оқитын күрбыларын ертіп, салып ұрып военкоматқа келді. Бойы сырыйтай сымбатты қызы ескерге жіберініз деп арызын жазғанда, ондағылар бас шайқап “кейін келден” аспаған. Сол жерде өзі сияқты соғысқа сұранған екі қазақ қызын көрді. Үшінші достасып

алып, тағы арыз жазды. Сосын тағы жазды. Сосын... Сосын, өйтеуір, бір күні шақырту қағазы келді-ау. Келді.

Сол күні Қызылбаев өзіне:

— Қызыл, тез жинал. Сенің аулың Доланалың үстімен өтетін машина талтый. Сен жолдан түсіп қаласың, ол әрі қарай кетеді. Екі сағаттан соң қайтуға дайын тұр. Өйтпесе үлгермей қаласың. Қайтарда сол машинадан қалсаң жетуің киын болар. Тез-тез.

Бұл дорбасын көтеріп сол сөтте-ақ дайын болды. Бөлінеріне жинаған қантын, қалам, дәптерлер сияқты бірдене салған болды. Алты сомнаң жинаған ақшасының қолда барын шешесіне бермекші болып ақ-шаны ішкі қалтасына салды. Күнде бөлмесіне кіріп мұның заттарын бір шола қарал қызымырлана сөйлеп жүретін жеңешесі жарты дорба үн берді. Тұыскандарың ала бар деді. Сабина сәл таңыр-қағаны болмаса, қолын қайтармады. Қуанганаң сездірмеуге тырысты. Бетінен сүйіп алғысы келген, оны істемеді.

“Өни, мен соғысқа кетіп барамын, — десе де аласы шүрк етпеді. Қөнілі өбден қалған адамдай сырт айналып, бірдене істеген болып күйбендей берді. Өй, осы жолы шешем мейірленер-ақ деген. Даlbас! Тағы да бір өзі жол азығын қамдаң, іні-сінлілерін сүйіп, алыс сапарға бел буды. Өкесі тағы үйде жоқ екен. Майдандағы бір ағасынан “қара қағаз” келіпті. Қөрші үйден тұз сұрауга кеткен әнің бұл кеткенше оралмады. Өлде оралғысы келмеді? Сабина қашанғы тұрын, куре жолға шықты. Жол . Тұған үйден енді біржола кетті. Соны жүрегі сезді. Астаулы машинаның бортында желге бетін тесеп армансыз жылады-ау бір...

Кайта Қызылбаевтың өйелі жақсы екен, бұл военкоматқа беттегенде шетін кестелеген сұлті берді. Сандығын қопарыш жатып бір жұпар сабын талтты. Тіпті кетерінде мандайынан иіскеді. Сабина соғыста бес жыл бойы сол сабынды пайдаланбады десе де болғандай, елін сағынғанда шығарыш ііскейді де қояды. Қолына алған сайын елдің іісі мұрынына келгендей болатын. Ал орамалды аман-есен алыш келді. Авиаполкте қызмет етті. Жауды бомбалайтын өскери ұшактардың маторын қарау, алыш үшүү үшін снярд тиесінде Қазақстандық он екі қыздың жұмысы.. Солан соғыс біткенде жетеуі-ақ тірі қалды. Соғыс біткен соң қыыр шығыска жіберді. Соғысы бар, қызметі бар — бес жыл өтті

дегенде сүйікті Алматысына оралды. Бірден Қызылбаевтардың үйіне келді. Орынында жоқ болып шыкты, біреулердің көрсетуімен баяғыда мұның үрлап үйге өкелген жұпжұқа кітапшасын (соны үйге өкеліп жастығына тігіп тастанғаны болмаса, бетін ашып оқымаңты да ғой) НКВД-та апарып берілті. Кейін дәл осы кітаптың кесірінен Қызылбаевтың сottаларын білсе, елсе де үрламас еді-ау...

Сәбина болса жеңешесіне өзі берген сұлтісін аман сактағаның көрсетіп мақтанбақшы еді. Амал не?

Картайғанда енді ойланып, баяғыда өзінің қазақ тарихын, мәдениетін, оқулықтарын құрту үшін жұмыс істегенін пайымдан отыр. Империя деген алып машинаның бір тетігі болышты. Егемендік алыш, радиосы күнде сайрап жатқан сездерге құлак тіге отырып соны ұқты. Ойланды. Естіген сездер ойландырмай қоймаушы еді. Сол кезде осыларды білсе ғой. Білсе ғой!!! Өй, бәрі бір түк те істей алмас еді... Өлде?

“Уголь” қане?

Жас үстазбын. Биыл бірінші жыл сабак беремін. Маған бүйірған сынып мектептің бүйен бөлмесінде. Яғни үлкен мектептің жаңына жалсарлай салынған қосымша бөлмеде. Осы мектепте баяғыда өзім оқығанмын. Бәрі өз үстаздарым. Бәрі таныс. Мен жетекшілік ететін 5 “а” сыныбында Сейтмұханбетов Құрбангелді, Исатаева Мәрзия секілді өте алғыр шөкірттерім де бар. Балалар өзімді үлкен бедел тұтып, қатты құрметтейді. Иә, өзіме-өзім көңілім ток, жалындал тұрган жас үстазбын. Бос уақыттымды тиімді пайдаланбақшы болыш, үстаздар бөлмесінде дөптер қарал отыр едім. Тасым ағай Жанузаков келді де:

— Жүр, мен сенің класыңа сабак өткzuge барамын,— деді бүйіркүйкі рабилен.

Ол кісі орыс тілі пәнінің оқытушысы. Кезінде маған да сабак берген.

Сонау жылдары Гурьев қаласынан педагогикалық білім алышып, сол қаладағы Ораз Исаев атындағы жалғыз қазақ мектебінде мактаулы үстаз атанды. Ол кісі тәрбиелеген шөкірттері — Салық Зиманов, Жанаш Нұрмаканов сияқты еліне қызмет еткен азаматтар болыш жетілген-ді. Тасым Жанузаков 1937 жылы өскер қатарына алышып, ауыр артерелия құрамында соғысты. Елге тек бейбіт заман

орнағанда, яғни 1946 жылы ғана оралды. Тогыз жыл бел шешшегін отан қорғаған азамат елге келсімен білегін сыйбанып жіберіп халқына қызмет етуге кірісті.

Сол кездегі атауы Жаңаталарап колхозының орталығы Кенбай елді мекенінде ұзақ жылдар мектеп директоры болды. Талай шөкірт алдынан өткен үстаз ез шөкіртеріне сенім арта да білетін. 1964 жылы өзі тәрбиелеген алғыр оқушысы Ногайбаев Шанықұлға мектеп басшылығын ұсынды. Өз пікірін табанды қорғай біletін жан аудандық оқу бөліміне дейін барып, ез ойын дәлелдеп шықты. Үстаздың көрегендігі сол — шөкірт Шанықұл да ез түсінда талай мектеп басшысын тәрбиелеп ұшырды. Қазіргі таңда ел Тасым ағайдың есімін ардактаған, өзі үстаздық өткен Кенбай ауылшындағы мектепті “Тасым Жанұзаков атындағы мектеп” деп атап, құрметтеп отыр.

Жас үстазға өзіңін құрметті ағайына қарсы келу қайда? Жүгіре жөнелдім. Құні кепе дөріс алған оқытушының алдында өлі оқупшылық психологиядан шығып болмаған да шығармын. Әлде ерте есеюді қаламай түрмyn ба? Өттен, сол сette осы кимылым неге үрындыратының білсем ғой!...

Өзір ештеңеден хабарым жок, томпандап еріп келемін. Өрі қолайлы сөтті пайдаланып шебер үстаздың тәжірибесін там-тұмдағы жинай бермекшімін.

Бүйен бөлмеге орналасқан тығыз тұрған парталарды қырындай өтіп ең артқа жайғасып алдым. Өзімшe конспекті жасап қоямын. Сабак барысында бір киын сұраққа буқіл сынып оқушылары жауап таптай сілтідей тыңды. Тіпті озат оқушыларым — Құрбан мен Марзия да үнсіз. Ешкім қыбыр етер емес.

— Маркиза, кане, сен айт! — ағайдың үні саңқ өткенде жас үстаз менің жаным мұрынымның үшінша бір-ақ келді. Япырмай, мен жауаптан кателесіп кетсем, мына көген көздердің алдындағы үстаздық беделімнен не қалады? Масқара! Не істедім? Оның үстінен ағайдың үні зірк өткенде бар білгенім бақайымнан шыққандай, ал басым болса құрқуыс қауашаққа айналғандай жан терге түскенім-ай!

Баяғыда, мен осы кісіден оқып жүргенде “угол” мен “угольді” айыра алмаған Солдатбай деген баланы мектептің пешін жағып жылытып отырған көмірден “көмір өкел” деп жұмсамай ма? Үстаз жұмсаған соң жан қала ма, Солдатбай таңдаған тұрып ең үлкен кесек көмірді қос қолдаған ырыслайдай көтеріп жетпей ме? Ағай “міне, саған “угол” деп, сол көмірмен бір үрған. Соңда жасы он екілердегі Сәкең:

— Ойбай-ау, курзідей көмір көтеріп нем бар еді?! Шокпардай да жарайтын еді-ау? Ағайдын “еңді есінен кетпесін” деп басымнан уратынын білгенімде асықтайын алаканыма қыса салушы едім-ау, — деп, өкініп, қанап кеткен басын сипай беріті. Оны құртқан иені боса да мол қамтитын, қарпи ұстайтын казакы мінез-ай...

Вірақ осыдан кейін жалғыз Солдатбайдың сыныбы емес, бүкіл мектеп “угол” мен “угольді” шатастырмадай сабак алды. Ие, Тасым Жанұзақов ағайымыз біздің орыс тілін жақсы менгеріп кетуіміз үшін бар жаңын салыпта-ақ бағады. Ол кезде орыс тілін білмесең дұрыс оку да, төуір кызметте бүйірмайтын. Оқытқан шекірті заман көпінен қалмасын дейді-дағы.

“В”, “на”, “под”, “над” сиякты шошақай предлогтардың мәнін үға қоймайтын казакы балаға үкіттеру үшін, сөз мәнін жеткізу үшін сол кезде өзегептәуір жастағы ағатайым столдың астына кіріп, ерінбей үстіне шығып өлең болатын. Қадірінді білдік пе, қайран ағатайым-ай?

Жалғамалы жалғиақ қазак тілінің майын ішкен маман болсам да, кей кезде бүкіл бір сөзінен бір ғана харпі қалатын қопармалы орыс тілінің күйтіркысын үкпай қалатын қайран басым дипломым болғанын қайтейін, қатты састьым. Өйтсе де істейтін шара жок, ең соңғы партадан сүйретіле көтеріліп келемін. Ықпымым кетіп, өзер көтерілген маған көзі түскен бойда ағай:

— Исадаева! — деп, тағы саңқ етті.

Үүф! Мерзия деп мениң шекіртімді атаудың орнына аузы жаңылып кеткен екен ғой! Мен дыбысымды шығармай, қалықтаған қауырсындаі орныма қалғы қондым.

Жалпы, Тасым ағай Жанұзақов оқытқан шекірттің жерде қалғаны жок. Тек сейлер ортасы болмаған соң тәжірибесі аздау болар. Теорияны бескे біліп шығады. Ал қалғанын зерек бала үлкен қалаға жеткен бойда өзі-ақ дөңгелентіп өкетеді. Міне, шекірт үшін не нәрсені істеуге пейіл ұстаз еңбегін актауға ұмтылатын жанның көптігі содан болуы керек.

Серіз қырлы бір сырлы азамат

Кеңпі апақ — сапакта біреу есік қақты. Саша ағай келіп қалған екен деп тұра жүгірдім. Сол ұзын тұра сары орыс өкемнен есеп-қисап үйрене ме, өлде тергей меге? Есімде жок,

әйтеуір жыл сайын үш-төрт ай қатарынан біздің үйде жүретін. Бәлкім беларус шығар, әлде латыш? Бізге сары орыстың — бәрі орыс қой. Бізді, балаларды, қызықтыратыны — шахмат, шашка ойнайтыны. Өсіресе, “дамка!”, “спук!” дегендегі айқайы бізден зор. Өзі шай орынынна “какао” деген брикет іshedі. Қөңіл түсіп бізге бере қалса, ол тәтті брикетті суға езіп қор қылмай-ақ мұжіп жеп қоямыз. Ол болса біздің катал-катал болған аузымызға қарап мәз болады. Содан басқа бұл ауылда есік қағатын ешкім жок. Қуршегі болғанымен өмірі салынбайтын есікке екпіндей жетіп итеріп қалдым. Сағынған Саша емес, бөтен біреу: “с, с, с...” деп ысылдайды. Ол да қарсы алдынан үлкен апа емес, қаршадай окушы қыз шыға келгенін күтпеген болуы керек. Өрі кішкене қызға сәлемін қимай қалса керек.

Ол кезде “мен интелегенттің” деген қазақ “сәлематсыз ба?” деп сыйылғатын, қыз-келін “сәлем бердік” дейсалса, бірен-саран тәртіпке қенбекен аксақалдар ғана “ассалау мағалайкүм” деп ауыз толтыра аманласа алар еді. Мына жалбыр қабақ жас жігіт “сәлематсыз ба?” дегесі келіп ысылдағанымен қоймай, “үйде науқас бар ма?” деп тергейді. Өзім қаланың ауруханасынан жаңадан ғана емделіп шығып, аулыма сағыншы жетсем, мынау мені тағы алғы кететіндегі көрініп, шошып кеттім. “Жок!” дедім жұлып алғандай. Врач деуге ақ халаты жок, неге тергейді? Ол да кете қоймай, екі аяғына салмағын кезек-кезек салып біраз кідірді. Мен де тесірейген күйі үндермеймін. Әлден уақытта: — Наурызбай осы үйде тұра ма? — дегені. Сонда ғана оның менің ағатайымды өзінші еркелеткен атымен сұрап тұрганын үктым.

Ал қыркүйекте мектепке барғанымда сол жігіттің Күнжарықов Орак екенін, бізге тарих пәнінен сабақ беретін үстаз екенін бір-ақ білдім. Сол жазда мектебімізге көп-көп жас үстаздар келген. Қалипа, Жұмабай, Ұлдай, Мария, Жаннат, Қияқпай, Людмила сияқты жастар дипломын ала салсымен Кенбай орта мектебіне келгендер еді. Бізге бәрі тансық.

Орак ағайдың хамелон матадан тігілген шалбары бар. Қозғалған сайын қырық құбылады. Менің Халдекен деген сыныптастымды “ағайдың мінезі де дәл осындағ құбылмалы емес пе екен?” деген ой мазалайды екен. Оның үстінен ағай да бойжетіп қалған окушы қызы түскірлердің сынап қараған көзқарасын сезе ме, қысылғыны ма, “жанагы, яғни”.

деген қыстырма сөздерді көп қолданады екен. Қалдекенім “сұрашы да сұрашы” деп, қылқылдаш қоймаған соң: — Ағай, сіз 48 рет “жанағы”, 27 рет “яғни” дедініз. Ертең сабак айтқанда бізге де солай қалдырмай айту міндет пе? — деп, так еткіздім.

Танысымыз осылай ілік-шатыс басталса да бара-бара ағайымды шын жақсы қөрдім. Сәбилік, оқушылық бар жүргіммен шын беріле сүйдім. Мен, Қалқатай, Кемелбай жөне Орак ағай төртеуміз бірігіп сурет саламыз. Қабырға газетін шығарамыз. Әдеби кештер үйімдастырамыз. Проектормен сурет үлкейтеміз деп, кейде тунгі екілерге шейін мектепте жүретін кездеріміз көп. Фото кружогымыз тағы бар. Концерттік бригада құрып, ауыл-ауылды, фермаларды аралаймыз. Ол кездерде тонның ішкі бауындай араласып, оқушы-оқытушы деген үғымның шекарасы жойылыш та кетеді. Енді ше? Біздің сыныптастымыз Қамысбаева Қамия 1949 жылғы болса, ең жас үстаз Мұтиев Қайырғали 1948 жылғы болатын. Бір-ак жас. Өзге үстаздармен де арамыз уш-төрт жас қана алшактық болатын. Жастан да бұрын біздерді біріктіріп тұрған — енерге құштарлығымыз, өмірге құштарлығымыз болатын. Міне, солай, бізге Қенбай орта мектебін алдыңғылардың сабында бітірушілерге үлкен ұтыс түскен.

Бір жолы Орак ағай Күнжарыков мектепте үлкен үзіліс кезінде өткізіліп тұратын “линейкада” Германияның Бухенбальд, Майденек қалаларында болған сапарын әңгімелеп берді. Жай өнгіме емес, естіген жанның жүрегін қозғап, сүм соғысқа лағнет айтқызардай етіп өсерлі айтты.

Жап-жас үстаз жүрген жерінің бөрінде төрбиеге қатысты нөрсенің барлығын шекірт санасына құюға келгенде алпыстағыabyzда болатын. Осындай үстаздардан төрбие алған жастардың ел азаматы болып қалыптаспауға қақы жоқ та еді!

Орак ағай мектептегі сабак, ауыл ішпіндегі қоғамдық жұмыс, үйрмелердің сыртында совхоздың партия үйімінің үгітшісі еді. Заман талабы солай. Ал бұл дегенініз ауыл-ауылдағы иір-қиыр жолдарды шарлап, күн-түн демей халықпен қоян-қолтық араласып, елмен бірге тыныстау деген сез. Өсіресе, сайлау кезіндегі науқандық жұмыстарға жігіттің жігіті ғана шыдар. Осындай қат-қабат жұмысты мултіксіз атқаара жүріп, ез ісін жанындау сүйетін азамат

1990 жылды “Қазақ ССР білім беру ісінің озат қызметкери” деген құрметті атақ та алды.

Қазіргі таңда ұлын үяға қондырып, қызын қияға ұшырган үлгілі отбасының өнегелі отағасысы өзі тұган ауылда жас ұландарға техникалық білім беретін арнайы мектепте оку бөлімінің менгерушісі қызметін атқарады.

Өлі де кат-қабат шаруаларды катар атқарып, қызу еңбектің қайнаған ортасында жүрген ұстазыма ел алғысына үзақ жылдар бөленине бергей деген зор тілегім бар.

Ұстаздардың ұстасы

Бұл — сонау “оңтайландыру, ірілендіру” саясаты кезіндегі кішкене колхоздарды біріне бірін қосып, орталықтандырып жатқан кезең болатын. Өкемді іріленген Ленин атын алған совхоздың бас есептіңі етіп тағайындаған. Біздің отбасына төрт белмелі пәтер берді. Мен биыл жетінші сыныпқа бардым. Өлі салынып біте қоймаган ұзыншалау келген құрылыштың шала-шарпы біткен төрт белмесінде оқып журміз. Кавказдан алдыңған чечен үлгіның құрлысшылары жазда үйдін тек төрт қабырғасын көтеріп үлгереді, ал тақтай еден тәсеу, қабырғаны сылақтау жергілікті елдің улесіне қалады. Осылайша олар бірнеше жыл қатарынан келіп жүрді. Достасып та үлгердік. (Жө, ол басқа өңгіме.)

Сабактан қол босай қалса біз, ересек сыныптың балалары сол құрылыштың бітпей қалған жерлеріне көмектесеміз.

Менің тан қаранғысында тұрып велосипед төбетін әдетім бар еді. №490 мектепте оқып жургенімде, көктемгі жарыста ұтылып қалдым. “Школьник” дейтін велиқпен шыққанмын. Өзім жарыста қалып қойғанымды содан көріп намыстынып жургенімін. Бұл — бір есептен жаттығуым. Енді күзде өтетін марофonda қалай да озум керек! Соңдықтан Наурызбай ағамның көлігін үрлап мініп журмін. Ешкім оянбай түрганда теуіп-теуіп аламын да, түк білмеген кісідей күндіз жоламаймын. Әрі бұл ауылда қыздың велик тепкенін ерсі санайды екен. Ал мен байғұс Қенбайдан Сағызға көшіп келгелі атика бір шаба алмай — ақ қойдым! Ең болмаса велиқпен жүйіткү қызығынан айырыл-ғым келмейді. Құлағының тубінен ескен желге елтіп киялға шому бір рахат!

Бүгін де жүрттың қалың үйқыдағы кезін пайдаланып ауыл сыртындағы так-так катты жалғыз аяқ соқпақпен заулап келемін. Тамаша! Ерке жел екеуміз ғана!

Ойбай, мынау кім!?? Менен де ерте тұрган жалғыз жаяу адам маған қарсы келе жатыр. Оңға бұрсам — шоқалак. Онда құлаймын. Солға бұрылсам — еспе құм, малтығам. Бәрібір тығылыш тоқтауға тура келеді. Ал жығылсам бойымнан үлкен велосипедке өздігімнен міне алмаймын. Ап-ауыр темір көлігімді биіктеу жерге не ыңғайлыш түбірге дейін жаяу сүйреп апаруым керек Бәрінен дұрысы мына келе жатқан кісі өзі түсініп маған жол берсе екен, жол берсе екен... жол берсе...

Велосипеден қакқан кісім — өзім енді ауысып келіп жатқан мектебімнің директоры — Шанықұл Ноғайбаев екенін танығанымда зәрем зәр түбіне кетті. “Күрыдым! Бітті! Енді бұл кісі өкеме айтады.”

Бірақ мұрыны қолағаштай жас жігіт зәредей ашуланбады. Қайта мені великке отырыума өзі көмектесті. Тек ұзын бұрымымды байқап қойып:

— Қызы балаға спорттың басқа түрі қолайлы, — дегені. — Иә, мәселен, шашка, шахмат...

Келген бағытыма қарай итеріп жіберді. Күндеғідей 4-5 айналым жасай алмай үйге тез оралдым. Кейін қанша қорықсаныммен өкеме ол ешқандай шағым айтпады. Менің ұстазбен алғашқы таныстығым осылайша “соқтығысып” басталды. Бірақ өміріміз ете бейбіт те түсіністік жағдайда етті.

1973 жылды Қазақтың қыздар педагогикалық институтын бітіріп келгенімде мені Қенбай орта мектебіне мұғаллім етіп қабылдап алған да сол Шанықұл ағай болатын. Осы мектептің директоры — Шанықұл Ноғайбаев. Өр шекіртінің, өр қызметкерінің ерекшелігін, неге қабілетті, не нәрсеге бейім екендігін жадында ұстайтыны ерекше еді. Осы қасиетіне таң қаламын. Еш нерсе ол кісінің көзінен таса қалмаушы еді. Кейде өзім ұмытқан нәрсені еске салғанда үялыш табам. Еріксіз “иә, солай” деп мақұлдан қоямын.

Ағай өзінде сезідірместек сені үнемі жаңа қыырларға бағыттал, киынға қайрап отырады.

Өңгіме арасында “иә, иә” деп отыратын әдеті бар. Бірінші “иә?” сұрау мағынасында; екінші “иә”-сі мақұлдату бағытында; ал үшінші “иә”-сі айтылса сол айтылған пікірдің тиянақталғаны. Жоспар дайын. Мақсат айқын. Осы бағытпен ісінді тыңдыра бер!

Есімде, біздер — бір өнкей жас кадрлар бір топ болып бәріміз қызметті бірге бастадық. Сол кезде “кітап оқушылар конференциясы” жиі өткізіліп тұрушы еді.

Шанықұл ағай бір жолы мені кабинетіне шақырып алды да:

— Сіздер, жастар, тек қана мектеп ішінде ғана емес, ауылдың ішкі мәдениетін де көтеруіңіз керек. Шекірттер сіздердің өр ісінізді үлгі тұтады.

Сол биіктен көрінуге тырысу керек. Ие, сіз мәдениетті, әдепті болсаңыз — сіз тәрбиелеген шекірт те мәдениетті, үлгілі, озат окушы болып қалыптасады. Ие!

Мәдениетті қалай бойымызға сіңреміз? Оны қозғаушы күш — әдебиет. Әдебиет! Жас үрпактың бойына жастай сіңген әдет — мәңгілік. Соның үры-ғын әдебиеттен іздеуіміз керек. Ие! Әдебиеттен.

Кітапханашы Алтын Жұмаш кітап окушылар конференциясын өткізем деп дайындалып жатыр. Сен де қалыс қалма. Мен сенен тиянакты да өнегелі сез күтемін. Ие! Өнегелі және тиянакты!

Ағайымның сенімінен шығу үшін талмай іздендім. Талай кітап актардым. Сөйтіп журоп осындым арқылы өзім үшін үлкен әдебиет есігін ашқаным екенін байқамай да қалыптын. Қазір әжептөүір сезі өтімді жазушы атануымның алды осы екен.

Жалпы аудан, облыс бойынша “Шанықұл Ногайбаев басқарған Кенбай орта мектебі — директорлар дайындаушы цех” деген қанатты сез бар. Расында да сол мектептен тәрбиеленген азаматтардың талайы басшы қызметтер атқарып, елдің лайықты құрметіне бөленген жандар.

Балағынан бала сорғалаған Күрең женешпеміз екеуін немере-шөберелердің қылышына шаттанып, ұзак әмір суре бергейсіз. Зейнетке шықсаңыз да өлі халқынызға қызмет етіп жатқан жігерінізге жігіттер қызығып сіздің үлгіңізben, салып кеткен сара жолынызben болашаққа нық қадам жасай бергей ардакты абызымыз, Ногайбаев Шанықұл ага!

Аққайыр аға

Кенбайдан Сағызға көшіп келгенімізге көп болған жок. Жаңа мектебімде екі апта оқығаныммен өлі ешкіммен достаса қоймаған кезім. Әрі менің сынбымда біз орналасқан Сағыз өзенінің арғы бетіндегі тоғыз үйлік ауылдан ешкім де оқымайтын больш шықты. Қалың — қалың окулықтар салынған портфелі түскір ап-ауыр. Мен байғұс қарға адым

жер аттай алар емеспін. Соңғы сабак дене төрбиесі болатын. Бәрі асыр салып, доппен ойнап мәре-сәре болғандарды қызықтап шеттеу тұрганмын, қаңғырған доп маңдайыма сарт етті. Мен жалшаманан түстім. Сегіз жасымнан бел омыртқадан түскен құрт ауруымен алысып келемін. Көктемеде, күзде осылайша жанға батып ауыратыны бар. Жаңағы сокқыдан ба, “өлде тақпақты өзінен жақсы айттып мұғалім осыны көбірек мактап қойды-ау” деген қызғаныштан ұзын бұрымымнан ондырмай тартып қалып, құлата жаздаған парталасым Балжанның әрекетінен кейін бе? — әйтеуір белім онбай тұр. Екі шакырым жердегі үйіме өз бетімше жете алатын түрім жок. Сонда да кішкене жүріп көрдім. Өй, жоқ! Мектептің шарбағына асылып, үйі біздің ауыл жақта, дәлірек айтсам: көрші тұратын, өзіме сабак беретін мұғалімді күттім. Міне, күткен кісім де көрінді.

— Ағай...

Естімеді.

Бар күпімді жинал қаттырақ дауыстаған болдым.

Екпіндей басып ұзап үлгерген науша бойлы аққұба жігіт кілт кідірді. Сонын кезіне түсе беретін шашын ұзын ашпак саусақтарымен тарамдай артына қайырған күйі маған аңтарылып қарады.

— Ағай, мен сіз сабак беретін сыныпта оқимын. Аяғым ауырып, жүре алмай тұрмын. Үйім сіздің үйдің жанында, жазда көшпіл келгенбіз.

Үзіп-үзіп сөйлем барлық жайымды айттып шықтым. Сынып жетекшім мені жетекке алды. Біраздан соң портфелім соның қолына көшті. Бәрібір жүрісім мандымайды. Кібіртіктеп азар жылжимын. Табаныма шашылған мың сан ине жүрегімді көтей өтіп мыйыма қадалатында... Ұзак жүріп өзенге жеттік Ол кезде Сагыз өзенінің суы мол. Кей жерде үлкен кісінің кеудесінен келеді. Бұл өзі батыс өңірдегі үлкен өзендердің бірі. Өйгілі халық әні “Сагыз қайда” деп басталатын өлеңнің арқауы осы өзен. Тоғыз жүз шақырымға созылып, талай жерге су беріп жатқанымен аяғы құмға сіңіп жогалады. Біздің тоғыз үйлік шағын ауылдың тұсында машинаның ескі камерасынан және жетпеген жеріне тактай салып өткел жасаған. Өзенге жеткен соң Аққайыр Молдашев ағайым маған бір, өзенге бір қарап алды да, маған арқасын тосты. Арқалап алды. Ағай ағаштан ағашқа секірген сайын кез алдында отты шарлар жарыльпі,

бел омыртқамды отты қылышпен осып-осып жібергендей жаным көзіме көрінеді.

Сол жатқаннан мол жаттым.

Төсекке таңылған міскін күндердің бірінде інім мен сіңлім — Кауысбай мен Марзия жарыса келіп:

— Сенің ағайың келе жатыр!!! — деп хабарлады.

Сипаланып, шашымды, көрпе-төсегімді жөндеген болдым. Жүрегім атқаңтап кетті. Ағай тапсырмалар берді. Он күннен кейін келіп тексеремін деді..

Жатты куандым. Қасыма келген кісіні жібергім жок. Ал аяғы бар кісінің менімен шаруасы жок. Жок! Төрт-бес ертегі кітабымды оқи — оқи жаттап алғанмын. География, тарих, әдебиет оқулықтарын түгел оқып койғанмын. Енді ағайдың математикасына түстім. Бұрын есепке онша қызықпаушы едім. Тексеріп қалса, мыңқылдаپ білмей тұрсам, үят болар...

Ол кезде теледидар деген жоқ. Радио күніне екі-үш сағат қана сөйлейді. Көрші балалар келе қалса, ертегі айтып беріп, қасымда ұзактау ұстағым келіп тұрады. Екі көзім төрт болып, аяқ дыбысын андимын. Ойын баласы жатқан мені не қылсын? Ішім пыскандагы ермегім — кітап оқу, қала берді сурет салу Ағай тағы қашан келер екен деп күтумен боламын.

Ештеп төсектен тұрдым. Үй ішінде журуге жарадым. Күнде қамыстан тоқылған шарбактан сығалап ағайымды қараймын. Күнде кешке ағайым адымдай басып біздің үйге келе жатады. Ағай тағы маған тапсырма берер, мандайымнан сипап, апама менін алғырылғымды мақтап кетер деп күтемін келіп, зарыға күтемін. Екіндей басып келеді, келеді де ... өз үйіне бұрылып кетеді. Нөумез болып мен қаламын. Оның бар сыры — тұра біздің ауланың түбінен түскен жалғыз аяқ із — соқпакта екен.

Аяғым лекерге жарасымен мектебіме жеттім. Үш айдан астам сабакта болмапсын. Бұл екінші оқу тоқсаны аяқталар түс. Электор жарығы болмай қалғанда жазуы аз сабактарды таңертенгілік бірінші кезекте өткізілетін өдет бар еді. Бүгін де солай болдыны. Бірінші сабак география пәні етіп жатыр екен. Мұғалім Раҳмет ағайдың сабак сұрау төсілі қызық. Оқушыға бір де бір сөйлемді қалдырмай айтуын талап етеді. Міне, тағы:

— Қай жерін қалдырып кетті? Кім тольқытырады? — дейді. Ешкім селт етер емес. Ағай дігірлеп қайта сұрайды. Дауысына ашы кіре бастады. Майысып қолымды қылтиттүм.

— Не тыңдал отырысЫндар! ? Қане, кім? — Ағай апупланбаса екен деп, қолымды батылышқа шошайттым. Қалыш кеткен сөйлемді айттым.

— “Бес!” Міне, осылай мұқият тыңдау керек! Ал, қане, алдыңғы сабактың тақырыбы қандай еді? Дүр-рес! Енді өзің мысал келтір. Міне, тамаша! Өкел күнделігінді, “бес”!

Журналдан менің фамилиямды таптай қалды. Оқушылар шулап, менің көптеген бері ауырып, сабакқа бүгін ғана келіп отырганымды жеткізді. Ол шұқшиш, менің білімімді тексерді. Риза болса керек, басқа ұстаздарға айттып барса керек, сол күні бес сабактан қаз-қатар суралынып, қүнделігіме қаз-қатар бес “бестік” койылды. Төсекте жатып ермек үшін оқығанымың пайдасын бір көрдім-ау. Сыныш жетекшім Аққайыр ағайым болса, “экстерно емтихан тапсыртамын, бірден бесінші сыныптаң жетіншіге аттатамын” деп жүр.

Бір жолы ағай сабакқа кешігіп келді. Бұрын ешуақытта мұндаидай жағдай болған емес. Жұзі алабұртыш түр.

— Молда намаз оқыса, сендер күнде танертенгілік зарядка-жаттығу жасайсындар. Намаз да сол сияқты. Олай болмаса шал мен кемпірді деңе қимылын жасауға көндіріп көрші? Ал қимыл — өмір мәні. Өрі бес уақыт дәрет алған кісі таза жүрмей ме? Ал тазалық — дең саулық кепілі.

Аққайыр Молдашев осы сөздерді екпіндей айтты да, әдеттегідей сабак сұрауға кірісті. Бесінші сыныптың оқушысы менің санамда осы сөздер тасқа қашалғандай берік сақталып қалыпты. Қазір ойлап отырсам сол күні ағай мұғалімдер бөлмесіндеңгі қызы пікір таласының соңғы түйін сөзін өз оқушыларына айткан сөзімен түйген болуы керек. Ол кездесе “дін — апиын” деп жалаулатып, “бай менен молданы қойдай құ қамшымен!” ұрандаған шақ еді гой.

Бірақ ұстазымның сол бір ауыз сөзінің құлағыма сіңіп, жүрегіме жеткендігі сол — кейін талай жаным қиналғанда Алламды көмекке шақырып: рухымды оятып, қуат көзін аршып алушы едім.

Сегінші сыныпты бітірген жаз болатын. Әке — шешеме шей қүйшіп алаңсыз отыр едім, “ассалаумагалайкум!” деп Аққайыр ағайым кіріп келеді. (ол кезде бұлай амандаус “құна” болып есептелетін). Мен ағайымды көргенде қатты

сасып қалыш, үялған тек тұрмас дегендей дастарханнаң екі шакпак қантты ауызыма бірден салып жіберіппін. Ол кездегі қанттар ірілеу өрі тез еріп болмайды. Үртима жене сия қоймайды. Сілекейімді шұбыртып аузынан алыш отыру тағы үят. Сонымен қойшы, мен тілімді жұтып алғандай үнсізбін. (мумкін Алланың өзі мен байқамай бөгде сөз айтыш қалудан осылайша сактағаны да шығар?)

Аққайыр ағайдың соңын ала бес-алты ұстаз төрге жайғасып жатыр.

— Базеке, қызындың орталаш мектепті бітірген куәлігі түгел бес! Қант шаймен оп-оңай құтылам деме! Қой сойып, той жасайсың!

— Бүгінгі қойған пьесаны да өзі жазыпты ғой.

— Тентек ұлдың рөлін өзі ойнағанын кепкасын шешкенде бір-ақ білдік. Ұзын бұрымы ап беліне төгіліп, әп-сөтте өз окушымызға айналды.

— Бәсе, мұндай бала бізде оқушы ма еді деп айран-асыр болсам...

Ұстаздың бәрі дабырлап жабыла мақтағанда басым айналыш кетті. Бірақ бірдене деп булдіруден Аллам өзі сактады. Қант тола ауызымды апа алмаймын. Мақтаудың мүншә желігі боларын кім білген?

Менің мақтаныштан жарыла жаздал отырғанымды байқаған Аққайыр ұстазым:

— Е, бұл қызымыз “осы да жарайды” деп оқиды. Бар мұмкіншілігін пайдаланбайтын жалқаулығы да жетерлік! — деді дауысын салмақтап, нығырлай сөйледі. Сынай қарайды. Өзімді аспанда қалықтап жургендей сезінуден тыльшып, сабырға келе бастадым.

Іө, қайрап қынға салған, жігерімді жаныған, сонау сәби шағымда Алланың ақ нұрымен жүргегімді сөулелендірген Аққайыр ағайымның “өзіне талап қой, оны орындаі біл!” деген қағидасын өмір баки жадымда ұстал келемін.

Нағыз ұстаз баланың бағын ашады

Сол кісіні өлі іздеп журмін.

Шахкөз Сагалұлы Мұкашев.

Мен ол кісіні көп іздедім. Дұрысы, бес жасар ұлымды су спортына бергім келіп бассейндерді көп жағаладым. ... Ұлым жетіге жеткенші іздедім. Алматыда бассейн көп екен.

Көптігінен не пайда, өзім кіре алмаған соң. Бұл — 1989 жыл болатын. Тіпті кейбіреулері “вам нельзя!” деп, ішке кіру былай тұрсын, тренерге жолығуға рұхсат етпей қойды. Өйткені қолында балдақ, өзі кіп-кішкентай қазақ өйелінен қайбер қайсар үл туар дей ме, өйтеур маңына жолатпайды. Оған несіне өкпелейін, баламның кейін су спорттының шебері атанды, халықаралық жарыстарда алтын медальдар альш, қазақ елінің абырайын асқақтатып, зіңгіттей азамат болып жетілерін олар түгілі туған анасы өзім де білген жоқ емеспін бе.

Шахкөздей жаттықтырушы ұстазға Дәуренім мектепте оқи бастағанда жолықтық. Қаршыға денелі, қазақтық қаны бойында ойнап тұрган жігерлі жас жігіт екен. Дәл сол жылы отыз қазақ баласынан топ жинал, тегін үйретіп жатыр екен. Мынау бізге өте қолайлы болды. Күн ара баламды балдағымнан ұстатьп екеуміз жолға шығамыз. Ұстаз Шахкөз жылы шыраймен күлімдей карсы алады. Әр келген сайын өзімізге деген сеніміміз күшінеді. Қазақша сез естігенімізге бір марқайсақ, Шахкөздің кезіндегі жарқылдан баламның болашағының жарқындығына ынталаныш еki марқаямын.

Сол жыл мен үшін өте бір мерейлі, мейірім шуағы мол шашылған жыл болды. “Жеті жасқа дейін журмейді” деп диагноз қойылған ұлым Дәурен құлдырандай шауып кеткені былай қойғанда, баламның күнде үйге “Шахкөз ағам мені мақтады!” деп, қуаныш келгенінің өзі мен сияқты мугедек аナンЫҢ ЖҮРЕГІН КЕЛ-КЕСІР МАҚТАНЫШҚА БӨЛЕМЕЙ МЕ?

Қазақша мақалдап, мөтелдеп сейлеп, көрген жерде маған “апай, сіздің ұлыңыздың болашағы зор” деп, менің жаныма дәру, дауалы сөзді айтып тұрган ұстазда қалай ғана жақсы көрмессің?!

Бір күні үйге ұлымның еki көзі ерекше жайнап келді:

— Мен лактырған кілтті таба алмап едім, Шахкөз ағайдың өзі суға түсіп, сол кілтті менімен бірге іздесті. Мама, су тубіндегі затты табу тамаша екен! Мама, маған өз үйіміздің ашқышын берші. Біздікі алқа кілт кой. Үлкен. Тез табылады. Мама десе, ағай айтты: “егер сендер кілттерінді таба алмасандар үйлеріңе кіре алмайсыңдар” деді. Сосын беріміз жанталасып іздедік. Сол жолғы лактырған кілтті бәрінен бұрын мен тез талтыйм. Менің саған тез жеткім келді, үйге тез кіргім келді! Ертең өз кілтімізді апарайын, иә?

“Құлныңым сол! Құйма құлағым сол! Талабыңнан айналдыым. Бала жүрегінің кілтін, ең керек жерінде, ең қажет

жерінде тауып айта білетін ұстазыңнан айналдым сенің!”
Аналық сезімге беленіш мәз болдым.

Ұлымның кең тынысты (кейін футбол тренерінің көзі түсіп, үлкен футболға шақырғаны да бар) жауырыны қақпактай науша бойлы жігіт болыш өсуіне дene тәрбие-сімен қабат сол жаттықтырушының — Шахкез Сагалұлы Мұқашевтың асыл сездері себепші болды десем еш кателесспеспін. Шахкезге жолықтырған Аллама мың дабір шүкір!!!

Дәурен Қалғанбайұлы өуелі Қажымұқан Мұнайтбасов атындағы Алматы қаласындағы талантты шекірттерді тәрбиелейтін спорт мектебінде оқыды. Жоғарғы сыныптарда Каркенов атындағы мектептен орта білім алыш шықты. Ол Халел Досмұханбетов атындағы университеттің тулеғі болыш журіп бірнеше халықаралық жарыстарда еліне олжа салды. Бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы атағын женіп алды. Бішкекте өткен Орта Азия чемпионатында төрт алтын медаль алса, бес Азиялық мемлекеттер арасында өткен додада Иран республикасында Қазақстан қоржынына тағы төрт алтын медаль салды.

Бұгінде Дәуренімнің өзі жаттықтырушы болыш істеп жур. Шүкір, оған да алты жылдың жузі болыш қалыпты. Өз өмірінде өзін алғаш суға жүзудің жүрткен ұстазын еш уақыт есінен шығарған емес. Кейінгі ұстазы — Эльмира Нұсіпжанқызы Өтбекірованы да зор құрмет тутады. Эльмира Нұсіпжанқызы “тренер высшей категории” атағына ие. Ол кісі тәрбиелеген шекірттер — Айғалиева Эльмира мен ЖұсіповАйзада “мастер маждуниятного класса” деген дәрежеге жетіп отыр. Ал Виталий Хан олимпиада жүлдегері болса, Улан Азиялық чемпион атанған.

Дәурен де ұстазы сияқты шекірттер тәрбиелеуді армандайды. Бұл ұстаз Эльмира Нұсіпжанқызының өмір жолы да өнеге толы. Эльмира Алматы облысында Талғар ауданы Қызылту ауылында он балалы отбасынан шығып, алыс Алматыға танымайтын ортаға келіп, дарынды балаларды тәрбиелейтін Қажымұқан мектебінен төлім алған. Бесінші сыныптан бастап жарыстарға қатынасып, жүлделі орындарды иеленеді. Артындағы іні-сіңлілеріне жол көрсетіп, қазіргі таңда бауырларының бөрі дерлік өз жолын тауып, үлкен өмір белесіндә абырайлы қызметтер атқарып жүр. Сол Қызылту ауыльның жастары Эльмира

апайының жолымен спортпен айналысып, иғі нәтижелер көрсетіл жүр. Эльмираның өз қызы Жанна да су спортымен түбегейлі айналысуга кірісті.

Өрине, су спорты Қазақстанда жаптай қанат жайып кетті деу ертерек болар, дегенмен бұл салада қазақ жастары, соның ішінде қазақ қыздары көрикті нәтижелерге жете бастағаны көңілге өзгеше қуаныш үялатады.

Осының бері мұқты мұғалімдерге, өз ісіне адал берілген, шын мәніндегі нағыз үстаздарға тікелей байланысты. Өйткені нағыз үстаз ғана баланың бағын ашады! Оған өз өмірімнің, өз отбасымның, өз ұлым Дәуреннің мысалы куе.

Себепсіз салдар болмас деген. Енді сөл шегініс жасап, еткен күнді қайта еске алсам: баламды дұрыс тәрбиелеу үшін жанталасқан менің өрекетім түсінікті бола түсер еді.

Дәуренім бесте болатын. Қырық күн шілденің кезі-тін. Елден, Атыраудан нағашы ағасы, менің тете інім Қауысбай қыдырып келді. Сосын көршіміз дядя Ваняның қызыл жигулимен Қапшағайға дем алуға бардық. Қызыл алтан еркектер Дәуренімнің су сабалағаның қызық көріп кезек-кезек сирагынан тартады. Мен байғұс үйректің жұмырткасын шайқап шығарған тауық құсап жағада қыт-қыттаймын келіп... Қолымнан басқа ештеңе келмейді. Балам абайсызда суға кетіп қалмаса екен деп зәррем жоқ. Күткаруға тағы дәрмен қайда?

Содан соң Алматыға жетсімен бассейн іздең сабылғаным...

Патшалардын патшасы Кейқауыс өз ұлына үлкен том өситет қалдышағанда: ... “Ей, перзентім, егер сенің кемен суга кетер болса, сенің құлың ең өуел өзін құткарады. Құл сенің барлық бүйіркышынды ләппай қағып орындар. Бірақ суга құлағанында саған көмек бере алмас. Бұл құлға істептейтін бір ғана жұмыс. Екінші — ел басқару. Соңдықтан суга жүзуді өзің үйрен!” деп жазған екен. Рас-ая, сусыз өмір жоқ. Судан дос нәрсе жоқ. Нешеме түрлі ауруды су жазады. Тек тілін білсөн ғана. Тілін білмесөн, өз обалың өзіне. “От пен су — тілсіз жау” деп халық бекер айтты дейсің бе? Соңдықтан осы стихияның тілін менгеру өзін сыйлайтын әрбір қазақ азаматына қажет дер едім! Кейқауысты жастанып оқитын маған мына өситет үлкен ой салды, шының айтқанда баламның тағдырын белгілеп берді.

Өрине, бұл жолда кедергі аз кездескен жоқ, тілдік, үлттық дегендейін... Жә, ол басқа өнгіме.

Бірақ барлық кедергілерді жеңіп шығуына ұлымның ең алғашқы бапкери Шахкөз Сагалұлы Мұқашевтің жылы шырайы, ізгілікке толы жүрегі, нағыз ұстаздық төзімі мен жігері бастау болды. Өттеген-айым, сол мемлекеттіміз өлі аяғын нық баса қоймаған алғашқы қызын-қыстау шақ еді. Жас тренер айлаң жалақысын қолына ала алмай (келіншегі де тренер болатын) қолындағы екі бірдей жас баласымен пәтерден пәтер жалдап тапқаны қапқанына жетпей жүргендеп... Сондай бапкерден көз жазып қалғанымыз... мен сияқты ата-аналарды былай қойғанда мемлекеттіміз сондай бапкерінен айрылып қалғаны қаншалықты өкінішті десенші! Қайдасың, Шахкөз бапкер?

Менің мына заманға риза, гүлдей жайнап, күндей күліп жастар өсіп келе жатқанда сол бір жаң дүниесін бар жеткіншектек жайып салып тұратын жылы жүректі Шахкөз сияқты жатықтыруышыны көнілім өлі іздейді. Біздегі кенжелеу қалып кележатқан су спорттың көтеретін еді-ау деп қиялым өлі тыншыр емес. Дәл осындай бала жанын түсінетін, ұрысканының өзі айналайынмен бірдей, ал мактаганы мемлекеттік сыйлықтан кем түспейтін — яғни бөрінде орынымен айта білетін нағыз ұстаздар бізге қажет ак! Баланың бағын апатын солар гой!

Айгүлдің уайымы

Екі өйел өңгімелесіп отыр. Біреуі Таразда туып-өскен, екінші — Талдықорғандық. Алматы мектебінде оқып жатқан өз балаларын айтады. Біреуінде үл, екіншісінде қыз. Үл алтыншы сыныпта, қыз бесіншіде оқиды.

— Баламның мұғалімі үш—төрт рет етірік сойладі. Сол етірігін сезіп отырып не дерімді білмедім. Өуелпісі: “баланыз дene шынықтырудан қашады, жек көреді” дегені. Ал балам үшін сабактың бөрі дene тәрбиесі болғаны тәуір болар еді. Былтыр аудан бойыншы тәйквондадан сары белбеу алған бала гой менің ұлым!

— Иә, иә, куаныш той жасағаның есімде.

— Сосын менің балам: “мамамның табысы тамағымызға өзөр жетеді, қара шалбар сатып өперетін ақшасы жок” депті-мыс.

— Ал балаң неге олай деп айтты екен, сен өзің ал отырсан да өуелі баланың керек — жарагын түгендеуші едің гой...

— Меселенің мәні осында: қара шалбары да бар. Ал апайына сондай үлкен сұлтау айтуы — әй, қайдам? Мен баламның сез саптасын білем ғой... не себепті сонша өтірік сейлеп... Өуелі екпіндегі сөйлеп біраз жерге барған, мен, бірақ өте жай әрі сабырмен сөйледім. Айқайы бірте — бірге бәсендеп, сабасына түскен болды.

— Сенің балаң да тұра менің кызыым құсал “әй, көпір” атанип жүр деші? Жаңа мектепке барғалы Динарам күнде жылап келуді шығарды. Бірақ мен сен сиякты қол қусырып отырмадым. Айқайды салып жетіп бардым. Әкесіз екі қыз асырап жеткізіп келемін. Мектеп қорының да, сынып корының да ақшасын сураған уақытынан кешіктірген емеспін. Қыз бала ғой, емірден ез орынын табуына онай болсыншы деп қосыншасының да, үйрмесінің де ақшасын дер кезінде тауып өткіземін. Бір мереке бола қалса “Динара, сен үйте ғой, Динара сен бүйтін ғой, ананы әкел, мынаны әкел” дейді де тұрады. Балаға орынсыз үрсып, қарашы ей, бұларын не деп, сезден қара дауыл тұргызып, екі аяғын бір етікке тықтым бәлем! Айтыш-айтып тастадым.

— Жоқ, мен үйте алмаймын. Үйдің жанындағы жалғыз мектеп. Әрі жалғыз қазак сынныбы. Басқа баар жеріміз жоқ. Бұрынғы мұғалімі иманды адам еді, бала жанын түсінетін. Ақшасы көптеу жұмысқа ауысып кетті ғой... Өлде келе жатқан мерекені сұлтау етіп сыйлық беріп, ауызын майласам ба екен?

— Ұстаз деген анаңдай, мектеп екінші туған үйіндегі болуы керек қой. Әйтпесе, бала тәрбиені қайдан алады?

— Дұрыс айтасын. Мен мектепті бітіргенде бірге оқыған қыздар мектебімізді, оқыткан ұстаздарымызды қимай, әй бір ботадай боздағанымыз бар емес пе? Апайларымызды әлі умытпай, кейде ізден барыш, арнайы сәлем береміз.

— Өдірем қалсын! Менің Динарам үйте алмас! Өлден “мама, басқа мектепке ауыстырышы” деп қыңқылдайды. Сейткен бала кейін сол ұстазын сағынады ғой дейсің бе?

— Қап, әй, ә?... сондай ұстаздың берген білімі қандай болар екен, ә?

— Ал мен білім министрі болсам бар ғой, бәрін аттестациядан өткізіп, тек гын мұғалімдерді қалдыраш едім.

— Мұғалімге баяғы беделін, бала мұғалімнің төбесін көргеннен төртіпті босла қалатын беделін өзіне қайтару керек шығар...

— Ол үшін мұғалімнің жалақысын көбейту керек шығар?

Балаларының білімін уайымдаған екі ана іштеріндегі шерлерін шығарған соң біраз үнсіз мұнайысты. Біреуі жалғыз ұл, екіншісі екі қызды өкесіз тәрбиелеп, ел қатарлы азамат өсіруге тырысып отырган Айгүл менен Салтанаттың мөселесі жалпы қазаққа ортақ емес пе, сіз қалай ойлайсыз, заманда?

Азаматы өтпелі шақтың қысымына шыдамай өлсіздік танытып, арақтың соңынан кеткен, бала тәрбиесін өздерінің жіңішке мойнына артып алған АНАлар үрпағының болашағына жаутаңдайды. Оқытушы жалақысы молдау қызмет қуалайды. Ал ұлт тәрбиесіне тікелей жауапты маркасқаларымыз не қаулы-қарап даярлап жатыр екен?

Леналар сабактан неге қашты?

2003 жылғы оқу жоспары бойынша колледж бағдарламасына “іс қағаздары” деген пән косылып, оны тек мемлекеттік тілде, яғни тек қазақ тілінде өткізулу міндеттелді. Бірақ ұстазына бірінші сабакта — ак: “Сіз орысша айтыныз, біз ештеңе түсінбейміз!” деп, студенттер қарсы шықты. Сонын оқу орынының менгерушісімен келісіле отырып, сабакты өуелі орысша түсініріп, артынан дәптерге қазаша жазғызып ит өлекке түстім, — деп, еске алыш отыр сол кезде ұстаздық еткен апай. Сабағымның мақсаты — студенттерге қазақ тілін үйрету, тіл арқылы қазақ халқын сыйлау, күрметтеуге үйрету. Өрсағатым сайын баспасөзден алынған мысал сөйлемдермен қазақ халқының салтдәстүрінің озық үлгілерін оқушы санасына сыналап жеткізуге тырысып — ак бағамын. Қазақ мәдениетін кестелі тілмен жыр етем. Қазақ тілінің ете көркем, өуезділігін айтамын. Сонын “қазақ қазакты мақтай береді” демесін деген оймен, мысалымды тек шет елғалымдарының сезімен түйіндеймін. Сабакқа сол кезде шығып жатқан “Ана тілі”, “Жас Алаш”, “Қазақ әдебиеті” газеттеріндегі материялдарды пайдаланамын. “Абай жолы” эпопеясын жазғанда академик Мұхтар Әуезов 16 983 сез кольданғандығын, ал бүкіл дуние жүзі аспанға көтеріп, күрмет тұтатын Шекспир мен Байронның лексиконындағы барлық сезіндік жиынтығы бар болғаны — 15 000 екендігін оқымыстылар компьютерде дәлелдеп шыққандығын айтыш болыш, оқушыларымның

оны қалай қабылдағанын бақылаймын. Не мысал келтірсем де қазақтың көрегендігі мен өмірлік бай тәжірибесі тіл мәйегінен төгіліп тұратындығына бір сокпай өттеймін.

Бір жолы үй тапсырмасын бергенімде Г. Бельгердің түйе тулігіне қатысты қазақ тілінде сексен түрлі атауы бар екендігін айта келіп, “тайлақ тайрандай шауып келді де інгеннің желініне жармасты” деген бір ғана сейлемді орыншаға аударып келуді тапсырдым. Түйеге қатысты үш қана сез білетін оқушыларыма оны дөлме-дөл аудару оңай еместігін білем, өрине. Ізденсін, қазақ тілінің мүмкіншілігін мойындасын деп өдейі тапсырдым.

Біздің курсқа ай ортасынан ауғанда Наташа деген метис қызы қосылды. Сабак барысында “мин Казахстанда турамин. Казахистан менин отаним” дегені үшін қазақ шекірттерім Наташа құрбысына мәз болып, сатырлатып қол сокты. Мен түсімді сұтышып:

— Сонша неге қошемет көрсетіп жатырсындар? — дедім. Олар жауап таба алмай тосылды. Үлкендерден көргенін істегені дағы.

— Ол қазақша білуге жөне сөйлеуге міндетті һөм қақылы. Бұл оның ерекшелігі емес! — дедім де, масайрап тұрған Наташага: мұны сенің бірінші болып жауап қатқаныңа достарыңың қошеметі деп қабылда. Өрқашан ынталы бол. Бірақ тілінді жетілдір, анық сейлеп үйрен, — деп, сабагымды жалғастыра бердім. Орыстың қазақша бұзып — жарып, шатып — бұтып тіл сындырғанын өлі күнге “зор қуаныш” етіп қабылдауды қоя алмай келеміз. Сейтеміз де, ез қадір — қасиетімізді, тілімізді езіміз қолдан тәмендетіп отырғанымызды байқамаймыз.

Тобымызда Лена есімді орыс қызы болды. Ол ылғи қазақ тілі сабағына, өйтепеір, бір ретін келтіріп қатыспауға тырысатын. Бір жолы тығыз шаруасын сылтауратты. Екінші жолы ауруды алға тартты. Тіпті бір жолы ештеңе айтпастаң, үн-тұнсіз шыға жөнелмесі бар ма? Мен де сейлемімді аяқтап, қалған оқушыларға тапсырмасын беріп болдым да, сонынан қуа шықтым. Оның қаперінде ештеңе жок, қоңыраушымен жайбарақат өнгіме соғып түр. Мені көре салсымен: “не буду” деп, шала бүлініп далаға тұра қашты. Оқушының сабактан қашуы — бұл дегенің ұстаз үшін масқара, корлық! Өсірелесе, артынан оқушылары іздел, “апай, біз окошкада (сабак арасындағы бос сағат) отыр едік.

Бізге сабак өткізіңіші”, — деп, шәкірттері іздеп жүретін мен үшін екі есе қорлық! Жеке сейлесейік десен — тағы тыңдамайды. Бірінші күні “сабакты орыспа түсіндірсін” деген талап та осыдан шыққан болатын.

Берін жинастырып қойып келесі сабағымды студенттермен өңгімелесіп, түсінісуге арнадым.

— Бұғін ештеңе жазбаймыз. Еркін өңгімелесеміз. Осы өткен бір айда не үйрендік? Өз пікірлерінді ашық ортаға салындар.

Әркім өз түйгенін айтып жамырасты. Аз-кем сейлескеннен кейін:

— Лена, бұл сабак емес, тура жауап берші. Неге сабактан қашасын? — деп, сұрақты тура қойдым.

— Я не виновата, что я русская. Я не виновата что мои предки приехали поднимать Казахистан. Приехали учит как жить казахам, — деп... карал тұр!

Мәссаған! Демек ол қазақтарға қалай өмір сүруді үйретушінің үрпағымын деп есептейді еken гой өзін! Міне, мәселе қайда! Оның ойынша, бұл қыздың жобалауы бойынша қазактың мыжырайған жаман кемпірі “асыл тексті орысқа” бірдене үйретем деп тырапштанып жатырганы масқаралық еken-ау!

— Ау, қалқам-ау, Қазақстанның мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Тіл білмесен ертең қызметке қалай орналасасың? Мектепте не үйрендің? — деймін, барынша салқынқандылық танытыш, сабырмен ақылға шақырмакшы болыш.

— Я нормальную советскую школу кончала, — деп, қарррап тұр.

— Ау, қазақ елі дербес мемлекет болғанының өзіне он бір жылдан асты емес пе? Содан бері он бір сез үйреніп алуға болады ғой. Қай совет мектебін айттып тұрсың? — дей түсіп, ерінімді тіstedім. Солқылдақ заңымыз, жүрдім-бардың қаулы-қаарымыз, өрекетсіздігіміз...

Ленам күш алыш, жасының жиырмадан асқанын, наның орысша да тауып жей алатынын, менің өуелі қазақ балаларын қазақша үйретуім керектігін, өзі танитын қазақ жігіттерінің ешқайсысы да қазақша сейлемейтінін көлденен тартып жатты. “Қазақ жігіттері надан, сауатсыз” деген жалаға шыдамай сезге өзге студенттер де қызу араласып кетті. Бұл сабактың діттеген жерден шыққанына мен куаныш тұр едім. Сөйлеушілер өр түрлі сез айтты. Осы топ-

тағы Арыстан деген жігіттің сөзі тіпті салмақты, мысалы түйдек-түйдек шығып жатты. Мен жігіттің кесек, ірі сейлекеніне сүйсіндім. Дауласқандарды сырттай бақылай тұрып, леналардың менің сабағымды неге қабылдай алмайтынын ұқтым. Менің қазақ халқын кетере сейлеуім оның іштей қарсылығын күштейтіп, сол қарсылықтың көрінісі — сабактан қашу болып шығыпты. Бірақ леналар қанша қасарысқанмен Арыстандарым тірі тұрса тілім өлмек емес. Тек осы арыстандарым тіл мәйегіне қанып өссе екен.

Сыйлық

Жаздың жайма шуақ тамыжыған тамаша күні болатын. Саябактағы өзімнің үйреншікті орынымда табиғатты тамашалап отырмын. Дәл жаңымда өзді-өзі сейлкен екі кемпірдің диалогына еріксіз куә болдым. Бұғінгі күннің өзекті мәселеісі кейуаналардың аузымен айтылып жатыр екен, байқасам. Солай емес пе, замандас?

Біреуі үйшіктап жатқан немересін еміреніп, күн сөулесі турға түспесін деп, қою жапырактың көлеңкесіне еміне сұғынады. Бұрын қалалық жерде қызметкер болған сықылды. Киім киісі жинақы. Екіншісі киім сыртынан кем-зал қабаттаңты.

— Менің ана кенже ұлым жиырма бірге толды ғой.

— Құтты болсын!

— Соған бірге жүрген қыздары “Америкаша көмелет жасына келдің” деп, подаркі...

— Тек! Қазак “он үште отау иесі демей ме? Қала берді он алтыға келгенде азамат атанип, куәлік алады... Онысы несі, мұхиттың ар жағындағы қайдағы бір американша деп...

— Е, тыңдайтын клібі америк, көретін киносы америк, жейтініміз — “Буштың сирағы”, тіпті күлкіміз де “голибудский”!

— Ой, тоба! Осының бәрі төрімізде өспеттеп қойған “қара жәшіктің” насиҳаты-ау!

— Құрбым-ау, айтайын деп отырғаным үлбіреген, мөлдіреген қазақтың қыздары сырлаған “пәдәркі”...

— Сотовый телефон сыйлап па? Соны айтып мақтанғың келіп...

— Е, жоғе, рамкага салынған...

— Мелдронат па?

— Ол немене тағы? Жок, картин емес. Өлгі еркектер киетін... Үяльш турғаным...

— Галстук?

— Ондай болса төубе дерсің. “мүшекап” деуші ме еді?..

— Көтек! Соны қыздар сыйлап жүр ме?

— Онымен қоймай тәбесіне “студенческий набор” деп жазылған. Дүкенде сатыл...

— Масқара, қыздан қылыш, үлдан үят кеткен кері кеткен заманға тап болдық десенші! Өлгі біздің қыз да лекциясынан келіп қалған шығар? Ол бізге не “пәдаркі” дайындақ қойды екен? Кеттім. Шоу!

— Пока, пока! Көтек! Ойбай, мен не деп кеттім?

Отырып қала берген кемпір жан-жағына қымсына кез салды. “Өзімізден де бар-ау” деп күнкілден қойды.

Қыз көрелік

Балзияны Наурыз ағасы күтіп алды. “Кел” деп шакыртқан езі. Ағасының дипломымен, жолдамамен келіп жұмысқа орналасқан Мақат бекеті, аудан орталығы — үлкен қала екен. Вокзалы сөнді, үйлері қандай зәулім. Көшелері оқтай түзу. Екеуі жаяулап қаланы тамашалап келіп, бір биік үйдін алдына токтады. Үшінші қабаттағы қара дермантимен қапталған есікті апшып, Балзияны ішке өткізді. Балзия негізі Алматыда оқып жатыр. Қала үйі таңсық емес. Дегенмен мына екі бөлме туған ағасының үйі ғой. Жүргегі шаттанып, мәз болды. Темір керуерт, кітап қоятын шкаф. Тап-түйнактай.

Мұның көзіндегі таңырқау мен сүйсінуге разы бола бақылаған Наурыз:

— Ал, не жетпейді деп ойлайсың бұл үйге?

— Мына жерге айна ілу керек, мында диван, кілем...

— Мұның бәрі дүниелер. Ал, шын мөнінде үй болу үшін не керек?

Балзияның санасына сонда барып жетті.

— Қалыңдық! — деп таңдайы так етті. — Үйлену керек!

— Дұрыс, Базекенің қызы! Ал енді маған қалыңдық таңдайык.

Балзия түсінбей бақырайып ағасына қарады.

— Саған бір қызды таңыстырамын. Саған ұнаса — мен соған үйленемін.

Балзия мына жауапкершіліктен шошып кетті.

— Неге мен? Ата-анамыздан...

— Олар “сен қалап өкелген қызды келін етіп түсіреміз — деп, рұхсатын берді. Ақырап пен Мамыр ағаларым жастай

қайтыс болып кетті. Қауыс пен Мизамбай өлі жас. Олар бұл меселені шеше алмас. Сенен басқа кіммен ақылдасамын? Сен ізімнен ерген қарындастырың. Өрі қалындығым сенімен жасты. Қор. Саған ұнаса... Маган екеуіннің тату болғандарың, керек.

Балзия ағасына сүйсіне қарады. Өзін барлаушылық қызыметке сеніп тағайындал жатқан өкілдей сезінді. Өрі жүрексінді.

Екеуді аяңдал ағасының жұмыс орнына келді. Бір қатарлы ұзынша үй екен. Сырттай таныстырыды да, ішке кірместен қасындағы еңселі екі қатарлы үйге бет алды. Бұл — бүкіл аудан, облыстармен байланысты жалғастырып тұратын мекеме, телефон станциясы екендігін мәлөмдеді. Болашақ жеңгесі осы жерде істейді екен. Бір келіншекке:

— Нұғымановнаны шақырып беріңіші, — деп етінді. Іле-шала ақ шытыра көйлегі өзіне әдемі жарасып, кәбелектей ойнақы жеңіл басып бір орыс қыз шыға келді. Шашын төбесіне түйіп альшты. Көйлегінің омырауы төрт бұрышты етіп қиылышты. Балзия өзі де көйлек тігеді. Бірақ дөңгелек, ойынды, үш бұрыш, киықша етіп... мынандай да етіп тігуге болады екен-ау деп қиялдалап тұр. Келесі көйлекті дөл осылай етіп ою керек. Сөнді.

Қыз тұра осыларға беттеп келеді. Ауызы үлкен. Өлде күліп келе жатқаннан ба? Мұрыны біздей, көзі тұздай.

Балзия съпайылық сақтау үшін ғана амандасты. Өлгі Нұғымановасы қашан шығар екен? Қыздың ыйығынан асырып есікке тіккен кезін алмай күтіп тұр.

“Сменшица еще не пришла”, — деді де, қыз қайта жұмысына кетті. Наурыз бұған үңіле қарал тұр екен.

— Не, ұнамай қалды ма? Балзия дір етті. Осы! Тәмен қарал мінгір етті. “Сен Нұғым...”

— Өкесі қазақ, шешесі молдаван қызы. Соғыста жарапланып, есінен танып жатқан жігітті үнгірге жасырып, жас молдаван қызы тамақ тасып жүріпті. Қыс түскенде үйінің жертелесіне өкеліп бағышты. Гестаподан неше рет корғап қалышты. Сейтіп, жаралы жігіт тірі қалышты. Еліне ертіп өкелгендегі он бестердегі кезі екен. Қыздың соғыста ешкімі қалмаған. Любовь олардың тұнғыштары. Екі інісі бар. Өкесі темір жолда істепті. Қазір жоқ, қайтыс болған.

Балзияға сезінің қалай өсер еткенін бакылаған Наурыз ағасы: — Менің жұмыс уақытым басталуға таяу. Ендігісін өзің шеп. Қазір ол жұмысын талсырып, үйіне қайтады.

Балзияның еңсесі түсіп кетті. Алдыңғы қуаныштан жұрнақ та қалмады. Өке-шешесін ойлады. Олардың рұхсат бергеніне қарағанда бәрін естіген. Енді не істеуі керек? Орысшасы шорқақ. Қап, мына Наурызы-ай? Өзіне сенім артқанына көнілі толып мәз болғаны тез-ақ ұмытылды.

Қыздың артынан сұлесоқ ілесті. Ол ауыз жаппай сейлемеп келеді. Бір сезін үқса, бір сезі құлағынан асып кетеді. Жок, Люба қазакша сайрап тұр. Тек езі сез үгарлық емес.

“Міне, біздің үй” дегендеге бойын жинап алды. Ал, партизаным ісінде бекем бол. Айтпақшы, сыныптастары бесінші сыныпта-ақ өзін партизан атандырған. Солар оқуға түскенше Балзияны “бесіншің партизаны” деумен кетті.

Шешесі көдімгі қазақтың қара кемпірі. Құрак ұшып, құшақ жайып қарсы алды. Любаның таныстырыу бойынша түү Алматыдан келген “подругасы”.

Оның да қазақша тілі жатык. Тек “ө”, “ғ”, “ң”-та тілі келіңкіремей аттап етеді екен. Қүйеуі кезінде өдейі үлдарының атын Қайырбек, Қайрош қойыпты. Бірінен бірі кіші қара домалақтар келіп, қонақтың қолын алған соң алаңсыз ойындарына кетті.

Жер үй, аппақ жұмыртқадай тап-таза. Белме ортасын пешпен бөлген. Екеу түнімен әңгімелесті. Айтпақшы Любаның шешесі фото альбом қарап отырғанда: “өй, подругасы, сенің суретің неге жок?” — деді. Балзия сасып қалып:

— Өжем марқұм суретке түссен, ертең ол дүниеде саған жаңынды сол суретке бер деп құдай сұрайды деп көп айтатын. Содан қорқып, мен суретке көп түсе бермеймін.

Болашақ жеңгесінің үйретуі бойынша екеуі бірге оқыған, подругалар. Сол аныз бойынша шебер ойнай алмады ма, шешесі бір нәрсені сезіп қойған сияқты. Балзияның ата-анасын, бауырларын сұрап ол да өзінше барлауга кіріспін кеткендей.

Кейін Люба құліп отырып, “өй, ку қыз біліп едім. Ол ешкандай да подругаң емес, жігітіңнің қарындасты. Үй өктеп өлек болғаныңдан-ақ сезгем”, дегендеге айтЫП берген. Жылда күзде бір, кектемде бір өктейтін үйді жаз ортасында тазалағанына секем алыпты.

Жок, болашақ жеңгесі ашық, ақ көніл. Кейде тіпті Балзия білмейтін жәйттерді, қазақтың қызық сөздерін айтқанда таңқалап, өрі сүйсініп қалады. Мұрыны біздей емес, көдімгі қыр мұрын; көзі де тұздай емес, коңыркай. Тұлғасы қандай — сәмбі талдай.

Жок, казакы төрбиедегі, таза қазак қызы екен. Тек түрі...
Түрі ғана, мейлі түрде тұрган не бар.

А, иө, келін болып түссең соң, осы ауылдағы комутаторда, жұмысында отырса екі мосқал қазак біраз сөзді салырып-салырып алыш, “әй, мына келіншектің төбесі тесік-ау” десе, екіншісі:

— Өлті Базардың орыс келіні бар деуші еді. Сол шыгар депті.

Люба “төбем тесік болса, айран құйып ішнейін деп пе едің” деген, Мария қатынның (ол таза орыс, осы елге келген соң орыс байы өліп, кейін қазакқа тиіп, бес-алты балаға ана болып, сөзден қазактың өзін жаңылдырып, “здрасти” дегенге “не, Мария қатын қазақша амандықты алмайды деді ме біреу” деп, сөлемшіні састырып, қазақша мақал-мәтелді судай салырып өткен кісі.) сөзі есіне түсіп, сөл жынышпі:

— Иө, сол кісінің келінімін ғой, — депті. Екі қазак бөркін қолына ұстай тұра қашыпты. Ұялған тек тұрмас деген. Комутатордың аядай бөлмесінде, төбемен бірдей қабырғалата қойылған аппараттың алдында, құлағымда қалқаным, екі көзім енді қай ұяшықтың жасыл шамы жылт етер екен деп аңдып, естіген акпаратты қағып алыш, келесісіне бұлжыттай жеткізуге қаршығадай тас туйін отырғанымда ол кіслердің сөзіне мән беру қайда? Ауызым “әлле, өлледен” босамайды. Бірақ ызың-ызың сөзі миымды ауыртқаны рас. Бірдене деуге келін атым жібермейді.

Атамның аты аталғанда айбынынан ыққандар тонын қаусырып түймелеге шамалары келмей, бөркін қолына ұстай зытқан екі дөу еркекті тамашалау өте қызық болды! — деп, жеңеңесі балаша мез.

Наурыз ағасы таныстырған, табыстырған Балзия мен Люба бір-бірінен сыр жасырмайтын, “подругалардай” өте тату еді.

Құда түсу

Құда түсе келгендерді байыппен тыңдал болыш, қыз өкесі баюу үнмен сөйлеп кетті:

— Өр баланың өз несібесі бар. Бұл қызымды да той жасап, қолдан ұзатқым келеді. Балалардың ойы қалай екен? Тойды бірігіп жасамакшы ма екен?

— Айжан шешеді ғой оны.

— Німмм, — ішінен жақтырмаса да сыр бермей сөзін өрі қарай жалғады болашақ күда: — Біз өзі жан-жақты, ағайыны мол өрі тығыз отырган елміз. Бірін атап, екіншісін тастап кетсең — арты өкпе, дауға ұласары тағы бар. Кійт жасасамыз ба?

Құдалыққа келгендер тағы тосылыды. Бір біріне қабак астынан қарасып алды да:

— Айжан айтады ғой онысын... десіп күмілжіді.

“Ау, ештеңе кенесні, жауап ұстамайтын болсаңдар неге келдің?!?” деп, шарт кете жаздады. Құлағы шулап, бар қаны басына шашыды. Дауысы да қатқылдау шықты:

— Же! Менін баламның аманаты кімде?

— Н-н-е-е? — Құдаласа келгендерлің ішіндегі ең жасы, болашақ күйеу жігіттің қазіргі жездесі көзі дәңгеленіп, бұл оның естімеген сөзі еді.

— Қызыым ана тәрбиесінен кенде болмағанымен, енді екінші өмірі басталады. Өр отбасының өз тәртібі, өдеті болады. “Үйлөну оңай, үй болу қиын” деген атам қазақ. Екі жастың жаразты шаңыракқа айналуына кепіл болатын кімің бар деймін?

— Ее, ол үйдің қазіргі үлкені Айжан емес пе? — деді, сөз ұстап, бас құда кейпінде төрде жайғасқан жігіттің көршісі, осы ауылдың қадірлі “ақсақалы” (сақал түгел мұрт қоймаған, өмір бақи үлкен қызметтерде болып ел билеп ысылып қалған шал).

— Кійт-миіт деп бас қатыратын несі бар? Одан да тойдың мерзіміне келісілік те? — деп, төте тартты Доссордан осы мәселе үшін өдейі келген жігіттің нағашысы.

Қалыңдықтың өкесін ашы буды. Көзі кеткелі тек дыбысқа құлак түріп үйренген. Содан ба, кісінің дауыс ыргағының езінен көп сыр анғарғыш бол кеткен. Мына келіп отыргандардың жен-жосықтан макұрым екендігіне ызасы келгені сондай, төрде сөнге ілулі түрған қамшыны ала салып құда түсе келген үшеуін тырқырытып қуып шықса ма екен! Шалының көніл күйін жазбай танитын Несібелі алақанымен тізесін төмен қарай басып-басып қойды.

Тенізбай терең курсінді.

— Жарайт! Сөз тамам! Сендер құда емессіндер! Күйеу жігіттің өкесі марқұм өзін де, сөзін де сыйлата білген кісі еді. Талай жыл қызметтес болдық. Көрші түрдүк. Екі бала да көз алдымызыда есті, — дауысын одан өрмен қатайта түсіп

сөзін түйді: — Ал сендер әншейін көп қонақтың бірісіндер. Қонақ асыларыңды жеген соң үйлеріңе қайтындар. Құдалық сөйлесуге сол Айжаныңның езі келсін!

Мына сөзден кейін араның ұсынадай гүілдесіп қылжақтасқан жігіт -желен жым болды. Дастанхан қамымен абын-күбің жүгірген келін — кепшік томсарды.

Әке — шешесі қайтыс болғалы бір үйдің үлкені езі болып шыға келген Айжан қызы бұдан бір ай бұрын тума -туысын жинап ақылдақсанда — жалғыз үй есентемірдің ет жақыны: нағашысы шеркеш Ізмұқан, жездесі адай Тынышқали, көршісі масқар руынаң Сабыр аксақалдар (сөз сырғысына айтқанымыз болмаса, ақ түгілі қара сақал қойған жандар емес-ті) баратын болып келісілген. Құдалықтан тек жақсы хабар күтіп, дұрысы той күнін қашанға белгіленгенін айттар дегенді ғана ойлаған Айжанға қарамай көршісі, бас құда, ез үйіне бұрылыш кетті. Айжан түк түсінбей жаутаң-жаутаң қарайды. Нағашысы болса “әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа” деген осы-ау?.. киіт-миіт деп қыртыш... — деп, күнкілдеді де, теріс қарап жатып алды. Ал жездесіні ашуланса кекештеніп қалатын өдеті бар еді, “к-к-к ұры-с с сын!!” деп, қолың бір сілтеп, қораның есігінің босал кеткен топсасын тузеп, үйге жоламай қойды.

Құдалыққа жіберген елшілері өзімен сөйлеспей қалған соң Айжан қыстығып жылап жіберді. Әке-шешесі қайтыс болғалы езі жылауық болып алды. Тек бұрын кез жасын інісіне көрсетпеуге тырысатын.

“Қызы басыммен, қыл шашыммен” колдан келмес іске үмтүлғаным ба? Құдаласу менің не теңім еді? Енді ініме не бетімді айтам? Не істеу керек?” деген сияқты кермек ойлармен басы қатты. Данғарадай үйде інісінің жұмыстан оралуын тосып, екі қолы алдына сыймай, не іс істеуге зауқы сокпай әр бөлмеге бір кіріп сенделумен жур. Ол келгенде де сөйлесуге, ақылдасуға нeden бастанын езі де білмейді. Қайыргали бір кесе айранды ықылассыз ішті де, ез бөлмесіне кетті. Кешкі асың да ішпеді. Соңғы кезде сылынып жудеп кеткен інісін аяп: “бұған да оңай емес-ау, айналайын-ай” деуі мүн екен, езінің иегі кемсөндөй жөнелді.

Осылайша нәумез күйде тағы екі-уш күн етті. Айжан інісіне тоқып жатқан жеңсізін екі-уш айналдырады да, тастай салады. Қолы ештегенеге баар емес. Ойы тұрактамайды.

Самаурынды көтеріп аулаға шыққанда осы үйге тұптура келе жатқан қалыңдықтың шешесін көрді. Зып беріп үйге енді. Тығылып қалғысы келген. Үрейленгені ме, үялғаны ма — өзі де білмейді.

— Oho! Иісі мұрын жарады! — Айжан көңілдене дауыстап, алақанын ыскылаған інісіне қарап жіберіп, өзінің “жаңалығының” тым-тым ескіріп қалғанын ұқты. Алақандай ауылда сыр жатушы ма еді?

Күйрдақты қарбыта асаған Қайырғалиға сүйсіне қарайды.

— Апа үйіне шакырды. Сөйлесеміз деді. (Япыр-ау, болашақ құдағайының үп-үлкен басымен өзі келгені, қаптаған келін-кешіктерін жұмсамай өзі келгені бітімшіліктің басы екен ғой.)

Інісі ойнақы үнмен:

— Талабың оң болсын, қудаша! — дегені.

Екеуі үйді басына жетере құлді. Бұл — осы үйде ұланасыр үлкен той боларына сенімді күлкі еді.

Байдың тойы, кедейдің ойы

Бақтығұл елден келген қонақтарды той болатын жерге әкетуге келген джип машинасына міне бергенде шоферы тоқтатты:

— Женгей, не ғой... Той иелері жолдан үятты кісілерді ала келерсің деген... Сіз өзініз негыш... нетіп... негыла саларсыздар?...

Бақтығұл мана сөзге қуаныш кетті. Ренжу қаперіне де кірмеді. Екі күн бойы осы қонақтарды күтемін деп, тілі тікен абысынға қайтсем жағамын деп өбден абыржыш кеткен. Қайта жақсы болды. Баласының киімін реттеп, байына айттар сөзін пысықтап автобуспен жеткені жаңға жайлыш.

Байы басында тойға маған билет бермепті деп бір тулады. Шашуға ел құсап кілем алғызбадың деп екі тулады. Біріншісі ағасының атына ариалса, екіншісі келіншегінің адресіне. Туған ағаң, өзім дегені шығар, ұмытыш кеткен шығар деп жаймаласа, кілемді “ақшаш кереметтіне жетпейді. Арзан кілемді олар менсінбейді. Одан да жас жұбайлар шет елге, өлгі не деуші еді, медовой саяхат па, иә, иә, месең - соған барады екен. Ақшалай берсек соған жаратады. Сол дұрыс бола ма дегенім деп құтылды.

Бақтығул тойға шашуға деп екі айлық жалақысын тынына дейін шашау шыгармай ұстап отыр. Жұмыс арасында тоқыма тоқып тапқан ақшасын қосып әжептөүір қылыш қойды. Ел шашуың бергенде жерге қарап сүмірейіп қалмауга тырысып бақты. Тіпті тойға кейлек алудан бас тартты. Бұрынғысының жағасына желбір салып, беліне сөнді белбеумен өрлеген болды. Мейлі “құлғенге құле жетем, екі етекті түре жетем” деген мөтел бар емес пе? Сөйтіп, жалғыз қызын министрдің ұлына ұзатып жатқан бай туысының есігін қақты. Кілец бір алтынға малынған, керемет көйлектердің көрмесіне келгендей тамсанып қалды. Сирескен сөнді топтың ішіне кіре алмай, еріні жуыспай, ауызына сөз түспей қорланып кеткені-ай. Оның осынша берекесі кетуіне абысынның:

— Өй, ана ұлыңа қой десенші! Қырық жыл аштан келгендей дастарханды жайпап барады! Не бар сендерге!

Ал бала неме таңсық асқа ұмтылуын қояр емес, қой деген сайдын ұмтыла түсе ме, қалай? Оның да берекесі кетіп отырса, дәл құлағының тубінен қайнағасы:

— Сендерді мұнда кім шакырды! Алқаш байынды неге өкелгендің? — деп ысылдайды. Жеке сыйырлаған ол кісіге жауап беру қайда. Тәмен түкшірганды білді.

Өншійнде өзі сыртынан құліп отыратын, екі сөздің басын қурап сейлей алмайды деп мұқап отыратын, асыл текті матадан киген киімі сөлбіретіп сұнқын алыш тұрган, жолы да, жасы да кіші келінді қолшаш-қошметпен төрден бір шыгарды. Тойға өкелген сыйлығы қомакты-ау, сірә?

Бақтығуллің кенет қол-аяқтары ебедейсіз ұзарып, жер-кекке симай, берекесі кетіп қолапайсыз қомпиган денесін еш жерге үйлестіре алмай, бір кесе шейін тауысып ішे алмай қор болғаны-ай...

Жастар неке сарайына, үлкендер тойканага беттегенде абысын дауысын зорайтып:

— Қаладағылар кейін келеді. Бұл тойға ақсақалдар мен елден келгендер барады! — деді. Абысынның мұнысына раҳмет. Өйтпесе елден келген Істайдың келіншегі “бірге жүрейікші” деп жабысып, қолтығынан айырылмай тұрган. Тойкананың есігі бұлар үшін жабық екенін өз басы баянда-ақ түсінген. Бірақ соны қызып алыш лепіріп, карт ойнап, туыстарымен айырылмай жәмпейлескен жары менен елден келген кішкентай бауырларымен асыр салыш ойнап кеткен

Ұлына қалай жеткізерін білмей, мына көңілді топтан қалай бөліп аларын білмей пүшайман болып тұр еді. Женелейе курсінді. Енді әне, женгең өзі айтты, үйге қайтамыз де...

Абысыны өлі сөзін аяқтамаған екен. Қеудесіне сұқ саусағын тіреп тұрып: — өй, саған айтам. Үйлеріңде қайта беріңдер! — дегені бар емес пе?

Бактыгүлдің кірмегені қара жер. Істайдың келіншегі қолтығында түрған қолын сілкे тартып өкетті. “Құдай-ай, қайдан ғана келе қалып едім. Ең болмаса мына ыдыс-аяқ саған аманат, өзің жуа сал” десепті...

Өншіпейінде:

— Беке, үйді жуа салшы.

— Беке, бөлмені актап бере ғойшы.

— Беке, наң жаба салшы, дегендеріне мәз болыш, Бекен екенмін деп қеуде керіп журілті ғой. Енді келіп, министрге құдағи болған соң... Тап бір есігіндегі итке “кет” дегендей...

Өй, Беке-ай...

Бактыгүл бара алмаған той керемет дүрілдеп өтіпті. Ел теледидардан (монитор) көреміз деп мойындары қарысып қалыпты. Даңғырлаған музықадан тіпті бір столдағылар бірінің сөзін бірі ести алмай қор болышты. Бұрынғы мақал “өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады” дейтуғын. Тойың одан өтпесе неғыласың. Бармаған тойына берген шашуының арқасында Бактыгүл екі ай тісінің сүйн сорып аш отырды. Өй, осыдан бар ғой ұлымды үйлендіргендеге орыстар құсал құда мен құдағайымды кафеге апарып, төртеуміз ғана... көр де тұр.

Казіргілер казақ той жасайды. Қызығын басқа көреді. “Казақ той жасайды. Қырғыз бен қытай ақша асайды” дейді. Рас, рас.

Бекенің өзін өзі қыжыртқаны қаншага жетерін кім білсін. Қой, елден қаламыз ба, жалғыз үлға бір той жасап бере алмай... дей ме? Өл өзір үлдүң ойында келінспектің елесі де жок, жалаң аяқ доп қуалағанға мәз.

Кыз алыш қашудың қызығы

Қарлығаш қойлы ауылдың қызы болатын. Мектепте бірге оқыдық. Сол кезде шефке алу деген болды. Сабак үлгерімі тәмендеу баланы үлгерімі жогарылау балаға қосақтап қояды. Бір қызығы шеф таңдау еркі напар

окушыда болатын. Қарлығаш мені таңдалты. Оған дейін ондай окушы бар екендігіне мән де бермеппін. Хош. Қебіне біздің үйге ол келетін. Тек бір рет мен бардым. Жаздың күні еді. Есіктен ішке енгенде төбеме өлдене тиіп кетті. Қарлығаш “бұл — өжемнің шайға тістейтін” деп түсіндірді. Маган бәрі қызық. Не екен деп мойыннымды созамын. Сол ушін шайға шакырығаның құп алыш, дастар-ханға отырдым.

— Өжем конак баланы көрем дейді, — бекене үлдің хабарынан кейін ағасы кемпірді көтеріп кірді. Мен үшіп тұрыш:

— Өже, сөлем бердік! Кепіріңіз, мен өзім барып аман-дасым керек еді, — деп, акталып жатырмын.

— Өй, Бекенің баласы, көп жаса! Сен шебереме көмектескелі сабагынан мактау алыш жүр дейді. Атаңа рахмет.

Мен үялыш таптым. “Біз бар болғаны бірге дайындаламыз” деп акталып қоямын. Томашадай кемпірді көзімнің астымен бақылат отырмын. Жанағысы жұқа дәкеге оралған ет екен. Өте ұсақ етіп турап алдына қойды. Менің қызығыш отырғанымды сезеген өжей бір кішкене белілін менің алдымғысырыды. Өте дәмді, тұз сінген ет. Өже қант тістей алмайды екен. Осы кіслердің үлкенді құрметтеген үлгісі өлі күнге көз алдымда. Жас кезде көргендерің естен кетпейді екен.

Бұл — Қарлығаштың орталықтағы туысқанының үй болатын. “Қызға қырық үйден тиу” мақалыны берік үстанған отбасы еді. Қарлығаш мені кепіл ретінде бетке үстал жүрді. Бір жерге барғысы келсе мен барып сұрап аламын. Екеумізді сыныптастар “бота — тайлак” деуши еді. Қарлығаш ірі денелі дурдек ерін, шойын қараның өзі. Маган тиісken баланы етті алақанымен бір ұрса, анадай жерге үшіп кететін. Мен шілдірмандай арық сары қызыбын. Жұбымыз жазылмайды. Өжей: “Жас кездегі достық ыстық болады. Бекенің қызы, шеберем сені аузынан тастамайды” деп бір қойды. Екеуміз бір-бірімізге жалт қарадық. Осыған дейін бізге ешкім “доссындар” демепті. Өзіміз де бұл одағымызға сондай ат береміз деп тіпті ойланбаппымыз.

Ие, айтса да қыз алыш қашудың қызығын айтам деп бастаған өнгімем еді-ау... Енді соған көшнейін.

Арада жылдар өтіп, Алматыдан алғашқы курсты аяқтап, жазғы дем алыста тұған аулыма келдім. Қарлығаш окуға бармай ауылда қалған. Мені күтіп жүр екен. Өке-шешемнен өтініп мені қоярда-қоймай қойлы ауылға қонаққа алыш кетті.

Жалғыз үй. Айнала көз жетер жерге шейін кең жазық. Тама-ша! Терең құдықтан шелектеп су тартамыз. Үлкен ағаш астауға кой өрістен келерде толтырып қоюымыз керек. Мен екінші шелекті құдық ернеуіне соғыш, өзөр-мәзәр шығарамын. Ал Қарлығаш болса қырық, әй білмеймін, ейтеуір көп тартады. Шаршамайды. Одан басқа да шаруаның неше түрін істеп үлгереді. Мен тек қызықтауға жараймын. Үш-төрт күн откенмен кейін мен жалыға бастадым. Студент деп қолпаштағаны болмаса, менде ешкімнің шаруасы жок. Өркім өз міндетін үн қатпай атқарыш, бір мігір жок көдімгі қойлы ауылдың тірлігі. Қарлығашым күндіз кой кезегіне бармаған күні көйлек тігеді. Бұл іс менің жаныма жақын — өзім пішіп, өзім тігіп мәзбін. Сөл сарғыш таптадан досыма кейлек тігіп жатырмын. Үйге біреу-міреу кірсе тесектің астына зыттырады. Басында неге үйтетінін түсінбегем. Біз тігіп боламыз дегенше тозып та кетті-ау сол кейлек. Іні-сіңлілеріне арнаған кейлекті жасырмай-ақ тіге береді. Ал анау тойға арналған, яғни “қалыңдық” кейлегі екен. Өзі көп сөзі жок қыз. Екеуміз тілсіз ұғысамыз десек те болады. Қойлы ауылдың таңғы шапағын, кешкі арайын түгел тамашалап болып үйіме қайтқым келген мені “әлі қашкене бола тұршы” деп жібергісі жок. Өзін бір жамағайының баласына атастырып қойғанын, оған өзі риза еместігін айтты. Мен дереу ата-анасына олай істеу дұрыс еместігін айтқым келген, бұрынғы комсоргпрын ғой... Қарлығаш тоқтатты. Бір жігітпен сез байласып қашпақшы болып жүргенін жеткізгенде маған мұндағы өмір қайтадан қызық бола бастады. Суыртпакта сыр тарта журоп үкқаным: шофер жігіт, ауылды Доссор дейтін жерде. Жиі келіп тұрады. (Оған күмәнім бар. Мен келgelі неше күн, әлі көрмедім.) Өні, келді!— құлағын тігіп, қуана айтса да далаға шығуға асықпады. Е, түсінікті. Сыр білдірмейін дегені. Мен шықтым. Ешкім көзге түспеді. Тек кешкі асты алдымызға алғанда алыстан бұрқыраған шаң көрінді. Үлкен бинзовоз машинаны алсырықтап тоқтатып, даусысын соза сөлем беріп дастарханға жақындаған жігітке ешкім жылы шырай бере қоймады. Мен келгенде ешпектеп жаны қалмаған үй иелерін біреу алмастырып кеткендей. Жігіт оны-мұны айтқан болды. Өкелген астбест трубасын керек емес деп, апарып таста деп, сенсіз де қазанымыз қайнап жатыр деп сөйлеп тасталды. (Ертеңіне, жігіт кетіп қалған

сон, Қарлығаш женешесі екеуі қазандыққа трубаны қойып еді, тутіні шалқымай өп-өсем жаңыш жатты.) Біз, Қарлығаш екеуміз, ертерек үйге кіріп үйшіктап қалдық. Қонақ далада қонды. Өншіейінде есік алдындағы сөкіде кішкене балалармен бәріміз үйшіктап жүргенбіз. Хош.

Таңертең тұрсым, ол кетіп қалыпты. Өзге сез болмады. Ұзамай тағы бір машина келді. Түрі таныс. Сейлесе келе бұл Монданакта тұратын Лиман атайдың үлкен ұлы болыш шықты. Жұмашпен бала кезде бірге ойнап есіп едік. Нагашыларымға жиендігі бар. өз атын атап, көзін, аузын, тақымын жұмыш-ашып “жұм-аш”, “жұм-аш” деп ойнағаны, есіресе, тақымын қорс-қорс еткізетіні қызық болатын. Сондайда тіпті құлағы да ашылып-жабылып түргандай елестеуші еді. Қайран, балалық-ай! Үй иелері Жұмашпен жақсы сейлесті. Тіпті мені бекетке апарып тастауын етінді. Қуаныш кеттім. Қарлығаш мені шығарып салатын болды. Досыма жаңым ашып, “енді қалай қашасың?” деп сыйырлап қоямын. Екеуміз Жұмаштың кабинасына мінгесіп ең жақын Мұқыр бекетіне жол тарттық. Қөнілдіміз. Жұмаш ауыз жаппай өзіл-дейді.

— Тез жетсін, күтеміз, — деді де Қарлығаш түсіп қалды. Мен жаутаң-жаутаң, ештепе үқладым. Вокзалға келгенмен, билет алмадық. Досымның үйіне айтқан сөлемі бойынша “біз машина бұзылып, бүгінгі поезга үлгермедік. Балжанды (яғни мені) шығарып салған соң қайтады. Яғни, ертең.”

Поезд жүріп кеткен соң Қарлығаштың бір туысының үйіне келдік, ертеңді поезды “күтеміз”. Мен уайымдаң біттім. Ол ете сабырлы. Саспайды. “Қайтушы едім. Сонша қорқып едіндер, міне келдім деймін.” Кешкे қарай біз түскен үйге тәртпак біреу келді. Жыптылдаң сейлеп қалған. Бізді киноға шақырды. Менің барғым-ақ келген. Қарлығаш “апам бізге көрпе жасауға көмектес деген” деп, бармай қойды. Үйдің иесі бұл сөзден кейін қылжақbastы қуғандай қылып шығарып жіберді. Жіберді де бізге көрпеге салатын жұнді тұтқізіп қойды. Мен ыза болып отырмын. Одан да анау жігітпен киноға барғанымыз жақсы еді деп ойлаймын. Қап, мына қызды-ай! Байқаймын, қызымының екі құлағы далада. Неше рет шықты. Бір кезде көзі құлімдеп “келді!” деді. Бірақ ол күні ешкімді көрмедік. Келесі күні тус ауды, өлі жок. Поезд жүретін уақыт жақындалды, өлі жок. Қарлығаш жерге үңіліп “міне, ізі жатыр, ол осында” дейді. Мен не өзін, не

машинаны көріп тұрғаным жок. Қайтеміз, бұйырмаган іс болды. Мен кете бермекшімін. Ол да үйіне қайтар. Айтпақшы, кешегі жігіт Қарлығаштың атастырган жігіті еken. Маған салса сол жігіт дұрыс сияқты. “Жок! Атама! Берекесіз. Бойы тапал. Ертең балаларымыз тәштек бола ма? Аузы арақтан кеппейді. Оған тигенше көрі қыз атанғаным жақсы.” Мен жым болдым.

Вокзалға жеткеніміз сол еді, біз сарыла күткен Төттіғали пайда бола кетті. Кеше келгенмен көзге түсуден корқып, бір үйде жатыпты. Машинасын тығып қойған үйі... ой, ол ана жігіттің туысқанының үйі! Ал керек болса?! Бір тәуірі ешкім күдіктенбенті. Жұмаш та пайда бола кетті. Бәріміз мәз. Поезд қозғалды. Біз Доссорға қарай машинаны турады. Біраз жер жүрген соң Жұмаш басқа бағытқа бұрылды. Біз жолсызбен айдадық. Селкілдеген жайсыз жолына төзу маған қын тиуде. Машинаның “ыныы... ыңық” деп ыңырануы да мыйды жеп барады. Қарлығаштың қандай дыбысқа құлақ түргені енді түсінікті болды. Осының бәрі мағынасыз, өтірік ойдан шығарылған “қашу” сияктанды. Жолда кездескен дәл сондай бинзовоздың жүргізушісі не айтқаның қайдам, біз сайға тоқтап, бой тасаладық. Бет-ауызмыз май тоپырақ — шаңдан көрінбейді. Тісімізге дейін қышыр-қышыр. Қарын ашты. Дене дел-сал. Су таусылды. Жол шеті көрінер емес. Түн болды. Өлі жүріп келеміз, өлі жүріп келеміз. Өлдік-талдық дегенде ауылдың шамдары көрінді-ау! Айтпақшы, бұл менің көніл күйім. Фашыктар ештеңе сезер емес. Бір — біріне үнсіз күлімдеп қойып, емініп алға қарайды.

Тасаланып, тығылғынымыз бар, адасқанымыз бар — біз сол үйге келгенде түн ортасы ауыпты. Ел қалың үйкіда. Бізді “келін келе жатыр” деп ешкім күтпегенін көріп, жүрегім су ете қалды. Қарлығашымның ендігі күйі не болар? Тастанай қаранғы, еш жерден жарық көрінбеген үйге кірудің өзі қорқынышты еken. Жолдағы өңгімеден үққаным: жігіт аға-женгесінің қолында өскен.

Төттіғали салмақты басып барып қакпаны қақты. Біз табанымыз жерге тигенге мәз болып, үсті-басымыздың шаңын қағып, өзімізді ретке келтірген болып жатырмыз.

Кенет шамдар самаладай жарқырап, адамдар абыр-сабыр жүгірісіп сапырылышып кетті. Шашудың көмпіті тиген шекемді сипап тұрған мені біреу бас салып құшақтап,

басыма орамал салғалы жур. “Мен емес, мен емес!” деп мен байғұс шырылдаймын, бір шетте үялыш, өңкіп тұрған Қарлығашыма қарай сілтеп әлекпін. Олар “қалыңдықтың” балуан тұлғасына жатырқай қарайтындар... Хош. Ішке кіріп, шымылдыққа ендік. Мына салт қандай тамаша ойлап табылған! Сүк көздер азайып, арқа-басымыз кеніп, рахаттанып қал-дым. Құрыс-тырысы шықкан денемді жазып, ой, бір керіліп алдым. Біраздан кейін қасымызға құртшабак кішкене қыздар қалтап кетті. Мен “ау, үйкітамайсыңдар ма?!” деп, зекінкіреп үрсысып қоям. Өз ойым кішкене де болса бел жазып, үйкітап алу. Біреуі “мә, аяқтары кір — кір” деп сыбырлағанға көзім өз аяғым түскені. Мас-қа-ра! Башпайдың кірі кара сыйықтанып баттасып тұр! Үят-ай!

Күғиншылар біз адасып жүргенде бізден бұрын жетіп, қакланы сыңдыра жаздал тарсылдатып, “қызымызды шығарып бермесеңдер сottатып көздерінді құртамыз!” біраз шулыған шығарыпты. “Мә, кара, үйде ешкім жоқ! Не айтып жүрсіңдер? Қыз көне!” деп, бұлар аяқтарына отырғызбай, ештеңе мойында май құтылыпты.

Өзімізге өзіміз келіп, ес жиган соң өзіміз тіккен “қалыңдық” кейлекін емін-еркін өлшеп көрмекші болдық. Мәссаған, безгелдек! Бір иғы төмен, ері үш-төрт күн сидениенің астында армансыз мыжыльш (Төттігалидың машинасына бірінші күні түскен түйіншектің ішінде) мылжа-ланған, әлдекәндай май тиіл алақандай жері кірленген кейлекке қарап аянышты еді. Қарлығашым еш сасатын емес, шымылдықтан басын шығарып, біреуден су сұрап алып, жаңағы дақты кетіруге өрекеттенуде. Үтікеп, “ештеңе етпес, дақтың үстінен орамалмен бастырып қоюға тура келер” деп қояды. Біздің әбігерімізден хабардар болған абысыны кешкі тойға екі сағат қалғанда ашпақ та әдемі той кейлекін өкеп берді. Сондай қуанғаным-ай! Қарлығашым өкініп: “қап, сенің он күн тіккен кейлекінді кимегенім-ай!” дейді. (Сол кейлекті үзак уақыт сақтап, кейін жастыққа тыс жасапты. Сені сағынғанымда соны ылғи қолыма алып, еске түсіріп қоямын деп хатқа жазып еді.)

Хош. Той өтті. Қарлығашым мені қимай, жібергісі келер емес, мен осы Доссорда тұратын нағашыма сөлем бере кетпекші болдым. Қалыңдығын өкелуін өкеліп алып, қасына жата алмай пұшайман болған күйеу жігіттің мына хабарға қуанып кеткені көзінен көрініп тұр. Екі күн жа-

нында болып, Қарлығашымның келген жеріне өбден сенімді болған мен жолымды өрі қарай жалғадым. Жұмаш жегжат нағашыма баар жолда Төттіғалидың алты қашқан қызы мен екен деген ойлап, нағашыларыма айтуға қалай қиналғаныны сөзбен айттып жеткізе алар емес.

Хош. Поезден өз аулыма келемін. Жолшыбай Қарлығаштың біздің ауылда көрші тұратын Дәменш женгесі мені күтіп, біздің үйге күніге екі соғып кетеді екен деген өңгіме естідім. Қап, енді қайттім? Ол кісінің мінезі шарт, тіпті күйеуі де өзінен ығысады десетін. Қызды іздеген құғыншылар біздің үйге де барыпты. Енді мені қорқыныш қамады. Сол қорқыныш әсерінен поездан түскен бойы вокзалды айналып, өзіммен бірге Алматыда оқып, осы ауылға келін болып түскен Құлеш құрбымның үйіне бардым. (оны да осы ауылға келін етіп өзім өртіп өкеліп едім. Жә, ол басқа сыр.) сол үйді үш-төрт сағат сағалап, өз үйіме кешті жамылыш үрланып жеттім.

Ата-анам біресе күледі, біресе ұрсады. Он бес күн көрмеген сағынышы және бар. Хош. Ауылдағылардың версиясы бойынша “қызды алты қашуды үйимдастыруушы — қалада оқып, қағыныш келген мына мен екенмін. Енді міне, Дәменш ападан тығылыш күн өтіп жатыр. Саясатым — ашуы басылғанша, кезге көп тусе бермеу. Дәменш келе жатса, қораға тығыламын. Қой қора, сиыр қора, түйе қора сияқты жықпыл-жықпыл пананың біріне кіріп, бірінен шығып колға ұстаптаймын. Қала берді қыстан қалған ақ шептің тасасы тағы бар. Біздің ауылдың қысы қырық градус аяз, жазы қырық градус ыстық. Қырық күн шілдеде кеңсе қызметкерлеріне екі сағат тыныс уақыт (обед) беріледі. Сол күні іні — сіңліме өртегі оқып беріп, екеуін қарауылға қойып, кітап оқып жатып үйіктап кетілпін. Андыған жау алмай қоймас деген... Кенет өзіме біреудің тесіле қараған көз қарасын сезініп көзімді ашсам ойбай, Дәменш апа! Сасқаннан басымды соға-мога тәсектің астына кірдім де кеттім. Ұлы денем кереуеттің астында, тек басымды шығарып кітап оқып жатып көзім ілініп кеткен. Сенген “қарауылшықтарым” өздері пысылдаш жатыр. Баар жер жок. Амалсыз сүйретіле шығып, не дерін күтіп отырмын. Қайтем, онікі жөн.

Бекер корқыппын. Ол бар болғаны қайын сіңлісінің қандай жерге барғанын, құда қандай кісілер екенін білгісі келіпті. Қайран, балалық-ай!

Бұл әңгімемді осымен аяқтасам да болар еді, тек келесі жазда Қарлығаштың өкесі менің сінліме поезда кездесіп, “әй, Бәкеңнің баласы-ай, менің қызымыды бөтен біреуге шығарып бергенің не? Мен сен келді деп қой соып, көйлек кигізіп бәйек болып жүрсем” дегіті. Мен емеспін, апайым ғой демедін бе десем, сінлім “Айта берсін. Екеуміз де бір Бәкеңнің қызы екеніміз рас қой. Ең бастысы — сенің күрбың бакытты ғой. Сосын саған ұрысты не, маған ұрысты не, бәрібір емес пе?” деп, қарал тұр.

Ер көнілді сінлім менің! Айналайын! Тұр-тұлғамыз өте үқсас екеумізді оның да, менің де сыныптарымыз жиі шатастыратын...

Қарлығашым жеті-сегіз ұлды өмірге өкелді. Өзіне үқсанған шомбал қаралар. Бәрі де елгезек. Еңбеккор. Баяғыдағы әжесінің “Менің шәберем оқымысты бола қоймас, бірақ өлер жерін білетін акылды болып есіп келеді.” деп баға бергені есіме түсіп отыр. Күрбым сол кездे-ақ барап бағыттын, жетер межесін белгілеп алышты ғой. Біз болсақ басымызды анда бір соғып, мында бір соғып, жүрер соқпағымызды тапқанпа өмірдің жартысы өтіп те кетіпти...

Мен қалай қүйеуге тидім?

Дос қызым үйіне қонаққа шакырып отырып:

“Назгүл-ау, менің әпкем сенен екі жас үлкен. Өлі қүйеуі жок. Құпиянды айтшы, қалайша қүйеуге тез тие саласың?” — деп сұрады.

Тұла бойым ток соккандай дір еттім. Япыр-ай, менің тас маңдай тағдырыма қызығатындар да бар екен-ау? Мейлі! Бопты. Айтайын. Денемді ашу ма, ыза ма — беймәлім жайсыз сезім биледі. Төуекел. Әңгімемді бастадым.

“Иә, бірінші қүйеуіме үш күнде, ал екіншісіне бір-ақ күнде танысып, тие салдым. — Назгүл осылай деді де, тыңдаушысын зерттей қарады.

— Әйелдер босанатын үйдің, перзентхананың кезекші дәрігерімін.

Тұнгі жұмыстан шығып, үйге қайтуға жинальп жатқанмын. Өзің танитын Сөүле бар еді ғой, сол алқын-жұлқын жүгіріп келіп:

— Ойбай, тез жүрші менімен. Хромтау бекетінде біреуде ақшам бар еді ғой. Сол қарызымыды келіп алыш кет деп

жатыр. Беріп тұрганда алыш қалайын. Жүрші менімен. Өз күйеуім арақ ішіл қойыпты. Көлік-ті дос жігіті айдайтын болыш келісті. Бірақ жалғыз ілесуге қорқып тұрмын. Жүрші... — деп киылды.

— Жоқ, болмайды. Тағы тұнгі кезекшілікке шығуым керек. Астанадағы оқып жатқан үлкен ұлымға баруға жиналыш жүрмін. Жаңа жылдық мерекені пайдаланып екіуш күнге суранғанмын. Иә, одан да мен саған жол журуге жинаған ақшамды бере тұрайын. Тек тез қайтар. Арғы күні жолға шыгарда қолымда болсын.

Ежеуміз келісімге келе алмай жатқанда қасымызға бөтен жігіт жақындал, менің төс белгімдегі жазуды ежектеп:

— Назгул Тын-ылла-қа-лиевна, сізben сөйлесуге бола ма? — дегені.

— Жоқ! — бар ашуымды үніммен сіздіріп, — көзің жоқ па, мен бос емеспін! Сөзді бөлме!

Сөуле екеуміз бірімізді біріміз тындармай, әркім өз ұсынысын алға тартып әлекіл. Ауруханадан себін көтеріп үйлеріне асыққан жас босандар аналардың бірі гүлін ұсынып, бірі конфетін сыйладап, бірі құрғак рахметін айтып қасымыздан өтіп жатыр. Өлгі жігіт екінші рет жақындал:

— Сіз мені танисыз ба?

— Иә, иә! Танымын. Баршы енді, бара тұршы... Құтылғанша асығып, оны осындағы жас босандардың біреуінің күйеуі шыгар деп ойлад тұрмын.

Ақыры Сөуле жеңді. Өлде өзім жұмсақлын ба? Жұмыстан шаршап шығып, қырық шақырым алыс жерге селкілдеп тағы жол журуге көніп тұрмын.

Жалпы Сөуле қызық келіншек. Шағын бизнесі бар. Үйі бар. Жеке көлігі бар. Бөрі бар. Бірақ сөбі сүйуге асығар емес. Азаматтық некеде тұрганын алға тартады. Сондай бір сүмдік пайда болды ғой... Батыс-тың үлгісі ме? Күйеуі мұның бар тапқан-таянғанына ортақ. Бірақ еш жауапкершілігі жоқ. Бұл менің мыйыма сыймайды. Жә, ол өз шаруасы.

Жоқ, неге? Ол менің жақын құрбым ғой. Мен қоғамнан тыс өмір суре алмаймын. Мұндай келенсіз дүниенің етек алуына не себеп?

Ойым он тарауға бөлініп, айтылған уакытында келген көлікке мінсем ба, жүргізуісі манағы мені кес-кестеген жігіт. Иығында шені бар. Түрі сүп-сүйкімді. Жалма-жан Сөулеге сыбырладым:

— Мына біреуің төп-төуір сияқты ғой. Осыған неге занды түрде тиіп алмайсың?

— Күйеуімнің досы. Қызмет бабымен ауысып келіпті. Үйленбе-ген. — ол да ақырын сыбырглайды. Көзі жайнал, менің пікірімді біл-гениш асық.

Жігіттің ойында ештеңе жоқ сияқты. Салдырлап өнгімесін айттып келеді. Жолда екеуі тамақтанып алды. Менің аузым берік — оразадамын. Мына жол қашан таусылады деп армандалп келемін. Шіркін, жып жылы тәсекте рахаттанып ұйықтап жатсам ... Ештеңеге зауқым жоқ. Түнде тағы кезекшілігім бар. Ертең түсте поезбен жүріл кету керек. Өлі балама сыйлық та, тамақ та алмадым. Қашан улгерем? Не деген жауапсыз ана едім деп өзіме іштей ұрсып келемін.

Мына бір біріне жалғасқан мерекелер де таусылып бітетін түрі жоқ. Қошениң бәрі жарқ-жұрық еткен безендірулер. Дәп бір “хоп келдің, Жаңа Жыл!” деп жазбаса, жаңа жыл келіп есік ашпайтындарай...

Іә, осыдан екі айдай бұрын өкімшіліктен бір керек қағазымды алуға кірсем, бір қызметкердің:

— Жаңа жылдың безендіруді өлі бастамадындар ма? Не деген жалқаусындар! Ничего не знаю! Ертең кісі жіберіп тексертемін. Ілул түрмаса жұмысынмен қоштаса бер. Оны наурыз мерекесі келгенші алмайсың! — деп, зіркілдеп, ұрсып жатқанын естідім. Сонда ол жазу неше ай халықтың кез алдында тұруы керек деп ойлап қоямын.

Шындығында, бүйрекпен қабылданған (біздің наурыз сияқты табиғат занымен емес) християндардың жаңа жылды қарсы алулары ұзакқа созылатын және шығыны көп мереке. Соның тасасында төуелсіздік күні де ескерусіз қалып жатады. Өлде өдейі істеліне ме? Балабақшадан бастап орта мектеп, жоғарғы оқу орындарының шекірттері “жаңа жылдың шырша тойы” деп сабылып жатқандары. Оның үстіне әрбір мекемелердегі жылдың қорытындылар шығарылып, маралпаттау ресімін қосынды. Ұлттық салтсана солғын тартып кері қарай ысырыла береді, ысырыла береді. Бәрінен сорақсызы бұл күндері арақ өзендей агады. Жағасы жайлау, буы бүркүраған “тойлаушылар” сол есін жимаған күйі есікі жылды есікten шығарып тастағанша бұлғақтай береді. Алталдай азаматтың біразы қол-аяғын үсітіп, біразы бүйректі құртып, біразы бауырды іріткенші көшеде шашылып жатады. Мына жігіт те желпініп алған.

Желтінген жігіт қызды-қыздымен:

— Сіз, Назгұл, маған бірден ұнал қалдыңыз. Мен сізге үйленем! — деп қояды.

— Менің төрт балам бар. Екі алқаш байым және бар. Екеуі кезек-кезек келіп сойқанды салып тұрады! — деп, екі баламды төртеу, өлген байымды екеу қылыш айттып жатырымын. — Сен одан да басы бос қыздарға қырында, — деп, ақыл да айттып қоямын. Өңгіме, өзілге зауқым жок. Есіл дертім үйге тезірек жетіп демалу. Бос сөзден қашқаным қараған ол жок.

— Мейлі, сол төрт балаңмен аламын! — деп қар-р-рап тұр.

— Болды. Батыр жігіт екенсін! Саған тием! — деп кекетіп қоямын.

— Уәде ме?

— Уәде!

Мастығы тарағ, мына мерекелік эйфориядан шыққан соң есінде ештеңе қалмасына бек сенімдімін. Мені тек тынышыма қалдырса болды.

Сөуленің барған шаруасы сөтімен бітіп, қайтар жолда жаңағы жігіттің жұмыс орнына соқтық. Маған машинада отыра берме, тоңдың ғой, ең болмаса жылдыныш шық деген соң ішке кірдім. Мұнда да ас та тәк дастархан. Үсті толған арак-шарал. Ауыз ашатын уақыт та жеткен. Қызық енді басталды. Жаңағы Қолғанат деген жігіт:

— Мынау менің келіншегім. Мерекеге келіпті, — деп, жолдастарына таныстырмасы бар ма? Оразамды енді ашып жатқан мен шашалдым да қалдым. Өжетханадан үсті басымды реттеп келсем, бәрі қоғадай жапырылып құрметтеп, төрін ұсыныш бейек болады. Менің сөзімді ешкім тыңдар емес. Өзіліміз мұнша алысқа кетер демеген басым не құлерімді, не жыларымды білмеймін.

Сол күні түнгі кезекшілігімде тұрсам, Қолғанатым келіп тұр. — Құмашы, баратын жерім жок. Қасында отыра тұрайыншы, — дейді, өзі қызу. Кет дегенді ұқпайды. Алаканың бірдене кесіп кеткен. Қан ағып тұр. Қолын таңып бердім. Сол түнгі кезекшілікте менен басқасының бәрі орыс. Намыстаның өліп барам. “Байсыз қатын — баусыз оймак”, жүрт не дейді? Ұят ай! Ақыры күзетші дядя Ваняға өтініл, ол соның каморкасында тунеп шықты.

Ертеңінде бинттелген қолымен Сөуленің машинасын айдал мені базарға апарды. Астанада оқып жатқан ұлым

Азаматқа керектінің бөрін алыш, оны Қолғанатқа арқалатып, машинаға беттедік. Алтын сатушылардың тұсынан ете беріл, бірден екі сақина алды. Біреуін менің қолыма елшілді. Баға қағаздарын жұлып тастағанда сатушы шыр ете түсті. Жігіт саспастан ақшасын артығымен телеп, біреуін өзі киіп, екіншісін менің саусағыма салды. Алтын сатушы Роза төтей өлген күйеуімнің алайы еді. Көзі бақырайшы аузына сез түспей қалды.

Өзіме өзім іштей ұрысқаныммен осының бөрі маган сүмдүк ұнап тұр. Оқиға шапшаң айналдырыған кино лентасындай шала үйқылы мені шырқ үйіріп алыш барады.

Астанадағы “Ұлан гвардиясында” оқып жатқан ұлымды қасыма ертіп, марқұм күйеуімнің ағасының үйінде конакта отырмын. Саусағымда Қолғанат сыйлаған жап-жаңа неке сақинасы жарқырайды. Ал жарты сағат сайын ұялы телефонға тыным жоқ.

Беріне қаныққан соң қайынаға да, абысын да “басың жас, бес жыл артын күттің. Саған екпеміз жоқ. Жақсы адам болса тиіш ал” десті.

Астанадан оралғанымда Қолғанат күтіп алды. Қолында екі билеті бар. Сол күні мені Қызылордада тұратын әкешешесіне таныстыруға алыш кетті. Кіші ұлым Саламат тез бауыр басты. “Бізде неге папа жоқ? Қашан келеді?” деп жүруші еді. Үлкен ұл сыйлайды. Әрине, басында жатыр-қаулар болды, қанша дегенмен есін біліп қалды ғой.

Қыздай қосылған Марат марқұм да алақанына салушы еді, қайтейін?!

Қазіргі күйеуім де үстіме шаң қондырмайды. Екі ұлым камқор. Алла бүйіртса қызымыз да болып қалар деген үмітіміз бар. Бақыттыма қол созғанда төуекелшілдігім басым болар, өлде азаматқа сенім арта білемін бе? Ол арасын өзім де саралаған емеспін. Бар болмысым осы.

Назгул әңгімесін аяқтап құрбысының бетіне сұраулы жүзben қарады. Ол болса өте қызық кино көрген жандай ауызын ашып үйіп тыңдал қалышты. Бірақ басынан өткеннің бөрін айтқанына өзі де женілдеп қалған төрізді ме, қалай?

“Алыш қашудың” құрбаны

Осы сөзді естісем қай-қайдағы жыным қозады. Салт дейсің бе? Атам заманнан бары бар ғой. Бірақ ата-анасынан

алып қашу бар да, қыздың еркінен тыс зорлықпен алыш қашу бар. Мына екіншісі дүлей өзімшілдік, адам құқын таптау, әпербақан заңсыздық! Иә, маған да женгелерім айтады. “қазір қазакта не көп, көрі қыз көп. Кейде алыш қашып үйленгендер де бакытты болып жатады” деп. Мен бәрібір келіспеймін. Келіспеймін!

Атам қазактың қызы алыш қашуы — колы қысқалық қылып қалын мал төлей алмағандығынан шығар, не теңіне жете алмай ата-ана шешіміне қарсылығынан шығар. Қазір ше, бәрі бар; зан бар, дәулет бар. Осы салт неге керек? Тусінбеймін. Бейтіп ашына сейлеуім— өзім сол “алыш қашудың” құрбанымын.

Жә, бәрін басынан бастап айтпасам түсінбей отырган шығарсындар. Мен баланың үлкенімін. Менен кейін балалары тұрмады ма, әйтеуір өзіме тете ініммен арамыз бес жас. Одан кейін анам арасы бір, бір жарым жастан қазқатар жеті ұл туған. Мені өкем ете жақсы көріпті. Қасынан тастамай ертіп жүреді екен. Атқа мінгесіп алыш, жарбиыш артынан түспейді екенмін. Тура еркек бала сияқты едің деседі женгелерім. Шалбарланып алыш өкеммен бірге шеп айырлап, мал жайғай беремін. Шемеле саламын, бок аламын. Өкем “қолғанатым” деп еркелетеді. Мінезім де кесек. Турім де өкем сияқты. Бойшанымын. Даланың жұмысын ер баладай істей береді екенмін. Тек он алтыға келгенде кейлек кигізіпті.

Ең алғаш қызы ретінде өкеме шай құйып отырып естіген өнгімем, өкем шамырқанып: “егерде бар гой мен сол қыздың өкесі болсам, екі елдін арасын алатаидай булдіргенше сол күйеуден қайтып келген қызыымды ез қолыммен өлтіре салар едім!” деді. Жаңа даладан кіргенде хром етігін сілке шешіп, өлденеге ызаланып жургенін байқағанымын. Шешеме айтқаны-жаңағы. Есім кетті. Мен күйеуден қайтып келсем өлтіре салады екен. Енді жігіттерге сын көзбен қарай бастадым. Ертен қайтып келмеу үшін, жарды дұрыс тандау үшін. Қарасам ауылдағы жігіттердің бірі қысқа, бірі есерсоктау, екіншісі ақылы аздау-қысқасы еш қайсысы менің сыныма толмайды.

Мектепті бітіріп Алматыға мұғалімдер дайярлайтын институтқа окуға түстім. Мұнда да сол, менің ойымдағыдан ешкім кездесер емес. Біреуі қырындағы бастаса кез алдыма өкем тұра қалады. Мені еркелеткені, өз теңіне, оқыған

жігітке берем дейтіні... өзім аққұба өнді, бойшашын. Жұан бұрымымды анама сездірмей ара арасынан қайшымен қызып коямын. Өйтпесе қалың шашымның ауырлығы сондай басымды кекжітіп мойынның талыш кетеді. Ал бағының қыздары өсем көрінуі үшін шашына ауыр шашбау тағып, иегін көтеріп ұстауды үйретеді екен. Ал маған табиғаттың өз сыйы сәмбі талдай тік денеме өсем қондыра салған басымды қаншайымдай тік ұстауды жаратылсым өзі-ақ қамтамасыз етілті.

Сонғы курста оқып жүргенмін. Өзіме тете інім де қасымда, ол сол жылы ауылшаруашылық институтының бірінші курсына түсken. Гүлсім дейтін құрбым үшеуміз бір пәтер жалдалап тұрып жатырмыз. Дұрысы, екі баласы үшін менің өкем төлең жатыр. Гүлсім біздің ауыл жақтікі. Оған көптен бір жігіт қырындал жүретін. Сол жігіттің досы менін фотомды көріп сыртымнан ынтық болыпты. Таныстыртаныстыр деп жүреді екен. Сол күні қатты ауырып, тесек тартып қалған інімнің жастығын жөндең, тамақтандырып жатқанымда екеуі кіріп келді. Бетен кісіні жақтырмай ала көзіммен бір аттым. Жалтақтай қарал төрге етті. Гүлсім мәз, екі езу екі құлакта. Мен старостылығым ұстап тергей жөнелдім. Ауру кісі бар жерде көп отыруға болиайды деп қуып шықтым. Өуелі бүгежектеп отырған төртбак шомбал кара өлден соң жарқылдал, өзілкеш болып шыға келді. Себебін кейін білдім. “Сонда сенің інінді күйеуің екен деп, қызғаныштан жарыла жаздал тутігіп кеттім. Саған сондықтан қап-қара болып көрінген шығармын” дейді.

Өне-міне дегенше дипломды алыш елге оралдық. Өкे мені өзіміз тұратын қаланың ең төуір мектебіне орналастырды. Тоғызынышы класқа жетекші етіп бекітті. Өкем мен үшін қуаныш, жұрттың беріне мақтанып жур. Өкемдө мәз еткеніме өзім өзімнің көзілім толыш мен журмін.

Аяқ астынан шешем соқыршек болып, өуелі аудандық аурухана содан облысқа, одан Алматыға емделді, соқыршек жарылып кетіп өзөр деп жаны қалды. Мен күзетіп қасында болдым. Беті кішкене бері қараған соң үйді уайыдады. Еркек қос, тамактары қалай болып жатыр, аш құрсақ жур-ау, мал суалыш кетпес пе екен? Мен төуір болдым ғой. Сен қайта бер” дегенді шығарды. Автобуспен үйге келемін. Түсейін деп жатсам төрт-бес бетен жігіт көзіме бірден шалынды. Есіме дереу “сені алыш қашқалы жур” жегендері

түсे кетті. Жүргізушіге “мен ауыл шетінен түсем” дедім де, бұғып отыра кеттім. Сөмкемді сүйреп келе жатсам немерес інім жолықты, велик теуіп жүр екен. Сонымен үйге жетіп алдым. Өз құлығыма өзім мәз, келе бір тегеш болып жиналыш қалған айранды қайнатып, құрт жайып, кір жуып, дәмдең тамақ дайындал жүгіріп журмін. Манағы мені аңдыған жігіттер тарс есімнен шығып кетіпти. Күл шығардым. Үстімде кір-кір халат. Аяқта жыртық төпішке күлді үйден аулақтау сай жағасынна апарып тәгуші едік. Қаннен қаперсіз төгіп жатсам жар астынан бес ерек шыға келді. Шыңғырып үйге қаштым. Олар бас салып сүйрей жөнелді. Құзгі кепкен шәптің соядай-соядай бұтақтары тұщы етімді жыртып қан жоса етті. Оған қарап жатқан ешкім жок. Тура он метрге сүйреді. Тәбеме қоқайтып түйген шашым кетті дудырап. Кейін қайынаға айтады басын жұулып алған екенмін деп зәрем кетті. Содан кейін еш жерінен ұстамай, тек қастарында журдім дейді. Қокиған шаштан ұстап сүйрей жөнелсе бөлініп кеткен ғой. Ал енді бар ғой, сондағы сүйрекеннен қалған тыртық өлі бар. Міне қара! Сол зорлықты қалай ұмыт дейсің? Қайтіп кешірем? Денемдегі таңба еске салып тұрады ғой!

Содан, машинаға басып альп Жамбылдан бір-ақ шықты. Ондағы үйде бір түн болдық. Өкемді айтып қоркытамын. Бастық қой. “кетемші, кетемнен” басқа сез жок. Ұйықтамаймын. Жатпаймын. Жылай-жылай бетім көнектей болыш ісіп кетті. Екінші күні машинаға салып альп Меркіге өкетті. Онда бір түн болдық. Сонымен ана үйге бір апарды, мына үйге бір апарды. Тамақ ішпедім, ұйықтамадым. Түрегеліп отырып талықсып көзім ілініп кеткені болмаса, төсекке жатпадым. Ұшінші тәулікке айналғанда бір топ милиция келді-ау. Артымнан бір кора құтқарушым келгендей арқам кеңіп қалды. Ішінде бір әйел бар екен. Сол жетекшеп ваннага кіргізді. Жуындым. Ес жидым. Арызыымды айтып жатырмын. Сүйық шоколад деп бір шай ішкізді. Протокол толтырып жатыр. Үйіме қайтатын болдым деп мен қуаныш отырмын. Жасым жиырма төртте десем, кекесінмен мырс еткені. Өкен арыз түсіргенде қызыл он сегізге толған жок, бәрін сottатамын деп еді деді. Менің тұла бойымнан сұық тер бүрк етті.

— Мына жігітпен қарайлас екенсің, қайтып барғанда не дейсің? Үш күн осында болдың. Берібөр қыз екеніңе енді

ешкім сенбейді. Қалған өмірінде соны ғана дөлелдеумен етпексің бе? Байдан қайтыш келген дейді. Өкенің сүйегіне бұдан артық қандай таңба саласын? Ойлан. Үш сағат уақыт береміз. Ойлан. Жақсылаш ойлан. Біз қасында боламыз. Ешкім сені қорлай алмайды. Қорықпа. Тек ойлан. Әбден ойлан. Милиция қорғаным деп жалаулатқан жылдар еді ғой. Арқамды тамға тірегендей болған көңіл күйім зым-зия. Оған дейін неше түрлі жалыну, қорқыту еш әсер етпеген. Өкеннің сүйегіне таңба түсіресін дегенде баяғыда “ондай қызды ез қолыммен өлтірер едім” дегені қулағымда жаңғырықты. Сақалы сапсиган шал есіктің алдына жатып алғанда аттап кетуге бейіл едім. Мына сез алғынбас қамал болды. Менің әрпі-терпі көңіл күйімді байқап калды-ау, бір женге-сі келіп басыма орамал салды: сен біздің өулеттің ең ерке келіні боласын деп бетімнен сүйді. Бұл жолы орамалды басымнан жұлып альп айқайлауға шамам келмеди. Тек милиция әйелдің қолынан тарс үстап алыш сіз кетпенізші дей бердім. Талып ұйықтап кетішпін.

Бірақ күйеуімді өлердей жек көрдім. Сондықтан әр ісі сүйкімсіз көрінді, тіпті алғашқы неке туні пышап дайындағаны да ашу шақырды. Ол мен қыз болмай шықсам ез саусағын қанатып ақ жаймаға тамызбақшы екен. Сондай ашуландым. Маған сенбегені үшін, бұлғынған қыз ғой деп ойлағаны үшін. Иә, дұрыс қой. Былай менің абыройымды ойлаған сияқты. Бірақ мен туралы неге арам ойлады, айтшы? Оған ондай правоны кім берді. Ол сондай пасык, арамза!!! Бір үйге тұрактамай менің әкем тауыш алмасын деп істегенін көрмейсің бе? Сүйгені рас та шығар... Әлі күнге сені қимаймын дейді ғой, сұмырай. Иә, дұрыс айтасыз, өзім де әр көкірек болғанмын...

Содан кіп-кішкентай бес-алты үйі бар жерде өмір сүріп жаттық. Өлгі төрт жыл оқып алған табақтай қызыл дипломымен төрт-бес баланы оқытамын. Ең кемі орта мектеп, болмаса жоғарғы оку орнына лайық біліммен... ең болмаса бір ай әкем орналастырған мектептің жалақысын ала алмағанымды ойласам ішім күйіл кетеді. Қылқысы біз бір-бірімізді түсіне алмадық. Кейін орталыққа көшпіл келдік. Ол милиция болып орналасты. Осы кезде агрессиясы көбейді. Үлкен ұлымыз енемнің қолында болатын. Кішісіне екіқабаттын. Енді-енді қимылдай бастаған. Жұмысты жақсы көрем дедім ғой. Сол жолы ауданнан үздік шығып,

еңбегіме диплом беріп марапаттаған. Құжат алу үшін өзім қол қоюым керек екен. Таксимен барып келдім. Өндөтіп, кешке келетін курбыларыма дипломымды жуып бермекші болып мерекелік дастархан дайындал жатқанмын. Кіріп келді. Машинамен қайдан келдің? Ойнасың кім? Деп жаңымды жағамнан ала түсті. дипломымды көрсетіп, мактандықшы едім. Алғашында түсіндірмекші болып талпындым. Қайдағы. Ештеңе естімейді, көрмейді. Бір үрып әйнегін сындырып, дипломымды жыртты. Мен де долырып алдым. Сөзге сөз ілесіп кетті-ай бір. Саусағымды қырқып түсірді. Бетіме пистолетін тақағанында столды итеріп тастап, көшеге қашып шықтым. Екінмен қазып қойған орға құладым. Жұп-жуан құбырды өлі жаба қоймаған үзыннан үзак траншея. Екпетімнен түсілпін. Есімді жисам қолымнан акқан қан шүмектеп тоқтар емес. Оны топыракқа көмдім. Міне, мынау. Жарты саусақ. Молақ болып бітті. Байым болса айқайладап көкке мылтық атып, аласұрып жүр. Басымды көтерсем атып салатын. Атша мініп, құшактай құлаған құбырыммен жылжи бауырлап үйдің түсынан үзап кетуге тырыстым. Жалаң халат, тәпешкемен күздің қара суығы денемді қарыш барады. Ұлымның көрер жарығы бар екен. Әйтеуір тірі қалдым ғой. Біраз жоргалап барып байқасам мына жер алса сияқты. Қазған ордан шыға алатынның көзім жеткен сон, ауынап түсіп, жанұшыра қарсы беттегі үйдің қақпасын қактым. Ол бір окушымның үйі болып шықты. Үй иелері жедел жәрдемді де, милицияны да шакырды.

Кейін белгілі болғаны: сол күні күйеуімнің наша шегіп алғаны.

Осы үйден келіп әкем алып кетті. Баяғы “байдан келсөң өз қолыммен өлтірем” дейтін әкем.

Қой, құрысын несін айта беремін. Мен бейбақ осы ісін де кешіріп, екі баламның әкесі ғой деп, онымен он жыл ит ырғылжынмен отасыппын. Ол бір бақытсыз жылдар... бақытсыз...

“Женгетай” жездे

Саябакта демалып отырганмын. Жан-жағым малынған жасыл жапырағы жайқалған ағаш. Сиреннің сиреп, гулдердің жайқалып, нағыз жұпарын шашып, ауа өсем істен бас айналардай керемет кезі. Өз өзіммен сырласқан

оңашалықты дарылдаған үн бұзып жіберді. Менің арқа жағымда бос орынға сөл ентіге жетіп жайғасқан екеудің өндімесі ап-анық естіліп тұр. Тұрып кеткелі оқталдым да, қағаздарымды жинай бастадым. Өзгенің өндімесін сыртынан тыңдау ыңғайсыз болар.

Олар мені байқамады. Такырып тіпті қызық еді. Не де болса ақырын күткім келді. Сонымен, мен естіген сөзге сіз де ортақ болыңыз

А, айтқандай еркектің үні ғана анық, қыздың сөзі еміс — еміс естіледі. Өз жанымнан өтірік сөз қосқым келмеді. Онсыз да бәрі туспінікті сияқты. Сонымен:

“Өй, балдыңжан, аппақ балтырың жарқ-жүрқ етіп, тіпті жеткізер емессің ғой! Көрі жезденді аясаншы. Демігіп кеттім. Мына бір ағаш орындықтардың біріне демалып алайыңшы. ... иә, білем, мейрамхана таяқ тастам жерде. Асықшашы. Айтартымды жұптап алайын. Ол жерде шу — даңғаза. Сөзімді естіртпес. Әрберден соң “мені мейрамхага апаршы” дегенім сені үйден алып шығудың амалы. Ағаженгенің көзінше не сәйлесе аламыз? Алыс ауылдан әдейі келдім. Тұрмыстарыңды қөрдім. Екі ағаң да бакуатты екен. Өзінің айлығың қанша? Қанша?! Сексен мың! Жарайсың, Хансұлуым! Біздің ауыл үшін дүниенің ақшасы. Ақша жұмсауға ұқыпты шығарсың? Пәтер сатып аламын дейсін бе? Жөн-жөн. Бірақ мені тыңдасан “күйеу сатып алпы” дер едім. Жок, өзілім емес, айналайын. Зейнеткерлікке шыққалы ешкімге керегім болмай өзім де құлазып журмін. Кеше апаң марқұм түсіме кіріп: “Бар, қалаға тез жет. Хансұлу күйеуге тиейін деп жатыр. Әкем орынындағы жездем деп сені жақсы көруші еді. Тез жет” деген соң, тұс те болса жақсылық қой. Жақсылыққа жорыш әдейі келдім. Жіп таққан адамың бар ма? Кеше көпшіліктің көзінше сұрағаныма өкпелеп қалдың-ау деймін, кешір айналайын.

Төркіні Қарағандылық үлкен женгенден сұрасам: “это ее дело!” деп бағжаң еткені. Қостанайлық кіші женгенден сыр тартсам: “откуда мне знать и зачем?” деп иығын қиқандатқаны.

Өй, менің қарынымды не қыласың? Сөзді бұрма. Қазір мейрамханалар бұрынғыдай емес кіргізе береді ғой. Баяғы біздің жас кезіміз-де тәртіп қатаң еді. Шалбардың қырын пышактай етіп үтіктемей, ак кейлекке галстук тақпай мейрамханаларға кіргізбейтін. Қөп болса мына шал кіндігін

ашкан қыздарға еліктеген шығар деп күлер. Үйх-ық-ық-ыны... иә, балдызжан, апаң ол дүниеге кеткелі келіннің алған кей-легінің шағы кездеспей қор қылды ғой. Менің жуан қарыныма жетпей, жетсе түймеленбей, ығырымды альш бітті.

Рахмет, осы балдызым болмаса менің жағдайымды кім ойлар? Жә, ондай катқан киімді мына сенің тойында киермін. Сөз тында.

Осы өзі биыл нешеге келесің? Мәссаған!!! Маған әлі кішкентай қыз сияқтысың. Бесіктегі кезінен білгендігімнен шығар. Қыздың жасы — он сегіз. Қазақ жиырма беске келгенді көрі қыз атаған. Ал саған көрінің алдына “сүрленген” дегенді қоссам ба екен?..

Жарайды, жарайды. Өкпелегенінің өзі әдемі екен. Дос жылатып айттар демей ме? Менің өңгімеме құлақ ассын деп әдейі қажап жатырмын. Денсаулық дегенді өзің көріп отырсын. Қарға адым жерге ентігіп қаламын. Демікпе. Басында тонзолит, сосын бронхит деген кілен “иттерді” айтушы еді дәрігерім. Қолды сілтей салып, емделмей, елемей жүріп жеткен жеріміз осы ғой. Мотор тартпай барады. Апайың марқұм тағы бүгін түсіме кірді. “Мына құйышпактың шошқақ ұшын Хансұлуға жегіз. Шошандап қүйеуге тез тисін. Өзің әке орнына тойға бас-көз бол. Маған асықпа. Ондағы шаруаны бітірген соң өзім шақыртып алам.” Түсім ап-анық. Сөзі нақпа-нак. Мен қорқайын дедім.

Апайың марқұм өлгенде жастаумын ғой, тесек жаңтырпаққа ойым кеткен. Қыздарым өуелі тулады. Сосын келісті. Сосын бірге іздесті. Айтпақшы, оның бәрін өзің білесің. Қыздарым өзінді шақыртып альш ақылласқан еді ғой. Ие...

Мен сол сенің апайыныңыз өткен он шақты жылда отбасының қадірін анық ұқтыйм. Келін бар ғой, бірақ...

Апайың ез отбасының үлкені болған соң ба, бәрінді өзі қамқорлап жүретін. Оған маманың ерте өлгени себеп болған шығар? Сол кісінің ықпалымен мен де сендерді өз бауырларымнан бір де кем көрмеймін. Түсіме қайта-қайта кіріп мазалауы тегін емес шығар. Ертен о дүниеге барғанда алдынан шығып, сен туралы сұраса не деп жауап берем?

Жыламашы, балдызжан, мен сенен өрмен жылағым келіп отыр. Одан да сөз тында.

Софыскүл апайыңды білуші ме едің? Есінде ме? Иә, иә, сол кісі. Өткен аптада қайтыс болды. Марқұм, соғыс

жылдары туылып, қайратты — қайсар қызы болыш есіл еді. Кеңіпар тарағанша трактордың құлағынан түспеді. Бір азаматтай-ақ ауылға еңбегі сіңген. Сол, зейнетке шыққан бір айдың ішінде мыж-мыж болыш тез қартайды. Өте тез қартайды. Е, байғұс, кезінде ерге де тимеді. Совет өкіметі қара жұмыс істеген қыздарды қатты қолпаштаушы еді. Съезд деп Алматы — Москваға да шапқылады. Құрдасымғой. Оны менен артық кім біледі? Шіркін, көрікті еді-ау, еңін көпке дейін бермеді. Талайдың арманы болды. Не дерсің! Бәденді болатын. Бірақ уақыт өз дегенін істемей қоя ма? Бар жоғы бір айдың ішінде ауылдағы өзімен құрдас, қатарлас кемпірлерді өжім жағынан күштің жетіл басып озғанын көргенде жағасын үстамаған жаң қалмады. Сонда түсіндім — Соғысқұлдің бар тірегі жұмысы еken. Одан айырылғанда тірексіз қалып құлал түсті. Құрт қартайды. Не бай жоқ. Не бала жоқ. Бала жоқ болған соң немере жоқ. Айналдырган бір жылдың ішінде жауырыны бүкірейш, аяғы қамытаяқ болыш, жүрісі бұзылып, денесін екі жағына кезек тенсеп, үйрек құсан азар жүріп қалды. Жүріп-тұруы қындаған соң қаладағы арнаулы үйге өткіздік. О дүниелік болғанда ел-жүрт жиналып, сүйегін облыс орталығынан машинамен ауылға өкелдіріп, өке-шешесінің қасына жерледік.

Сонда деймін-ау, шалы бар қурдастары өлі тың. Немерелерін бағып, шауып жур. Ал етегін жел көтермесе, жігіт көтермеген Соғысқұлімді аяймын дағы...

Шал аз-кем аялдал тағы сейлей бастады.

Хансұлу, сен жас жағынан менің қызыымдайсың. Рұхсат ет, тойында марқұм қайын атамның — сениң өкенінің орынында терінде отырайын. Сейт, айналайын. Менің балаларымның бәрі сенен кіші ғой. Бәрін аяқтанырдым. Немере-жиендердің бәрін іискедім. Енді сен үшін де куанайын, таршылық жасама.

Ешкімім жоғы қалай? Сен сияқты сұлуды көрмей жүрген жігіттің көзін өзім — ақ ойып тастайын!

Үнсіздік ұзакқа созылды. Мен де қыбыр ете алмай отырмын. Япармау, мынау қазіргі бар қазактың жанын ауыртып жүрген мәселе емес пе? Қазіргі бойжеткендеріміз өр түрлі себеп-сылтаумен не еренсіздікten, Алланың бұйырған аманатын орындаі алмай, табиғат берген ана

булу бақытынан макұрым қалып жатыр. Қоғамның нағыз ем қажет етіп түрган тақырыбы осы емес пе?

Ұзакқа созылған үнсіздікті жеткірінген жезде бұзды.

Кешегі ағадың үйінде қонақта бірге болған Султан деген жігіт сенен көзін алмады. Өйелі өлген дейсің бе? Екі баласы бар?

Е, ағадың досы болса несі үят? Фылыми атағын не қыласың? А, онда, мейлі. Оқымысты адам жаман болмас!

Болды, болды, балдызжан! Қалғаның өзіме жібер. Кешке келген соң ағаннан телефонын сұрап алғып, сол Сұлтаның мен өзім сейлесем. Жоқ, айналайын. Саған сезімнің көлеңкесін де түсірмеймін. Ата сақалым аузыма біткенші адаммен сейлесуді білмесем, құным көк тыны болғаны да... сөзбе-сөз?

Былай деймін... ыммм... шақырып аламын да, “менің бір қымбат партсигарым бар еді. Кеше сен кеткен соң соны таптай қалдым...”

Басына пөле салсам ақталамын деп бар сырын актарар. Көзбе-көз сейлескен соң, ойын сұыртпақтап біліп алмаймын ба? Көрі жезде өз қиялыша өзі мәз болыш, алаканың ыскылап құнжандап кетті. Сөзі пысықтау, ойы нық шыкты.

Бетің неге жанып тұр? Хансұлу десе нағыз хан сұлусың өзі! өзінді өзің сыйлай біл. Өзгеге сыйлата біл. Жас дәуренінді көр қылма. Махаббат деген — бақ құсы. Мәңгі қолына ұстап жүрген ешкім жоқ. Қолыңа келіп қонғаның бағалай біл. Табиғатыңмен тайталаспа. Оның да өз зандылығы бар. Оның да өз шегі бар. Иә, шегі бар. Уақыт деген өтеді де кетеді. Соғысқулдің тағдырын қайталама! Оныңмен ешкімге ештеңе дәлелдей алмайсың! Ешкімге! Тіпті, езіңе де!

Махаббат деген — сезім. Өмір бойы сол ынтық сезімдеріне қылау түсірмей өтетіндер бар. Өне, солар шын бақытты. Ал сен бақыт дегеннің құнын түсінетін қызысың! Солай ма?

Иә, бақыттың шын құнын түсінетін аруларымыз аз емес. Солардың беріне осы Хансұлудың жездесіндей шын жана-шыр жандар жанынан табылғай деп тілейікші, ағайын.

Бес қыздың бел шешілесі (немесе күйеуге тилю науқаны)

Бұлар ең соңғы бөлмеде, ең соңғы қабатта тұрады. Ең соңғы курста оқиды. Ең соңғы каникуланан оралды. Бүгін

төрт көзі түгел. Былайынша, бесеуі. Бір алтадай бірін бірі көрмеген кездегі әңгімелері жиналыш-ак қалған екен. Айтып тауыса алмай кеш жатты. Жарықты сөндіріп, ұйқыға кіріскендері сол еді, аз етпей есікке таяу жатқан сары қызыңдың тұрып жарықты шырт еткізді. Өз қылығына езі мәз, сылқ-сылқ құледі. Қыздардың бірі көзін қорғап, бірі тан қалып, бірі ұрсыш-бәрі өз кезқарастарын білдіріп жатыр. Олардың сезін құлағына қыстырмаған сары қызы:

— Менде бір тамаша идея бар! — езі жерден жеті қоян тапқандай екі езуі екі құлақта. — Ең алғаш сүйіскеңімізді айтайық.

Аты сел орыспалау. Сүйір иек, тентек мұрын, шегір көз. Көзі жайшылықта жасылдау, ашуланғанда сол түске бір тамшы сут тамып кеткендей ылайланса, кектенгенде шақшиш кісі қарауға сескенетін. Селдірлеу құлғін сарғыш шашты. Кезінде біраз әуреледі. Дәңгелентіп қызып көрді, желбіретіп жайып жберіп көрді. Үшін шырышықтан сәндең те көрді. Өз шашының тусі де ұнамай “сыптырғыш” деп езі кекететін. Үлкен қалада ол мәселе болудан қалды. Қаласаң қара макпал шаш, болмаса мыс қызылы керек пе? Жақында бір жігіт өз шашын мактаған соң қызыымыз химиядан да бас тартып тұр. Бірақ қай күні жаңа қарқынмен шашына кайта жармасарын кім білсін. Терезе алдындағы қайрақтай қара қызыңдың тұрды:

— Ерікпе! Сөндір! Ертең айтартсың. Тіпті адамға қиялдауға да мұрша бермейсіңдер ғой!

— Aha, білдім сенің бәрібір үйіктамай жатқаныңды. Одан да осындаған түнде бір-біріміздің қиялымызға үңілейік. Ертең-ак біреуің “пәленше күтіп қалды” деп, екіншің “түгеншееекен шақырып тұр” деп, колға ұстапайсындар.

— Сосын сессия. Ар жағы ауылымызға қайту.

— Өй, қойшы! Сен қашаннан бері сары уайымға салынатын болғансың. Өлі бітіруге төрт ай бар. Қоштаспай тұра тұр, — мұны айтқан осы бөлмедегі ең ересегі, институтқа педучелищенні бітіріп түсken Бибігүл. — Ертең сабак. Үйықтандар.

Бөлменің төртінші тұрғыны басын көтеріп отырды:

— Қызық екен. Айтсақ айтайық. Мен қарсы емесін. Үйқы қашпас.

Қара қызы көпшілгін жіберіп үрды:

— Ал тапқышбегім, баста өзің. Өзі де көпшілгінің артынан үкідей үшып жетіп сары қызың кереуетіне құлады. Манадан үнсіз жатқан акқуба қызы төрелік айтты.

— Сықылтықтауды қойыңдар. Сырың ішінде сыймай бара жатса өнгіменді баста. Немес үйқы бер.

— Неге мен? Идея менікі. Хи-хи-хи... Өнгіме сендерден.

Алыс-жұлдыз тоқтап, күлкі саябырлад, қара қыз онсыз да қып-қысқа тесек кейлелгінің етегін шымши көтеріп, сұық еденді үрке басып орынына кайтты.

Осы белмеге қонақ есебіндегі, керші, қазір белмелестері каникулдан орала қоймаған соң осында түнеп шықпақшы болған Балзия басын көтерді. Тіктеліп отырып, сез бастады:

— Мен-ақ бастайын. Сендер оларды танисыңдар, КазГУ-дің студенттері. Бек пен Айтуар. Екеуі үнемі бірге жүретін. Тел қозыдай екі жігіт еді, бойлары да, тұлғалары да бірдей. Екеуі де өлең жазатын. Мен олармен бір әдеби кеште таныстым.

— Хи-хи-хи... не, сен екеуімен де сүйісіл...

— Сөзді бөлмеші.

Қара күздің сылбыр жауынды кеші болатын. Ұп-ұсақ тамшылар буркіп тұр. Сондай сұық, кеш екенін, жаңбырдың қараңғысы екенін айырып болмайсың. Ауадағы сұық ызгар сүйегіне дейін жетеді. Айналаны бозғылт шымылдық буркеп тұргандай.

— Түу, мынауың ұзак-шұбақ бірдене болып кетті ғой, тезірек қалай сүйіскендеріңді айтпайсың ба?

— Мені сол кезде оятарсыңдар, ал, үйқыға кеттім.

— Айта бер, Балзия. Көп болса өзі өнгіменден қашып жаткан шығар, сосын?

— Айт, айта бер, дескен үндерінен қызығушылығы оянғанын бірден байқауга болатын.

— Танисыңдар дедім ғой. кейде сендердің біреулерің маган серік болып бірге шығатынсыңдар.

— Иә, жігіт екеу болған соң, сен жалғызырамасын деп ілесетінбіз.

— Ондайда жұптасып бір қыз, бір жігіт бол бөлінетінбіз. Мен көбінесе Бектің жанында қалам. Ол өлең оқиды. Өлендері керемет, тұнып тұрган сурет. Сол жаңбырлы кеште жалғыз Айтуар келді. Алдында бір айдай ма, көрінбей кеткен. Сәлемдеспестен бірден Бекті сұраптын. Егіз қозыдай жұбын жазбайтын болғандықтан шығар... Ол болса сол қылышыма ашуланды ма екен, білмеймін. жатып кеп жамандады. Өр берден кейін оның қатын-баласы бар, диалект жинап практикалық айлық өткізген соң сол жерден әйелін

сағынып үйіне тайғанын жеткізді. Мен ұнсіз тыңдал келе-мін. Бек ешқашан өз сезімі жөнінде ештеңе айтқан емес, менде тіпті оны ұнату сезімі болды ма, жоқ па сол кезге шейін ойланбаптын да. Мені қызықтырған тек өлең-өлең-өлең. Және өзі өдемі оқитын. Тіпті маган одаша қалғаны-мызда “сен де жазасың гой” деп, “ен болмаса бір шумағын оқыпшы” деп қолқалайтын. Мен сол тұста өз жазғандарымды сол құсал жатқа айтып берсем бе деп жаттауға кірістім. Бірақ бір рет те оқымадым. Өлеңімнің бөрі де жаман сияқты, ол күлетін сияқты болып тұратын. Дұрысы, Бектің сы-науынан қызықтым-ау деймін.

Айтуар болса “мен... “менің өкем... “біздің үй... деп, біраз әңгімелер айтып тастады. Біреуі құлағыма кірер емес. Біркелкі интонация, іш пыстырар қызықсыз сөздер жиркеніш тудыра бастады. Әр берден кейін осы тұрысыма өзім ызалаған бастадым. Түн болса, мейлі; шығарып салмаса, мейлі нeden қорқамын. Қалада қасқыр жоқ. Әне бұрышты айналсам көше шамының жарығы. Кезекті бір “мені... басталғанда қољиммен бөгөп “қайтамын” дедім. Ол ұқлай карады. Сөзіңің ешқайсысы құлаққа кірмей жатқанын түсінер емес. Неге деп таңданады.

“Тондым сенің қызықсыз, жылусыз сөздеріңнен, тондым сенің пасыңк ойындан, тондым сенің...” Бірақ оның бірін де сыртыма шығармай тек “тондым” дедім. Ол тағы да менің салалы саусақтарым, жан жылуы, сезім шуағы сияқты бірденелерді айтады. Кенет өңмендей ұмтылып сүйіп кеп алды. Қыздар десе бар гой, ауызынан көлбақа сүйгендей соншалық жиіркеніп кеттім, құсқым келіп кетті. Қалай итеріп қалғанымды да білмеймін. Қамсыз тұрды ма, тоңқалан асып балшыққа құлап түсті. Мен болсам түк ойлай алмай есендіреп қарап қалыптын.

Естерінде болса, сол кезде төрт-бес күн қатарынан сейлемей жүрдім.

— Иә, бәріміз саған не болды деп таңданғанбыз.

Мен сол кезде көп ойландым. Айтышы, Үлжан, неге қыз бен жігіт бірге журсе тек сую, махаббат туралы сөз болуы керек? Немене, ұл мен қыз достасса болмайды деген заң бар ма?

Екеуі де өлең жазғанымен өз басым Айтуарды ақын деп мойында маппрын. Ал Бектің өлеңдері республикалық баспасөзде жарияланып жүр гой. Болашакта мықты ақын болатын шығар. Бәлкім мені еске алса бір сары балапан

сияқты қыз мен өлең оқығанда аузын ашып, есі кете тыңдаушы еді, менің өлең өлкесіне келуіме соның ықыласы себеп болды деп... мүмкін есіне де алмас. Сол бір жаңбырлы кеш болмағанда мен де өлең жазып кетер ме едім. Бір дәптер етіл өлеңдерімді Бекке бермекші бол дайындағанмын. Олар Қадыр ақынның “мына қыздан көз жазып қалмандар, тубінде осыдан бірдене шығады” деп тапсырганан қалай түсінгенін білмеймін, ал мен соларға ілесіп жүрсем өдебиет ауылыша келермін деп дәмеленгенім рас. Көп ойландым. Айтуарды да, сондай жігітті досым деп сенгені үшін Бекті де жек көріп кеттім. Өлеңді жақсы көре берермін, бірақ енді өзім жазбаймын деп шештім. Міне, қыздар, мен үшін алғашқы сүйіс тым қымбатқа түсті. Жігіт біткен көзі тайса досы туралы жаман сойлейді деген ойдан ұзак уақыт күтыла алмадым. Сатқындық ең жаман нәрсе дейтін өкем. Солай, қыздар.

Бәрі жым-жырт. Қарсы тәсектен басын көтерген қыз “үқсас екен”, деп терең күрсінді. Артық еті жоқ сұлу балтырын асықпай жинап иегін соған сүйеді. Белмеде жарық болмаса да көше шамының сут сөулесінде өсем қозғалыс жүрек қылыша тиіп-тиіп кетер-ді. Мінсіз сұлу мұсін, акқу қозғалыс бір жұмбақ сырға құмықтыргандай ешкім тырс етпеді. Танауы сөл қусырылып, тұнжыр кезі алдындағы белгісіз нұктеге қадалып қалған. Көз аңғалағындағы көленке де ішкі толғанысының белгісіндей.

— Мені толғандырып жүрген биік махабbat. Сондай шынайы асқақ сезімге өзімді лайық еместін-ау деген ой жанымды жейді.

Қызық күткен қыздар “айт-айт” десті.

Кенет сұлу тана көзі бір жарқ ете түсіп, нәзік денесін бұлан еткізіп жұмсақ тәсекке атып үрды да, “қыздар, қинамандар. Кейін айтам” деді. Сендерден басқа сырласым жоқ. Мұны да айтармын. Ал қазір сендердің тақырыптарынан шықпайын. Алғашқы сүйген ерін туралы айтсам, мен ол жігіттің өміріме қашан енгенін байқамай да қалыптын. бір топ қыз кинодан дуылдасып таласа дауласып шықканбыз. менің үйім ең қашықта, Сайран екеуміз көптен жырылып оқшау кетіппіз. Менен үлкендігі бар, сыйлаймын, ештеп сескемін. Өзі сұлу жігіт болса да маған дөрекілеу көрінетін. Қазір ойласам ол міnez дөрекілігі сияқты. Ақ қыраулы қыс. Қар жалпағынан түсіп жатыр. Бір мезет

табиғатты тамашалап кетсем керек, ол мені қаңылтыр дуалға жапсырып қойып ошағандай күйдіре сүйді. Қандай сезім билегенін білмеймін, құшағынан зорға сытылып шығып, жаңағы кинодағыдан жағынан шапалақпен шарт дегіз... қолым тайып әдемі болмай, мұрынының ұшына тигені. жып-жылымшы бірдене, өуелі қан екен деп шошып кеттім. Сейтсем, анау, әлгі мұрында болатын қоймалжың әлгі...

Қызы біткен мәз. Сық-сық, хи-хи, сынғыр-сынғыр...мырсыр күліп зорға тоқтады. Бұл қызы шіркіндерге дауа бар ма, әсіресе, жігіттер туралы сез болғанда.

Бірақ сұлуды қайтып мазаламады. Кейін деді ме, кейін. қазір сұрау пайдасыз. Біз де, оқырманым оның сырымен ең соңғы тарауда толық танысадымыз. Қыздеген құпияшыл халық қой. Бір тәуірі бұлар бірін-бірі білгеніне міне төрт жыл. Одан да келесі арудың қалай сүйіскенін байқайык.

— Өзілге басталған әнгіме сияқты еді. Сайып келгендे жар тандау мәселесіне тірелгелі түр. Алдымыз жиырма үште, соңымыз жиырмада ілккен екенбіз. Махабbat деген құпияның етегін түргіміз келеді. — Салмақты басталған сезге бәрі құлағын түрді.

Қызымыз негізі қара, қалаға келгелі үн беттенген, танауы талпиңцы, үш жағы делдиңкі, үш бұрыштанып иектің етегі онша теір емес жануарды еске түсіретіндей ме, қалай езі. Біртоға, сұлусып сзылмайды, орынсыз дөрекіленбейді. Бәрін алдын ала кесіп-пішіп алған траекториямен жүреді деп кекетеді ұнатпағандар. Бірақ қызымыз катып қалған демогог та емес. Сын көзбен караған адам оның ах-ух деп өліп-талып жататындардан да асқан сезімтал екенін елей бермейді. Тиянақты, терең ойладап барып сезімге ерік берер, тіпті төрелік айтып жіберер жері де бар. Онысы біреулерге жақпай да қалады.

— Жаз. Құрылышта істеп жатырмыз. Біздің бригаданы таситын шофер жігіт менің алғашқы сезімімнің иесі болды. мектепте бірге оқыдық. Жолымыз талай тоғысып, талай бөлініп жүрді. Мен сол он бес қыздын бригадирі болдым. сондықтан машинаның кабинасы менікі.

— Өзің өуелден-ақ басқару жұмысында болдым деңі, комсоргім.

— Қойшы, сезді бөлме, өзің қызыл дипломға оқысынаң қайда қалдың? Өңгімелі Бибігүл институтка педколеджді бітіріп түскен-ді.

- Азабым!
- Түү, шуылдақтар-ай, қарама буларға, айта бер.
- Жалпы мен бұлай ойлаймын. Мысалы сен кеше “жігіт емес екен, ең құрыса дұрыстап сүйісे де білмейді” деп келдің. Жә, мен жігітті мінегелі отырған жоқтын. Менің айтпағым баска. Сағанғана емес, қызық үшін кез-келген жігітке ерін тосатындарға. Ертең шын сүйгеніңе жолықтайсын ба? Сонда еркім бір сілекейлекен ерініңді үялмай оған қалай тосасын?
- Ааа, маған ақыл айтпай-ақ қой! А-аал, ол қашан жолығады екен деп бақырайшы журе бермекпін бе сенің ойыңша! Ааа жігітпен қыдырма, кітапханадан шықпа! Қой, төте, ең болмаса картайғанда пәлен жігітім болған деп айтып отырмаймын ба! Сары қызы күлкіге шашалып мәз болды:
- Пәлі, картаймай тұра тұр. Жігіттерің қаңғыш қалар!
- Бояуды баттастырып жаға берсең бәрімізден бұрын картайыш кетерсің деп қорқып үйліктай алмай жатқанымды қарашы.
- Үйліктамасаң үйліктама, тек мен үшін қайғырма. Ертең айтам деген өңгіменді ұмытпасаң болды.
- “Сорпа саған сез жок” деген, сонымен, сезінді жалғай бер, “шофер жігіт”..?
- Иә, шофер жігіттің бар қылышы бір жақындал қалған куанышты сездіргендей. Сол күні жаңбыр төпеп жауып кетті де, еш жұмыс істеуге мүмкіндік болмады. Салдырлап жеткен жайдың машинаға у-шу болып тиеліп алдық. Мен кабинадамын. Жұмыс орны мен жататын жеріміз онша қашық емес-ті. Жетсімен қыздар жым-жылас жатаққа сұңғіп жоғалды. Шоферім менің білегімнен үстай алды. Жібермей өлі отыр. Кейін оның сол алақанының қызыуын дәл сол күйінше ұзақ уақыт сезініп журдім. Өзі маған қарамайды. Мен де сейлеу керектігін ұмытқандаймын. Ол ақырындал саусақтарын жазды. Менде үн жок. Ой, қыздар, шырын шақ деген осы шығар. Қазір ойлаймын, сол кезде түре желсем буыннымды баса алмас едім. Шоферім кенет шошып оянғандай машинаны жұлқи айдал жөнелді.
- Токтай қал, “шоферім” деп жұмбактап отырғаның Төлеген емес пе?
- Ой, қандай бақыттысың!
- Оған жетер жігіт бар ма?
- Бес минутсыз инженер!
- Қыздарды қалай сыйлайтынын айтсаншы бәрінене!

Кыздар тақырыптан ауытқып біраз шуылдалп басылған соң, бәрі акқұба қызга жабылды. Ай қабак, алтын кірпік. Қасының асты-устін күнбек-күн теріп тіпті жіңішкертіп жіберген. Өуелде белгे түсетін қолан шаш кейін қарай есесе түйме бастың айналасында ғана қалыпты. Дәл қазір өз сөзімен айтқанда “картоп етіп” қойған. Онымен табиғатында бүйралық жоқ шаш толқынданбайды да. Күн сайын кейін қарай тутіп өлек. Бұлдірген еріннің алқызыл не корғасын түстеніп кететіні бар. Жалпы қызымыздың бет-ауызына өкпесі жок. Тек айыбы (жігіттер естіп қоймасын) қамат аяқтау. Модаға макси енгелі жүдө, жақсы болды, ұзын етек көмекке жетті. Үйіқтау күлшілік жүзеге аспай қалғанына өкіне тұрып:

— Менде айтар ештеңе жок. Алғашқы сүйгенде денемді қорқыныш қана билегенін білем. “Мама!” деп шыңғырып жібедім, тәбе шашыма жан біткендей тікірейіп кетті. Бітті! Басқа айтарым жок!

Сонымен, бұл әңгіменің түбі көрініп қалғандай... Ө, бәріне мұрындық болған сары қызы қалып барады екен. Әнтек өжеттеу, сөл женілдеу, өйтеуір “білмеймін” деп ешнөрседен бас тартуды білмейді. Тіпті барлық музикалық аспапта ойнайтын, (айыбы күйге шорқақ), өзінің ақын досына еліктеп өлең де жаза салады, үйқасынан гөрі дикциясы өлең қалпына ұқсатып тұрап-ды. Мейлі, осылардың еркесі, кенжетайы — бар қылышы өзіне үйлесіп тұратын. Оның әңгімесі де өзгешелеу шықты.

Сезімді қалай тәрбиелеуге болады?

Күләш қызымыз — әкесі өскерге кетерде үйленіп, үш жыл елден жырақ жүргенде дүниеге келіп, өжесінің қойында өскен бала. Туғанын көрмегенне кейін бе, өзін өке демей атын тура атаған соң ба — әкесі де Күләшті қызыым-ау деп еміренбетті. Анасын “жеше” (женеше дегізгені ғой өжесінің), әкесін “әй, Оқас” деп жүріп ержетті, әй, бойжетті дегенім ғой. Отбасында жеті-сегіз ұл, бәрі еркек балаша бірге шулап жүргенде өзінің қызы екенін де білмей қалыпты. Өзі де еркек пішіндес, кең иықты, жауырынды. Кілең ат мініп, мал қайырып, ерекшелеп күресе кетіп, боқтап та жіберетін. Қалаға оқуға түскен жылдары юбкасы түскір сыптырылып тұрмай мазасын алған. Қүйрығы бір

уыс. Есесіне қолы қарулы. Үстаган жерінен тыры еткізбейді, шу асауды бір қолымен тоқтатып үйренген. Бірге оқыған қыздарды жігіттің бейбастақтығынан бір өзі қорғап шыға беретін. Қылжақbastарды түк дыбыс шығармастан алақанына қыса салса бітті, ол байқустар қайқандап, сыртта, сылтау айтып сыйтыла жөнелетін. Қайтып жоламайтын. Өзі өлгі екі жыл қой бағу программасына ілігіп оқуға кештеу түсті. Бірақ бригада емес, өкесі қойшы болған соң совхоз басшысы қемекші ретінде тіркепті. Құләш орысша-немісше өте сауатты сейлем, жазатын. Өрі цифрга құдіретті, естігенін ешқашан үмітпайды. “Құләш, анадағы машинаның номері қандай еді” десен компьютер сияқты жауабын сақ еткізеді. Мұрының бір тартыш қойып, кітабын оқып отыра береді. Өзі құлмесе де қайдағы-жайдагы күлкілі әңгімелерді бір бастап кетсе, көпке дейін қойғыза алмайсың. Оны жігіт ізден келмейтінін байқаған құрбылары біреумен сүйіскен деп те ойламаған. Бүгін құрбылары өзін ортаға алды. Ана жігітті бір, мына жігітті бір мактап, онымен таныстыруға тырысып-ақ бакты. Кенет Құләш:

— Жігітім бар, биыл үйленеміз, — дегені. Қыздар тымтырыс. — Бір отырмақта таныстым. Балзияның ауылдасы. Биыл бітіреді. СХИ-да. Мен қара қыз болсам, ол сары жігіт.

Қыздар бөрі бірдей шулай жөнелді. Құләш болса саспастан баяу сейлем: — Білмеймін, қыздар. Сендерден жасырайын деген ойым жоқ. Тек жолыққанда келесі жолы қай кезде, қай жерде кездесетінімізді белгілейміз. айткан жерінде, келісілген сағатта барып тұрамын. Болды. Еш күпиясы жоқ. Ол қолымнан ұстаса болды, майдай еріп жетегінде жүре беремін. Тек сендер ұрыспандаршы. Мүмкін махабbat дейтін осы шығар? Алғаш қалай сүйгені есімде жоқ, рас айтам. Өзімді бір өте жайлы сезінемін, алансызыбын, басқа не дейін?

Қолқалап қоймағандағы айтқаны мынау: бір жолы өзін үш жігіт болып шығарып салғанинан кейін келесі кездесетін жерден жігітін таптай қалыпты. Күте-күте төзімі кеткен қыз біраз күннен соң оқу орнынан іздесе, жігіті теріс қарайды дейді, үялған түрі; курстасы Мағаз арсаландаң қуанып құшактай алышты да мұның шағыпты. Мұны шығарып салған соң, сол туні алыш ескерткіштің етегінде ежетін өтеп тұрган жерінен милиция желкелерінен бүріп апарып он бес тәулікке қамап тастапты. Орысша толтырган

күжатқа қол қоя салыпты. “Опорожнение” дегенің не екенине мән бермеген ғой. Оған ескерткіштің мәнділігі қосылыш, деканаттың күш салуы арқасында саясаттандырылмай өүтіріммен азар аман қалыпты. “ой, сен қасымызда жургенде өйтпес едік” — деп арман қылмай ма, Күлөпшің орысша жетік екендігін есіне алған жігіттер. “Енді міне, тақыр басымызben қыз біткенді шошытып журміз. Өсіресе, Мағазга қын болды, тас бүйра шашы есіп жетілгенше алты ай керек.”

Күлөп сонда да өз сезімін әнгіме етпей, қасындағы достарын айтып беріпті, қандай қу, ө?

Қашпасам, болмайды...

Бес қыздың ішінде бәрінен көп қиналған Зинараб сұлу. Поезда кездескен жігітке ғашық болып құдай атып қалыпты. Келе қыздарға:

— Есік алдында басында мынандай киген жігітті көріп келіндерші. Егер сендерге ұнаса, сонымен қыдырам, — деп, қарап тұр. Өзі үш саусағынан фигура жасап көрсетеді. Қулліп-кулліп бәрі біреу-екеуден барып барлау жасап жур.

— Бізге ұнамаған-ұнаганыңда тұрған не бар, жар ететін сен ғой.

— Өке-шептем бермейді. қашып кетуім керек. Сондықтан сендердің көмектерін керек.

— Неге бермейді деп ойлайсың, қазір заң бар, заман басқа.

— Біз қожа тұқымынанбыз. Мен осы оқуга шартпен түскенмін, “ешкіммен қыдырмаймын, сендер үйгарған жігітке шығамын” дегенмін. Біз қарага қыз бермейміз. Тұқымымыз азып кетеді дейді. Енді қайттім?

Бес қыз шұбырып көріп болды. Жайын ауыз, жалшак бас. Папахасын мильтата киіп алышты. Бойы біздің Зәкеннен кіші. Тапалтак, дембелше, кек көз, кара жігіт. Менсінбедік. Өзіңе ұнаса болды деп қоямыз. Қисық есекен ағашты тузеу қандай қын болса, бір құлаған көніллі қайтару да сондай қын боларын кім білген. Бірақ достың тілегін аяқ асты ете аламыз ба? Сырымызды ішімізге бүге, “нешауа” деп қоямыз. Ол бізді кезек-кезек кино-театрга шақырып, шоколад сыйлаап, әзіл ұнап, бірте-бірте беріміз соның сойылын соғып шыға келгенімізді, жаппай мақтауға көшкенімізді өзіміз де байқамай қалдық. Сөйтіп, жігіт алыш қапты. Басына орамал салған Зинараб тек диплом корғауға келді.

Ең сұлу есім

Бұл үшеуі Төлегенді тосып, жатақханада қалды да, тентек сарымыз күйеу жігіт пен күйеу жолдасты ертіл мейрамханаға сзып тұрды. Аққұба қызымыз тундегі көнілділігінен айнып, барғысы келмей кегежектеген. Злиха ежеттігіне басып, болмады:

— Бұл — менің тойым. Ауылға той деп шақырганмен сендер түү Оралға бармайсындар. Соңша жерден өдейі келіп отыр. Жігітіммен көшеде таныстырмаймын. Мен десендер төрт көзің түгел жүріндер. Болды. Басқа сылтау қабылданбайды! — деп, тұрып алды. Біздер жеткенде тапсырыс беріліп, күтіп отыр екен. Күйеу жігіт толықша денесін женіл қозғап, үяла кулімсіреп, өзін және қасындағы досын таныстыруды. Жолдасы өрмен қабақ, бермен көз, катпа қара:

— Өдемі есім екен, — деп қойды. Ол сөзді өр қыз ез атына қабылдады. Мейлі, жастыққа бәрі жарасымды. Өркімнің аты өзіне сұлу, өзіне ерекше, солай емес пе? Беу, Үлжанымыздың қабағы неге түсіп кеткен? “Күйеу жолдасқа өзім қырындеймын” деген сезіне өкініп отыр. Мына жігіт үнай былай тұрсын, жеккөрініш сияқтанды. соңдықтан көрші столдан бөтен жігіт биге шақырганда қуана атып тұрды. Би аяқталса да өзі ол-шулды әңгіме етіп қасында тұрган, Қобыланды пайда бола кетті де, жетектей жөнелді. Төрт жасар баланы жетектегендей ертіл өкеліп:

— Жігіттер, Үлжан сез сұрайды, — дегені. Сол жерде бар гой ақыл айтса, не ескерту жасаса шорт кеткені тұрган Үлжан кенет жуасып, көзді төңкөріп тастап, мойынын бір қылт еткізіп макалдал ала жөнелді. Бәрі дұылдал, керемет сөйлемдің деп қолпаштап өуре. Шанышқыға қол созайын десе алақаны әлі Қобыландының уысында тұр. Сол күйі келесі музыка ырғағымен биге қосылды. Бірақ бидің ортасына жетпей-ақ жігітке өштігі қайта қозды. “Не қылған жігіт, ең болмаса қөніл аулап қоятын жылы сезі де жок!” Арзан мактауға үйреніп қалған басы мынаның тесіле, сынай қарағанына төзбей кетті. Қобыландының ере жөнелгеніне іштей мырс еткен, бірақ келесі сөтте өзін жігіт бастап келе жатқанын сезіп жалт бұрылды.

— Жүр, жүр. — Жетектеген күйі төменге қабаттан бір шықты. — Бетінді жуыш ал. Өжетхананың есігін ашқан жігітten үяльып қалды. Бірақ кіруінен шығуы тез болды.

— Қызық жігіт екенсің! Бетіме байқаусызда бірдеңе жабысып қалған екен десем, — деген сөзді жол-жөнекей айтып, тұмсығын көтеріп өте шықлақшы еді, жігіт алдына тұра қалды:

— Бетіңен сүйейін десем, менің ерінім сиятын таза жер калдырмасың.

— Нахал!

— Екі түрлі өтір сеуілсің. Опа мен кремнің өз ісі тағы бар. және бір-біріне үйлеспейтінін таңдалсың. Бірі өткір иіс те, екіншісі жұмсақ.

Қыздың көзі бакырайып барады.

— Ұлжан, — деді жігіт майда, тәтті үнмен: — сенің табиғи турінді бір көрейінші...

Қыз дереу бойын жиып алды.

— Мұны өз өйеліңе айтарсың!

— Мен өз өйеліме айтып тұрмын!

Қыз ауызын ашқанша есіктің ішкі жағында тұрғанын байқады. Есікті итерсе болар емес, ұргылағанына жауап жоқ. Алпуы бірте-бірте тарқап, айна алдына келіп, өз бейнесіне ұзақ қарады. Суды уыстал алды да, айнадағы бейнеге шашып жіберді. Су сорғалаған суретіне қарап рахаттана сықылықтады.

Жылды керпе астында тоңған аяқтарын бауырына жинал, тәтті жылғынан Ұлжанның кезіне үйкі тығыла бастады. Қобыландының бетін жууга қалай межібір еткенін қыздарға айтсам ба деп бір оқталды да, дереу айнып қалды. Тұнтыш рет құпия сақтады. Барлық сезін біртінде еске түсірді. “Ең өдемі есім” деген кою қоңыр үні құлакқа келгендей болды. Қобыланды. Қазір мұндай есім сирек қой. Батыр болармысың жырдағыдай? Ең өдемісі сенің есімің шығар ау?” Әрі қарай ештеңе ойлауға үлгермей үйкі өлеміне сіңіп барады.

Ғазиза бөлмесіне кірсе әлі ешкім келменті. Қыздар жиналғанша күте тұрмақшы болыш күй табақты қосты. Күйдің күнгір үні алдынан қиял теңізін ашып, сол түпсіз тереңіне шым-шымдал болтыра берді.

Бұлар осы Қыз ПИ-ге оқуға түскен жылды пара алушы мұғалімдерді бір тазалау науқаны өтілгі деседі. Шын да болуы, себебі құрбыларының осы қалайы жоқ, кілең бір алғыр қыздыр. Тілті оқулық авторы I. Ұйықбаевтың өзі осы курсқа риза болғаны сондай “алтын өріппен есімдерін

институт кітабына жазып қалдырылсын” депті. Бірак қыз жүрген жерге жігіт өуес, бірінші курста ақ бадырақ көз Бағила тойын жасап күйеуге тиіп кетті.

Кураторы бөрін жағалай тізіп тұрғызып алыш шақылдап үрсты:

— Байға тиетін болсаңдар неге оқуға түстіңдер? Өкімет сендерді оқытам деп қанша қарожат бөліп жатыр. Сендер үшін біреу осы оқуға түсे алмай, арманына жете алмай жылап кетті. Не қылған адамсыңдар! Бай қайда қашар дейсің! Бөпелі болсаң оқуды қалай үлгересің? Тегін тамак, тегін жатақхана — есірейін деген екенсіңдер!

Бұларды сорайтып тұрғызып алыш, ортасында кіп-кішкентай болыш үрсып жүрген қатпа қара өйелге біреулері қорқа қараса, біреулері аяй қарайды. Батылдауы “не, сіз құсалған көрі қыз атанайық па?” деп күнкілдеп қояды.

Дегенмен осы өнгімeden кейін қыдырулар сап тылды. Кинозал емес, кітапханаға соқпақ түсті. Іштерінде етектей-етектей мақала жазып, ғылым қуғаны да, басқа факультетке ауысканы да болды. Оқыс жол апатынан қаза тапқан Әсира марқұм... Әсіресе, Әсираның “кетші әрмен, тістеуік айғыр! Жолдан кет, тебеген байтал” деген өнгімесін еш үмыта алмайды. Мәтел болыш өз араларында әлі айттылып жүр. Иә, оның жан досы, апатқа бірге түсіп, өзер-алла деп, бір жыл тәсек тартып жаңы есеп қалған Мұратқұл. Қазір өздерінен бір курс кейін, бірақ жиі араласады.

Жақында қыздар ортасына жаңа үран тасталды. “Биыл біреуі де қалмай күйеуге тию”. Рас-ау, қып-қызыл дипломынмен қойшыға тиіп алсан, өкіметтің талай жылғы енбегін желге шашу нағыз сол болмай ма?

Ғазиз — Ғазиза

Кәдімгі ауыл жастарының бастаңғысы. Қызы-келіншек, жігіт-желең қабыргалай тәселген көрпешеде бөлмені қабыргалай отырысып, әр нәрсенің басын бір шалып, дастархан жайылуын күтіп отыр. Қонақ деп Ғазизаны төрге шығарды. Қалада оқығалы бүндай отырмактан жатырқап қалған ба, көпшіліктің сұқтана қарауынан қысыла ма, берекесі кетулі. Танымайтын ортага сүйрегендей етіп әкелген нағашы сіңлісіне ала көзденіл қарап қояды. Ал оның титтей де кінасы жок. Бар болғаны шешесінің өмірін

орындалап, өрі төтей өпкесінің касында жүргенін мәртебе санап болып отыр. Тұған өпкесінің кезі — Газизаны ауылдан алдырып, осы кештің болуына, жастармен араласуына мұрындық болды.

Газиза жағалай уілдескен жүрттың дыбысынан аулак өз қиялымен болып кетілті. Мына бірге ойнап өскен қарасирақ ұл-қыздар бойжетіп-ержетіп, үлкен өмір есігін ашпакқа ұмтылып жатыр. Осы ауладан сезілген сары қызың ісі, осы күн қақты ұландар, осы іліп-қақпай сездер қызы есіне алыс қалған балалығын өкеп тосып, тілті өне-міне мына есіктен марқұм а纳斯ы аксай басып кіріп келіп, өзін шақырып алатындағы сезініп кетті. Жұқа танауы сыйырғыштың шанын да құмартады. Балалықтың бал суреттеріне елітіп отыр.

— Газиз-тай, бері келіп кетші!

Киял құшағында отырған қызы үшіп тұрды. Қапелімде мына үн өз анасының дауысына үқсан кетті.

— Ақ тәте, сен емес, сен емес, — сіңлісі қолынан тартып отырғызбакқа өуре. Есікке жетіп қалған шомбал қара жігіт бұрыльш бұдан көз алмай қалышты. Жылап жібермеу үшін ерінін қаната мықтап тістеп алған күйі жайлап тізесін буге берді. Манадан бері бейтаныс арудың мысы басып, тек өзара дыбырласқан жігіттер сез шабуылына көшті.

— Демек атыңыз Газиза болды. Онда мына өнді сізге арнадым. “Қарағым-ай, қабағың-ай, акша қардан ашпак тамағың-ай!” Домбырасын өңгерген сұлыңғыр жігіт сіңлісін тасаланған Газизага өңешін созды.

— Қызы жүрегін өніммен жауап алам дегенише, “өйелім қуып шықса қайда барам” деп өндесценші, жазған.

— Кой, өндіршегін сорайтып мұны неғыласың?

— Газизажан, бұл бәспелерді қоя тұр, бірінші биге өзім шақырамын. Бұл ауылда менен асқан...

— Омай, асатпай жатып құлдық деген...

Газиза мына сапырлысқан көп сезді тек өзі тиятынын үқтү.

— Нагашы жүртимның осы сезшендігі маған қалай жүқпаганына таным бар. Беріне бірден жауап таппай са-сып тұрган жайым бар.

Жүзіне күлкі үйрілді, сыйызғы үніндей сыңсыған өуезе дауыска, таңсық үнге жігіт біткен жым-жырттыңды. Газиза томаға түйықтау көрінгенімен ретті жерінде жауабынан

тосылмаушы еді. Мына думанды үй, дәңгеленген би шымшымдал бойына қуаныш еге берді. Жанының терең бір түкпірінде бұғып жатқан сезіміне дембіл-дембіл тиіп кетіп оятып жатқанға ұксайды.

— Аттас болып шықтық-ау, қарында! — дүрдек еріні жаялыштай жайылып, қыз белінен қолапайсыз ұстап, риясyz күлгөн жігітті “дәу де болса екі жас кіші шығарсың” деп ойлады Газиза.

— Алматыда оқисызы ғой. (Ауыл осы, бөрін сені көрген жерде біліп қояды.)

— Бітірген соң бізге келесіз бе? Басын изеумен жүрген Газиза терең ойда. Қайда барады?

Күні кеше шеше тірі кезі, ак бантікті оқушылық дәурен. Бөрі кезді-ашып жұмғандай апай-топай өте шығыпты. Ең соңғы емтиханды тапсырып, ак фартук, омырауында ал қызыл гүл — құрбыларымен жайрандай мектептен шыға бергені де сол еді, алдынан машинасының есігін ашып жігіті күтіп түр екен.

— Жүр, Газиза, қыдыртайын.

Қыз қарғып мініп, терезеден құрбыларына нөзік саусақтарын үлбіретті. Машиналы осы ауылдың жас маманы. Өзін жас баладай еркелетеді. Сүлүлігіна сенген қыз емін-еркін, айтқаның өткізетініне сез жоқ. Бірак бүгінгі серуен соны әдегегідей қыз үйіне емес, жігіт қақпасының алдына тоқтады.

— Жүр, үйге келдік. — Үй деген сөзге салмақ салып, қадал айтты.

— Қойшы, ұяламын. Мені өз үйіме апар.

— Ұялтпаймын, жаным. Үй оңаша, жалғыз-ақ женешем бар. Оның үстіне сен енді оқушы емессің. Ау, женеше, келінінді қарсы ал! — деп, аулаға мойның созды. Газизага бұрылып, “ойнаймын” деп күлімсіреп, иегінен қағып еркелетіп қояды.

Шашу шашып, мандайынан іскеген әйелге үрке караған қызыға: “түү, ойынға да қорқа ма екен? Ырымдай берсін” деп сыбырлайды. Жігіті қасында құліп тұрган соң қорқынышы сейіліп, — ол да күлгөн болды. Дастанхан басында айналып-толғанған жігіттің шептесіне: Апа, мен... деп өз жайын айттып тусіндірмекші болса, ол киіп кетіп:

— Газиза бүгін ең соңғы емтиханың да беске тапсырды! — дейді киіп кетіп, мақтанышты үнмен.

— Ол жақсы екен. Бірақ мына киімінді өзгертсөн.

— Мен, біз жай... — дей бергенде, — Газиза аттестатын кейін алар деп отырмыз. Тағы әңгімені бұра жөнеледі.

Газиза осы халіне сене алмай, көне алмай, көнгісі келмей біраз күндер өткізді. Баяғы сипап көрер ме еді деген қалқара мұрты жек керу сезімі басып бара жатқандай. Кеш болса жанын қоярга жер таптай ыдырынады. Қүйеуі үйге конбаған күні бұл үшін мереке. Озбырлығын жазылмаған заңдай қолданатын ереккек көңіл әбден сұзып бітті. Женешесі (енесі) үйден шықпай, үй тіршілігімен ғана болғанын қалайды. Он жетідегі арнаулы білімі жоқ қызға аядай ауылда не қызмет болсын? “Сен үшін басым шаталды” деп зіркілдегенде Газиза жасып қалады. “Жас қызға үйленді” деп, бюроға сүйрелегенін бетіне салық қылғаны. Сөл нөрседен ілік іздеп, үнемі айыптаі сейлейтін еркектен қорғану киын екен. Аурушаң анасының көңілін сұрап кіріп-шығуы да есепте. Алыстан болса да алақанының жылуын сыйлаған анасы бакылық болғанда Газиза ештеңе ойлай алмай, күле алмай қалды. Сол самсоз кезден қалған елес-сурет ауылға келген дөрігер қыз. Кластастары келсе енесі сенін тенің бұлар емес деп жолатпайды. Кексе келіншектермен әңгімесі үйлеспейді. Қалтаған қалың елдің ортасында жаны құлазыған Газиза сейлесерге серік іздеді. Бас ауруын сылтауратып жаңадан келген дөрігер қыздың қабылдаудында болды. Дәңгелек жүзді, бәкене бойлы өткір мінезді жан екен. Шашы ұзын-ау, ұзын. Көбінесе түйіп қояды.

— Қан қысымы дұрыс. Басқадай тексеретін менде арнаулы құрал жоқ. Мүмкін, қалаға, невропатологка жолдама жазып... Ой, ол “нервныйсың” деген емес, сен дұрыс тусін. Фамилияң? Пәлі, сен аграномның қарындасты екенсің гой! Сендей сұлу қарындасты бар екенін менен жасырғаны несі? Бәрің де көркем екенсіңдер. Маған ағаң ұнап қалды, шын айтам. Қой, қой, соңша қызардың, сұлу екенің айдай ақиқат. Өлде, ағаң мен туралы біліп кел деп өдейі жұмсады ма? Мен мұнда жана адаммын. Келіп тұр, мүмкін дос большта кетерміз.

Далага шыққан соң Газизаның басы айналып, көзі карауытты. Салдырлап бар сырын жайып салған дөрігер қызға тук ренжи алмады. Қүйеуінің мына өрекетіне бейжай, қызганышсыз, тілті өзі туралы үшінші жақтан ойда-

ды. Мұлде бұған қатысы жоқ бөгде біреудей. Жаны одан өрмен құлазыды. Ұзамай дәрігер қыз бен күйеуі туралы есек тіпті тұралатып тастанды.

Басында киноға апаруын өтінгенде күйеуі зекіп: “мені бала жігіт көресің бе, желкілдей беретің!” деген. Қонаққа барудан өзі қашты. Алақандай ауылдың интелегенттері бірге қыдырады. Күні кешегі ұстаздарымен бөтелкелес болуға өзі ұялды. Кейін барғысы келгенде күйеуі “бүгін ол үйде пөленші мұғалім болады” дей салады. Бір айналыста еркелігін, бір бұрышта еркіндігін жоғалтқан Газиза жүдей берді, жүдей берді. Осы халі қаптанға созыларын кім білген, бір күні күйеуіне “сырттай оқуға түсейінші” деп киылған. Баяғыда тек “жаным-күнім” дейтін қара мұрттың астынан бұл жолы басқа бір жосын сөздер жосылып берсін. Олақта бұл еken, салақ та бұл еken, мектепті кіlen беске бітірді деген бетіне қарағ қоя салған өтірік бағалар еken, білім жоқ осындаидай наданға үйленген мұның күйеуі еркектің ең сорлысы еken, бала тумайтын бедеу еken... Газиза бар айыпты үнсіз тыңдағанмен мына сөзге шыдай алмады. Тамағына тас кептелгендей жұтынып барып, “ау, айтқан. Екі-үш рет айтқан. Сонда мас больш естімегені ме? Ау, міне, байқалып тұр емес пе? “Дәрігер де” деп, аузын аша беріп еді: Сез боранны тіпті үдеп кетті: Ойбай, сотым қасымда еken ғой! Қарай гөр! Бөрі бітіп енді сенің қызғанғаның қалып еді! Газиза не айтқысы келгенін ұмытты. Тек басы мен ішпін кезек қорғаған болды. Мың сан соққыдан қалай аман қалғанын алла біледі, бір күннен кейін қансырап өлер болғанда енесі амалсыз дәрігерді үйге шақыртты.

Сол қайырысыз күндерде жалғыз досы осы дәрігер қыз больш еді-ау. “Алғашқы келгенінде бірден өйелімін деп айтпайсың ба? Ондай екі жүзді жауыздан ерте басынды арашалап ал! Өуелі бойдақпын деген. Сосын... Маған сен туралы әке-шептем зорлап үйлендірді. Білімсіз, ажарсыз деген. Бөрі өтірік екенін көріп отырмын. Сен сотқа бер. Жассың, сұлусың. Өмірің алдында. Өмірді қайта бастауға күкің бар. Оқу оқы,” — деп, кеңес беріп, үйіне паналатып, қолына өз ақшасын ұстатьш, Алматыға оқуға жіберген де сол абзал жан болатын.

Осының бөрі демде көз алдынан өте шыққан Газиза демі дірілдей терең күрсінді.

— Бөтенсініп жүрмейсіздер ме?

— Біздің жігіттер жатырқауды білмейді. Біздің ауыл жақсы. Адамдар да, табиғаты да. Ауыл сыртындағы тоғайда болып па едіңіз. Ортасынан кесіп өзен ағыш жатыр. Онда құстардың түр-түрі бар. Барғыңыз келсе ертең апарайын? Терен жеріне сұға түсуге де болады. Шұңғет дейміз.

— Ой, жігіттер, қараңдар, Газаиз сейлеп жатыр. Астағыныралла, бұл да сейлейді екен, шөп сыңдырайык!

— Шебің не, тарелка сыңдыр!

— Кой, тарелка өзіме керек, аулак!

— Рас, ей, сейлеп жатыр! — деп гүлдесті. Газиза қысылып тұрып, күлді. Түйік жігітке тіл бітірген өзі екенін сезді. Жігіт қабарып тәмен қарады. Ұялғаны да қызық екен. Жасқанып кірпігін жыпылықтапаса, ашудан тұттігіп түр екен дегендей.

— Газаз, — деді сыбырға жақын үнмен — сол жерлерді көрсетесің бе?

Газиз басын шүлгүш-шүлгүш жіберді. Ренжіген көңіліне демеу болмақшы етіл берген сұрағына өзі өкініп қалды. Мейлі енді, айтылар сез айтылып кетті.

Тоғай шынымен тамаша екен. Төртеу болып қыдырды. Бұлар оңаша қалғанда Газиздің тілін қызықтады. Қоңыр үніндеп табиғаттың өзінде жайлышық, табиғильтік сезіледі. Су, шұңғет, құстың сайрауы өзінен басқа қызға айтпаған сезі екенін сезді.

Бұрқ етіп ашууланғаны да қызық.

Табиғи талдан пайда болған күркеге ертіп өкелді. “Кейде осы арада тынығамын. Жым-жырттыңын. Таңды осы арада қарсы алатын күндерімде тамаша бір күй кешемін. Құстың сайрауы да қызық. Әуел біреуі шақ ете түседі. Сосын келесісі. Сосын тағы біреуі. Сосын бірінен кейін бірі, біресе таласа-тармаса сайрап береді. Тура симфония тыңдағандай боласың. Бір қызығы өр құс өз үнімен сайрап жатса да тып-тыныш құлак түрсөн бөрі бір арнаға құйылғандай өсем естіледі. Тұтасып бұзылмайды. Құн көтеріле сирейді. Алтапта мұлде құс дауысы естілмейді.

Кезі үшкіндал өңгіме айтқан жігітке сүйсіне қарады. Күркенің тапталып қалған шебің көрді. Жиі келетін-ау... Тізерлең ішіне үңілді. Шөптің хош иісі танауды қытықтайды. Кенет шым етіп тізесіне тікені түскірдің кіріп кетпесі бар ма? Ала алмай әуреге түсті. Газиз жылам-

сыраган қыздың тізесіндегі тікенді тісімен жұлып алды. Қыз сасып қалып жігіттің басын итеріп жіберді.

Нағашы апасын сағалап келген студент қыз жаздық демалысының бәрін осы жерде өткізді. Гүләйімге қолғабыс жасды. Медпункттің жұмысы не деген бітпейтін, шеті-шегі көрінбейтін жұмыс десенші.

Кетерінде отырмакқа құрбыларын тағы бір жинал берген нағашы апасы көзіне жас алды. Өзі де осы ауылға бауыр басып қалыпты. Әсіресе, Ғазиз. Көзін алмай қарай береді. Бағы тогай аралагандағы еркіндігі, сөзшендігі жок. Құр жәутендейді. Ақыры өзі шыдамады. Поездың тепкішегіне аяғын сала беріп, еңкейе бұрылып, құлағына “хат жаз” деп сыйыр етті. Жігіт шалт қимылмен қолының сыртынан сүйіп алды. Қыздың тұлабойы ду ете қалды. Көз алына тогай ішінде тізесін сүйе бергені тұра қалды.

Бұдан артық серттің керегі не?!

Марат-Ғазиза

Газет-журнал сататын дүңгіршектен үзай бере сыңғырлаған үнге Марат құлағын еріксіз тікті. Не еткен сұлу үн! Өзінен кейін, екі адамнан кейін бір қызды көз қызығымен байқаған, дәу де болса сол. Газетті жайы ұстаған күйітағы сейлесе екен деп күтті.

— О, жоқ, керек емес. — тәрізі сатушы басқа журнал ұсынған шығар. О, қақпас шал, өзіл айтты-ау! Қыздың қосыла күлгениң естіді. Енді тіпті дегбірі кетті. Айдаладағы бір қызды қызғанғанына өзіне өзі таң қалған Марат, сонша сұлу үннің иесі кесірлесіз біреу болып шыға ма деген белгісіз қорқынышын женіп, бұрылып қарады. Қарады да ... жүргегі соқпай қалды. Сол! Ақ сөүлесі! Өзі арман еткен аруы! Тана көзі жарқырап тұр. Езуіндегі күлкісі сөне қоймапты. Аппақ жүзі нұр шашып тұр. Біргегес етіп қиыш қойған шашы Мараттың жаланаш жүргегін сипап етіп шымырлатқандай. Қек джинси юбка, көгілдір кофта сұлу мұсінге үйлесе кеткен. Тұлғасы хас шебер мұсінші көз майын тауысып қазір ғана қашағандай мінсіз. Бура сан, қылған бел көз түсайды. Қаз омырауы толықтау. Осы қалпында қыздан гөрі жас келіншекке үқсай ма, қалай өзі?.. Жігіт өз ойынан өзі шошып кетті. Жоқ, егер бұл ару келіншек болса тек өзінің келіншегі болуы тиіс! Өзгеге өлсе көнбейді!

Өз ойының өлемінде шалықтаған жігіт арудың автобусқа отырганын байқамай қала жаздады. Номеріне қарамастан бұл да мінді. Тек міне бере “Айнаш күтіп қалатын болды-ау” деген ой жылт етті. Жылт етті де, тез сөнді. Қөптің ішімен қызға жақындалды. Өншіейінде сығылсып, итермелеп жататын студенттер аялдама сайын сиреп, қызға жабыстыра, жанастыра түссе деген ойы әдіре қалды. Артынан түсіп, сұлулыққа сұқтанып жүріп, қызы есіктен еніп кеткенде бір ауыз тіл қатпағанына өлердей өкінді. Енді кездесуі негайбіл арудың атын да білмей қалды-ау! Ін баққан мысықтай ойсыз, қимылсыз қашанға тұрсын, салы суға кетіп кері бұрылды. Үйіне келген соң сол қыздың бұның бар-жоғынан хабарсыздығы одан өрмен жабырқатты. Жок-ау, өзіне деген ашу ма, жағымсыз бір сезім.

Айна алдына келіп өзіне барлай қарады. Мандайы тарлау. Бірақ бүйра шашын бүркүратып алдына үйіп қояды. Шаш астында биік, тік қабак жатқандай етіп көрсетуге құмар. Қыр мұрынның үші көтеріңкі. Ағылшын иек. Рас, көз кішілеу. Онда тұрган не бар, қызы емес қой. Кенет өз өзінен селт етті. Япырау, сол қызы маган ең болмаса бір рет көз қызығын салды ма? Өзің туралы сезбейтін қызы туралы қияданғаныңа жол болсын. Өзің жазғырғанымен тәтті елестерге малтығып, киял тенізіне сұнгі берді.

Марат қолына аппак ғұлін ұстап белгісіз аруды күткеніне бір ғасыр өткендегі сезінді. Кеше мұз айданында, Медеуде кездескендегісі есіне түссе, үяттан өртene жаздайды. Жазда бір көріп жоғалтқан аруын танымай қалып, Айнаштың құлағанын содан көріп, айтпаған сөзі қалмай... Масқара-ай...

Қыз кешегі киген қызыл қүрең күрткеде. Қарсы келе жатқан қызға қарап мәңгіріп, тілі таңдайына жабысып, үні шығар емес. Тұнімен жаттаған сезінің біреуі аузына түсер емес. Тек ғул ұсынды. Қыз да үнсіз. Сұраулы жүзбен карайды.

— Ке... ке... кеше...кешір...іңіз — кекештенген жігітке аяй қарай ма? Кенет есіне түскендей жүзіне қызыл арай жүгірді. Гүлді алды. Кешіргені шығар. Жігіт он шакты қадам үзап барып бұрыльып еді, қызы әлі соңынан қарап түр екен. Марат қызы қасынан тез кеткеніне өкінді. Қайта бару қолайсыз. “Менің атым Марат!” деп, көшенні басына көтере айқайлады.

Марат бүгін серігіне гитараны қалағты. Өскери борышын етеп келіп оқуға түскен Марат курстастарынан едеуір ересек. Драма театрында жыл жарым уақытын өлтіріп барыш осында түсіпті. Ауылда жүргенде біраз ән шығарған. Қазір естісе, өзі үялады. Кейде берін жиып тастап музыка тарихымен айналысқысы келеді. Қапелімде біреу “бұл біздің композиторымыз” деп мақтаса, жаңа ғана безіп отырған әндерін түйдек-түйдегімен шыркай жөнеледі. Қазір де терезеге мініп алыш, құшағындағы гитарадан нәзік дыбыстыарды аулауда. Дззың-дзың, “жок, колын көтеріп қоштасу белгісін жасағаны”... дззың... Қой, бұл не емеску, тек ғулін ынғайлы етіп ұстағасы келгені шығар... Туу, қалай қорқасың, атын өзі айтты емес пе? Өз ойына өзі бірсесе қарсы шығып, бірсесе мақұлдал — қиял өлемінде отырған Марат кенет селт етті. Есікті қақпастан Айнаш кіріп келді. Ашулы. Жылапты. Дәл алдына жетіп келіп польтосын жұлқи шешті. Сөнді көйлек. Омырауында өзі өперген аппақ қауырсын ғұл. Марат терезеден секіріп түсті. Мәссаған! Бүгін екеуінің неке тіркеу беліміне барып етінші жазамыз деген күні еken гой!

— Кешір, жаңым. Мен бүгін бір жігіттермен кездесіп ішіп қойдым... Солай, сол қуйімде барсам сен ренжитін шығар деп... Отрышы енді. Ашуланбашы, күнім. Ертең де күн бар. Одан да көтемде барайық, ә? Сонын, жазда қол ұстасап ауылға бірге барамыз.

Кыз өксік аралас, үзіп-үзіл: — Мә, өзің емес пе асықтырған. Бүгін былай дейсің... Түсінбеймін...

— Қойшы, Айнаш! Түсінбейтін түк те жок!

— Кетемінні... Енді Марат өзін шексіз күш иесіндей сезінді. Айнаш бес жасы кіші. Өз махаббатына, Маратына шексіз сенетін. Ауызы қомпайып, түймеге жабысқан саусактары өлсіз қарсылық көрсеткені болмаса, келесі сөтте сүйген жігітінің қасында болу қуанышы еркін билеп бара жатты.

Ғазиза қыздың бір төуірі өтірік қылымсусы жок екен. Ғазиза, Ғазиза... Мараттың ол туралы ойдан басы бір минутта босамайтын болды. Қанша кездесіп жүрсе де Сізден аса алмаганына түсінбейді. Өзін қыздардың кумири санайтын жігітке бұл бір сын болды. Ғазиза болса елбіретіп жақын

да жібермейді, алыстатьш қуыш та тастамайды. Қыздың бұл қылышына бірсек тәнті болады, бірсек қаны басына теүіп ашуланады. Өрине, қызға сездірмей... Өне-міне диплом алғалы тұр. Сонын шу қарақұйрық, Газиза бір күн де бұл қалада тұрмас, еліне кетер. Ал Мәкеннін журісі мынау, не ол емес, не бұл емес.

Бүгін не де болса алдаң үйге шакыру керек. Үмм, туган күнім десе?

— Міне менің кең сарайым! Жорта дауысын көтере сейлеп, дәудірлеп бақты. Орыстың кедуеллі пәтерші жіберу үшін соғылған бір бөлмесі. Қабырганы жапсарлай қойылған тесек. Аспалы кітап сөресі. Төрт-бес кітап, бесалты сувинер. Ас столды газетпен жауып қойыпты. Сызырып алғанда ақ бас шампан бір конъяқ пен арақты қолтықтап жарқ ете түсті. Өзінше сөндең бағыпты. Дәмдіттілерді сықастырып, ашытқа-басытқыларды жайнатып қойыпты. Газиза өзге қонақтар көрінбегенге қасын керіп, сұраулы жұзбен жігітке бұрылды. Марат қыз берген гулді қоюға көршіден құмыра сұрай кетті. Қайта кіргенде күйші шалдың титтей мүсінін тамашалап тұр екен. Мәкеннің жүргегізу етті. Астыңдағы жазуды оқып қойса... Онда туган күні көрсетілген. Айнаш деген қарындасты дермін. Қап, алаңғасар басым-ай, лактыра салсамшы! Уф... Оқымаңты. Бір қыл көпірден өткендей жігіт жан терге түсті.

Отырыс төуір-ақ өтті. Сұнқылдаған гитара үнімен, өуелете шырқалған өндермен уақыттың қалай зырлап өткенін Газиза да байқамай қалыпты. Сағат тілі он бірге кеп қалыпты. Газиза шапшаң жиналды. Жанына тақала тұрған жігіт көзіндегі құмарлық оты сескендіріп тастанады. Марат Газизаның аш белінен тас қылып үстап, тізесін бүге берді.

— Кетпеші, жаным!...

Үздіге алған демі өртеп барады. Ауыл төрбиесімен өскен Газиза қыз аяғына жігіттің бас ұруы тек кино мен кітапта, өсірелеу үшін берілетін оқиғаға балап, өтірік көретін, сенбейтін. Қос тізесін құшактаған жігітті төбе шашынан сүйреп тұрғызды. Итере-митере далаға үмтүлды.

Түнгі салқын ауада бас айналғаны басылды. Өрекліген жүргегі де біртіндеп орнына түсті. Көшө кезіп үүзакқ жүрді. Жатақханаға барғысы келмеді. Ауадағы ызғар да өсер етер емес. Жүр. Өлі жүр. Бірнеше рет Марат тұратын

шолақ көшпеге бұрылды. Барғысы келді. Тұра қашқанына екінді. Шашынан тартып тұрғызғаны есіне түссе өртенип кете жаздайды. Дүниеде өзін біреу сүйсе — ол осы Марат шығар дейді. Қекірегі толған ән мен күй. Мына өзіне арнал шығарыпты. Өктемдік көрсетпелі. Тұра кумады. Сүйеді. Құрметтейді. Енді не керек? Осылайша толқыған қыз жаны байыз табар емес. Ұзак жүргенін белінің айналғанынан сезді. Таң рауандап атып келеді екен. Қой, қайтқаны дұрыс шығар. Қолын күртесінің қалтасына салып жылдытпақшы болды. Кенет қолына бір қатты қағаз ілінді. Хат. Фазиздің хаты.

Өмір — таңдау. Сіз қалай ойлайсыз?
Фазизаның жары болуға қай жігіт лайықты?

Күйеу “жолдас”

Мәржәпия таң атқалы дағаға қырық шыққан шығар.
Жок. Күйеу жігіт жок!

Ұялы телефоны өшіп тұр.

Қас масқара енді болмасын. Қаладан туған үйіне сықытып тамақ салған сөмкелерді артынып-тартынып жеткенінде күйеу жігіт бір аптаның шамасында шаң беріп қалатын болып келділген. Уақыты дұрыс белгіленген сияқты болатын. Енді не болыш қалғанын?... Е, айтпақшы Мәржәпияның іні-келініне “күйеуге тиетінін” айта алмай қиналғаны ез алдына бір өңгіме. Оны қойшы ... араға нағашы женгесін салып жатыш сезін зорға жеткізгенде ... Өке-шеше болмаған соң осы дағы... Енді Мәржәпияның күйеуге кететінін үшеуі біледі. Миғынан күлгөн келінге карауға бет жок. Женгесінің қонаққа келген болыш, келмеген күйеуді күтіп, осы үйде жатқанына бүгін үшінші күн.

Қап, мына Қиқымды — ай! Осыдан қолына түссе бар ғой!
Бетін қып-қызыл шиедей етпесе ме! Қол дирменге тартқан бидайдай күлін кекке ұшырмаса ма! Осыдан көзіне көрінсін, бәлемді!

Ойбай, мынау дәл соның өзі! Қарлы боранда бүріскен сұлбасы кезіне оттай басылған Мәржәпияның жаңағы ашуы жым-жылас болыш: “үсіп қалған жоқсындар ма?” деп, құрак ұшты. Нығыздау басқан күйеу жолдасы бұлармен шаруасы жоқтай ішке ентелей берді. Жұқа күрткада бүрсөң қағып, аузыы сөйлеуге жуыспаған Қиқымға қалай

есік ашқанын Мәржөпия өзі де байқамаған сияқты. Өзіне өзі іштей ұрысса да Мәржөпия Қиқымның бизнесмен інісінің кішкентайы аяқ астынан шетінеп кеткенін естігенде кәдімгідей өкініп қалды. Мына “күйеу жолдас” болып келіп отырған сол інісінің осы ауылдағы бизнес партнери екен. Өзі келе алмаған соң телефонмен осы кісіге “қыстың көзі қырауда қызы айттырған ағасына қолғабыс жасауын өтініп-ті”. Жә, жоқтан бар жақсы. Мейлі. Үйленген болса қайтеді? Осы ауылдікі болса қайтеді? Әйтеуір күйеу жолдас аты бар ма, бар. Күйеу келді. Тіпті күйеу жолдас та бар. Ендеше не тұрыс, көрші-көлем, жақын жердегі ағайынға “қызы аттандыру” шөйін беріп, бата альп, жол жүру қамына кірісу керек.

“Кеткенін дұрыс” деп, қызды қоштап жүрген жеңгесі аяқ астынан бұлғанді. “Ойбай-ау, қалыңсыз қызы болса да, кәдесіз күйеу болмас деген”! Мынау не?! Бес түйір алмаға беретін қызы жоқ! Жыртыс қайда? Бес метр мата таба алмағаны не сүмдүк!” деп, сұнқылдан шыға келді. Манадан алабұртыш, Қиқымның тәбесін көргенге мәз болып, бұныны былқ-сылқ кеткен Мәржөпия бойын дереу жинап алды. Төргі бөлмеде гу-гу етісіп жатқандарға ұмтылды.

— Женеше, көnlің шын толмай тұр ма? Онда барып екеуін қуып шығайын! Мына сөзге жеңге не дерін білмей састь.

— Кой, ойбай, не дейсің?

— Деймін! Жөндеріңе журе беріндер деймін!

— Койшы! Сосын өзің не істейсің? Не байға кеткен емес, не кетпеген емес...

— Не істеуші едім. Кетем. Қалаға барып тұрам! Тауықсыз да таң атқан. Біржолата кетем. Қара жерге кірердей масқарам шыққан ауылда бұдан былай қала алмаймын ғой. “Бір өпкеміз бар сияқты еді. Байға кетті ме, басқаға кетті ме — білмей қалдық” демесін деп істеген тірлігім еді. Сендер риза болмасандар қайтем? Күйеу жігітті қуып шыққаннан басқа амал жоқ.

Төр бөлменің есігін жүлки тартқан Мәржөпияның жолын жеңгесі кес-кестей берді. Сабырға шақырды.

— Ойбай, Баржақсым-ау, ойлануға мұрша берші. Кішкене ойланайық та. Сабыр. Кой, құрысын. Жаңадан көтерілгелі тұрган шаңырақты ортасына тусіріп қайтемін. Мен райымнан қайттым. Ырым-жырымы құрысын! Мейлі,

бара бер. Алла алдыңнан жарылғасын. Тентегім-ау, коя ғой енді, қоя ғой...

Өй, Баржақсыма біреуің қой десенші. Ана күйеуге де ештең сездірмей-ақ қойындар. Осы үйде не мата бар екен? Келін-ай, қарап жіберіші. Шыгара ғой, мына арақ-шара-бының үстіне қоса сал. Е, сұйт. Өз мерейің емес пе? Солай. Баржақсым-пу, бәсе, ақылды едің ғой. Бар, өз бөлмене бар. Баршы енді. Бата берерде өзіміз шақыртып аламыз. Бара ғой енді.

Қызықтың көкесі “күйеу жолдастан” шықты. Өншейінде келген күйеуді сынап, женіл-желпі болса да сын садағын онша батырмай түйреп, өзіл-оспақ, қалжынмен қағытып отырган қазакы дастархан мына әнгімен кейін жым-жырт бола қалды. Тек ештең сезбеген “күйеу жолдасы” жолда-сын өзі қорғаудың орына Қиқымға тиісе бастады. Әлде бизнес партнерінде кеткен кегі бар ма екен?

— Өй күйеу, құда табаққа салмайсың ба?

Басқалары “ө, бәсе!” деп көздері жайнап шыға келді.

“Ол ақшаны сіз салады деген соң сізге бергенмін” деп, жан дәрмен сыбырлайды жаны мұрынының үшына келген Қиқым.

— Өй, Қоқым, жоқ-ау, хи-хии-хи... Қиқым, сол жартымсыз теңген біздің үйдегі женғеңдің қалтасында қалған сияқты, хи-хи-хи, өзін нете ғой, өзің сала бер, хи-хи...

Бұлардың сыбырынан сезіктенген қызы жеңгесі:

— Күйеу тек күйеу табаққа салады, — деп, араша түскен-сиді.

Бюджетін ойша есептеген болуы керек сөлден соң Қиқым екі табаққа да жалпак бесмыңдықтарды бөліп салды. Жолдан қосылған күйеу жолдас тағы:

— Біздің ауылдың салты — тойда өлең айтқандарға екі мыңдықтан үлестіреді. Себебі ол сенің тойынды әрлендіріп жатыр емес пе?

— Өй, Қоқым, туу шатаса бергенімді көрмейсің бе, кім... Қиқым, рюмкең кайда? Құнде үйленіп жатқан жоқсын, әкел, соғыстырып қоялық!

— Өй, ей, әкри, тубіне дейін іш! Соғыстырган соң дастарханға коюға болмайды. Вот, солай! Қалдық қалдырма, камшы салдырма! Өнесі, ей! Өй, бүйтіп күйеу болғанынды!

Карлы боран толастар емес.

Той аяқтала келе, поезга отырып қалаға кетпекші “калыңдықты” қоршалай жәнкілген жүрт, бораннан қорғалап жылы үйден атып-атып шықкан бетте машинаға тез-тез мініп алды. Вокзал қайдасың деп жөнеп берді. “Артыңа қараушы болма!” деп, қатаң тапсырма беріп, қызды бірінші машинамен жіберіп, женгесі “куйеуді” таптай қалды. Үйде жоқ. Машинаға мінбегені жөне анық. Жоқ.

Сейтсе, бөтенсіп үрген иттен қорқып ықтысында тұр! Өй, беркінді үрайын!

Қыз кетіп, орнына күйеу қалып, бұл елдегілер тағы бір састь. Қапелімде машина табылып бола ма? Жан дәрмен күн, жүргелі тұрган поездың соңғы вагонына үлгертіп, бір ух десті.

Ауызы арак сасып, қолында не билеті жоқ, не адам сықылды түрі жоқ, жоқ болғандықтан жолсеріктің дұрыс қабағы және жоқ, өйтепе жолшыбай түсіп қалмай көрі “калыңдық пен күйеу” ұзын составтың екі шетінде қалаға жетті. Үлкен вокзалда бірін-бірі тапқанға мәз. Иә, Мережепия байға осылай тиген...

Қиқымшылап журмендер, жастарым. Не нөрсе де өз уақытымен, өз сөнімен. Өлімнен басқаның ертесі жақсы деген...

Тәрбие келін

Қыз ұзатып шаршап келеміз. Тұн койынын үнгі қою караңғылыққа сұнгіген микро автобустың іші жым-жырт. Әркім өз ойымен томсаруда.

У?! — деді кеудесін кере күрсінген “шыт жана құдағи” атанған қырық бестерлегі жуан сары әйел: — Қызымыз су тегін кетті-ау!

Сол сол -ақ еken жан — жактан жуанды — жіңішкелі екінішті үндер қосылып, өсек жосылып берсін. Тығыны ағытылған топан судай екпіндей эмоциямен айтылған сөзде есеп жоқ.

Ойбай-ау, он бес жыл оқып қызыл диплом алған келіннен несін аяйды-әй!

Түү, осыны да той деп...

Күмпілдетіп, дүмпілдетіп эстрада жалдағаны несін алған? Бір жағалы киім беруге жарамай отырып?

Бетім-ай, тамағымды қырнап, дауысымды сөндеп құда
дастарханда айтам деген өнімнің адыра қалғаны-ай!

Бәсе деші, жау құғандай таксидің жалдаған уақыты бітіп
барады деп...

Бүйтіл құда күткені бар болсын!!!

Жасауға деп қосқан гарнитурыма ішім үдай ашып
барады!

Үш метр матанын дұрыстауын да салмапты?

Өңшең ештеңе көрмеген көрмәдіктер!!! Көрлеріңе ғана...

Бажылға қыжыл қосылып, өнештей өзөурескен “құда-
ғилар” қызыл таласпен таңды атырып, үйлеріне жетіп
қалғанын байқамай қалды.

Арада екі жыл өте шығыпты. Бірде жолым түсіп абы-
сының үйіне кірдім. Қішкентай балдыրған мені жатырқап
төрге қашты.

Жиенжан қыдырып келген бе? Келе үой, айналайын, мә,
кемпіт берейін, — десем, көзі жыптылықтаң жылай салғаны.
Китарлау ма, қалай өзі?

Қайдағы қыдырған!!! Жарымағандар қызыма күн
көрсетпей қойған соң, барып ажырастырып өкелдім!

Ажырыстырып?

Ие! Көрсетпеген қорлығы жоқ. Қашан барсам қара шайға
қақалады да отырады.

Енді, жас отбасы...

Ойбай-ау өке-шешесі не бітіреді! Баласының кенжесі. Өй,
устама! Бұлдіресің! Қап, жарымаған неменің тұқымы-ай,
құрттың-ау! Тартпасан, тумағыр! Бұлдірді! Құртты!

Сонша айқайлағанын... не? Қойшы, сәби емес пе?

Өні-әні... былай түр дейім. Өй, шылжың неме! Долы!
Долданса болды, отырган жеріне қоя береді. Жарымаған
тұқымнан туған соң не оңады бұл! Қызыма екі жылда бір
шыт халат өперуге жарамаған соң не дейін, уфф... Қайыр-
шылар-ай!!!

Абысынның дауысынан тебе қүйқам шымырлап,
жазықсыз жас сөбиге жаным ашып жүрегім бурді.

Осыдан кейін есіме Тәрбие жеңешемнің інгімесі еріксіз
еске түсіп отырга— ны... Поезда жолаушы жүріп бара
жатып купелес болдық. Жеңешем былай сыр шерткен:

“Күйеуге өте жас шықтым. Аナン менің от жаққан жеріме көре келгенде былай деп еді:

— Ал, шырағым, үш кемпір мен бір шалдың ортасына келген екенсің. Бұл да жалғыз екен. Сен де жалғызың. Мен он мола құшақтап қалдым. Пәленшешің қызы байдан келіп отыр дегізіп сүйекке таңба салғандай болсан, айтпады деме! Саган бір бөнкө бинзин жалынсың, устіне құямын да өртеп жіберемін. Он бірінші мола етіп көме саламын!

Қайран анам! Мен мына өмірге көндіксін деген екен ғой. Менен басқа балалары өліп-өліп, өлім сарқытындағы қалған мені еркелетіп-ақ өсірген. Айтарын айтып алыш, тәмен қарап мырсылдай жылғыған мені жұбатады. “Өлмелі кемпір-шал ғой. Олар өлген соң бар билік өзінде қалады ғой” дейді. Онда жасым он жетіде. Баламын. Үлкеннің сезіне қалтқысыз сенетінім бар.

Арада бір жыл өте шықты.

Апа-ау, өледі деп кетіп едің, бір жыл өтті. Өлмеді ғой...— деп, бұртаңдаймын.

— Қайтер дейсің, құлныым? Үлкендер ғой. Қолдарына су құйыш, батасын ала бер. “Баталы құл арымас” деген. Ал енді өздері биыл өлмесе, келесі жыл өлер... Өлмей қайда баарар дейсің...

Сөйтсем, анам байғұс мені көндіксін деп әдейі айтады екен ғой. Кейін енеммен сырласып отырганда айтып беріп, көзі мізден жас аққанша құлғеніміз бар. Сол атам талай жыл қолымда тұрып, берітінде қайтыс болғанда айтқан жоқтауыма ел риза болып: “па, шіркін, жоқтасаң Тәрбие келін құсал жоқта. Нағыз атасының қадіріне жеткен келін осын-дай-ақ болар” дескен алғыс алғанмын”, — дейді, Толыбай агай екеуі қосылған кездерін есіне ал-ған женешем.

Екі заман. Екі көзкарас.

Үш кемпір мен бір шалдың бабын таба жүріп, он екі балаға ана атанған Тәрбие женешем; бір сәбійін шашын үрпітіп бауырына қысып, жар тесегінен безініп, ошагы жанбай жатып сөнген қызыл дипломды Нұргул... Екі тағдыр. Екі өмір.

Керегар ойлар санамды жаншып барады...

Диалект

Шіркін, қазақтың жері кен ғой! Өзім со-нау Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында туып-өстім. Тау!

Жайнаған бакша-бау. Қазақтың жеруйығы ғой... Бізben бірге өмір сүріп жатқан неше түрлі ұлт бар. Соның ізі тілімізден де байқалып қалады. Маған қызыметтестерім “ч-ч”— лайсың деп қояды. Бірде мынандай қызық болды. Мектепте фронтальның тексеру жүріп жатқаан. Яғни мемлекеттік деңгейдегі тексеру дегенім ғой. Инспектор жігіт “сым” деп қалғаны... Өдеби нұсқасы шалбар ғой. Атыраудың адамы емес екені тайға таңба басқандай. Екеуміз шүйіркелесе кеттік. Өрі сол кезде өзім туған ауылымды сағынып жүрген кезім еді. Кейін әріптестерім күліп: “қарасақ қа?арлы инспектор жігіт майдай еріп, Қулөш апаймен тілін тесеп “ч-ч-ч”-лап кетіп барады. “Уф” деп қуанып қалдық. Ештегеден тайсалуды қойып, арқа басымыз кеніп, сабағымызды тақылдатып ала жөнелдік қой”, десken.

Іә, мен дәм буйырып сонау 2000 шакырым жерге келін бол келіп, осы Атыраудың Сағыз бекетінде түтін түтеп отырмын. Бұл ауыл самауырынды түйенің құмалағымен қайнатады екен. Үлкендігі теннис добынан сөл кішірек. Аулада ешкім жоқ кезінде самаурын кернейіне лақтырып түсіріп ойнап алғыным бар. Өзі тез қайнатады. Өрі қызуы көлкө дейін сақталады. Енем жарықтық бір самаурынды бір өзі түгесетін шайқор кісі еді.

Жас келінмін. Ісім ылдым-жылдым. Шейін лезде демдеп, дайын болғанын білдіргелі, өрмек тоқып отырған енeme жақындан:

Самаурын қайнады. Ағызып қойдым! — деймін өзіме-өзім риза кейішпен.

Касқа! Қарбаша! Құрттым деші!

Енемнің неге айқайладап кеткенін түсінбей аң-таңмын. Енем өрмегіне шалынып, үзілгеніне қарамай тұра жүгірді. Ісмер кісі еді. Екі ұл, бір қызben жастай жесір қалып, осы қолөнерінің көмегімен екі ұлға да жоғарғы оку орнынан білім алушына жағдай жасаған. Мен келін болып түскен соң да ол кісінің кілемге бергісіз алашасын ат беріп, атан беріп қалап алушы үзілген емес. Ал жілтін үзілуі деген бұл істе ете орыны толmas олқылық. Олқылық деу бер жағы...

Соған қарамай жүгірсе одан да зор бірдене булдіргенім...

Мен өлі нені “құртқанымды” түсінбей жапақ-жапақ қараймын. “Ағызып қойдым” дегенім — шайды демдеп қойғаным. Біздің жактың диалектісі.

Енем өлі басыла алмай: “Яптырай, оттығы балқып кеткен екен десем” деп күнкілдең қояды.

Кейін де енемің “карбашасы” талай айтылды. Тұсінбеймін. Тұсінбегеніме өкінгенде емеспін. Ренжігенде айтылуы тиіс сөз деймін де қоямын. Сенсең сол сөздің мағынасын өлі күнге білмеймін. Не керек қазбалап...

— Иә, кейде жолдас келіншектер қайрайды.

Құрысын, сондай сөзді естіп қалай шыдалп отырасың? Дипломың бар еще!

— Сауатсыз мыжырайған кемпірдің бетін қайтарып айтып тастамайсың ба! Не сөз екенін білесің бе өзің?!

Жоқ, білгім де келмейді. Осындайда оларға бір құрбымның біздің ауылдың диалектісімен алғаш танысқаның есіме аламын. “Кенкелес” деген сөз бізде “жынды”, “есуас” деген ұғымды білдіреді. Алматыда бірге оқып жүрген кезіміз. Өлгі сөзді менен естіп алыш, жігіттердің көзініше өзіме айтып масқарамды шығарғаны... Тіпті қойғыза алмаймын. Жіп - жіңішке дауысымен әндете созатының қайтесің? “Өуезді сөз” деп құрбымның өзі мәз.

Жаңағы өзімді енeme қарсы қайрап салған келіншектерге осыны мысал етіп айтамын. Отбасының татулығы үшін кейір сөздерге мән бермей-ақ өмір сүруге болады дейді өз ойым. Сен не дейсің?

Өкініш

Жұмагұлмен әңгімеміз жарасқалы қашан...

Бірақ мен өлі естімеген де жағдайлар бар екен.

“Әңгіме сыптырыштан басталды, — деп, көз жасын бір сығып тастап, соның босагада жатқанында, немесе сүйеулі тұрганында тұрган не бар дейсін? Ырым деп, тыйым деп... осы енем менің істеген ісімнен бір мін тауыш, туртпектеп отырмаса ішкені ас болмайды. Жаяу бұрқасындағ андасанда бір бұрқ етіп қойып салқын қабак отыр едік, есіктен кіріл келген баласына шағынғаны ма, енем:

Мен бұл үйге сыймаспын, кетемін! — деп, тұтіп отырган жүнін сілкіп тастап, етегін қаққыштап үшіп тұрды. Жоқ жерден ұрыс шығарғанына өкпелеп мен де қарап қалмадым:

Мен-ақ кетемін! Айтқыныз келгені сол шығыр!

Емізуілі баламды құшқатай мен де есікке үмтүлдым.

Жұмыстан шаршап келген күйеуім екеумізге жалтақтай қарап, басу айтқан болды. Біз ол бірдеңе айтқан сайын

ершелене түсеміз. Сөзден сөз туды. Айқайға боқтық араласты. Мен болсам табақтай дипломым бар оқыған адаммын. “Мәдениеттімін”. Мұндайға төзуім қорлық емес пе?!

Әй! — деймін шофер күйеуіме және сауатсыз енeme ала көзіммен ата қарап: — Өліп қалған шешемнің сүйегін сықырлатпа! Еркек емессің бе, босқа бажылдағанша ұрып жібер!

Бұған дейін маған қол көтермек түгел бетіме қарсы келіп бір ауыз да сөз айтпаған күйеуім бір үрды. Анадай жерге үшшіш кеттім. Басымды ондырмай соғып алсан да ештеңе сезбеймін. Еш жерім ауырмайтын сияқты. Бойымды кернеген ашудан ба, әлде күйеуімнің мына маған қол көтеруге дәті қалай барғанына таң қалғанымнан ба, дүлей адам сияқты екіленіп:

Еркек болсаң екі үр! — деп, қасына тағы жётіп бардым. Ол тағы періп жіберді. Жұқалтак, бойы өзіммен бірдей байғұстың жұдырығы мұнша қатты болар ма? Тағы анадай жерге үштүм да кеттім. Дес бересі бұл жолы басымды ештеңеге соқпадым.

Енді бұрынғыдан бетер долданып, бұрқырап жылап, жұлқынып киініп енемнің балаға жармасқан қолын қағып тастал, тіпті у-шуды естіп кірген көршіміздің басу айтып: “мына қақаған сұықта жас сәбиіне сұық тиіп, өлтіріп аларсың” деген ескертүін де құлаққа ілмей, жиырма шақырым алыс тұратын ауылымға жаяу кеттім. Өзім ғой ашудан кыз-кыз қайнап ештеңе сезер емеспін.

Біраз күннен кейін артымнан қайынағаларым келіп, ашыым басылған соң өз үйіме оралдым. Менің ашу үстіндегі “еркек болсаң екі үр!” деген сөзім кейін мөтел болып кетті. өзім де ене болғалы осыны мысал етіп көп келінді ақылға шақырып отырамын. Шүкір, ұл-қыздарым ақылды, сөз ұғады. Тек өкініштісі өттеген-айым тұла бойы тұңғышымның шетінеп кеткені... Бұлдіршіндей сәбиімнен айырылып қалғаным өзегімді өртейді. Екі өкпесі сырыйлдан, оймақтай ауызымен ауа қармана дәрменсіз, мелдіреген көздері жөутенденеп ажалаға араша сұраған бейқунә жүзі көз алдыма жиі елестейтін болып жүр... күрсініп сырын актарған Жұмагулді не айтып жұбатарымды білмей антарылдым. Ене мен келіннің берекесіз “соғысы” бір өмірді жұлыш кеткені-ай!...

Тексіз деп тегін айтпас

Мақсым туған ағасының қызын асырап алған болатын.

Осылдан жиырма жыл бұрыннырақта жасынан ынжық, жуастау өскен ағасы өзін үлкен қаладан артынан іздеп келген қызға үйленуге “үлкен табандылық көрсеткен”. Апасының сөзі ғой... Сол жеңгесін “Бұты таяқтай, карыны қабактай” деп, үнемі мұқап отрыатын да аласы. Онда әкелері тірі. Баласына ұрса жүріп той жасап берді. Тыртиған шалбарын тастамайтын келін тойдан соң көп ұзамай осы Таңсұлуды дүниеге әкелді.

Әуелі шырқырап жалай беретін немересін бесігімен қасына алып жататын шешесі өзі аурумен алысып кеткен соң Таңсұлуға Мақсым қарады. Әрі-беріден кейін титімдей бөле өз ата-анасын тастап мұның бөлмесінде басыбайлы мекендер қалды.

Шешесі марқұм:

— Өзі де, ісі де, мінезі де атына сай байғұс-ай! — дей жүріп, (келіннің аты Клара болатын) “Қарааласына” бар білгенін үйретіп бақты. Жетімханада өскен “бейшарасы” не тоқығаны қайдам, бір түнде орынын сипатып кетті.

Қанша іздесе де таптырмаган соң, шаршап іздеуді доғарған. “Қатыны қашып кеткен” атағын алған соң ағасы тілтеп түйікталып алды. Не ағасы сияқты сары да емес, не жеңгесі сияқты кара да емес, түсі жербеттенген, ал көз қызығына қарасаң көріс сияқты Таңсұлуды құшактап Мақсым қала берді.

Бір жасқа жетпесте бала қатты ауырып, Мақсым тікүшакпен Алматыға жеткізді. Жылауға да өлі келмей хал үстіндегі жатқан сәбиге қан құю керек болды. Бала қалың өйнектің астында, бұл сыртта. Балық сияқты тіп-титей еріндерімен ауа қармаған сәбиге жүрегі езіліп жылап тұрды. Екеуі нің қандары сәйкес келмейді еken. Өзі түргілі ағасының қаны сәйкеспеді. Несін айтасың? Кімнен туғаны белгісіз... Әйтеуір бауыр басқан сәбій өзіне қымбат! Бөрібір, осы бір кішкентай тіршілік иесі үшін қанын да, жанын да құрбан етуге даяр еді Мақсым.

Сол баяғы тісімен тістегендей қылып жеткізген қызы бұл күнде өзінің биологиялық анасының тағдырының қайталайды деп кім ойлаған?!? Бұын-буыны ісіп, әлсіреп,

аяғын баса алмай отырганда асырап жеткізген анасына көз қызының да салмастан хабарсыз кеткені-ай???

Осылдан екі жыл бұрын қаланың тас қабырғалы үйінде қызының тұңғыш рет жоғалтып альш бебеулең отырганда сау етіп құдалар кіріп келді. Мақсым өрісін кенейтіп, бір қора тума-туыс, құда-жегжат тауып берген қызына шукіршілк қылды. Ауыл жігітіне қашып кеткенін уайымдаса да қуаныш жаса-уын түгендеп, тойға қамданды. Таңсұлуы күнде телефон шалып:

Мама, мені бұл ауылдан альш кет. Мал баққан лас үйде тұра алмаймын.

Ішім пысып кетті. Күнделікті жұмыстар шаршадым. Тіпті бітпейді, — деп арызданады.

Ау, жаңым-ау, мектепте жүргенде балапан бағып, қоян ұстаушы едің

ғой. Азғантай зейнет ақымды жырмалап соларыңа жем, тор өнеріп жүргенімде “жүргегі жұмсақ”, “малсақ бала” болыш есіп келеді деп қуанушы едім. “Ауыл, ауылға барыш тұрайықшы” дейтінсін. Шыда, үйреніп кетесін. Бәріміз де ауылда өскенбіз. Маған күнде телефон соға берме. Ата-ененмен ұят болады. Қалааралық байланысқа да көп акша кетеді, — деп басу айтатын.

Бірақ Таңсұлуы сыйлаған қуаныш ұзакқа созылмады. Тойдан кейін барған жерінен жерініп, Мақсымның қолына, қалаға қашып келді.

Мақсым өрі айтты, бері айтты. Қайтеді, ез қолын езі кесе ме, көнді. Күйеу баласы, обалы не керек, бойы серейіп талай ізден келді. Таңсұлуы: “Бала онікі емес, саған ұяты келмесін деп тие салғам. Енді онымен тұрғым келмейді” деп табандап отырып алды. Шынымен де не қызына, не күйеу баласына ұқсамайтын көзі тостағандай, қылышы төтті немересі өсіп келеді.

Бірақ ұрыс кірген үйдің берекесі кететіні рас екен. Қазіргі таңда “ішкені ірің, жегені желім”.

Таңсұлу шіркін, апталап, айлап үй бетін көрмейді. Бастанқыда Мақсым байғұс тұн баласы үйкі көрмей уайымдал, теледидардағы қылымыс хроникасына үніліп, анау өлген қыз езінің қызы сияқтанып есі шығатын. Сосын шыдамай телеарналарға, радиога, газеттерге беріп іздеу салатын. Сейтіп дал болыш отырганда жоқ жерден қызы

кіріп келіп: “неге менің атымды, фотомды жариялатасың!”? деп, дұрсे қоя беретін.

Япырау, мына Мақсым кімді тәрбиелеп шығарған? Бар өмірін арнаған қызы емес пе еді? Қате қай жерден кетті? Кім кіналы — заман ба, өлде адам ба? Енді не істейді? Жазықсыз шырылдаш жатқан сәби анау, мүгедектерге арналған темір коляскадан өздігінен тұра алмайтын қарлықкан дауысыменнең немересін жұбата алмай пұшайман болған Мақсым мынау...

Ай, бабаларым-ай, “көріп алған көріктіден таңдал алған текті артық” деп қалай тауыш айтқан! Тегіннен айналайын бабаларым!

Аңсардың құлкісі

Аңсар көптен бері дәл осылай рахаттанып кулмеген шығар. Өуелі қарны кампифан мұртты қазактың аңғалдығына күлді. Сонын оның “өгіз бұзаулапты” дегенге сенетін анқаулығына күлді. Қарқылдаш шегі түйілгенше мәз болды. Өзінің түрік екенін, қарамағындағылар қалай түсінеді, бастықтар бірдене деп қалмас па деген сияқтылардың бірін қаперіне алмай осылай бір рахат еркіндікте анау қазактың қылышына мәз болу өзін сондай жадыратты. Сонында “іштен шыққан шұбар жыланың” кимай қиналған тірлігіне риза болыш күлген. Шын жүрегімен күлді. Шын риза болды. Балаша шаттанып, өзінің аргы бабасы мекен еткен ата жүрттың, қазақтардың әлі күнге сәби сияқты айтқан сезге риясыз сенетін жандардың бар екендігіне шүкіршілік сезімі оянды.

Әйтсе де Сізге түсінікті болуы үшін берін рет ретімен баяндайынып.

Аңсар мұнай маманының білгірі. Қазақстанда жұмыс жасап жүргеніне үш жыл. Қазақша еркін түсінеді. Тек сейлеу тілі жатық емес. Бүгін діттеген орны табылмай көпшілік вагонға мінуге тұра келді. Қазір билет таптай осы орынға тап келгеніне дән риза. Нагыз қазақты өз ішінде жүріп тануға бек болады екен. Бұдан былай қасына тек қазақ жігіттерін жимаса ма? Сұлтан інішегі көптен үйіне шақырушы еді. Осыдан жете салсымен сол отбасымен міндетті түрде танысады. Барсымен... мүмкін осы ата бабасының отанында біржола қалып...

Енді жаңағы күлкіні таратып айтсак:

Іші ауырып мазасы кетіп қаралуға келген Сапар ағаға дәрігер балдызы сондай байсалды турде:

— Өмірде неше түрлі оқиғалар кездесе береді. Шындықтан ешқайда қашып құтыла алмайсың. Сен екіқабатсың.— депті.

— Өй, балдыз, еркекті екіқабат деп қай сасқаның? Дипломды сатып алған қу емессін бе, жөн сейле!

— Өмірдің құпиясы көп демедім бе. Мен қайдан білейін кімнен құрығаныңды. Міне, облыстық ауруханаға жолдама жазып беремін. Бар, тексеріл, маған сенбесен. Мен аппара-тымның көрсеткенін айттым, — деп, міз бақпай отырып алады.

Енді Сапар аға шындалап саса бастайды. Поезда келе жатып та ойы сан сақта. Армияда болмаса еркекпен бір төсекте қойындастып та жатып көрменгі. Япырау, қалай еркек бала көтереді? Ол қатындардың шаруасы емес пе? Қой, балдыз қалжыңдал...

Кейін бір мазақ етіп күлмекші болып...

Не болса да бара көрейін.

Дүниеде неше түрлі сүмдыштар болып жатыр. Күні кеше газетте үш жасар қыздың ішін жарып бала алғанын жазды. Егізі еken дейді. Жатырда жатқанда біреуі екіншісінің ішіне кіріп кетіпті дейді. Сүмдыш-ай! Кинодағы еркектің іші шермиіп туып жатқаны режиссердің қиялты -ақ болсын. Мынау менің басыма келгені масқара болды-ау, ел-жүрт не дейді енді? Өскерде чечен жігітімен бірге үйықтағаны бар. Ойлап-ойлап есіне түскені сол-ақ. Осыдан аман-есен жаны қалса іздел тауып көкесін көзіне көсетер-ау... сонда, қайдам... өрескел ештеңе болмаған-ақ сияты еді... өзі де бөлен баланың өкесі...япырау, бұл қалай...

— Өй, қызыым, міне жолдама. Мені өзім қатарлы еркек врач болса, соған жіберші, айналайын.

Сол екі ортада ауылдағы дәрігер, Сапардың балдызы өзінің курстасына телефон шальп, Сапарға не дегенін, оның соқыр шегі қабынып ауырып кеткенін, өзінің не деп сендергенін айттып күліп жатқан. Кең дөлізде кездейсок келе қалғандай:

— Ө, Сапар аға, сіз мұнда қайдан жүрсіз?

— Ойбай, бауырым, мені өзің қабылдай гөр, — деп, шалғайына жармаса кетеді.

Ол да біраз қараған болып, қабағын түйіп:

— Қызық, бұрын-соңды кездеспеген жай... қазақта болмаған, ылымм, еркек екіқабат деген... консолум шақыру керек болар...

— Ойбой, бауырым, қоя гой. Ешкімге білдірме. Дәрігерсің гой, өзің ішті жарып алып таста.

— Япырай, өй сіз мені қылмысқа итерменіз. Қалай жасыруға болады?

— Өй, көкем, құлдығың болайын, өзің ғана біл. Бір соғымың менен.

— Бір соғым дейсіз бе? Соғым. Өй, төуекел...

Арада үш сағат өткенде наркоздан есін жиған Сапар қасында сал-сары шақалақтың жатқанын көреді.

Өуелде қашқақтал жүрсе де, ауруханадан шығар кезде тағы дәрігерге кіріп, баланы ауылға алып кететінін хабарлайды.

Басында өншейін құлқі үшін басталып, сонында бір жетімек ата-ана мейіріміне ие болатын бұл өңгіме таза шындық.

Енді дәрігер сасып, қой, неғыласызы, деп тулкі бұлтакқа салған. Сапар ағамыз қайтпалты:

Жок, “іштен шыққан шұбар жылан” деген бар қазақта. Өкетемін. Сен енді балтай-шалтайды қой. Қағаздарын ретте. Мә, ақла. Жергөк, керек-жаарағын ал. Өкетем!

Сол сары ұл, Сапар ағаның кенжесі, еркін де ерке, алғыр, айтқаныңды қағып алады. Кекілі желі-желі етіп жүгіріп жүр.

Бір қызығы келіншегі өуелі біраз бажылдал альп, қызық үшін емшегін Олжабайдың ауызына салса, ол титімдей алақаныман қағып-қағып қойып кәдімгідей сорп-сорп сорады дейді. Құданың құдіреті, емшектен сүт шығып кетілті.

Кейін балдызының ойнағаны белгілі болғанда бауыр басып үлгерген Сапар ағамыз кенжетайы үшін шыр-пыр больш, “өзім тудым. Өзімдікі!” деп жан жуытпайды дейді.

Шындығы сол: қазақтың ыстық құшағы үшін адам заттың перзентіне ешқашан жаттық жок.

Менің өгей енем

Мен өжемнің еркесі едім.

Анам өлденеге жұмсай қалса, мен үшін өзі істеп, мені жасырын “бар, ойнай ғой” деп, қашырып жіберуші еді. Бой

жете бастағанымда сиырға дейін өзі сауыш, мен сауды деп етірік мақтап отырушы еді, жарықтық. Сөйтіп, түк білмеген ерке күйімде тұрмысқа шықтым.

Құда түсіп, дүркіретіп тойымды жасап ұзатты. Қүйеуім де өзім сияқты қызыл дипломды жас маман.

Тойдан кейін үйкымды қандырып, түске таман керіліп-созылып өзөр тұрдым. Тұрсаң, шәй дайын. Үй оңаша. Енем екеуміз-ақ. Майысып, мәнерлел “жас келін” болып шейімді құйып отырмын. Енем сөз бастады:

Ел ертең-ақ саған айтады. Одан да өзім айтайын. Мен сенің өгей енеңмін. Екеуміз тату болмасақ ел құрыққа сырық жалғап, араға су жүгіртуге кіріседі, қарағым. Одан да менің өзімнен есті. Осы балалардың өкесіне бес баланың үстіне келдім. Балалардың анасы қайтыс болып, мен келгенде балаларды тума — туыстары бөліп алғып отыр екен. Осы сенің қүйеуің он жаста болатын. Баланың кенжесі екі жарым жаста. Атаңмен тоғыз ай ғана отастым. Соқыршектің отасы қате жасалып, ай жарым ауруханалатып жүрдік. Отағасым көзі жұмыларда қасына шакырып:

— Дәке, кешір мені. Дәл осылай болар деп ойламап едім. Еш қызық көрсете алмадым. Балалар өзіңе аманат, — деді де үзіліп кетті. Сол, бір ғана “Дәке, балалар өзіңе аманат” деген лебізі үшін азаматымның өр үйде журген балаларның басын бір үйге қосып жинадым, бақтым. Шамам келгенше анасы болуға тырыстым. Аш қылғаным жоқ. Жалаңаш қылғаным жоқ. Мүмкін өз туған анасындай мейірім шуағын бере алмаған да шығармын. Бірак тырыстым. Саған да ене болуға тырысып бағармын. Сен де мені енем деп сыйлап, мені ұғуға тырыс. Мына сөздерді естіп отырып, журегімді аяныш кернеп кетті. “Япыр-ай, өгей ұл-қызды майдайынан сипап өсіріп отырган осы кейуананы ренжітсем атым Балзияш болмай-ақ кетсін!” деп, өзіме-өзім іштей серт бердім.

Қазір ойлап отырсаң, енем сол кезде бар болғаны қырық алтыда екен. Ыссылау кісі еді. Истеген асым жақласа апарып итке төге салатын. “Өй!” дегендегі үні төбене сұық су құя салғандай болатын.

Бір күні кешкे үйшіктарда “ертең сиыр саууды көр” деп ескертті. Таң елең-алаңда “балам, тұр” дегенді ести салсымен үшіп тұрып, әдеттегімші өтіріме жармастым.

— Мал өткір иісті ұнатттайды. Одан да қолыңды сабындал жу! — деді өмірлі үнмен. Бір халат пен орамал ұсынды.

Тездетіл киіп, үнсіз сонынан ілестім. Енемнің сауғанын қызықташ қарап тұрмын, оп-оңай сияқты. Кешкі сауымды жөне көрсетті. Тек ушінші күні “мә, енді өзің сауып көр” деп, шелегін берді. Ол кісі сауғанда оп-оңай еді... Ал менің саусақтарым қарысып, сутім шашырап, өбден берекем кетпесі бар ма? “Мал кеп өзгерісті ұнатпайды. Тек осы киіміңмен жүргенің дұрыс” деп ескертті. “Желінді қақташ сау. Сүті қалып қалса — ашиды. Онда малдың емшегіне жара түседі”. “Кешкі сауымға саусақтарың әлді болуы керек” деп, бірден сауғызбай өбден тәселгенше баулыды.

Мен де біртіндеп “супер келінге” айнала бастадым. Енем менімен ақылдастып отыратын дәрежеге көтерілдім.

Кенже қайнам үйленіп, жұмыс бабымен Кекшетауға еншісін алыш көшті. Енем бірге кетті. Менің үлкен қызыымды бауырына басқан-тын. Ол да бірге кетті. Жиі араласып, барып-келіп, қыдырып түрдік. Қызымың жасы мектеп жасына жеткен жылы да еліне қыдырып бардык. Бұл кезде қайнамның өз қыздары да едел-жедел өсіп қалған еді. Екеуі бір қуыршакқа таласып төбелесе кетпесі бар ма? Сіңлісі, титімдей қыз да келіп, ол да менің қызымының шашына жармасып, өзінше болыстық жасап жатыр. Мен өз қызымының құйрығынан ондырмай үрдым. Келін де өз қызын шапалакпен аямай тартып жіберді. Екеуі жылап екі жаққа кетті. Бір сағат өтер өтпесте екеуі тату-тәтті ойнал отыр. Сосын екеуін екі қолтығыма қысып алыш, өрмелеп жабысқан құрттай қызды тізeme қондырып, татулық туралы өртегі айтып бердім. Әйтсе де енeme:

— Баланы алыш кетем. Биыл бірінші сыныпқа берем. Өзім оқытам, — дедім. Енем өкпелеп теріс қарап жатып қалды.

Келесі жазда жөне қыдырып бардык. Барсақ енem ауырыңқырап жүр екен. Ол кісіні өзімізben бірге алыш келіп емдettік. Содан еле-өлгеннепе өзімнің қолымда тұрды. — Апа, былтыр мен қызыымды сен үшін алыш кеттім. Бала неме тебелеспей тұра ма? Сол кезде сен қайсысына болыссасың? Кімге болыссана да сенікі дұрыс болмай шығады ғой. Жігерің күм болмай ма? — дедім.

Енем ойланып отырып, отырып: “сенікі дұрыс екен” деді.

Өмірден өтерінде бір айдай тесек тартып ауырды. Оңаппада күніреніп:

— Ай, Құдай-ай, не жазығым бар еді? Нені дұрыс істемеп едім? Бар арманым — жетімдерді қатарға қосу болып еді гой! — деп, таусыла сөйлеп жатыр екен.

— Апа, маған бірдене дедін бе? Естімей қалдым, — деп, жорта естімегенсіп қасына жақындағы.

— Жай, әншійін, — деген сабырлы үнін естіп, көңілімді бірледім. Алам кеп уайымдап, жүйкесі жұқармасын деп әдейі сөзін бөлгенимді байқамады. Не байқаткысы келмеді.

Е, шырактарым, өз балаңа жақпай қалатын қатыбас заманда үкіметтің жұмысымен жағаласа жүріп, бес бірдей жетімді тәрбиелеп қатарға қосу, оның бөріне жоғарғы білім өнеріп, әр қайсысын үйлендіру деген онай шаруа емес! Өне, менің өгей енем дәл сондай алтын адам! Сол кісінің баулуымен өулеттің ендігі енесі мен болып отырмын. Өзімнен кейінгі екі ұл мен екі қызы “командир ене” атанып жүріп жатырмын, — деп, Балзияш жұмсақ күлімдеп қойды.

Міне, енді қайнымның қызын ұзатып, сонау Қызылордадан Алматының Кеген деген селосына беттеп келеміз. Бар жол — жоралғысын жасап, түгел жасауымен ұзатып альп келеміз. Қазақты қазақ етіп, ұлт етіп ұстап түрган осы салт — санасты — гой! Енді оны мына жастар жалғастырысын. Үлкендерден үлті алсын.

Өні жас, сөзі байсалды ана кеудесін кере өр Алатауга маңғаздана көз салады.

Өманда жолың болғай елімнің ардақ АНАЛАРЫ.

Кекшіл қатын

Кек долы Қанымша кемпірдің ұлы қыз альп қашты.

Бірінші жолы баласы үйленгісі келетінің айтқанда:

— Өскерден келгенің жаңа, қайда асығасың! — деп, дүрсे коя берді.

Екінші жолы:

— Өй, жүгірмек, ана апаларынды байға беріп алайын өуелі! — деп тиып тастаған.

Бүгін түскі асқа келген Айбек қолына қомақты ақша ұстартып:

— Мама, кешкі жетіде келініңді альп келем. Қанымша деген атына сай келетіндей шашуыңды дайындал кой! — деді де, шығып кетті. Енді Қанымша өз атын атап ойбайласа да естітін құлақ жок.

Қап, мына атана нәлетін-ай! Өкесі марқұм жуас еді. Тегіне тартып кеткен-ау шамасы... Қап, атана ғана... Қой, дайындалайын, — деп, орынынан сүйретіле тұрып, дастарханын жиды. Алматыдағы екі қызға телефонмен ұрсып, кешкі жетіден бұрын үйге жетіндер, — деді. Көрші ауылдағы келіндеріне үйіп-төгіп тапсырма берді.

Ара-арасында өткен күндеріне ой жүгіртіп қояды. Өзінің мектепте екі жыл достасқан жігітіне өкпелеп, осы шалына қашпып кеткенін есіне алды.

Жандай құрбысы:

— Өй, сенің жігітің Алматыдан келген бір сұлумен киноға барышты.

— Өй, сенің жігітің опасыз екен. Өлгі қызға жабысып, жүрт екеуің өдемі жұп екенсің десе мәз болышты.

— Өй, сенің жігітінді сол қызды автобусқа шыгарып салып тұрган жерінен көріп қалдым. Ол саған айтып қояр деп қорыққанынан басқа көшемен кетті.

Қазір ойлап отырса, етірік намыстанбай, босқа кектенбей мәнісін езінен сұрап алуға болатын -ак нөрсе екен. Ал онда көзіне от көрініп, бірінші киноға шақырган жігіттің етегінен ұстап, ятни құрбысының немере ағасына қашты да кетті. Сейтіл, жігітінен “кегін алды”. Ұл да туды, қыз да туды. Бесінші баласын “қан қысымының жоғары” деп, ауыл перзентханасы қорқып аудандық ауруханаға жіберді. Сол жерде босанып және емделіп жатқанда қасындағы тұмса жас өйел босана алмай көп қиналды. Ақырында жатырды жарып алған үл бала аман қалғанымен жатырды алып тастауға тұра келді. Жаны қинальш, екі дүниенің арасында жатқан жас өйелге Қанымша су әперіп, жастығын түзеп, оның “жарынан хабар алмай шіреніп жатқан байына” сыртынан ұрсып жүріп білгені: сottы болыш жатыр екен. Совхоздың отыз шақты қойын қасқыр тамақтап кетілті. Жок, ерине, зоотехник қіналы емес. Қанша жерден “был қасқыр қатты. Мылтық бер десе” де, “ана қағаз керек”, “мына қағаз керек” деп аудан мен облыс арасында сандалтып қойған чиновниктер қіналы. Өйтпесе бір сүйсө осының байы сүйсін. Жақсы жігіт. Аты...

— Аты кім? — дауысы шыңылдан шықты. — Фамилиясы кім?

Унін қожыратпай жинап алуға тырысты. Өйелдің күйеуі мұның бұрынғы ғашығы болыш шықты. Беті көкшілденіп

Қанымша қанын ішіне тартты. Көзінде шыңылтыр кек ойнады. Қап, бәлем! “Мен десе жанын береді”... “Сүйеді” деуін қарашы мына қаныштың! Мен былай қатырайын. Сүйеді деуін!!! Сен қатынның енді жатырың жок. Ол енді өлсө де бала сүйе алмайды. Фамилияңды жер бетінен күртаяйын, бәлем! Қызыымды бұған беріп, үлді өзім өкетейін. Медбике, дәрігерлерді сатып алсан... Бұл естанды халде жатыр. Баласын өлі көрген де жок. “қателесіппіз. Қыз екен. “Жаңсақ естігенсің ғой” десін.

Айбекті солай алған. Емшек сүтін бергенімен аналық мейрімін бере қоймады. Жұмыстың ауырына, қынына салды. Бірдене сұраса “соны да білмейсің бе?” деп жасыгыш отыратын. Баласы өз ақылына көп сүйенді. Ұмтылып, саналы азамат болыш жетілді. Ал сол асыранды ұлы өзінің туған қызын келін қылыш тусіргені...

Тойда Қанымша кемпірді біреу алмастырып кеткендей “жібек мінезді ене” болыш шыға келді. Өуелі, ел таң қалды. Янырмай, келін ененің топырағына тартады деуші еді. Мынау одан да асып түсті. Тура жас кезіндегі өзі! Пай-пай! Өне бір қасын секіртіп жіберетіне дейін аумай қалған. Сен де жас кезінде дөл осылай аяғынды көрбез басатынсың!

Қанымша келініне елжірей қарайды. Еее, ел қайдан білсін? Кек куам деп жүріп өз құрсағынан шыққан қызынан айырылып қалғанын кеш үқты. Енді көрем деген ой үш үйіктаса түсіне де кірмеген.

Ел “құдасы осы ауылдың ұланы болғандықтан пікірі өз-гергені шығар” десті. Қудағиы: “мен босанғанда көмектескен осы кісі болатын” деп мәз. Қүйеуіне назданыш қайта-қайта айта береді.

Ал Қанымша болса өз жатырынан шыққан ұл-қызына қимайтын тәтті сөзін кенже үлдің келіншегінен аямайды. Қанша түрлі карғысты ести-ести жауыр болған құлактары тынышғанға олар да мәз.

Кіші қыз: “Шіркін, менің болашақ енем мені осылай айналып-толғанып отыратынына көзім жетсе, қазір-ак күйеуге тиіп кетер едім” деп айтып салды.

Махаббат деген не өзі?

Салтанат бакытты қыз. Алыс түкпірдегі ауылдан үлкен калаға келіп бірден еш қындықсыз жоғарғы оку орнына

түсіп кетті. Жөне оқуын бітірсімен дәл сол қаладағы өдемі мекемеде бірден қызметке тұрды. Бір бөлмелі пәтерге де еш қындықсыз қол жеткізді. Бәрі дұрыс-ау...

Биыл жасы отыздаң бірінде. Қыз атына “кәрі” қосылды. Ал Салтанаттың мұны мойындағысы жоқ. Бірақ уақытты тоқтату қолынан келер ме? Негізі Салтанаттың өле сүйген жігіті бар. Бар гой...

Ен бірінші осы мекмееге келген күні болатын. Есік жақтағы ағаш ұнтағынан тығыздалып, сыртынан жалтыратып лак жағылған өдемі столға ие болып көнілі тасып тұрған кезде ішкі кабинеттен келбетті бүйра бас жігіт шыға келді. Қыз көзін тайдыра алмай қалды. Бейне бір қап-қара тұңғылқ кез түбіне тартып өкеткедей. Жігіт те қатып қалған. Екі көз магниттей тарс жабысқан Бір он, бірі теріс зарядтар секілді. Жабысқан да қалған. Құмарлық емес. Өуестік емес. Бейне бір табиғаттың тылсымы — түсіндіруге кедейтін магниттік полюс.

Содан бері неше жыл өтті. Кездесе қалса екі көз магниттеле кетеді. Содан өрі еш өрекетке барған емес. Не ашылып сөйлесіп көрген емес. Екеуі тек қана бір бірінің төбесін көріп жүргеніне мәз. Не артық сөз жоқ. Неше жыл?

Қазір ол тікелей бастығы.

Кеше бөрін өзі бұлдірді.

Екеуі іссапармен Астанаға барған. Екі кісілік номерде түнеген. Әдейі емес. Орын болмады. Салтанат өз сезімінен хабар беруге ең қолайлы сөт дәл осы күн деп шешкен. Сөйткенде...

Масқара-ай! Ойласа, жерге кіріп кете жаздайды. Жылады. Үзілдік. Кектенді. Біраз уақыт өзіне-өзі ұрсып, түте-түтесін шығарды. Енді сол жігітті иттің етінен жек көріп отыр.

Япыр-ай, бұл не болды?

Өзі емес-ау, тек Салтанат емес-ау, бұқіл әйел затына кесек лақтыргандай бұл не қорлығы? Құшагына өзі кіріп тұрған қызға махаббат туралы философия сокқаны қалай?

Не деп еді өзі?

Көмпіл сураған жас баладай етіп, мұның басын төсіне қысып алып, өнеге айттындаі соншалық кім өзі?!

“Махаббат дегеніміз жастық шақта гармондардың шектен тыс белінуі дей ме-ау, сол алланың берген сыйын бағалай біл дей ме-ау, сезім деген көніл ұшқыны дей ме-

ау... Сөнуі оңай, тұтануы оңай, ал жануы — лаулауы өзіңе, тек өзіңе ғана байланысты дей ме-ау... Сезімін ақылға билетіп, сабырқылса өрі кетсе бес-алты жылда сезімін өзі-ақ женіп шығатыны рас дей ме? Сезімге ақыл қарауыл болмағандықтан қоғамда азғындық көбейіп түр деп..." Бұл көз жасына ие бола алмай, далласалағ:

— Сенен, сізден бала туып алсам... — деп мінгірледі. Сонда жігіт жаңа ғана тарс құшақтап тұрған басты қеудесінен итере салды.

Үнсіз қалды.

Бұл жігіттің үйленгеніне неше жыл өтсе де баласы жоктығын, үрпақсыз екендігін есіне салғанына өкінді. Не шара? Айтылар сөз айтылды. Енді оны қайтара алмайсың.

Екеуі екі тәсекте тырып етіп ун шығармastaн таңды қарсы алды. Жұмыстарын үнсіз атқарды. Екеуі де бейне бір робот сияты. Қеудеде жан жок. Сезім жок. Тек көздер қағазға тесілген. Кешкі поездben Алматыға жетті. Енді тек арыз беріп бұл жұмыстан кетіп қалу керек. Кету. Жоғалу. Оның көзіне көрінбеу. Қарасын батыру. Басқа ой жок. Ештеңе оойлай алмайды. Ойлай алатын басы өзінікі емес сияқты. Тек кету. Кету.

Бұғін тұңғыш рет жұмысқа бармады. Өмірінде бірінші рет. Бәрібір ерте тұрып алған. Жок, дұрысы ұйықтай алмады. Айнаға қарамады. Сөнденбеді. Кім үшін? Не үшін? Енді жігітті емес, өзін жек кере бастады.

Бәрін өзі бұлдірді.

Осы шет елдік киноларда кейіпкерлер қалай ғана өз дегенлерін жігітке істетеді? Өлде ол жігіттер бассқаша ойлайды ма? Жарайды. Солай-ақ болсын. Махабbat бес-алты, мейлі он бес жыл өз уысында үстасын. Шынымен, сосын ол, өлгі махаббатты айтам, қайда кетеді? Неге лапылда жанып, бірінсіз бірі тұра алмайтындей болған жастар бірімен бірі бет жыртысып айырлысып жатады? Неге? Шынымен сол "гормондарды" сана басқара ала ма? Басқару не үшін керек? Салқын санаға бағына берсе өмір жалғаса ма?

Ойы ештеңеге тұрақтамаса да бірденелер ді ойлай бастаған Салтанат тұнімен өшін екі көзінен алышп, жылаудан сығырайып кеткен көзіне мұз басты. Өбден кеш түскенде есік қаққан кісінің кім екенін де сұрамастан делсал күйде аша салды. Қызыл халатының ерсілеу ашылған омырауын

сол қолының сүйрік саусағамен қымтай түсіп, сұраулы жүзбен үнсіз тесіледі.

Лып етіп ішке тез кірген бөкене бойлы сұлу келіншек: — Сіз Салтанатсыз ба? — деп сұрады.

Қапелімде бұл кім екенін есіне түсіре алмай, төбесінен төне қараган күйі ысырылып, атын атап келген қонағына жол берді. Келесі сәтте оның өз бастығының, яғни езіне махабbat туралы философия соғушының өйелі екені санасына жеткенде құлап қала жаздады.

Енді Салтанат не істер екен? Сіз не дейсіз?

Алланың құдіреті

Өлік күткен ауыл жым-жырт. Жаназаның малы өлдекашан сойылып қойған. Табак-табақ бауырсақ та пісіп дайын тұр. Үсті басы тоғырақ-тоғырақ Сұлтанөлі майдайын мыж-мыжы шыққан кепкасымен бір сұртіп тастал:

Жеңеше, айраның бар ма? Нәзираның “окобын” қазып келдім! — деп шіренеді.

Бұл — делқұлы еркектің көр қазып келгендігін хабарлаған түрі. Оның ерсі сейлеген өнербақан мына қылышына не қулерін, не ренжірін білмеген Хадиша үнсіз бақырайған күйі айран құйылған сапар кесені қолына ұстата салды.

Іе, Назира марқұм көп ауырды. “Мына күннің ыстығында мәйітті одан өрі қинамай тезірек жер қойнына берейік. Обылыс орталығынан ауылға жеткенше де ойдай жер, көрі қазулы, дайын тұрсын” деп үйғарған ауыл ақсақалдары. Астаулы машинаның бортына жоңышканы көптрө салып, құрым киізін жөне алып таң қараңғысында жолға шыққан сүйекшілерден өлі хабар жок.

Мылқау кинодағыдай үн шығармай өркім өзіне тиесілі тірліктерімен айналысқан ағайын-тума, жекжаттың әр кайсысына бір жаутандаган он бір жасар қызы бала тұнжыр көздер тұңғызынан бір жылдылық дәметеді. Бұл — Нәзираның тұңғышы Гүлмира. Өз анасы, яғни балалардың әжесі қайтыс болған кезде бірінен бірі кіші үш ұлды Нәзира өз қолынан мектеп -интернатқа өткізген. Бар өмірі ауруханамен етіп жатқан ана үшін бұл бір шешім еді.

Күн кешкіріп барады. Жан біткен үнсіз баяу ғана қозғалып, тірлік қамын жасауда. Тіпті, кара жолдың бойындағы май тоғырақтың шыңының өзі өте баяу кілкіп жайыла түсіп жерге ауыр жайғасатын сияқты. Жаңа үйші

келе жатған айрандай ап-ауыр тыныштықты кенет титімдей қыз Гүлмираның бозторгайдай шырылдаған нәзік үні тіліп түсті.

Төуелі көрші албардағы далада жер ошақ басында бауырсақ пісіріп жатқан жеңгесінің ожауына жармасты:

Мамам тірі! Пісірме бауырсақты! Ол өлген жоқ! Пісірме деймін!!!

Сосын келесі шарбакқа асылып:

Мамам тірі!!! Ағалар қаладан келді! — деп, ары қарай жүгіре жөнелді. “Tipi!” деген шыңылтыр үн құлақ жарғында жаңғырығып, әлі ештепені байыптай алмаған ауылды дүрліктіріп жіберді.

Бейне бір мылқау киноға кенет музыка дыбысы қосылғандай тіршіліктің қазаны қайнап сала берді. Шешесін ажалға қимаған тіл-титімдей қыздың осы хабары шындық болғай-ақ деген жалғыз тілектің үстіндегі ауыл тайлытаяғы қалмай енді қазалы үйге қарай шұбырды. Таң атқалы өлімнің тылсым құпиясының уысында шала жансар талықсыған тіршіліктің тамырына лезде қан жүгіріп, жан бітіп коя берді. Шынымен мына жас өлімге келісе алмай отырған ауыл Алланың мейірімі түсіп, жоғалтқаның қайта тапқандай жүздері нұрланып, ауыздар сампылдаپ, қолдар сермеленіп, аяқтар сыптылдаپ сала берді. Қазакы қалжынға қарқылдай құлгендер көбейгенде тіпті ауаның ісі де өзгеріп кетті.

Сейтсе, сүйекшілер үлкен қаланың барлық мәйітханасын аралап, Нәзираның денесін таптай дал болмай ма? Ұақыт болса зымырап өтіп жатыр. Ақырында ішіндегі жастау біреуі тұрып:

Ау, бұлай босқа сандалғанша Нәзираны емдеген он-кологияға барып, емдеген дәрігерінен неге сұрамасқа? — деп, ат басын солай бүрмай ма.

Аумаға ат шаптырым аурухананың мәйітханасының ауыр ісі қолқаны қабады.

Іздегендерің мынау ма? — деп, өліктің бетіндегі ақ жайманы сыйырса, ауылы аза тұтып отырған Нәзира екең тірі, наркоздың уыты қайтқан соң, қызара бөртіп, денесі қызыл терге шомыльш жатыр екен.

Мұны көрген дәрігері өйелді дереу каталкаға салыш алып, зіркілдете сүйреп, ең жоғарғы қабаттағы жан сактау белімінә ала жөнеледі.

...Бөрі де сонау бір жылдың күйеуі мас болып келіп, келіншегінің ішіне селебе пышқаты бойлата сұғып алғаннан басталған. ЗАҚЫМДАЛҒАН ішкеп дұрыс тігілмеді ме, өлде таза жуылмады ма? Операциядан операция жалғасып, ауруға ауру жармасып, он сегіз рет тілгіленіп қайта тігілген қырық қурау қарынға соңғы рет наркоз берерінде Назира:

Өй, байқа! Көп беріп қойып, оянбай қалып жүрмейін. Балаларым жетім өспесін! — деп ескерткен.

Кейін есіне алғанда сол барзак дүниесімен екі арадағы сезінгенін былай суреттейді: “Ұзын-ұзын бітпейтін дәлізben жүріп келем. Онға да, солға да есіктер қалып жатыр, қалып жатыр. Ешкайсынына бұрылғым келмейді. Тіпті есікті ашып шақырғандарына да қайырылмаймын. Бар есіл дертім — сонау дәліздің аяғындағы тік ашылған есікten саулап тұрган аппак нұрда! Соған жетсем деген бір гана арман. Тек ен соңғы белмеден бір жылаған жас сәбидің үніне құлак тіктім. “Қой, шешесі келгендеп жұбата тұрайын, сосын да аппак сөулелі есікке үлгерермін” деп ойладым.

Сейтсем, жер бетіндегі тірлігім өлі бітпей ұстап қалған екен ғой,” — деп қүледі Назира. Сүйекшілердің қаладағы бар мейітхананы шарлап мені кеш табуы бір себеп. Егер ерте тапса, сол ес жимаған күйімде арулап көме салар ма еді? Тіпті ауылға жеткенде жаңым шықпағанын сезсе де, қаладағыдай жедел көмек көрсете алмас па еді? Ақыр аяғы делқұлы Сұлтанөліге шейін “көр қаздым” деген сөзді айтқызбай тұрган Алланың құдіретін көрмейсін бе?

Мені өлімге қимаған туған аулымның, ұл-қызыымның тілегін Алламның сыйлағаны шығар?!! Бір құдіреттің бары шын!!!

Көрдің бе, мен қазір қызыымды құтты орнына қондырған бақытты анамын. Енді ұлымды үйлендіру қамымен Алматыға келіп отырмын, — дейді бақыттан жүзі бал-бұл жанған Нәзира.

Иә, бұл Алланың құдіретіне шек жоқ қой!

Жылаудың да түрі бар

Соңғы кезде Эльмира жылауық болыш алды. Ең алғашқыда ол күйеуі кетіп қалғанда жылаған. Бірақ онда дәл осылай жыламаған сиякты. Жылады, өрине. Күйеуіне долданып жылаған. Тұстыарына ашууланып жылаған. Солар еді ғой күйеуін “жетім өскен” деп, “некесіз туылған”

деп, “тексіз” деп... Ол кезде Эльмира сүмдүк ақылды еді, “өке-шешені ешкім жаңына байлаап жүрмейді”, “тегіне көже құйып ішем бе?”, “өзім ак некемен тисем болмай ма?” деп беріне тойтарыс берген. Енді сол өздері жақтырмалан күйеу кетіп қалған-да табалаған тағы солар. Жыламай қайтсін-ау! Жыламай енді қайтеді?

Сосын құрбысы Гұлсім бір кісімен таныстырығанында корланып жылаған. Өзінен әжептөүір үлкен. Үсті-басы темекі мен арак сасиды. Жок-ау, аузындағы сасық иістің арғы асқазаннан келген адам төзгісіз сасықтығынан жиіркенгені соңдай, екі күн бойы екі бөлмелі пәтерін желдетумен boldы. Өз бағасының соншалық түскендігіне, сол біреуге өзін теңестірген тағдырына ызаланып жылаған.

Күйеуі осы құрбысын басынан-ақ жақтырмады. Гұлсім демейтін, “құлсұм” деп сұнқитатын. “Тілім келмейді. Сендер сияқты интелінгент емеспін. Қара табан жұмысшымыз гой” деп, өтірік ақтала салатын.

Сол кеткен күйеуі туралы “вокзал жақта көрдік” дегенді ести сала іздел барған. Жерге қырбық қар түскен карашаның қара суығында көдімгі қоқыс салатын темір контейнерге арқасын сүйеп, басы қеудесіне жансыз салбыраған күйі отыр екен. Үйқыда екені, ояу екені белгісіз. Алғаш көзі түскенде “байғұстың екі өкпесін суық қармал қалдау, түнімен осы жерде отырды ма екен?” деп, аяп кетіп, түрғызуға өрекеттегіп көрген. Еркек ештеңе сезер емес. Талтайып отырған шалбардың ауы су-су. Сасық иіс мүнкіп түр. Эльмира бұрылып кетті. Айналада ешкім болмаса да “ешкім көріп қоймаса екен” деп, өз-өзінен күистанып, тез-тез адымда, бұрылмастан кете берді.

Сол жолы үйіне жетіп ағыл-тегіл жылағаны — өзін аяганы.

Бірақ, ол жылау да дәл осылай өкініш, мұн, шерге тола болмаған шығар-ау! Енді қайтсін-ау, кімге шағынады? Кім мұның мұның үғар?

Жеті жасар Қайратын далаға ойнауга жіберіп, есікті іштеп бекітіп алыш, қабырғаны тырмалап ал бір боздасын келіп, зарласын келіп... Жыла, байғұс Эльмира, мүмкін көкірегіне жиналыш қалған запыранын бір шығарып алар.

Қазір, дәл осыдан он бес минут бұрын Қайраты қуаныш, қолын созып тұрып:

— Мә, мама, кондуктор апа сұрамады, мен берmedім. Енді осы ақшамен ертең мектепке барамын, — деп, жиырма

тенгелікті ұсынғаны. Анасын қуантуга тырысқан сәби көңіл-ай! Анасының ақшасы ештеңеге жетпейтінін көріп жүрген бала жол пұлын өзі тауып келгендей мәз болғаны-ай...

Эльмира тілін тістеді. “Кондукторды алдағаның қалай?” деп, ұрса алмады. өз шешесі құсан: “ақшаны тауып алсаң да иесіне апарып бер!” деп талап қоя алмағанына, жоқ-ау, талап қоя алмайтынына қамығып, торығып, тарығып жылады. Намыссыз, пайдакунем ұл тәрбиеlep отырғанына жылады. Ертеңгі күні не болады деп жылады. Нагыз жүрегі қан жоса болып жылағаны да осы шығар?!! Осы!!!

Бар сырын ақтарып салып жүретін ақ көңіл көршімді ойлап қойып, мұрынның астынан ыңылдай өндептіп дастархан жасап жүр едім, Эльмира кіріп келмесі бар ма? Үстінде денесіне шап-шаш ажарын кіргізіп, мүсінін ашып тұрған жолбарыс жолақты қымбат костюм, аяғында әсем туфли, шашы да сөнді... Қозаңдегі жарқылды, жүзіндегі нұрды айтсайшы!!! Ба, қасында күйеу! Оның да үстінде катқан қара костюм, галстук, өзі жұмсақ жымияды. Осынша өзгеріске аузызды ашылып, есім кете қарап қалышын. Менің есімді шығарғанына өздері де мәз. Екі жағымнан қаумалап, жарыса сөйлеп жағдайды тусіндіріп жатыр.

— Сіз сол жолы “жедел жәрдем” шақырып, мені ауруханаға салғаныңыздан кейін үзақ емделдім. Қайратты, ұлымды, нағашы әжесі өкетті. Мұны ғой баяғыда өзім құш жібергенмін. Ауруханадан қаңыраған үйіме келіп, менірейіп не істерімді білмей отырсам, жетіп келіпті. Қасына ілестіріп алған өп-әдемі орыс келіншегі бар. Бір сезін үқсам, бір сезін үқлаймын. Жаман ойым — осы екі бөлмелі үйді бөлейік, мен орыс әйелмен тұрам дегелі келді ғой деп қоям. Ал, ол құрмағыры менің асты-үстімे түсіп, жан-жағыма көпшік қойып, басымды көтеріп өуре. Тап бір баяғы заманның тоқалы сияқты.

Енді күйеу бала сөйледі:

— Эльмираның сондағы түрінен шошып, тілім байланғандай болып тұрсам, Надя ас үйде нан да жоқ екенін байқап, мені дүкенге жұмсады.

— Мен болсам, — екеуі мені ұрып өлтіргелі жүр ме деп шопшимын.

— Ой, тәтей, мен сол кеткенде Соня дейтін кемпірдің моншасын жағып, бір қысты сонда өткіздім ғой. Кіп-

кішкентай шоланында жаттым. Бір күні Надя мені көріп, маған емделу керектігін айтып қоймады. Өзі дәрігер екен. Простатиттен емдел шығарды. Тибет медицинасы деді. Көп нәрселерді үйретті. Сонда жүріп ақша табуды көрсетті. Есімді жисымен ұлымды көріп, иіскеп кетейін деп келсем, Эльмираның түрі кісі шашығандай.

— Кейін Надямен дос болып кеттім. Соның үйретуімен жұмыс істеп жатырмыз. Тәте десе, менің бұл өмірден үққаным: өзің қандай болсан, өмір сондай екен. Жылай бересең — қури бересің! Ал күле білсен — өмір саған өз шаттығын ұсынады екен. Сіз мен келген сайын “ізденген жетер мұратқа” дегенінде, “осы кісі құрғак ақыл айта бергенше сұраған ақшамды беріп, тез қайтармай ма?” деп, ішімнен қыжыртып отыратынмын. Енді, міне, сіздің сол сезініздің шындығына көзіміз жетіп, өз қуаныштымызға сіз де қоса қуансын деп келіп отырмыз. “Өмірің өз қолында” деп айта беруші едініз, соны іске асырдық! — деп, Эльмирам ақсия күледі.

Шайқалған шаңырақ

Шолпан арызын кімге айтарын да білмейді. Кіналыны іздегісі де келмейді. Тек білері — екі ұлымның өкесіз есіргісі келмейтіні. Себебі ұл ғой. Ер баланы тірі өкесі түрғанда оқшау қалай тәрбиелейтінін түсіне алмайды. Егер өліп қалған болса өке рухымен, өке атын аңыз етіп дұрыс тәрбиелер едім-ау деп те ойладап қояды. Әрине, өз жағдайы тамаша. Өте тамаша.

Әйтсе де Шолпан өз әңгімесін өзі айтсын.

“Бұл әңгіме біз сонау шаңырақ көтергеннен бері бықсып келген.

Өзім сонау Маңғыстау тубегінде туып-естім. Украина, Киев қаласында жоғарғы білім алдым. Сонда оқып жүріп өмірлік жар таптым. Солтустіктің жігіті. А나ам мен жеңгелерім қолдан той жасап үзатты. Әкем марқум жол апартынан қаза болғанда баланың үлкені 18-де, ал ең кішіміз алты жаста едік.

Анаам бәрімізді еркелетіп есірді. Өкесі бар баладан кем қылмады. Оқимын дедім, оқытты. Тұрмысқа шыққан жылдары анамды, бауырларымды қатты сағынатынмын. АナンЫҢ аялы алақанын іздеуім заңды нәрсе деп ойладым. Нерзенттік парызым ен болмаса өзін сүйетіндігімді сездіру, сезіндіру шығар дегенмін. Сондықтан сәбиім жастан асқан

кезде тұған үйіме қызырып барыш келуге рұхсат сұрадым.
Мезгіл жаз айы еді. Бұл сезіме ата-енем төбе шашы тік
түрді. Бірден қатты айтыш бетімнен қайтармақшы болды.

Атам ел билеген, сезінің салмағы бар үлкен кісі.

— Шырағым! — деді зілдей салқын үнмен: — бір жүрекке
екі тілек сыймайды. Бір ғана тілекпен бол! Сенің үйін осы!
Ешқайда бармайсың! Екі жарылуға жол жоқ! Ешқайда да
жібермеймін!

Бірақ мен өзімше шештім. Ол бұйрыққа көне алмадым.
Ұлымды көтеріп алыш барып көршімнен “төркініме барып
келген соң қайтарып бермекші больш” қарыз алдым. Менің
алған бетімнен қайтпайтын сыңайымды көрген соң енем
басқа тактикаға көшті. “Төркініце не тасып бара жатыр-
сың?” деп шу шығарды. Жолға жиналған сөмкемді шашты.
Не тапсын — бар болғаны баламның ползункилерінен басқа
түк те жоқ.

Мұның ешбірін анам мен інілеріме сездірмедім. Олардың
мен барғандағы қуанышын көрсөң ғой! Мен де сол сезімнен
нәр алыш отбасыма үлкен рухани қүшпен оралдым да
қызметке кірісп қеттім. Қарызымды қайтардым.

Арада жылдар салып екінші ұлыммен үйде отырған
кезімде елден хабар келді. Қенже бауырым үйленбекші екен.
Тағы ата-енемнің ығына жығылуға ешбір негіз көре
алмадым. Өрі баланың кенжесі. Онсыз да менен ешқандай
кемек көріп жатқан олар жоқ, “тек төбе көрсетіл, апа-жездесі
бар екен дегіз” дегеннен басқаны олар да айтып отырған
жоқ. Екінші жиендерін көрсетпекшімін, нағашыларына
тәнисстырмақшымын.

Тойдан мол сөлем-сауқат көтеріп, көnlім өсіп отбасыма
риза сезіммен оралдым. Бәрі үлкен үйде жинальш мені күтіп
отыр екен. Өкелген сыйлықтарымды бәрі көретін болды деп
қуаныш қеттім. Бірақ әнгіме қысқа қайырылды. Атам:

— Келген жағынша ізінді суыттай кері қайт! — деді, жу-
ректі қарыш жіберердей салқын үнмен.

Түсінбедім.

Бұрын, інілерім жас кезінде мен соларға, төркініме
тасып зияным тиер деп қорықсын. Сондықтан рұхсат
бермеген шығар? Ендігісі не? Інілерім бір-бір мамандықтың
иесі, бір-бір отаудың иесі. Өз қолдары өз ауыздарына жетті.
Міне, мол етіп сөлем-сауқатын да беріп жіберіп жатыр.
Абысындарым қарғадай шулап, ата-енем үрсып, ұлардай
шулап жатқанда мен үрланып күйеуімнің бетіне қараймын.
Ол салмақты. Тұнжырап төмен қарал отыр.

— Сен кет! Бұған басқа өйел өпреміз! — деген кездे басын изеп қана қойғаны болмаса ештеңе деп жақ ашпады. Сонысынан дәмелендім де, оңашада өзінің сүйеттінің айтар деп онша үмітім үзіліп торықпастан өз отауымға қайттым. Өз ойым: “екеуміз тату болсақ болмай ма, үйіміз бөлек, кеп болса сирек араласармыз” деп, өзімді өзім жұбатыш келемін. Үйге кірген соң “мен жоқта сенін басқа келіншекпен өуей болғандығын рас па?” деп наздансан, күйеуім бір жалаңаш өйелдің суретін суырып алды:

— Сен кеткен күні үйге кіргізіп алдым. Еркек емеспін бе? Қалай шыдап жүрем? Және сен кеткен сайын үнемі осылай істеймін! — деп, қар-р-рап түр.

Мен жүрегім соктай қалғандай менірейдім. Ал керек болса! Содан екі күн, екі түн жыладым. Қызығаныш. Өкпе. Реніш. Дәрменсіздік. Құлазу. Торығыту. Өйтеуір, азар алла деп, бойымды жинап өрекет істеу керегін ұқтым. Ата-енеме бардым.

— Немерелеріңіздің бетінен сүйіп қалыңыздар. Мен кеттім. — дедім. Деуін десем де өлі өлденеден дәмелімін.

Жоқ, енем үлдің үлкенін алыш қалды да, өзімді желжелеп қуып шықты. Есіктен шығысымен мен қасіреттімнің қалыңдағаның ұқтым. Бекзатым қолымда шырылдайды, Асхатым үйде зар жылайды. Шашым кеткен жайылып, уын-дуыны шыққан. Кеп этажды үйдің мұздай сұық дәлізінде шын жынды кейіпте мен түрмyn зар қақсал... Есікті тоқпакташ жатып, балама қолым ілікті. Мен Асхатты бері тартамын, енем өрі тартады. Тебелесіп жүріп баланы шығарып алдым-ау. Балам шықты. Байпағы іште қалды. Өз етігімді шешіп балама кигіздім де, ақ қар көк мұзда вокзалға жалаңаяқ тартым.

Жолда жүрегі жұқа адамдардың көмегімен еліме жетіп алдым. Өз еліме жеткен соң өзім оқыған мектепке жұмысқа орналасып алдым. Бас аяғы бір жылда жақсы жақтарыммен көріне білгендейтін шығар мектептің оку ісінің менгерушілігіне тағайындалдым. Мектеп директоры, бұрынғы өз ұстазым: “мен зейнеткерлікке шыққалы жүрмін. Келгенің дұрыс болды. Сені өз орынныма ұсынып кетемін. Менің ұсынысыммен аудандағылар санасады” деп отыр. Бұны тізбектен жатканым үрғашы болсам да бір кереккө жарайтындығымды білдіру.

Хош, сондай жақсы адам болсам ата-енеме неге жақпайдым? Екі үлді ұясынан неге айырдым? Екі-үш жылда бір айға төркіндел түру сорақылық па? Қате қайда, кімде?

Осы сияқты өзім жауап таба алмайтын сұрақтар мыйымды жеп бітті.

Іө, айтпақшы төркініме жетіп, анама жағдайымды айтқан соң, інілерім бәрі жиналып жіберіп төсек-орын, ыдыс-аяқ, тіпті мебельге дейін өперіп, қаланың ортасынан бір бөлмелі жайлыш пәтерге шығарды. Байдан қайтыш келген бақытсыз бейбак сияқты емес, ауылдың бір азаматындағы тәбелеріне көтерді. Мұғалімдік қызметім өз алдына, шағын қаланың мерекесі менсіз өтпелі. Той-садақадан қалдырмады. Өрі-беріден кейін “Шөкен не дейді, не пікірі бар?” деп, аузызима қарайтынды шығарды. Сонынан сез ермесін деп улкен үлымды қайда барсам да қасымнан қалдырмадым.

Тек бір ғана мәселе жүргегімді сыйздатады. Балаларымның өкесі, алты алаштан таңдал сүйген жарымды ойламадым десем өтірік болар, сағынбадым десем аярлық болар. Өзгермейтін нәрсе жоқ деседі ғой үлкендер. Менің де күйеуімеген қара қазандай өкпем мужіліп жұқарып, орынына сары тап сағыншып бой көтеріп келе жатқандай. Оның үстінен сол кезде көрсеткен суретті, жалаңаш әйелдің суретін жақында журналдан көрдім. Көрдім де түсіндім: менің қызғанышымды тудыру үшін жасалынған іс екен. Ол кезде ашудан көзім тұныш жүріп байқамаған болуым керек.

Кешегі күні күйеуім мен қайын өпкем келіп: “ауылға қайт” дегенде толқығаным сондай, бәрін тастап еріп кете жаздадым. Кете жаздадым. “Ойланайын” дедім. Бас аяфымды жинақтайын дедім. Ойланыш отырмын. Мені үстап тұрган атамның ызғарлы үні. Есіме түссе бойынан аяз жүгіріп өтеді. Райымнан қайтыш қалам. Не істеймін? Барған соң баяғы өуен қайта басталмай ма? Менің кінам туған ұядында сағынған жүргегіме ие бола алмай қалғандығым шығар? Атам тамам елге жүргенің жылуын түсіре білгенде өз үрлағына, екі немересіне тастай қатып қалатыны несі? Үрлағы жат болып өспей ме? Мен қайтемін, тірі байымнан жырақ, жесірлік қамытын киіп жүре берем бе? Қайтсем екен? Қайтсем екен?! Қайтсем???”

Азап арқалан ана

Ділгідік. Ді-гі-дік. Жүріс бәсендемегенімен екі жақтан жарыса жүгірген тау сілемдері жасыл жұлдызқұрттай ирендереген вагондарды таптап кетердей ентелеп келіп,

келіп... кейін шегінген төрізденеді. Жер бедері де біртіндеп өзгеріп, боз тұс жасылға ауысқан. Жолаушылар біртіндеп діттеген жеріне жетіп, купеде екеуміз-ақ қалдық. Арықша келген ақсүр әйелдің жасы нешпенде екенін болжап болар емес. Оң жақ шекеліктен бір уыс ақ шаш төгіліп тұр. Өлде әдемілік үшін... жо-жоқ, сөн куып бояғанға үқсамайды. Жұп-жұқа бет терісі кебеу. Өсіресе, маңдайы жиырылғанда бірінің үстіне шыққан толқындар аяныш шақырады.

Ол мен жаққа бұрылыш қарап қойып тамағын кенеді. Орынынан лыш етіп үшіп тұрдым да, алдына бір қауын домалаттым. Ойым — еркін отырып, әңгімесін бүкпей айтсын деу.

Мына бір қауынды жегім келіп тұрғаны, — деп қойдым. Ол дереу қағаз дастархан тесеп жіберіп, қауын тіле бастанды.

Ертең асыққан Алматымызға жетеміз. Сосын жән-жөнімізге кетеміз. Үйкым келер емес. Кейде пендे қызық. Бір көрген жанға актарылғысы келіп тұрады...

Мен Дүниезада дәл бұлай өзі актарылыш сыр ағытар деп күтпесем де, басталған сөзді үзіп алмауға барынша тырысып, қолдан қоямын.

— Иә, иә, кей сөзді туысыңа айта алмайсың, — өсек болады. Сыйласыңа айта алмайсың — жеткізіп айта білмесен, дұрыс түсінбей, жек көріп кетуі де ғажап емес. (Өзім ойлан келемін, екі күн бойы үндемей келіп-келіп енді не айтпакшы?)

— Теркінімнен келемін. Байғанинде тұрады. Ақтөбеде.

— Түү, сонша алысқа ұзатылышсың ғой?

Өзі төркінде, мамыражай сағыныш құшағында келе жатқан жанға мұлдем үқсамайды. Ол елеусіз күрсініп қойды.

— Кезінде қашқандай болып кеткенмін. Қыздың кенжесі болдым. Шешем менен кейін де бір ұл туды. Тоғыз баламыз. Қазақтың отбасын өзің білесін. Улкендері кішілеріне қарап, шешелеріне қолғабыс жасап өссе береді. Мені де өзімнен үлкен апайым, 12-13-тердегі қыз көтеріп жүріп құлатыш альшты. Тас тәбемнен шашыла құлап, үш төулік бойы шыркы-рап жылаптын. Бесіктегі баламын. Сол кезде желке омыртқама зақым келіпті.

Ол сөзін үзіп, осы тыңдал отыр ма өзі дегендей бетіме барлай қарады. Иә, қол-аяғы ұзындау, дene түркы қысқалау көрінген. Бойы екінші полкаға жетер-жетпес.

Кенет төгіліп тұрған шашын қолымен жинап, маған қырын қарап тұрды. Сырт көзге байқала бермейтін сөл құдіс желкесі сымбатын бұзып-ак тұр. Мен қапелімде не дерімді білмей қауын тіле бердім.

Шешем марқұм сүті көп болды ма, өлде менің денсаулығым мықты болсын деді ме, мені ініммен егіздетіп емізіпті. Аяғым өте кеш шығыпты. Інім шауып жүргенде мен енді-енді апыл-тапыл басыптын. Шешем мені қаншалықты жақсы көрсе, бауырларым мені соншаалықты жек көріпті. Көресіні інімнен көрдім. Түйіл қалып, талай рет тырапай асыратын. Мазактап, оңашада қолымдағыны тартып алатын. Қазір ойласам, онікі балалық ессіз қызғанын сияқты. Ал ол кезде ... мені бері жек кереді ... тез көзімді құртсам екен ... дегеннен басқа ештеңе ойланбаганмын ...

Арада жылдар өтіп, жаным қысылғанда мен дәл сол інімнің үйіне бардым. Өкемнің ініме “Сен ұрыншақсың. Бірденеге ұшырап жүрерсің. Қалыңдықты өзім өперем. Кара шаңыраққа ие бола алатын келін керек” деп жүріп тандап өперген қызы төүір тәрбие көрген жан болып шықты.

Әуел “қайдан келген Кутузов әйел деп бажырая қарғанынан қорқып қалсам да, кейін “апатайым Алматыдан іздел келіпті” деп, қуанып, ауыл-аймақты шақырып, тікесінен тік тұрып күтуінде мін болмады. Кішігірім той жасады. “Жиенжандап” ұлымды қолды-аяққа тұргызбады. Ұлым Ерзатым да аң-таң. Оңашада: “мам, осынша туысымыз барын маған неге бұрын айтпағансың?” — деп бұртиып қояды.

Дүниезада терен курсінді.

Қыз біткен кемпір атанса да төркіні туралы сез болса, кезі жайнап шыға келер еді?..

Дүниезаданың көзі қазақта көп кездесе беретін қоңыр да емес, сирек кездесер шегір де емес... Сол екеуінің ортасындағы бірдене. Салқын көзқарас. Тіпті, қалай суреттерімді де білмеймін. Теренде өлде бір мұңның жібімес тоны катып жатқандай. Үнсіздік ұзаққа созылып барады. Мен әңгімені қалай жалғап жіберерімді ойладымын.

— Қашқандай болғанымды айтқам. Шешем байғұс тыңдамасымды көрген соң, қарызданып, қауғаланып жолыма ақша жинап, Адматыға аттандырды. Жоғарғы оку орынына түсе алмадым. Тігіншілік курс бітірдім. Сол кезде

“шебер” деген дүкен болды. Ақауы бар маталарды өте арзанға сататын. Неше түрлі қымбат сортты мата тауыш алуга болады. Содан өзіме лайықтап сөнді көйлектің тұртұрін тігемін. Оқып жүріп-ақ тапсырыспен киім тіктім. Яғни, ақша да бар. Қою қара шашымды тегістеп қыыш, иығыма тусіріп қоямын. Кекілді, сүйкімді қызыбын. Несін айтасың, тоты құстай таранған айтулы сұлудың бірі болдым. Қалалық жігітке түрмиска шықтым. Бізге қаланың қақ ортасынан екі бөлмелі пәтер өнерді. Ой, өзімді сондай бақытты сезінген кезім еді-ау!

Тек бір айыбы күйеуім ішпеді. Бірде енешкамыз туган күніне шақырды. Ерзаттың жүгіріп журген кезі. Өдемілеп кейлек тігіп апардым. Оным енемізге қатты ұнап, бірден киіп алды. Ерзатқа да ұнаған болуы керек: “әйел бабушка” деп, құшақтай алғаны. Қағып жіберді. Шапалағы қатты тиді ме, бала ұшып кетті. Қөгеріп, уні шықпай қалды. Алдында да “мама” де, “баба” деме, қартайтып жібересің, — деп үрсатын. Ақшыл көйлекте шоколадтың конырқай майлы дағы қалды.

— Министерстводан пеленшекен келуші еді, қап-қап! — деп, енешкам өлердей өкінді.

— Пәленшекені пәлен сағат күткенімізben ол келе қоймады. Бірақ бай дастарханнның бар өнгімесі біз болдық. Күйеуімнің үш айдай арақ ішпей жүрген кезі еді. Орнына маған ішуге тура келді. Тәрбиесіз балам, ынжық күйеуім (дәп бір ол өздерінің баласы еместей) ақыр аяғы дипломсыз мен — жалпы осы зиялды қауымның сөнін бұзған біз күбыжыққа айналдық.

— Аракты тастап, байып кетпекші шығар? — Темекі тартпаса, қызға қырында маса, — еркектікten қалды десенші!

Мен осы сөзді естігенде күдікпен жалт қараппым. Күйеуім күлді де, менің қарсыласқаным қарамай алдына көтеріп алды. Өзі екі метр. Мені оңашпада алдына алыш “мышонок мой” деп еркелететін. Алақанына салып аялайтын. Дастанхан шу етті.

— Масқара, мына бетпақ баламыздың басын дуалап тастапты!!!

Күйеуім үшін іштім дедім ғой. Түсі апыхқ қызығылт вино тәп-тәтті болатын. Бұрын татып алмаған соң ба, соның өзіне басым айналып, өз ісіме есеп берменеген болуым керек. Енешкам үшін билегенімді білем. Оным — испан биі мен үнді биінің будандасқан қимылды шалт бірдене болыш

шыққан сияқты. Бір жеті бойы өзіме-өзім келе алмай, кек запыран құсып есім шықты. Кейін білсем — ішкенім қызы 43 градус тәтті ликер екен.

Таңым бар — еркектер неге сонша араққа құмар? Менің бір ішкенде бір алта өмірім зая кетті.

Менің отбасымның берекесі кетуінің басы осы болды. Ашық жауласу басталды. Бақсам, күйеуім жасынан араққа үйір болған соң, тезірек үйлендіріп, басқаларынан оқшаша ұстau саясатымен біздерді тезірек үй қыльш жіберіпті. Біз, сол баяғыша ата-енемің айтқанымен жүріп жаттық. Бастапқыда күйеуімнің үрганын, ұрысканын айтып шағынатынмын. Кейін байқасам, менің сезімнің өнін айналдырып, екеумізді бір-бірімізге айдал салады да отырады. Ол мені қойып өзінін туган ұлы Ерзатты ұратынды шығарды. “Тексіз!” деп ақырғанда төбе шашым тік тұрады. Бір жолы қолы қатты тигені сондай балам басын батерейға ондымрай сокты. Араша түсем деген мені екі бүктел баламның манежіне лактырды. Бітпес соғыстың аяғы ажырасумен тынды. Екі бөлмелі пәтерді айырбастай алмай өлі жүрміз.

Кезінде қымбаттығына қарамай алтын кесте тігу курсын бітіріп алғанмын. Ойым — көп ақша табу. Бір кейлекті 300 теңгеге тігем. Ал бір сантиметр ою үшін 30 теңге алам. Алақандай ою үшін 3000 теңге табуға болады. Ақша үшін алдымдағы кесте көрінбей бұлдыраганша отыруға бармын. Көзім нашар көре бастады. Бәрібір ақша жиналады.

Ұлым, құдайға шукір, он үшінде әкесінен биік болды. Терезенің темір торын алғызып тастадым. Сырттағы ұрыдан үйдегі үруштының үрейі үстем болды. Соңғы жолы да терезеден қашып шықтық. Ұлым мені көтеріп алды. Бірінші қабатта тұрғанымыз мұндай жақсы болар ма? Таяқ та жемес едім, әрі қымбат, әрі асыраушым болып отырған тігін машинамды ала қашам демегендे?...

Күйеуім “балталап қиратамын!” деп қоқандайтын. Тапсырысқа алған қымбат маталарды қайшымен қикаладап кесе салу, сейтіп мені тақырға отырғызу оған түк емес. Сол жолы кек желкеден тиген сокқыдан терезе түбінде алақанын тосып тұрған баламның қолына жансыз түсіппін. Ауруханада ес жидым. Көзіме операция жасады. “Жөтелмейсің. Түшкірмейсің. Қатты күлмейсің. Т. т. б.” тольп жатқан тиым.

Ерзатым окуда озат. Аайкидомен айналысып, Астанада еткен алғашқы спартакиадада күміс медаль әкелді. Өз ауласының атаманы.

Нағашыларының ауылында, “жиенжандаған” бір топ балалардың ішінде Ерзатым темекіні аспанға қараты ұстаган күйі “норкомандар осылай тартады” деп бөсіп тұр! Мессаған безгелдек!

“Балам, сен Алматыдан келген күміс медальді жүлдышсың! Жүлдыштың жүзі жарқын болуы керек! Күміс медаль алу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Жаман істермен жүлдыштың болғанып, жаман значокке айналады,-дей беріп, өзім де күйеуімнің туыскандарының сезін, даңққұмар ісін қайталағандай өз сезімі өзім қақалып тоқтадым.

— Өзіңіз айттыңыз ғой, отызға келген соң спорт қалады деп. Сонда папам құсан арақ ішіп, темекі тартпаймын ба? — деп, Ерзатым қар-р-рап тұр!

Ол қап-қараңғы терезеге қадалып үнсіз қалды. Дыбыс шығаруға батылым бармай мен дағдардым. Біраздан соң Дүниезада маған мен түстеп үңіле айтып бере алмай отырган көздерімен тесіре耶 қарап:

— Маған “Сіз” дейсіз. Мен көзіңізге 50—55-тегі адамдай көрінем бе?

— И, и ... жоғ-ә ... Әншнейін, сіз деген сыпайылық, сен деген аныйылық, дегенім-дағы. — Сөзім онша сенімді шыға қоймағанын өзім де сездім..

Құжаттағы жасым 35. Бірақ өзімді мың жасаған мыстан кемпірдей сезінемін. Сколатит үнгірін көргеніңіз бар ма? Жаздың 40С° ыстығында ішінен ызғар есіп тұрады дейді ғой. Төбесінен төмен салбыраған сұңгіге еденінде өсіп шыққан тамшылар айқасып, аран-аран айдағардың тісіндей болады еken. Менің ішім тал сол сиякты.

Төбемнен тоқпактаған сұық сездер, қарғыстар. Оған өзімнің ішкі қарсылығынан туған көк сіреу мұз. Енді ешкімге, ешқашан жібімейтін шығар.

Екеуміз қосылғанда Қызы Жібек пен Төлегендей болмасақ та жаксы көрдік кой бір-бірімізді. Сол сезімді қайда, қашан жоғалттық? Өткен жолы ажал көзімді емес, өзімді альш кетсе не болар еді? Мына өмірге мен неге келдім? Не тындырдым? Он уштегі ұлымға не өнеге, төrbие бердім? Бірдеңе үктыра алдым ба? Масқара болғанда ұлымға үлгіге қоятын ерек жоқ еken маңайымда.

Кімді айтам? Алқаш ұлы бар екенін елден жасыратын екі жүзді, тек кариерасын ойлайтын қайын атам ба? Атын атай қалсақ кіріміз жұғып кетердей шопитын қайын ағам ба? Бұл жерде тағы “өкең өлсе де, өкенді көрген өлмесін”

мақалы тағы жүрмейді. Өз баласын “тексіз!” деп сабайтын әкенің алқаш достарынан не үміт, не қайыр?

Өзімді ейел, незік жыныстың өкілі ретінде сезінбегеніме, назданбағанымы мың жыл өткен шығар? Қате қайдан кетті? Өмірім неге бұлай аяқталуы тиіс? Артыма бұрыльш қара-сам — ештеңе тындырмааппын. Аракпен күресім -анау, жоқшылықпен күресім — мынау, бөрі женіліспен аяқтала берілті.

Күйеуімнің бірінші кінасы — ауруыңды жасырдың дегені. Өрине, анасы айтқан соң... Кезіне шұқып көрсете берген соң. Ау, бесіктегі кезінде ауырғанын кім есінде сақтапты? Мен тек соны анамның айтқанынан гана білем. Жана өзінзге көрсеттім. Денемде кемістік барын гана байқаймын. Құні кешеге дейін омыртқам ауырған да емес. Жас кезімде сут, айран, қымызды көп ішкізетін. Содан ба?

Тіпті жұрт ауыра беретін тұмауда менен айналып өтетін. Дені сау қыздар сияқты жүгіріп, секіріп жүрдім. Күйеуім үрмәғанда омыртқам да ауырмадан. Мына бір уыс шаш сонын қолында кетті. Орыннаға осы ақ шаш... шықты.

Мені қойшы, ұлымды бұл тозақтан қалай құтқарамын?! Сіз спонсор дейсіз... Құміс медальді үл жалғыз ол емес . кім алмай жатыр дейсіз? Сол жолы “Астанаға барамын” деп қуанған ұлымның жолына ақша таптай қиналғаным есімнен кетпес. Қақпаған есігім қалмады. Ең болмаса жылды сөзбен арқадан қағуға жарамаған галстуктілерге не дейін? Ең болмаса бір азамат: “Ерзат-ау, сабағың қалай? Тағы неше медаль алдың?” деп телефон шалып, баламның тағдырына сырттай болса да көніл бөліп... — үні тарғыл тарғыл шығып: — жалғыз үл ... Құмығып барып дыбыссыз қалды.

Иегі дір-дір етіп, кап-қара түн үңілген терезеге бұрылды. Біраз уақыт өтті. Мен тырс етуге батпай үнсізбін. Ақыры Дүниезада бері бұрылғанында бетіндегі бұлшық еттер селт етпес гранитке айналған екен. Қашаулы тас мүсін дерсін.

— Маған жылауға да тыым салынған. — Ендігі үні мығым. — Бір жолын табуым керек. Табу керек!!!

Қарыз

— Апа, ояусын ба? Тұр, шейіштік.

Кемпір келінінің өзін шақырғанына қуанып кетті. Намазға жығылғалы тан бозынан тұру өдеті. Бірақ қонақ

больп жатқан соң өзге үй иелерінің мазасын алмауды ойлап, қыбырсыз жатамын деп жамбасы ауырып кететін. Бүгін үшінші тұнеуі. Билетінің ынғайы солай болып қалды. Бұйырса, бүгін, енді бір он сегіз сағат өткенде поезына отырады ғой.

Тоқ шәйнек ысылдалп тұр екен. Кесесін ұсыныш жатып келін:

— Апа, біз қандаймыз? — деп сұрады.

Үнінде өктемдік бар ма, қалай өзі? Бірақ кемпір оны елемеуге тырысты. Бұл — кешегі өңгіменің жалғасы.

— Жақсысындар! Тамаша. Үйлерінді кісі бойы қол ұсыным аппак қаңылтырмен қоршап алыпсындар. Қора-қопсы анау — сынғырлып тұр. Газ тартып алған үйлерің қыз-қыз қайнап тұрғаны мынау! Тамаша!

Иә, дәл байқаған екенсіз. (келіннің үні сөл жұмсарды) Біздің, өйтеп өлі қонақ қутерлік шамамыз бар!

Үнінен мақтаныш сезіледі. Кемпірге білктен төмен қарап, қеудесін кере тынысталп алғып, сезін жалғады. — Қонағымыз үзілмейді. Айнала жұрт бір шәйнек су беруге жарамай отыр. Кеше ұлымның сыныптастары немеремді құттықтап келсе, арғы күні келіннің сыныптастары келмекші.

— Жастарды бірге шақыруға болмады ма? Бөрі қатар оқыған қыз-жігіттер емес пе?

— Ойбай-ау, менің келінім ана мектептен бітірген ғой. Баяғыда екі мектептің оқушылары төбелесіп қырыльп қала жаздадық қой! Сол араздық өлі бар. Арак ішкен жерде бірдеме шығып кетіп жүрсе, оның беті аулак. Дұрысы, бөлек-бөлек қонақ болып кетсін. Сол тыныш.

— Өрине, өздерің шешесіңдер ғой. Менің тек шығын аз бола ма деген тілек қана.

— Шығын... айтайын дегенім де сол. Баяғыда сізден ақша сұрағаным есіме түсіп отыр... — Келіні кенет кемпірге шүйліге қарады:

Иә, баяғыда...

Телефон қоймай-қоймай шырылдаған соң орнынан сүйретіліп тұрып барып тыңдаса (ол бір төсек тартып ауырып жатқан кезі еді) осы келін:

— Апа, сіздің туған ініңіз Самат істі болыш, сottалайын деп жатыр. Бүгіннен қалдырмай мына шотқа елу мың тенгені аударыңыз! — деп, көп санды шұбырта жөнелді. Бұл асып-сасып, қағаз-қалам іздең, пысылдалп жазып алыш, ол не іс екенін сұраған.

Сейтсе, қызының окуын төлеу үшін банктен несие алиай ма? Сосын студент қызға ай сайын банкке төлеуге тиісті ақшаны жіберіп тұрмай ма? Ол қыз бір жолы ақшасын жұмсал қойып, ата-анасынан үялғаннан яки қорықканнан алдыңғы салған ақшаның тубіртегінің көшірмесін(копия) жібермей ме? Ата-анасы байқамай қалады. Соны пайдаланған қыз осы ісін өдөтке айналдырып жібермей ме? Мұнда ата-анасы ештеңе сезбей “ай сайын төлең жатырмыз” деп, мәз болып жүрсе, бір күні банктен “үш күннің ішінде үш жүз елу мың теңгені құйып үлгермесендер сottаймыз” деген қонырау түседі. Бұлар “яптыр-ау, сот арқылы өндіремізі несі? Ай сайын төлейміз. Міне тубіртегі!” деп шырылдамай ма?

Мұны кемпір қазір естіп отыр. Онда келін банкке қарыз болып қалдық деп қыска қайырган.

Ал қазір сондағы қараетін айтып мактандып отыр. “Басаяғы бір күннің ішінде 350 000-ды тауыш, інінді тұрмаден күтқардым!”

Іә, кемпірдің келіні осал емес. Жанды-жакты. Апажездесі, іні-келін, күйеу балаларына 50 000-нан салық салып қалай тез жинал алғанын жырдай етіп айтып берді. Бұл макұлдал, басын изеп қойып тыңдал отыр. Арасында Саматтың туыстары ақша бермес үшін ауыздарын қалай қу шөппен сурткендерін де мәнерлеп кіргізіп қояды. Қыза келе үлкен үлдің да банктен ақша төлеу кезінде қандай “қызыққа” тап болғанын да айта кетті. Ай сайын қайтартылуға тиісті жиырма екі мың тоқсан тының “тың” деген жеріне мән берменті. Ол бала анасына келіп “уф, бөрің төлеп біттім!” деп шалқая бергенде 120 000 теңге сопаң етіп шыга келмей ме? Сейтсе, баяғы елемей жүрген тындар...

Іә, ауыл адамдары банктен қарыз алғанды тегін ақша үлестіріп шүлен таратып жатқандай көріп жапа -тармағай қарыз алған. Сөйтіп, айлығын санап беріп, жартылай аш қурсақ қалатындары бүгінгі күннің суретіне айналды. Тіпті. банкпен соттасып үйлерінен айтырылғандары қаншама?

Сол ақшаның дәл қазір жалақысынан үнемдеп жинал керек нәрсесіне жұмсаса — жүйкесі де жұқармай, қалтасы да қағылмай, өзді-өзді ұрысыспай, өзегені кіналамай аяғына қаз тұрып кетер еді. Қарыз алу арқылы кез-келген қазактың отбасы қалтасынан жырып банк қызметкерлерін өздері асырап отырғандарын қашан түсінер екен? Өрине, банк қызметін пайдаланатын жері де бар. Басыңа баспана алсан,

жекемениңік шаруашылық ашсан... Ал басқа жағдайда несие алу дегенін...»

Ал, мысалы тоңазытқышты несиеге алдың дейік. Оның ішіне тамаққа сықастырып қоятын ақшаның жартысын банкке өтеп жатырсың... Тоңазытқыштың жарамсыз (гарантиясы өтіп) болып қалса не істемексің? Кімді кіналамақсың?

Кемпір өз ойын жүқалап сезірді. Өз пікірі ғой. Жок-ау, бұл өйгілі бизнесмендердің ұстанған принципі.

Ал келіні оны аласының ақталғанындай қабылладады.
Кімдікі дұрыс?

Жар қадірі

— Өй, өй, иди сюда! Твоя жена упала! Иди сюда! Үйінің желкесіндегі екі қабатты аурухананың алдында бір орыс шалы айқайладап тұр. Шақырып болмаған шалға қолын бір сілтеп, одырая қарап жұмысын асығып кете бермекші еді. Не деп сандырақтан тұр өзі? Құлағаны несі? Сирын өріске түрте салып, жұмысына асығып бара жатса, жолын бәгел... Қайтеді-ай өзі!

Иди сюда, Таке, иди, — деп, шал да қояр емес.

Кеше түнде туған күн өткізіп, кеш үйшіктаған. Келін-балалары, немерелері, ойдағы-қырдағы қыз-күйеулері, жиендері бес белмелі үйін думанға белеп шат-шадыман болған. Бәрінің ортасында мама қаздай мамырлап өйелі жүрген.

Өйелі демекші, азанда балалары төтті үйкі құшағында жатқанда, бұл қара көленке ауыз үйде біртүрлі келіншегіне сүйсіне кез сүзді. Жузі ақ манар дай алауладап тұр екен. Қалай сүйіп алғаның өзі де байқамады. Махфузасы болса, жан-жағына үрлана кез тастап, құшағына еркелей кіріп, ол да мұның бетінен шөп еткізді. Дөрі-дәрмегін ұстап шығып барады екен. Құндізгі стоци-онарда емделіп жүрген.

Тынышқали “әйтсе де, мына байғұс бакылдан болмады ғой. Қап, тағы 10—15 минут кешігетін болдым-ау” деп ойлай жүріп, ауруханаға амалсыз бұрылған.

Тынышқалиды ауруханаға енсіменен — ақ халаттылар дереу бас дәрігердің алдынан бірак шығарды. “Теке, мықты болыңыз. Уақыт солай болды. Женгейді құтқара алмадық” деп қарап тұр! Не? Сонда қалай? Өлді? Неге? Оу, осы қазір

ғана... жана ғана... Тынышқали өз құлағына сенер емес... Санасы қабылдай алмайды. Көзі жасаурап, құлағы дынылдаپ түк естімейді. Солайша қанша тұрды? Аяғы неге өзіне бағынбайды?

Ауруханадан шакқан соң өз үйіне беттей алмады. Тұнде ғана мәз-майрам болған қыздарының шат күлкісі, жарқын жүздері елестеді. Олар өлі төтті үйқыда. Дөті шыдал аналарының жоқ екенін қалай айтар?

Сенделіп кете барды. Беті ауған жаққа жүре берді. Есін бір жиганды қараса, келіншегімен екеуі ұзак жылдар мекен еткен ескі үйіне келіп тұр екен. Қазір бұл пәтерде үлкен ұлы өз отбасымен тұрып жатыр. Қеліні Рая есті бала, атасын көрсімен өлдененің болғанын бірден сезді. “Папалап”, шәй ұсыныш, тілінің астына дәрі салғызыда.

Тынышқали есін сөл жиын, тірлік қамына кірісу керектігін, алда жерлеу ресімі күтіп тұрганын, ал өзінің бұған түк дайын еместігін, ылғи өйелімен ақылдасып істейтін істі бүгін тек жалғыз өзі шешуге тиістігін үққанда жаны тіпті ыдырыныш кетті. Сол үйіне бармаған күйі телефон станцасына соғыш, Алматыдағы өйелінің сінлілерін шакыртты.

Аяғы тағы үйіне емес ауруханаға бастап өкелді. Өзін неше мәрте “осының мәнісін Махфузага айту керек еді” деген ойдың үстінде ұстал алды. Менірейіп тұрган мұны тағы бас дәрігер қабылдады. Оған келіншегін экспертизага бермеуді, ешқандай талабы жоқтығын, үйге қашан алыш кету керектігін ақылдасты.

Сөске түсте ел түгел құлактанды. Қыз-келін жылапсықтады. Молда шақырылды. Мал сойылды. Жан-жақтан тума-туыс ағылып келе бастады. Бөрі Махфузасының өлгеніне сенді, жерлеуге дайын. Өзі ғана сенбейді. Тіпті ол өледі екен дегенді ойламапты ғой... Мәңгі бірге жүре беретіндегі көрінгені несі екен? Екеуі шынымен бір адам болыш кетті ме? Онда өзі неғып отыр? Қалай тірі отыр?

Тынышқали әрнені сылтау етіп, ішке кіргісі келмейді. Әрілі-берілі сапырлысқан адам болса да, үй қанырап бос қалғандай. Құлазыған көнілге тиянақ болар еш тірек таптайды.

Әйелін жерлеп келген соң бұрынғы құлазу құлазу ма, тіпті жаман болды. Үйіне беттей алмайды. Тұнемеге есік алдындағы кенже ұлдың бұзылып журмей тұрган “таврия-

сының” ішіне кіріп дамылдаған болады. Екі ересек қызы — Қалжаны мен Анары машинаға кезек қоныш, өкесін бір минут көзден таса қылмайды. Қектемнің сүйектен өтер суығы жаны ыдырынған өзіне сезілмегенімен қыздары кезек-кезек жөтеліп қалды.

Әй, әйел қауымына женілдеу, жылап өйткеуір шерін шығара алады. Келушілер де қызық, қыз-келіндерін аяп, бала-лардың басынан сипап жұбатады. Япыр-ау, бұл жұрт шын жетімді қалай көрмейді?! Шын жетім бұл ғой! Тынышқалидың өзі ғой! Сүлдесін сүйретіп, жаны ыдырынған мұны ешбірі елемейді. Шын жұбатуды неге осыған айтпайды? Тіпті мақалдаған бола ма-ау? “Қатын өлді — қамшының сабы сыңды” дей ме-ау! Сынған қамшының сабы емес, Тынышқалидың ішіндегі өзегі үгітіліп кеткендей... Ау, осыны ешбірі сезбейтіні қалай?

Махфузасын жерлеп қойған күні Алматылықтар жетті. Жер шалғай. Үлгергендері сол. Ағайынды үш қыз бірінен бірі аумайтын. Өсіреле тетелесі. Өз әйелінен аумай қалған. Толықтығы. Бәкенелігі. Келбеті. Сөз саптасы. Орнықты сейлейтіні.

Алматылық балдызы әргі-бергіден сез қозғап: “жұрттың жездесін білмеймін, өзімнің жездем өке орнына өке, аға орынына аға. Қомқоршым, акылшым, деп бастап, жас кездеріндегі бірге атқарысқан той-томалак, қаза үстіндегі қомқорлығын әңгімелеп кетті. Байқаса Тынышқалиға да осылай сөзге араласу, ой бөлісу керек сияқты. Іштен тынғаннан жаманы жоқ қой. Неше күн сейлемеген ауызы ашылар да емес. Жағы қарысып қалыпты. Самайын уқалап-уқалап жіберді. Қылғыныңқырап сез бастады. “Әйелі қайтыс болғалы өз үйіне өзінің кіріп отырғаны осы екенін айта бастаган, шешесі іліп ала жөнелді:

— Жылама ақ Тыныш! Әркімнің жаны өзіне... Бұл анасына сондай риза болды, көзінен жас шықпаса да, жүрегі қан жылап жатқанын сезген ғой шеше байғұс.

— Неге жыламайын? Жастай қосылдық. Қырық жыл бірге тұрган екенбіз. Сегіз бала тәрбиелеп өсірдік. Маған не керегін өзімнен артық білетін. Айтқызбай істейтін. Енді жапан далада жалғыз қалған жеті жасар баладаймын. Төбесінен күн өтіп, аяғынан сыз өтіп, баар бағытынан адасыш қайда жүрерін білмей қаңғалақтап берекесіз қозғалақтаған, киырдан қарайған ізделп аңыраған сөбидеймін.

Шын жылауға тиіс мен емеспін бе? — жүргегі өрекпіл ауызына тығылды. Сөзін аяқтай алмай тұрыш кетті. Өйелінің мейітін қонақ қылған бөлмеге кіргенде мұлдем тынысы тарылыш, құлап бара жатқанын сезінді. Қонақ күтіп жиын отырган ел шу ете түсті. Аяғы — аурухана.

Аз-маз есін жинаған соң қызыметіне кірісті. Алданармын деген. Өйелі жатқан бейіттің тұсына келген кезде орынына кемекшісін отырғызып, езі тепловоздан түсіп моланың басына барады. Топыракты уыстап ұзак отырады Үлғи да көз алдына Махфузасының бұрынғы бұрымы өкшесіне түскен томпиған бойжеткен кезі елестейді. Қызға қырында жүрген кезі елестейді. Қыздың аға-женгесінен Бітімбайдың ауласын тасалай қашатыны еске туседі. Атыраудагы әлі тірі әпкесінің болашақ келінің кере келгені... “көйлек тіктіремін” деп өтірік талсырыс бергені... муның Махфузасын көрген соң көnlі толып: “Айырылма. Ел айта берсін. Аяғы ақсақ болса қайтеді еken? Кісі бетіне тұра қарамайтын ибалы, ізетті бала еken. Айырылма,” — деп, кенес бергені... күні кеше сияқты еді. Сол келіншегінен, балаларының анасынан, отбасының құт-берекесінен қалай ғана айырылып қалды? Өйелінің барында әке болу міндетін, ата атану салмағын түк сезінбепті ғой. “Дәу папаның үйі” атанып, іні— келіндері үйінен шықпайтын... Солардың колтығынан демеп “ұлқен үй” атанды. Бұлардың кенесінсіз ештеңе істелмеуші еді. Бәрін қоғамдаған Махфуз жарықтық еken-ау... Енді есікті ешкім ашпайды. Отті-кетті. Қап, кемпірінің қадірін кеш үққаны-ай...

Қырмызы Аңыз болған аналар

Қырмызы қызыл қызғалдақтай құлпырып бой жетті. Сөзге ұста, өжет қыздың өзіне лайықтап соқтырган жаужарагына дейін өзіне үйлесіп тұратын. Бір жолы осы елде қыдырып келіп жатқан Батыр жездесімен сөзге шәлкемшалыс келіп қалды. Бір елдің бетке ұстаған батыры да қалың елдің көзінше мысын басқандай болған кішкентай балдызының қылғын шам көріп “осыдан қара да тұр! Бір жаман тайдың сүйіншісіне сені аламын!” — деп қызынды.

Сол түні, таңға таяу тәтті үйқының піскен кезінде сүттей үйыған тыныштықты “Аттан! Аттан! Жылқыны

жау өкетті!” деген аңы айқай дар-дар айырды. Сартылдаған сойыл, шұрқыраған жылқы ауылдан лезде алыстады. Асып-сасып атка қонған жігіттерді ауыл ағасы тоқтатты:

— Мына қымыл-шабыстарына қарағанда олар әбден сайланып келгендер. Ауыл арасы емес. Сендер де қамсыз болмай қару-жарактарыңды, азықтарыңды сайлап алындар. Жылқыны алысқа өкетті.

Далактап жүгіріскең жігіттер іріктеліп, сайланып сеске түсте атка қонды. Қонактары жоқ екенін көріп: “Батырбатыр деп, далитқан күйеу ер-тоқымына қарауға шамасы келмей зытышты!” деп, қашып кеттіге жорып, сыртынан күжыртып қояды.

Шұбырган жылқының ізіне ерген құғыншылар үшінші күн дегенде биік төбенің басында жатқан жалғыз адамды көреді.

— Жаудың шолғыншысы болар, өлтірейік! — деп біреуі тұра үмтүлды; екіншілері:

— Қой, жоқ қараған мұсөпір шығар. Уақыт кетіріп бұрылмай-ақ қояльық, — десті.

Не де болса жән білмекке бұрылыш қасына таянса, қашып кетті деп жүрген күйеу! Қек шөлте қол-аяғын жайып тастап, рахаттана созылып үйіктап жатыр. Бұларды көріп, басын көтерген күйеудің айтқаны:

— Аттаңдаған дауыстар шошып оянып арттарынан туре куғаныммен еті қызбаса шаштайтын атыммен олар маған кепке дейін жеткізбеді. Тек келесі күні ғана жетіп шетінен үрыс салдым. Сегізін жарападым. Біреуі өлді. Қалғандары ана сайда байлаулы жатыр. Өздері он сегіз түрікмен екен.

Бұлар акылдаса келіп, елдеріне жеткенше шыдамай босқа өліп қалар деп, аса ауыр жарапанған төртеуін өздерімен бірге атка тенден алыш қайтады да, қалғандарын хабаршыға өз түрікмендеріне қайтарады.

Жалғыз өзі жайдак шауыш жаудан жылқы айырган батыр күйеуге не сұрасаң да беремін деп бай шалқиды. Батыр:

— Сұрармын. Өй, бірақ сұрағанымды бере алмайсың-ау! — деп, боспалайды. Бай:

— Екі сейлейтін нөмертің мен емес, сұрағаныңды беремін! — деп уш рет айтады.

— Онда — дейді Батыр — қалауым Қырмызы!

— Бердім! — дейді Бай сөл толғанып барып: бердім қалауыңды!

Қырмызы Байдың тұңғыш ұлының еркे де еркін бұла бойжеткені болатын.

Осы сөз құлағына тисімен Қырмызы ақбоз атына мініп, атасының тұсына келіп, атын көлденендетіп тұрып наз айтты:

— Қимасым деуші едіңіз. Қимасыңызды бір тайдаң сүйіншісінің құнына бере салдыңыз. Батыр ер жігіт қой. Бірақ бұдан кейін еш жерден сүйінші алмасын!

Жігіттің үш жұрты бар деген. Арада біраз жылдар өткенде Батыр нағашы жұртында қонақтап жүргенінде тағы осындай қайрат көрсетуіне тұра келеді. Бұл жолы да ел қолпаштаپ, қойнына қыз салып, жыраулар ерлігін жырға қосып думандатып жатқанда осы ауылға қарай басына ак жаулық салған, бес қаруын түгел асып алған өйел келе жатыр деген хабар шығады.

Батыр дереу жабықты тіліп жіберіп садағын кезенеді:

— Бұл Қырмызы ғой! Екеуміз серттескен едік. Серт бұзғанымыз өлуіміз керек. Мен оны атпасам, ол мені өлтіреді! — дейді. Осы кезде Қырмызы да Батыр отырған үйдің сыртынан дауыстайды:

— Батыр, айтқан сертінде тұрмадың. Серт бұзғаннның жазасын тарт! Шық бері!

Қалтаған қалың жұрт қаумалап екеуіне де оқ шығартпайды. Халық қалауымен Қырмызы райынан қайтады. Шарты бойынша жас қызды отаулап көшіріп келе жатқан осы алқап енді екеуінің елі болады. Өрі қарай бір қадам да жүрмейтін болып осы жерге орнығып қалуы керек. Ал Қырмызы он ұлын ертіп Батырдың еліне қайтады. Қырмызы Бейбішпен туган бесеу, өзінен туган бес ұл — жер кайысқан қолмен өз елінде, Батыр жас өйелімен осы жerde өмір сүріп жатады.

Арада зулап жылдар өтеді.

Ұзынқұлақтан “Батыр ауру екен. Жас тоқал қарамайды, күтпейді екен” деген хабар шығады. Мұны естіген Қырмызы қара нарға жүк тендер, қасына он ұлын ертіп сапарға шығады. Сұрай-сұрай ауыл шетіндегі оқшаша конған қараша лашықтан арса-арсасы шығып жудеген Батырды табады. Мұншалық азып-тозған күйіне шыдай алмай наза-ланған Қырмызы дереу іске кіріседі. Жұпармен жуындырып күтімге алады. Үйдің ыбырсығын тазалап, кір-қондан арылтады. Екі жасар ұлын жетелеп, үй аралап қанғырып

жүрген қатынды таптырып алғып, ақ қамшымен тіліп-тіліп жіберіп:

— Бір елдің мандайына ұстаған арыстай азаматы еді. Бір сен үшін он баласын, қос қатынын тастан сенің елінде қалды. Батыр басын соңша қорлап ел ақтап осы жүрісің не сенің? Жинал! Қазір көшіріп өкетемін. Осыдан осы шал еліне жетпей жолда елсе сені курбандығына қоса шаламын! Батырдың құны сол болады! Жинал! — деп бұйырады.

Батыр еліне аман-есен жетіп, өз ортасының абызы болып дүниеден өткен екен деседі.

Серттің сырын, сөздің құнын, ердің басын ардақ тұтатын Қырмызы сынды аналардың үрпағы, қайдасындар?!

Жаны жібек жездем менің

Менің өкем мен он жасқа жетпей қайтыс болыпты. Анам мен өже махаббатына бөленіп өстім. Ағаларым — тірегім болды. Мен ортанышымын. Он баланың ішінде еркін өстім. Ағаларым үлкен қалаларда оқып білім алды. Солар салған сара жолмен алыс Қарағандыға арман жетегінде жол тарттым. Өмір деген өттеген-айсыз бола ма? Окуға түсे алмай қалдым. Жолдастарымнан жырылып сол облыста тұратын апа-жездеме сөлем бере кету үшін бұрылдым.

Ала-жездем менің келгеніме қуаныш, кіші-гірім дастархан жайды. Өзім қатарлы қыз-жігіттерден жинап туысқандарын шакырды. Екі жиенім болса менің екі тіземді мекендей алған. Мен де тосырқамай, өзімді осы үйдің өз адамындағы сезінемін. Тез тіл табысатын жастық шақ -ай!

Сөз арасында менің ендігі жоспарым сұралды. Мен “ауылға бара көрермін” дегеннен аса алмадым. Ала-жездем бір-бірне үнсіз қарап қалды. Бұл кезде бірін-бірі сөссіз-ақ тусіні-сетін ерлі-зайыптылар менің ендігі тағдырымды өздері іштей шешіп тастанған да болуы мүмкін. Мен сол сөтте ештеңеге мән берместен құрбыларымның өзіл-оспактарына қарқылдай күліп отыра бергенмін.

Той тарқағанмен жүрегімді әлдене қуаныш кернеп, жаңа ортадағы өзімнің орынымды бағамдал, қиялға шомдым ба? — түк үйқым келер емес.

Ала-жездемнің өзара күбірлескені естіліп тұр. Сөздерін анық естімесем де, өңгіменің мына мен туралы екенін көнілім сезеді. Және де біртүрлі белгісіз қуаныш кернейді — мүмкін ол өзіме деген олардың ыстық ықыласын сезінуден шығар.

Тәңертеңгі шәй үстінде өзімнің осы қалада қалатынымыды, осы қалада жұмыс істейтінімді естідім.

Апайым Салиха:

— Ауылға барғанда не істейсің? Көп болса мал бағуға шығарсың? Елде одан басқа не жұмыс бар? Маманды бағып жатқан басқа ұлдары бар гой. Оған алаңдама. Анаң да сенің азамат болғаныңды қалайды. Сенің қай жерде жұмыс істегенінде тұрған не бар? Сағынсан ауылға барыш тұрарсын. Ойлан. Осында қалсан, біріншіден тіл сындырасын. Орта көресің. Мұнда ер жігітке лайықты жұмыс табуға болады. Жезден саған бірнеше ұсыныс айтпақшы. Соны тында. Оның үстіне мен баяғыда алыс Атыраудан Алматыға окуға кеткен кезімде, содан соң осы жездене еріп Балқаш қаласында тұрмысқа шыққанымда өз өкеме берген уәдем бар еді. “Өке, маған өкпелемеші. Батаңды берші. Өз қолым өз аузыма жетсімен өзімнен кейінгі інілерімді оқытуға, жұмыс табуына көмектесемін” дегенмін. Сол сертімді орындағын. Сен қарсы болмашы... — деп, қылыш сез бастады.

“Неге қарсы болайын, апайым менің! Осында келгелі бері шарасынан асып тәгілген махаббатқа армансыз шомылудамын. Сөзсіз келісемін Сіздермен, асылдарым менің!”

Әрине, бұл сөздерді дауыстал айта алған жоқпын. Жүргегім сейледі. Мен тек ықыластана басымды изей бергенді білдім.

Иә, Балқаш қаласында, жездем Амангелдінің үйінің төрінде, сол кісі орналастырган зауытта жұмыс істеп өткізген бұл жыл — мен үшін үлкен өмір мектебіне нақты дағындық болғандығын өмірдің өзі талай дәлелдеп берді гой.”

Жүзі жарқылдай сейлекен Қайрат сол бір кезеңнен жанына алған жылышты өз ұлы Бағдатқа дарытқысы келгендей иығынан қапсыра құшақтаң, бауырына тартып қояды. Тұманды Альбионға, алыс Лондонға окуға аттанып бара жатқан ұлын өлден сағынып қалғандай ма өке жүрегі?..

Иә, өмірдің мәні де тек осы сағыныштардан тұрады емес пе? Солай сияқты... Солай!

Өке мейірімін аңсау

Тәрбиеші келіншек етегінен тартып қынқылдаған балаға:

Тұра тұршы, Ербол! Өзің түймелей сал, — деп, бұрылыш өңгімесін жалғай берді.

Төтей, мен салайын ба? — Күлай жүгіріп келіп үш жасар
баланың шалбарын түймеленуіне көмектесті.

Мынау кімнің қызы? Бұрын жоқ еді ғой?

Е, ол анау көшіп келген жалғызбасты өйелдің қызы.

Ө, анау жесір келіншектің бе? Пысығын қара! Ол өлті
байынан...

Тсс, тыңдал түр. Жайырак... пыш-пыш...

Жалғыз бас? Неге менің апамды жалғыз бас дейді?
өздерінің де бас біреу-ақ қой. Менің де. Жесір деген не екен?
Үйге барған соң сұрап алайыншы.

Жүр, Ербол, ойнайык.

Сенің машинаң бар ма?

Күңгірағым бар.

Ал менің ағам бар. Ол оқиды. Енді мұнша жылдан кейін
мен де оқимын.

Кел онда “мама-папа” болып ойнайык.

Ың, ойнамаймын, ...мама! мама! — Ербол бақырып жылап
коя берді.

Апа, мынау — Ербол! Менің досым.

Қай көршінің баласы?

Үйі ана-у жақта. Балабакшадан шыққан соң мен ертіп
кеттім.

Өй, қызым-ау ол не қылғаның? Үйі іздейді ғой!

Не сонда, досыма үйімді көрсетпеймін бе? Өрі бүгін оны
әкетуге ешкім келген жоқ.

Ерболжан, үйінді таба аласың ба?

Қорқам, ол жақта ит бар.

Корықла, біз Күлай екеуміз ертіп апарамыз.

Апа, Ерболға тәрбиеші тәте “көйлегің кір” деп ұрысты.
Жұып берші, ө?

Ап-па, өйтіп қарамашы! Жұшы, иө?

Өй, сен қызда бір!

Апа, кепкеншे мына кейлекті кие тұрсын, ө?

Ың, кимеймін! Қыздікі!

Қарай гөр намысшылын. Қой, болмас, Ерболжан, кейле-
гінді шеше ғой. Қазір сендерге ыстық бауырсак пісіріп берем.
Мұнда отыр. Сосын Күлай екеуміз сені үйіне апарамыз.

Ой, аппақ апам менің!

Жә, жә, болды. Сілекейлеп біттің. Ерболмен ойнай түр.

Апа десе, Ерболдың мамасы түү алышқа ойыншык машина өкелуге кетілті.

Апа, айтпақшы осы сен жесір бассың ба? Жоқ, қалай деп еді, қап, ұмытып қалыптын.

Апа, жыламашы енді. Ол не сез? Жаман сез бе?

Апа, апатайым, жыламашы... тіпті бассыз жесір болсан да сен өте жақсысың! Апа, онда мен де жылаймын...н...н.

Апа, Ерболдың папасы басымнан бүйтіп сипады. Маған конфет берді. Алғаным дұрыс болды ма?

Апа, Ерболдың папасы машина айдайды екен.

Апа, Ерболдың әжесі қеліпті. Біздің әжеміз неге жоқ?

Апа, Ерболдың әжесі бар ғой... Ербол айтады: “сенің апаң жақсы ғой, үрмайды, ұрыспайды” дейді. Апа, десе... Ерболды біз алайық-шы. Мен өзім бағам.

Апа, Ербол бүгін үйге бармаймын деп жаман жылады. Ағасы сүйреді.

Апа, Ерболдың үйі үллекен екен. Біздікі кішкентай ғой...

Апа, біреу терезе қағып тұр. Қорқам. Шам жақшы.

Апа-ау, папам енді келмей ме? Неге тек тусімде келеді? Көзі неге қызыл? Мас па?

Ура! Ерболдың әжесі кетіп қалыпты! “Балаларынды өзің бақ. Жерге қарап отырган жоқсын. Қатын ал!” депті. Сонда “қатын” дегені Ерболға мама бола ма?

Апа-ау, осы сен “қатын” болсайшы, ә? Мен Ерболмен ойнар едім. Ол да саған “апа” дер еді. Апа, “қатын” болшы!

Әкені сағыну

Мадира Алматы қаласындағы оқуын бітіріп, туган аулына қайтуға жиналышп жатыр. Қолына қызыл дипломын аялай үстап отырып ойға шомды.

Былтырғана еді ғой... былтыр. Қектемгі каникул болатын. Бері де ойдағыдай — уақыт өз кезегімен жылжып, сессияның соңғы емтиханы сөтімен өтіп, үйге жүретін автобусқа билет алынды. Апайға сөлем беруге де үлгерді. Мамасының тапсырмасы да сөтімен орындалды. Тіпті жол

— жөнекей атқарылуға тиісті ұсақ-түйек істің бөрі шашпаң және өз орайымен бітіп кетті. Бітті. Барлық іс аяқталды. Қатты бұралған бұрандалы сағаттай бетен ештеңе ойлауға мұршасы да жоқ. Енді тек автобекетке жетіп, Балқашқа жүретін үлкен автобусқа үлгерсе болды.

— Такси!

Жанына келіп тоқтай қалған таксист өкесі қатарлы мосқал кісі екен. Сол сөт өкесі есіне түсіп, іші үылжып кетті. Төсек тартып жатқан өкесі аурудан тез айырып кетсе, шіркін!

“Өкем екі үлкенін гәрі мені, мені жақсы көретін. Мына мені! Кенжесін! Өлде балалық өзімшіл өр көңілім бе? Ал мен болсам, оны — өкемді ойлау есіме де кірмепті... Мұршам келмепті... ұят ай? Бұғін таңда жетем. Күт мені, өкетай! Таңда жетем.

Алған дәрім бар ма? Ө, міне ол, бар екен. Мен сені сондай жақсы көрем, өке! Ойлауға ұмытып кеткенімді кешір. Ал сен болсаң бізге, балапандарыңа жоқшылықты сездірмеуге тырысып, негізгі жұмысыңнан қолың қалт етсе, сүйікті кек машинаңды айдаң, дәл осы аға құсан таксиленгіп алтынсың. Эх, шіркін, қолымда таңғажайып дәрі болыш, сені өп — сөтте ауруынан жазып алсан гой!!!

Киялданып отырып Сайран бекетіне қалай келіп жеткенімді байқамай да қалдым. Қуні бойы шалқылаған жүргірістен шаршаган денем автобусқа отырысымен үйқыға шомдым да кеттім. Түн ортасында өлкемнің үялы телефондағы қобалжулы үніне мән де берменшін.

Таң бозара туған үйіме жеттім. Есік алдында тізіліп түрган машиналарға тіксіне көз салдым. Жүрегім өлдебір жаманшылықты сезгендей ала бөтен атқақтай соқты. Ал ойымның ажалмен келіскісі жоқ. Үміттің жібі дірілдей жіңішкеріп созылады. Ешкімді көрмеймін. Көрем-ау, бірақ бөрі өзге бір өлемдегі бейтаныс жандар секілді. Ойымда хауос. Естіген сөзді үқпаймын Мен мен емесін. Тек менің денем бар. Ол өркімнің құшағында жүр. Бір-біріне еш қатысы жоқ, ешкім де жауап бере алмайтын сансыз сұрақтар санамды үздіксіз шабактайды.

Неге менің өкем өлді? Неге? Ол өлі жас емес пе? Мен не істеймін? Кімді өке деймін? Кімге еркелеймін? Кім енді мені мандаіымнан иіскең, “алтынным менің!” дейді? Қашан үзілді? Неге үлгермедім? Неге? Неге?

Бұл тек қорқынышты түс болғай... Қазір оянам, қазір ... Мен сірә, жаман түс көріп жатқан болуым керек. Қазір

оянам. Шіркін, ояна келгенімде өкем: “келе ғой, бала-
паным!” деп тұрса!...

Солайша мен өкемнен айырылдым. Өмірдің алғашқы
кatal да аңы шыныңын мойындауға тұра келді. Уақытта
тоқтау жоқ. Түнді күн алмастырады. Қыстың орнына жаз
келді. Өкем екеуміз отырғызған алма ағашы быыл тағы
гүлін текті. Быыл да оның алмасын жедік. Өкемсіз... жедік.

Өкесіз еткен жыл — мен ушін есейу жылы болды. Күні
кеше ғана “мен өкесіз естім” деген жанды аяп, жүргім езіліп
турушы едім, елжіреп турушы едім... міне, бүгін өзім де
солардың қатарындамын. Сенгім келмеген, сене алмаган
күндер мен түндер, ұзак-ұзақ таң атып болмаған қара
түндер. Мені өкемнен айырған түндер...

Өмір өз кезегімен жылжиды. Жылжуда...

Тек өкемнің ұлағатты сөзін ести алматыным болмаса,
алақанының жылуын селе алмайтыным болмаса, Алматы-
дан сағынып үйіме жеткенімде құшактал мауқымды баса
алмайтыным болмаса, енді ешкімге “әкешім!” деп еркелей
алмайтыным болмаса — бөрі өз кезегімен жылжуда. Осы
ғана жүргімді қинайды.

Түсіме енші, әкетайым! Сағынып кеттім ғой, түсіме енші,
ен болмаса түсімде саған алған дипломымды көрсетейін!
Саған серт еткен дипломымды көрсетіп, сары тап болған
сағынышыымды басайын, әкешім!

Сары тап болған сары өзек сағынышым — өкем менің!”

Мадира мұңға батқан ойлы жүзімен маған қарап қа-
льшты. Аяулым менің, сенің жаныңды толқытқан сағы-
нышты өз анаң, менің құрбым Салихадан басқа кім терен
түсінер дейсің?! Бүгін кешкे туған үйіңе, анаңың аялы
құпағына жетерсің. Өмір деген осы — сағыныштар мен өкі-
ніштер жынытығы. Тек осы сағынышыңды ертенгі үрпағың-
ның бойына сіңре біл. Ата даңқы, ана өнегесі ғана үрпақты
өсіреді. Сендей мейірбан қыздан туған үрпақ нағашы
атасын, менің досым Амангелдіні мақтан ететін болады өлі.

Тұңғыштар

I

Мен ата-анамнан жырақ естім. Ата мен өжемнің
бауырында болғандықтан анам жеңге есепті болды.
Женгенің сөзін жүре тыңдайсың ғой. Өрі өкем:

— Анаған “жаман қатын!” деші, — десе, деген үстіне өзім тілімді шығарып мазақ етуге тырысатын көрінem. Оныма шал-кемпір мәз болса, мен тіпті есіре түседі екем. Мен алты жасқа толғандағана әке-шешемнің қолына келіптін. “Жаман қатынды” тыңдағым келмей, ақ өжемнің “айнолойының” сағыныш, “өжеме барамшы, өжеме барам!” деп байбалаам сала жүріп тұған үйіме азар бауыр басыптын. Бірақ өмір бақи өзімді ол ортага бөтен санаумен өттім. Мүмкін артымнан сіңлі ілессе өлдекалай болар ма еді? Жоқ, шешем менен кейін сатырлатып алты үл тауыпты. Алты үл қазір алты ауыл болып отыр фой. Бірақ олар бір тебе де, мен өз бетімше... Дәл бір сол ата-ана мені де тумағандай. Бөтен адамдар сияқтымыз. Алты үлдің отбасына қашша жақындағым келсе де үйлесе алмай-ақ қойдым. Оның үстіне Алматыда оқып жүргенімде алыс жақтың жігітімен қол ұстасып қашып кеткен айыбым және бар. Мен олардың жиенін ертіп тұған ауылымға келгенімде анам қайтыс болып кетіпті. Бұл оқиға арамызды одан өрмен алшактатып жіберді. Кезінде алысқа кеткен мені іздел келер ешкім болмады. Ол да түсінікті. Малдағы жалғыз өкем шиеттей алты баламен қай жағына бұрылсын? Малдың шебі, жемі, қора-қопсының бүтіндігі, ерістен келген малды суару да көп күшке түседі. Бұрын шешем екеуелеп үлгере алмай жататын шаруа еді, енді не жорық? Ер жетті, диплом алды, енді өзінен кейінгі інілерін оқытуға көмектеседі деп сеніп отырған менің қылғаным — анау! Дәл сол жылы күйеуге тимесем болмайтында тайып тұрдым.

Өз айыбым өзімде, сағынып келгеніммен өкеме қарауға бет жок, бар тапқаным жиенін итере беремін “бар, атаңа бара фой” деп. Және бір жіберген қателігім — босағаны күшактап жылағаным. Олай істегенім өкемнің алдында айыбымды мойындағыным еді. Ал өкем жарықтық “тірі мен тұрғанда жаны жок босағаны күшактағаны несі жаман ырым бастап” деп ренжіпті. Болар болмасқа өкпелесіп, түсініспей өткен өмір-ай!

Несін айтайын, баяғыда өжемнің ауызымен арада тартылған жібек шымылдық жылдар өткен сайын жыртылудың орнына қалында маса бір жұқармай-ақ қойды фой... “Жаман Оқас” дегізіп, қателігін менің ауызыммен айтқызып, баласы мен келінің мінеп отырушы еді өжем жарықтық.

Бәрінен қын тигені — ежем өлді, ал өз өке-шешпем өзіме жат, менің нағыз мейрімге мұктаж кезімде сол мейрімді таба алмағаным... Жер шалғайлығын сылтау етіп бес-алты жылда бір хабарласқан боламыз. Бауырларым да сүк. Өншійін жамағайын апайларындай қабылдайтын сияқты ма? Барып-келіп жиі-жиі араласып түрмаган соң...

Күләш апай тәмен қарап сағыныш жасын байқатпауға тырысты...

II

Күйеу балам жіберген көлікті күткеніме де талай уакыт болды. Зарықтырып барып ұялы телефоным шыр етті.

— Ау, қайда жұрсің? Күн күйдіріп барады! — деймін ренішімді сездіріп.

— Өзіңіз қайдасыз? Көп күтіп қалдым. Міне, “дом быта”-ның алдында тұрмын. Біраз болды.

— “Дом быть” емес, “Ардагерлер уйі”, “дом ветеранов!” Тез жет!

— Өзіңіз келе салмайсыз ба, мен қаланы онша білмеуші едім...

— Ау, қаланы білсем сені күтіп сарыламын ба? Өзім-ақ бармаймын ба? Сен ауылдан келсең, мен Алматыдан келген кемпірмін.

Біресе адасып жүрмін деп, біресе аялдамада тұрмын деп, мені алыш кетпеуге бастығынан сескеніп, бұлдана журіп жеткен жас жігіт сезден есе жібергісі келмеді ме, кім білсін, мен отыра салсымен жол ережесіне байланысты дереу таңғышты тартып жатсам:

— Өй, апай, тактай-ақ қоймайсыз ба, күйеу балан ГАЙ-дың білдей бастығы ғой! — деп, мосқайды.

— Қарағым, мен де сол күйеу балама “енесі түк білмейді екен” деген сез келмесін деп тырысып жатырмын.

Кешке қарай жұмыстарынан жиен сіңлім де, бастық күйеу балам да жетіп, арқа — жарқа болдык.

Күйеу балам ашпак, сөйлеп тұрған жан.

— Сені Қызылордадағы өке-шешесінің үйіне барады деп естіген едік, жоспар неғып өзгерді?

— Иә, солай жүрмекші едім. Был үй салып жатқан. Бір жылдық енбек демалысымды алсымен келіншегімді ілестіріп, қол көмегімізді бермекші де едік... Дөл шығайын деп тұрғанда телефон шалды. 200 000 теңге керек деп. Мен “өзімнен ауысқаның беремін, баламды оқуға апарамын. 50

000 ғана бере аламын” десем, ашуланыш, біраз жерге апарып таstadtы. Келмей-ақ қой! Деді. Менің де мінезім бар. Шырт кеттім.

— Қой, оның болмаған екен. Жас емессін. Бөрін де өзін сезіп отырсың. Ата-ана қартайш келген шағында баласының жылы сезіне зәру болады. 50 де болса апарып беруін керек еді, — деп, уәж айтқан боламын. Оным бір жағынана үнсіз қалуға ұялғандығым болса, екінші жағынан басымда бар нәрсе. Дегенмен ішімнен алыстан іздеп келгенімде өз қасымда болғанын қалап-ақ тұрмын.

Күйеу балам біраз үнсіз отырды да терең дем альш ұзын сонар әңгіме бастайтында тамағың кенеді.

Мен анама өкпелімін. Көз алдыма бала кезден қалған бір сурет келеді. Екі жастағы кезім екен. Күн суықтау болса керек. Жер үйдің терезесінен кетіп бара жатқан өйелдің артынан қарап тұрмын. Ішімнен жалынып: ең болмаса артыңа бір қара, бір қара деймін. Бір де қарамады. Ұзын қара шашы арқасында жыланша ирелендеп, қасындағы бетен ереккек бірденелерді айтып сөйлеген күйі ұзай берді, ұзай берді. Содан ұйықтағанша терезенің алдынан түспей қояды екемнін. Мектеп-интернатта оқыдым. Жетімдер үйі ғой... Нагашы әжем аурушаң болды ма, өлде өліп қалды ма — есімде жоқ. Барған бетте бірталай құндер аш қалып жүрдім. Ересектеулері алдындағы тарелкадағы тамағымды тартып жетін. Сосын өлмestің қамына кірісін, өз құқымды жүдірықпен жоқтадым. Сотқарлау болдым. Сабакты катырдым деп айта алмаймын. Кейін бір шал сегізіншінің бітіргенде өз колына алды. Ол өз атам екен. Бар білгеніне баулыды. Сол кісінің колынан армияға кеттім. Сол жақта жүріп біраз есейдім. Бәрібір қызбалық мінезім көпке дейін қалмады.

Басымнан нелер өтпелі дейсіз? Мен анамның сондай кезде жай ғана үнсіз қасымда отырганын қалар едім. Болмады ғой. Енді де өгей өкем деп отырган мен жоқ. Қолымдағы барымды бөлісуге тырысамын. Бауырларыма да көмектесіп жатырмын. Шақырса жетіл барамын. Тойларына да “ен көп шашу апаратын сен ғана” деп өздері мойындал жүр. Жоқ-ау, 200 000 әкелмесең келмей-ақ қой дегенідегі дауыс ырғағы жанымда батып кетті. Тұңғышым еді деп өзі іздемесе де, менің жаным қиналғанда ешқашан жанымда болмаса

да, перзенттік парызым ғой деп өзім жүгіремін де жүремін. Мен де енді жас емеспін. Өз отбасымның да жайын ойлауым керек емес пе?

Солайы солай-ау... Қолғанатым-ай, қайтейін енді, жүрегінің басына бала кезден байланған сұық мұзды қалай ерітсем екен?!

III

Жамиле әңгімесін тосын бастады.

— Менә, сенің ауырып қалғаның жақсы болды.

— Не дейт, құрмағырдың қызы?! — шешем маган ала көзімен бір қарады. Мені түсінбеді. Тағы да “тейт!” деуге жарамады. Батпады. Үшінші жақтан сөйледі де қоя салды.

Іө, өзімді туған шешенің атын атап, “өжесінің қызы” аталағынып, сол кісінің бауырында өстім. Үлкениң ұлағатын естідім. Бар баласы бір тәбе де, мен өзім бір тәбе — бәрін бір шыбықлен айдайтын “бастық” болдым. Себебі мен өжемнің қызымын. Мен ақылдымын. Мен білгішпін. Осы статусым өжем өлген соң да жалғаса берді.

Шешем шынардай тіл — тік қайратты қатын. Совет өкіметі кезінде баланы туда салсымен белін шарт байлаап алғып қызметіне кірісп кете беруші еді ғой. Кейінеректе екі ай емізуге уақыт беретін болды. Қазір ғана үш жылға дейін сәбінің жағдайын жасауға рұхсат.

Шешем шпал тәсесшілердің қатарында болды. Өкем айлап, апталап үй бетін көрмей, аттан түспей жұмыс істейтін. Шиеттей баламен (бәріміз тоғызыбыз) оның үстіне үзілмейтін қонағымен, сауын сиырларын балтауға жөне өкіметтің қара жұмысына да үлгеріп жататын өйелді қалай қайратты демессің!

Маган ала көзімен жактырмай қараган шешеме сөзімнің мөнісін түсіндіруге кірістім.

— Міне, өзің қара. Менің жасым алпыстан асып, өзім де кемпір болғанымда сенің арқанды уқалап, шомылдырып, аналы-балалы болып, енді-енді жақындастып жатырмыз. Сенің етіңе қолым тиіп, саған балалық ықыласымды білдіріп, перзенттік қызметімді істеп отырмын. Ауырып төсек тартып қалмасаң өстер ме едім? Алланың мұнысына да шукіршілік. Бізді жақындастырып жатыр.

Шешемнің аурудан шүнгірейіп ішіне түсіп кеткен көзінен аналық мейірім шуақ шашып, ойнал шыға келді. Шіркін,

осы мейрімді менің өмір бақи іздеғенімді ол кісі кезінде білсе етті? Аңсаумен өттім гой! Күнде көріп жүріл “қызым-ау, келші бері” деп, басымды қеудесіне басып, бауырына қысып жұбатса екен деп қиялдайтын кездерім-ай!...

Өжемнің қызымын гой.

Мұғалім болыш қызмет істеп жүргенімде қалада тұратын өзіміздің ауылдың жігітіне тұрмысқа шықтым. Он тәрт квадрат метр бір бөлмелі үйімізде ауылдың адамдары келіп қоңбаған күні, өй, сирек-ау.

Менен кейінгі іні-сіңлілерімнің бәрі өз қолымнан өтті.

Сонда осы шешем:

— Ана “тестапо” тағы қуып шықты ма? — деп, сыртымнан талай нықыртқан. Себебі: “мына носки неге мұнда жатыр?”, “кесенді кім жуады?”, “Өр заттың өз орны болуы керек!” деп, оларды темірдей тәртіпке салушы едім. Одан олар жаман болған жок. Қазір бір-бір отаудың ұсынықты иесі атанып отыр. Ал студент кезінде Мәлдірдің (шешем аты гой) мейрімді, сылбыр тәрбиесімен келіп, болбырап қалай болса солай жүретін сіңлілерім менің темірдей тәртібіме шыдамай, екі-үш ай тұрған соң басқа пәтер ізден, оған ақша төлей алмаса қайтып маған келіп жөнкіліп жүретін.

Кетсе — неге кеттің демедім, қайтып келсе кектемедім. Сейте жүріп олар да қала өміріне біртіндеп үйренді. Төселді. Қазір Мәненін барлық баласы осы Ақтөбе қаласында, бас-басына бір-бір баспанасы бар. Алды өзіне зөулім сарай тұрғызып алды. Жаман ба?

Сонда дейім-ау, балалық көңіліммен шешем мені де еркелетсе екен деп аңсап тұрушы едім.

Енді ол кісі жіберген қателікті мен жібермейін деп шештім. (Шынтуайтына келгенде мен де жас кезімде өз қызыдaryмында қатаң тәрбиеледім. Өуелі арды ойла, намысқа жүтін дедім. Көп еркелетіп болбыр қылғанша заманына қарай жібі ширак болсын дегенім еді.) Қазір жиендерімді алдыма алып еркелеткен сайын:

“Ботаканымның ботасы-ау, қопаканымның қозысы-ау!” деп мейрімімді тәгемін.

Улкен қызым бірде:

— Мама, жүрегіңің нөзік екендігін кезінде қалай байқамаганмын! — деп келіп, бетімнен сүйді.

Жапырактарым-ау менің!

Қызыл топтай

Женешемнің мұншалық ашууланғаның бірінші көруім.

Әуелі келген қонақпен екеуі жайбаракат сейлесіп отырган. Неге келісіней қалғандарын қайдам? Кенет женешем менің аяғымдағы қып-қызыл өдемі топлайды жүлкі шешіп алды. Шешіп алды да ана кісінің алдына соңшалықты ызакорлықпен атып ұрды.

Мен жасым бестердедегі кіп-кішкентай қызыбын. Есік алдындағы құмда “сыйылыш” деп берген қып-қызыл өдемі топлайды қиіп-шешіп, ішіне құм толттырып ойнал, өзімнен өзім мәз болып отырганмын. Ауланың есігін тарс жауып, жүлкіна шықкан кісімен бірге қып-қызыл есіл топлайым кетіп барады. Әуелі қорыққаныман жылап қоя берген мен енді топлайсыз қалғанымды үққанда одан бетер өңдіреймін келіп...

Женешемнің көзін ала беріп үйден сыйтылып шықтым. Жолаушы ұзап кетіпті. Аяғым аяғыма жүқпай артынан жүгіріп келемін.

— Топлайды тастап кетінізші, — деп, өтініп келемін.

Ағатай, топлайды тастап кетінізші. Төргіпті, ақылды қыз боламын!

Көкетай, топлайды өзіме берінізші. Аяғымды үнемі жуып киіп жүремін, деймін сондай жалынышты үнмен.

Өкпем өшіп, жүргегім жанып, артына бір қайырыльш қарамаған атты кісіні қашпанғы қуайын? Бір сайды жылап қала бардым... Ал кешке, қас қаражай сүйретіліп табалдырықтан аттағанымда шешем:

— Ой, намыссыз неме, соңынан неге жүгірдін! — деп, шапалакпен жағымнан бір ұрды. Қыз деген ку келеді. Жасым бесте болса да сол келіп кеткен кісінің өкем екенін ешкім айтпаса да білдім. Білдім. “Ойнаймын” деп қыр астына түсіп ұзак ұқыт сол кісінің жолын тостым. Екі көзім жолда болатын. Күттім. Сарылыш күттім. Келмеді. Күнде күттім. Келмеді ғой... ал қызыл топлайды әкеп бермеді. Елжіреген сағынышым қатып, берішке айналды. Тас жүрек осындаидан пайда болатын болуы керек.

Тезірек бойжетуге тырыстым. Тезірек күйеуге тидім. Жүргегім тастай қатып кетпей түрганда тездетіп бөпелер туып алғым келді. Бес бала таптым. Біреуі — өкем, біреуі — шешем, біреуі — нағашым, біреуі — ағам, енді біреуі — інім болар: ейттеуір қара ормандай қасымда самсал бірге жүр. Жалғыз өссем де, енді міне, ақар-шакар отбасына айналдым. Алла осы балаларымның бақытын баянды қыла көргей...

Кепір біз бейшараны

Үш жыл жанымызда көрші тұрған Қайрат деген жігіт телефон шалды. Екі үйіміз қаланың екі шетіне көшпіп кетсек те, аман-сөлеміміз тұзу, араласып тұратынбыз. Жасы біздерден көп кіші.

— Тәте, Бейбітті үйге шығарып алдың! — қуаныш пен қобалжу қатар сезіледі. Бейбіт — оның он сегіздегі балдызы. Қөптен бері тұрмеде жатқан. — Тәте, ағам екеулеріңіз келмейсіз бе?

Мен оларды қуанышымен құттықтап, мына қақаған сұйқта қаланың екінші бір шетіне автобуспен селкілдең бармайтындағы не сылтау айтсам екен деп ойланып тұрмын.

— Тәте, кеше атам “мына соттың бітегін түрі көрінбейді. Ауылға барып, шаруашылығымды бір көріп келейін”, -деп, елге кетіп қалып еді. Оның үстіне Сөуле төтелер де жоқ екен үйінде...

Мен бірден түсіндім:

Сонда... Бейбітке мамасының қайтыс болғанын әлі естірткен жоқсыздар ма?

Іә, достарының біреуі байқаусызда айтып қала ма деп кинальп тұрғанымыз. Ұлкендерден ешкім жоқ. Тәте, келіп кесенізші...

Енді шегінер жер жоқ еді. Мен автобуспен сырқылдал жеркенімде кең жайылған дастархан басында, қак төрде қызара бертіп алған Бейбіттің соттағы қорғаушысы (адвокат) Қажымұхан ағай екпіндегі сөйлеп отыр екен. Жатаған жер столды айнала кілен қылқан кескендегі жастар отыр. Бәрі жым-жырт. Бар жоғы отызға енді иек артқан үйдің иесі, жиырма бес-тердегі бажасы, оқып жатқан балдыздары — үнсіз. Анасының қазасын Бейбіт қалай қабылдайды деген қорқыныш, нeden бастауды, қалай десе боларын болжай алмаған белгісіздік. Бұдан хабарсыз Бейбіт қана, бұрын-ғы жер қозғалса қозғалмайтын сабырлы бала, енді тұрмаден босағанына екі көзі жайнап, қуанғаның жасыра алмай екі жиенін кезек -кезек құшак-тап, тізесіне отыргызып әлек. Алғаш тұрмеге жалқанда “Бей-ба-а!” деп көп жылап, көп іздеген кішкентай Женіс жеті ай көрмегенге жатырқап қалыпты. Тізесіне отыргызыса, бұрыльып бетіне үнледі.

Осы жастардың ортасында езін топ бастаған серкедей сезінген болуы керек Қажымұхан адвокат көтерінкі үнмен леппіріп сөйлей жөнелді:

— Япымай, аппақ келіншек кірді де, үй жарқырап кетті ғой! Мен айтып отырмын балаларға “тұңжырай бергендерің жетеді. Мына Бейбіт пен Ерік жеті ай “курортта” дем алыш келді. — Екпіндеп болар емес тілті: — Курорт емей немене? Ештеңе іstemей тегін тамақ ішпіл-жеп демалды, — деп, бөсіп барады.

Қазақы ырыммен шашу шашып, Бейбіттің бетінен иіскеп, енді сөз бастағалы ұмсын бергем. Мына сөзге бар қаным басыма шашып, түрім өзгеріп кеткен болуы керек, Бейбіттің өпкесі жатаған жер үстелдің астынан тіземді басты:

— Тәте, Бейбіт өзірше осында, қалада болады. Құжаттары тек он күннен кейін ғана дайын болады дейді. Күту керек екен.

Алла, айналайын-ай. Сезімтал жарығым-ай! Мен ашумен сойлең бірдене бұлдіріп алмағай деп қорқап кеткен-дағы.

Осыдан жеті ай бұрын біздін үйге келген Меруерт көзіме елестеді. Таңғы жетіде, меезгілсіз уақытта келгенінен-ак оның жаңы мұрынының ұшынада есі шығып кеткенін түсінуге болады. Тілті орынында отыра алмай тенселе береді. Ол өрекетін өзі тілті байқамайды. Сабырлы, салмақты, жас та болса бар ісіне тиянақты оқытушы келіншек дәл қазір естанды халде жаңы күйзеліп тұр. Сөзін үзіп-үзіп маған келген шаруасын айтты. Мына маған, бірінші тоғтағы мүгедекке, тәрт қабырғадан басқа досы жок, ешқандай мықты танысы жок адамға... Осыдан-ак оның жан күйzelісінің қандай дәрежеде екенин үға берініз.

Колында жұмыс істеп жүрген інісі Бейбітті өуелі “құжатың жок” деп қамаған екен. “Тұн ішінде не істеп жүрсін?” деген күдік жамалған. Ол тұнгі ойынханадан ақшасын ұттырып, өне-мине қайтарып алам деген дәмемен ұзак отырып қалғанын өзі де байқамағты, білмелті. Сол шакта көшे жағалай ойын автоматтары саңырауқұлақтай қалтаған кез еді ғой. (Жас жігітті кіналасак — тек осы өзін ұстай алмай құмар ойнағаны ушін кіналайық.)

Үйге қонбаған Бейбітті үш күн іздел, таптай сандалып жүргенде полициядан жездесінің жұмыс орынына қонырау түседі: “Бейбіт 179-шы баптың 2-ші бөлімінің А және Г тармағымен сотталғалы жатыр. Қылмысы өте ауыр. 500 доллар таппасандар 15 жылға кетеді”, — деп хабарлапты. Біз естен танып қалдық. Оңдай ақшаны табан асты қайдан табамыз? — деп егіледі өпкесі.

— Сонда ол бала не істепті?

— Универстеттің маңында үш қызды торап кетті деген айшп тағып отыр.

— Ау, Бейбіт намаз оқитын, обал-сауышты билетін, біреуге қол көтермек түргай ауыр сөз айтпайтын бала емес пе?

— Оны сіз білесіз. Ал полиция басқаша ойлайды ғой...

Меруертті тыныштандырмак болғаным есімде. Шәй бердім, емізулі баласы титтей Женісті сұраймын, есін жисын деймін.

— Сіңлім Балауса қарап жатыр, бәрібір емшегімнен сүт шықпай қалды. Мамамның онкологияда жатқанын білесіз ғой. Қолдағы бар малды сатып дәріге жұмсадық. Ал өкем баланың үлкені деп маған сеніп отыр. Не істеймін, тәте-ау, не істеймін?!!

Солқылдаған сұлу келіншек аз уақытта қураған шөптей солып, екі бүктетіліп қу жаны қалды. Сот просесі кезінде талай рет жаны мұрынның ұшына келіп, қан қысымы көтеріліп, лоқсың қиналғанын көргенімде жаным қоса қиналған. Күйеуі Қайрат бар тапқанын балдызының жолын — актаушыны жалдауға, тұтынмен кездестіру үшін акы телеуге, тольп жатқан басқа шығындарға жұмсады. Өкесі жырттық бәтеңкемен сары аяз, ак карда ұлының жүзін бір көру үшін соттың есігін бақты. Ауруға уайым жамалып анасы баласының жүзін бір көруге зар болып жатып кез жұмды.

Міне, енді анасының өлімін естіртеуге батпай біз отырмыз...

“Жақсы болса” сотқа, тергеушіге, актаушыға “жақсы” болған шығар. “Актың — ак, қараның — қара екенін” дәлелдеу үшін жеті ай сергелденде салған “іс” бүгін түсте тамамдалып, Бейбіт ақталып шықты.

Заң бойынша “кудіктіңі” ұстаган соң екі сағаттың ішінде туыстарына хабарлануы керек. Ал Бейбітті үй-іші таптай зыр жүгіріп іздел, уайымдал отырғандарына екі тәулік өткенінде, онда да пара сұрау үтін: тез ақша тауышпекелмесе “Бейбіттің 179-шы баппен он бес жылға сottалатынын” айтып, тез телефонды өшіре салған. Және ақшаны жинастырып талсыруға бір тәу. ік те жетеді деп ескерткен. Осы сөздерден-ақ заңның өреске ә бүрмаланғаны көрініп түр емес пе? Яғни өу бастан-ақ арам ақша табу үшін “жаптым жала, жақтыйм күйе” деп отырған жоқ па?..

Менің Меруертімнің көзінен аққан қанды жасын көрсөн олай сөйлемес едің, ей қорғаушы!!! Өй, бірақ соттың айналасындағылардың көру, есту, сезу қабілеттері “жойылып” кететін шығар? Курорт дейді ғой, өйткен куроттыңың ... !!!

Бейбіт, айналайын, үйіріе аман-есен қосылғаның құтты болсын! Сен біз сияты балаларын қорғауга жарай алмаған аға-апаларыңың сауатсыздығын кешір. Жеті ай жайнаған өмірінді зая кетіргенімізді кешір! Сенің аппақ қөnlіне күдіктің, сенімсіздіктің улы ұрығын сепкенімізді кешір! — менің шырылдай шыққан биік нотадағы үнім ыржаландап өзіне, сөзіне мәз больш отырган қорғаушының (шын мәнінде “корлаушының”) төбесінен сұық су құйғандай өсер еткен болуы керек, дереу езуін жиып, бойын тіктеп алды. Сөйлемеді.

Менің де бар қыжылым осы сөздерге ғана жетті.

Баланың басы босағанына төубе деп коя салдық. Шағымдануға қолда құжат жок дедік. Тағы бір сылтау тауып (заның біз білмейтін күйс-куйсы көп қой) шырмасыңтай шырмалап алар деп өз сауатсыздығымыздан қорғалап үнсіз қала бардық. Жеті наң садақа. Жарасын жалап жазған ман тебеттей маңқайып, дымымыз шықпайды. Өзімізді қорғай алмаймыз.

Сананы сілкіле, Сайлаш!

Ешкім көз жасын көрмесін деп сай табанына түсіп алған Сайлаш есесі кеткен жас балаадай аңырап тұрып жылап келеді. Алыстан өлдекімдер караңдағаны болмаса, ел малын жайлап, кешкі асын қамдаған қаракөлеңке іңде өлетінде Сайлашты ешбірі елемейді де... Ешкімнің Сайлашта ісі жок. Өлара кезенде Сайлаш тұрмак ешкімнің ешкімде ісі жок. Жок!

Алашағын тез-ақ ала салардай өнмендеп жетіл келіп несі бар еді? Сарылып күтіл несі бар еді? Босағада тұрған мұның жылау тіпті де ойында жок еді. Үй күтуші өйел сыйырлап:

— Апа-ау, кетші бул үйден. Сен үшін мен жеп отырган нанымнан айырылам-ау: көрмейсің бе, кесіп алсаң қан шықпайтын қатыгез жандар екенін? Неге кіргіздің? деп, маған зіркілдеп жатыр. Алла аясын! Үйіңзеге барып жылаңыз. — дегені. Содан Сайлаш жаман қорынып көзіне жас толсын. Жо-жок, бастықтың өйелі төүір адам сияқты.

“бере салмайсың ба, нәйеті бес-ақ мың сұрап тұрса” деп сыйырлағанын естіл дәмеленіп-ақ қалған. Гүж еткен ерекк үні: — Бұғін бес мың берсем, ертең он мың сұрайды, ақымақ неме! — үмітін үзіп-ақ тастады. Сайлаштың жүргінің басына тұз құйғандай өртегіп шаға келді.

Осыдан үш жыл бұрын дәл осы гүжілдек өзінің дөңкіген қап-қара джипін мұның есігінің алдында қаңтарып қойып, дәл осы Сайлашты күтіп тұратын еді-ау. Сайлаш су жана машинаға мініп алып, күн ара аудан орталығына сот процесіне қатысуға кетіп бара жататын.

— Сөке-ау (яғни Сайлаш), Сіз деген халық адамысыз. Қаламыңыз жүрдек журналистсіз. Берін өзіңіз түсінесіз. Бес бірдей жас бозбаланы көзін бозартып түрмеге тыққанда не түседі сізге? Аналары қарғайды ғой. Өрі түрмеден шыққан адамның онғаны жоқ. Бес бірдей азаматтың тағдыры Сіздің бір ауыз кешірімінізге қарап тұр.

Ұлың болса, аллаға шүкір, төуір болып келеді. Қолдан келгендің көмегімізді аяп отырған жокпаз. Кешіре салынышты! — деп қылған, дәл осы гүжілдек көкең еместей — ак.

Өмір-ай... Сол қыста қара қиға қақтығып тоңып отырған мұның үйіне қайқайған бір машина майқұдықтың көмірі аяқ астынан келе қалды. Тіпті су тасушы водовоздың шөпірі Зәкен де: — Сайлаш-ау, сұлу келіншек-ау, бір қоңырау зың дегісептің өзім-ақ су өкеліп құйыш кетем ғой... ағам ескертпей-ак, кезексіз-ак... — деп маймендеген.

Қысқасы, мұның ұлы Қуатты өлімші қылыш сабаған бес жігіттің әке-шептесі асты-устіне түсіп, керегін сұратттай тауыш беріп тұрды. Сол Кекен бір басқа да, бүгінгі Кекен бір басқа, бөтен адам сияқты.

“Япырау, ел-жұртым, ағайыным мұнша жанашыр жандар екенін неғып байқамағанмын” деп, таңырқай жүріп Сайлаштың өзі пара беріп жатып, облысы орталығындағы сарашы дәрігерден “өте ауыр жаракат” деген сезді “орта дәрежеліге” түсіртіп, талай ата-ананың “алғысын”, бес жігіттің “сауабын” алғанға мәз еді. Басы осы Кекен болып: “бала ортақ қой. Керегінді ұялмай сұрап тұр. Қаржылай да, басқалай да көмегімізді аямаспаз” деп, ант ішкендей бболған. Сейтіп риза көнілдерін білдірген. Сайлаш өз-өзіне, өзінің жомарт көңіліне өзі мәз еді.

Енді міне, соңғы үш күн бойы есігін аңдып, кеңсесіне кіре алмаған сон, әзер деп үйінен ұстаган Кекесінен Қуатын

емдеу үшін санаторийге төлеуге тиісті бес мың теңгені карызға сұрап ала алмай пушайман болып отырганы.

Дәл осы Көкенің қонаққа барған уйінде ойын баласына бес мыңдықты көмпіттің фантигіндегі қылып ұстата салғанын өз көзімен көрген Сайлап қой. Ол осы қант-шәйін “ответчаюға” (карызға) алап, күн көріп отырган Сайлап үшін қолақпандай ақша.

Иә, осыдан үш жыл бұрын, онда да дәл осылай жерде қар болатын. Айлы түн. Кешкі тамақ дайын бола бергенде 15 жасар Қуаттың екі жолдасы, бозбалалар сыбырласты да қалды. Сайлап ұлына “тез кел, тамақ суып кетеді” деді де ожауын көтерген күйі күтіп қала берді. Бір минутқа дег пығып кеткен үл бес сағат бойы келмеген соң шыдамай қызы екеуі іздеуге шықты. Жоқ. Іздемеген жері қалмады. Біреулер “сай жағасында балалар төбелесіп жатыр” дейді дегенді ести сала солай қарай құстай үшты. Алдында ауылдың қатындарынан естіп жүрген өнгімесі еді. Жұмыссыз қалыш іші пысқан жас еспірімдер кинодан көргеніне еліктең жағалай Бетман болып, маска киіп алыш, төбелеседі екен деген аңыз тараған. Жанұшырып жетсе, айтса айтқандай-ақ шенбер жасай тұрган жігіттердің ортасында бетіне қал-қара маска киген үш ерек талтайш тұр. Тұлғалы, денелі, ересектеу көрінді. Қорыққандікі ме? Сайлап жете бере екі қолымен екеуінің білегінен мыти ұстады. өзі солардың иығынан келгенімен еңгезердей екеуін тырып еткізбей ұстал тұр. Айқайладап сөйлеп жатыр, ұялтып, ұрсып жатыр, көріне мініп қарғап жатыр. Сонда дейім-ау, ең болмаса біреуінің бетіндегі масканы жұльып алуды керек еді. Мүмкін аналық жігері соншалық қуат берген шыгар.

Тек екі жігіт екі қолтығынан сүйеп өкеліп: “ала, міне сіздің балаңыз,” — дегендеге ғана қарысқан саусақтары жазылып, құлап бара жатқан баласын құшаштай жығылғанын біледі. Ай жарығымен қан-сөлсіз аппақ қағаздай болған баласын өлген екен деген. Өйткені түнгі поезбен Атырау қаласына жетіп, жедел операция жасатып жаны қалды. Жабыла тепкілеген соққыдан ішкі органның сауы жоқ. Талақ мұлдем езіліп кеткен.

Кезінде “қойшы сол қарынға жабысқан талақ үшін елдің баласын тұрмеге тығып қан жылатпайы” деген.

Ал сол талақ нағыз қан қызметіне керек екенін, ал қан адам денесіндегі өмір өзені екендігін білменті. Білменті.

Бірак, білсе де не істей алушы еді? Енді келіп жалғыз ұлы Құатының ішкен асы бойына сіңбей қиналғанда, панкремит деген пөле басталғанда, бойы да өспей... Қысқасы, нейроргуморалдық реттеу жойылып, баласы көз алдында өлсіреп, жаны қинальп ауырып, өшіп-сөніп бара жатыр. Ана жаны ыдырынып, шыбын жаны көз алдына келген Сайлаштың көзінен қанды жас агады.

Таяқ жеген тек мұның баласы ма? Сол кездегі желкілден өсіп келе жатқан бозбаланың бәрі десе болғандай. Тіпті, осындай төбелестен бала да өлді. Онда да улап-шулап, аяғы “қой, болдымен” бітті. Өркім өз бетінше күнелтіп, не жұмысы, не табысы жоқ ер азаматтың құны кетіп, жан бағуға аналар белін буып кірісіп, ал бала өз бетінше қалған кез болды. Өз бетінше қалған бала білімді қара жәшік — теледидардан үйренді. Ондағы атыс-шабыс, сөл нөрсе үшін кектеніп, кісі өлтіре салатын есірік кейіпкерді үлгі тұтты. Бағы айта беретін “әй дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ” заманға тап келді. Қүйеуі марқұм жастай өлген Сайлаштың да баласымен емен-жарқын сырласуға уақыты жоқ. Екі қыз, бір ұлды тісімен тістегендей қылыш енді жеткіздім бе дегенінде...

Армансыз анырап, іштегі шемен болыш қатқан шерді көз жасымен сыртқа шығарған Сайлаш енді құр сұлдері қалған денесін сүйретіп үйіне, балаларына қайтқысы келді. Сай қуалап мұлдем ұзап кетіпти. Заң тебенің де, шаң тебенің де, тіпті күл төбенің де шамдары көрінбейді. Ауылдың айтқыштары қойған сол атауларға күле қараганымен, сол сездердің жаны бар екен. Заң төбедегі (басшысымақтар тұратын зәулім-зәулім үйлер) ауылдан өз үйі күл төбедегі (жұмысшылар ауылды) таяқ тастам жер еді. Қалай ұзап кеткен? Тіпті Сағыздың сайын қуалап көз жасымды, осалдығымды ешкімге көрсетпеймін деп жүріп шаң төбе атанған, у-шуы көп, қазіргі “шаңқай” аты бар үйлердің де шамы көрінбейді. Қарлы борасын өнменінен итеріп жүргізер емес. Ұсақ түйіршікті қар бетін осқылап удай ашытып барады. Екі бүйрекі құрығыр ашып, бүріп ауырып, жан шыдатар емес. Басындағы бекебайын шешіп беліне танды. “Сайлаш-ау, осынша шығандап нең бар еді!” деп, өзіне езі ұрсып қояды. Әбден өлсіреді.

Мына бір ши өскен тәмпешікті панарап, сөл аялдан күш жинап алмаса болмас. Польтосының тілдей жағасын

көтеріл, бір жамбастай қисайды. Өң мен түс арасындағы талықсыған, қамыққан, торыққан Сайлашқа күйеуі елестеді. Тұр дегендей қолын созды. Мені де іздептін кісі бар екен-ау деп қуана басын көтерді. Күйеуі жап-жас. Сол баяғы қосылған кездеріндегідей. Көздері кездесіп қалса, жұрт байқап қоймады ма деп қарадай қысылатын кезі есіне түсіп, жүргегі дұрсілдеп қоя берді. Кенет “Әй, сен өліп қалып едің ғой!” деген өз үнінен өзі шошып кетті. Елес те дірілдеп кетті де, өуелі созған қолы, сосың бүкіл денесі, ең алғында бет өлпеті кеңістікке сініп жоғалды. Түү, деп өкінді Сайлаш, нем бар еді үркітіп, одан да ақыл сұрап алсаныш! Сөйткеніше күйеуінің елесі жар басынан көрінді. Қасына тез жетпекші болып жалма-жан ұшып тұрды. Тобан аяқтанып қакып қалған денесін өзөр қозғап бұл жетемін дегенше елес сайға тусти. Бұл да сай қуалады. Мына жер ықтисын. Жып-жылы екен. Түү, қандай жақсы. Есін жиды. Жүрісі өнді. Денесі ширады. Ісінген көзіне сұық қар басты. Домбыққан бетін үкалады. Үйіне бет түзеді. Балалары “анам қайда” деп үрпісіп отырған шығар. Өзін мына өмірге қайтарған күйеуінің елесіне риза.

Қазір үйіне жетсін. Ақ қағаз бен қаламды алсын. Соғын жазсын Сайлаш. Жазсын. Жалғыз мұның баласы емес. Қатарынан таяқ жеген, заманынан таяқ жеген, уақыттан таяқ жеген. Жалғыз мұның ауылы емес бұла жігіттер күшін қайда жіберерін білмей жақ-жақ болып тәбелесетін.

Иә, қазақ ауылына ер балаға үлгіге қояр азамат керек. Тұлға керек. Азаматтық істер керек. Идеология керек. Арнамысты, жігерді қайрайтын сөздер керек. Үлкен-үлкен армандар керек. Сананы сілкетін серпіліс керек.

Осының берін айтатын ауыз керек. Еститін құлақ керек. Көретін көз керек.

Ешкімнің ешкіммен ісі жоқ заман деп қол қусырып қарал отыруға Сайлаштың қакысы жоқ. Ойбай-ау, бұл журналист емес пе, халықтың көретін көзі, айтатын ауызы емес пе? Адамның, қоғамның ой-санасын қалыптастыратын нағыз қарусыз күш журналистикада жатыр емес пе? Алға, Сайлаш! Іске сөт, Сайлаш!

Көнілдің көзі

Арман ағамен Алматы шипажайында бір бөлмеде он күндей бірге жатып ем қабылдадык. Қою қабақтың астын-

дағы ойлы көзі, биік жартастай кесек тұлғасы, самайына ақ қырау түскен тікендей қою шашы, салмақпен аяқ басуы — бәрі-бәрі маған бірден ұнады. Міне, менің романымның бас кейіпкері болатын адам осы деп шештім.

“Біреулер қиялында махаббатты тым биік қойып алады да, сосын өзінің ерелері жетпей айылатп-үхілеп өмірлерін өткізеді. Ал мен іргемдегі, дәл жүрегімнің түбіндегі махаббатты көрмеппін. Кезінде бәрі елеусіз еді. Кеш, өте кеш ұғышын. Қоңыл елегінен өткізіп, жүректен сүзіп барыш өкінгеннен не пайда? Не пайда?

Мен институтты бітіріп келгенімде Гүлім тоғызының сыныпта оқытын еді. Өрі бала әрі бойжеткен қызы белгілері бірі өшіп, екіншісі орнығып болмаған оның бірге ойнап өскендігін тек фамилиясы арқылы еске түсірдім. Ол да мен сияқты кемпір мен шалдың жалғызы еді. Ақылды да алғыр бол жетілпіті. Мектептің комсомол үйымының секретары екен. Ол кезде сондай үйымдар арқылы бүкіл қоғам жұмыс істеуші еді ғой. Оқушысы аз орта мектепте одан аудыратын жұмыс жоқтай. Бәріне әрқашан үлгеретін. Олимпияда, спартакиада онсыз өткен емес. Өрине, жас маман болғандықтан мен де ешқайсысынан сырт қалмаймын. Осы күні бойғы жұп жазбай жүрген кездер...

Оның көзқарасынан жайғана оқытушысын құрметтеу емес, өзгеше бір сыр аңгарушы едім. Оған кәдімгілей марқайып журдім. Менен мықты, менен сүйікті ұстаз жоқтай көрінетін. Оның көзқарасы... қалай десем екен, табыныш қарағандай, мен өзімді тәнірідей сезінетінмін.

Арага төрт жыл салып Гулмаржан да тарихшы дипломын алғып біздің мектепке, езі оқыған мектебіне оралды. Мен алғашқы күннен сонау бала кездегі есімімен жеп-женіл Гүлім деп атап кеттім. Мұным жаңа келген мұғалімдерге ерсі көрінген де шығар, бірақ бала досымды, есқі көршімді еркелеткен атымен атауым оның құлағына жаққан болуы керек, ол қарсы болмады. Азғана жыл ішінде Гүлім өзінің мұғалім болып туғанын дәлелдеді! Жақсы оқушыдан жақсы азамат шыққанына оқытушылары да мәз. Ал мектеп ішінен музей ашып, онымыз облысқа аты шыққанда тіпті беркіміз қазандай болды. Өрине, ортақ істер бізді бұрынғыдан бетер жақында түсті. Жұбымыз жазылмайтын.”

Кенет аға маған зер сала қарал:

— Жалықсан жоксын ба? — деп сұрады. Бірге болған көп күндер сіз-бізден аса алмаған соң жан дүниесіне ешкімді бойлатпайтын жұмбақ адамдай көрініп кудер узе бастап едім. Ойда жокта басталған сыр кенет үзіліп қалардай:

— Жо-жоқ, аға! Махабbat туралы әңгіме жалықтыруышы ма еді, — деп, жалбақтай елпілдеймін. Осы бір келбетті түйілік жан маған менсінбей қарап тұрып жүре беретіндей көрініп сасып қалдым.

“Дегенмен, мен шебер әңгімеші емеспін. Не болды соны айтам. Өзің қалағаныңды екшеп ал.

Қақаған қыстың ішінде әкесі қайтты. Гүлім ұзак түндер ауру күтумен, күндіз шаруашылығымен, жұмыспен шапқылаш қатты қалжырады. Шалды қойғанымызға үш күн өткен. Жұмыстан түнделетіп үйіме келе жатсам Гүлімнің терезесі қараңғы екен. Мен оның үйіне қалай кіргенімді өзім де байқамадым. Кейбіреулер аяғым бастап әкелді деп жатады ғой. Мен олай дей алмас едім. Десем аяғым емес, жүрегім бастап әкелді дер едім. Гүлім босағада шытырлай жанған отка қарап тұр екен. Мені құшақтай алды. Дірілдеп тұрган денені бауырыма қысуым мұң екен, ол сейлеп, жоқ баяу өндөтіп өлденелерді айтып жатыр — айтып жатыр. Қазір не дегенін еске түсіру киын, мен бір өзге тілде айтылған өн тыңдағандай хал кештім. Сөздері әрі жетіп, әрі жетпей жатыр; әрі үғып, әрі тук түсінер емеспін. Білесің бе, бұл өзі сондай бір... сондай бір... — айтар сөз таппағандай жұдырығын түйіп тізесін тынымсыз үйкеледі. Біраз уақыт үнсіз қалды. Өз сезімін жеткізетін сөз таппағанына кіналы жандай жазықты күлімсіреп барып сөзін жалғады.

Сол жерде, осыдан үш жыл бұрын ерте көктемде осы өзімнен рухани көмек сұрап тұрган нөзік тұлғаны катулана итеріп, құшағынан сыйтылып шыққаным есіме түсті.

...Гүлім екеуіміз сакманға бір топ окушы алып барғанбыз. Бұл мен директор болмaston бұрын еді. Гүлімнің алдында өзімнің атқа жақсы шаба алатынымды көрсеткім келді ме, бойымды бір желік қыссын. Суық әрі ірі жаңбыр төгіп берді дерсің. Сол кезде наизагай да ерекше бір күркіреп тұрып алды. Кенет қойшының үйі қалған тұстан бір салт атты бізге қарай тұра шапты. Өдette наизагай қималдаған нөрсеге түседі. Бізде зәре иман қалмады. Екі оқушым екі жағымда, ортасында өзім — қалшидық та қалдық. Яныр-

ай, кім болды екен? Жалт соның үстіне түспесе екен! Неге соңша ессіз шауып келеді? Оқушылардың біреуі бірдеңеге ұшырап қалмады ма екен? Соның арасында салт атты бізге жете бере аттан қарғыш түсіп мені құшактай құлады. Гүлім екен. Дәл қазіргідей тұла бойы дір-дір етеді. “мен қорықтым, мен қорықтым!” дей береді.

— Неге?

— Tipi екенсің ғой! Tipi екенсің! Tipi екенсің әйтеуір!

Құшагынан итере сытылыш, денемді серпи көтерілдім. Гүлім жерде отырған күйі қалды. Шалшық суда. Суық жаңбырда. Мен естіген қарапайым сездерде бір қоркынышты сыр бардай... Менің еркімді өлдене биледі. Ұят па, үрей ме? Өзім де үғып болар емеспін.

Осы жауыннан кейін Гүлімнен қашқақтап бақтым. Енді ойлап отырсам сол Гүлімнің менің алдында алғашқы және соңғы рет өз сезімін бүрк еткізіп білдіргені екен.

Іә, әкесі қайтқан соң біз бір туысқандай араласып тұрдык. Үйдің ұсақ-түйек шаруасына өкем, қатты қайырымына өзім — қазақтың жазылмаған далалық заңы бойынша, керші қақысы бойынша қолғабыс еттік. Гүлім екеуміз туралы елдің өсектейтіні де осы тұс. Сол жылы Гүлімді аудандық комсомол комитетіне қызметке шақырды. Директоры ретінде бір сылтау тауып оның кандидатурасын аластауыма болар еді. Өйтпедім. Тек кетпесе екен деп тілеумен болдым. Азғырғым да келді. Жалынғым да келді. Кенет кетіп қала-тындай соңша қорықтым. Ол қызды күнде көріп жүрмесем дүние қараң қалардай шаrasыз күйге ендім. Байқап отырсам бозбаланың күйін кешіппін. Ол аудан орталығында екі күн жүріп оралғанда есім шыға қуандым. Сол күні неше анекdot айтқаным есімде жок, өзім де езу жимадым, өзгені де женіл күлкіге қарық қылдым. — Aға өзін өзі кекеткендей езуін қигаштай куліп қойды. — Ал жаңағы оқығаның сол кезде жазылған.

Ол орыннан тұрып терезеге барды. Мен де жанына қатарластым. Кешкі көленкө қоюлана түсіпті. Құздің коңыр лебі аялды ана алаканындағы бетке жұмсақ тиеді. Сарғая бастаған жапырақтардың өзіндік — құздік иісі жанынды әлдилеп жүрегінді маужыраған тыныштыққа үйтады.

Мен көп ортада өзімді дирижердей сезінетінмін. Өңгіменің ауының өзім қалаған жакқа бұра білетінімді мақтандыруға тұтатынмын. Оныңды ашық айтып жүретінмін.

Бірақ осы Арман ағаға келгенде онымның қате екендігін көріп отырмын. Кім-кімді де өзім жетектеген бағытта сейлете аламын деу өзіме өзім берген балалық астам баға, үшқары пікір екен. Сұрақ қоюға да, жарық жағуға да қаймықтым. Кенет оралған өсем күй сазы үзіліп кетердей, оқыс қимылыммен уркітіп алардай тынысымды ішіме тартып, ағаның өңгімесін өзі жалғап әкетер сөтін күттім. Өлден уақытта барып маган баққа шығуды ұсынды. Мен, әрине, қарсы бола алмадым. Қараңғылыш қоюлана түсті.

Енді осы арада үзіліс жасап, сондағы жұқа дәптерде жазылған жайға көшпейін. Дәптер мейлінше тозған. Қағаз иісі шығады. Сыртын мұқият қаптал қойыпты. Арман аға: “Сол бір тұста аудандық газетте штаттан тыс тілші болып жүрдім. Кейін партия қызметіне ауысқанда “жазғыштымын” пайдасын көрдім. Аңғарымпаз болуға септігін тигізді. Жаза-жаза жазушы болып кеткендей сезінген болуым керек, көркем өңгіме жазуға кірістім. Сол шатпактарымның ішінде жанымда жақын тұтып алып қалғаным ғой. Мұндағы Гулжан деп отырғаным — Гүлмаржан еді. (біз сол Гүлім деп оки берелік)

“Менің атым — Арман. Бұл есім менің тұстастарымның ішінде ете сирек. Тіпті кездеспейді десе де болады. Жалпы атам қазак “арман”, “махабbat” деген сөздерді аса қастерлеп, қасиеттеп оны жүргегінің түкпірінде аялап, кез келген жерде колданбаған ғой, оңай айта салмаған ғой. Сол Арманның ғашық болған қызының аты — Гүлім. Өділін айтсам сұлу емес, сүйкімді. Сопакша жұз, бұлдірген ерін, жазық мандаі. Гул сабакты нәзік қас. Ал енді көзі бар ғой, көзі... мен өмірімде сондай өзі сейлелеп тұратын көзді көрген емесін! Қөрмедім. Сондықтан ба Гүлім көп сейлей қоймайтын. Ал енді сейлесе бар ғой, айнала жым-жырттына қалып тек соның үнін тыңдайтын. Құміс қоңыраудай үні сыңғырлай жөнелгенде бар ғой тұла бойың шымырлап, жан дүниен астан-кестен болатын. Қандай қызыл кенірдек дау болса да, Гүлім сөз сөйлегеннен кейін шешімін тауып шыға келетін. Логикасы темірдей берік, сыңғырлаған үні симфониядай болатын.

Мектептен шығып кешқұрым өудем жердегі интернатқа келе жатқанмын. Қойшының балалары оқитының жер барактағы жатақхана менің жан ауруым еді. (Гүлім кеткен соң тек соның жұмысына басыммен кіріспін кетіп, ештеңені

көрмедім, естімедім. Бірақ бұл сөл кейіндеу.) Гүлім? Сол ма? Қасындағы кім? Кім? Сол кеште қарсы жолықкан Гүлімді көрмеу үшін тал тасасына жасырындым.

— Арман аға, тасаланбаныз. Бәрібәр көріп қойдым! — Сыңғыр — сыңғыр етеді қызы түскір. Қенілді — ақ Гүлім. Солай болар жөні бар. Аспан зенгір көк, нұр жайнап түр. Ауда керемет хош ііс бар. Қепкі шапаққа шомылған жеп — женил ақша бұлттар да бірінен бірі сүйінші құрасып шапқылаған жас балалардай қөнілді. Осы жазда той болады деп естігенмін. Той... сол жігіт осы болуы керек.

Бой тасалаған жеріме қарасам, шынында да жасырындым деп өз көзін басқан жас баладай — ақ болышын. Олардың қуаныштан масайған жүзін қөргім келмесе де, амал жоқ, тасланған бекінісімнен шығып тілдесуге тұра келді.

— Темекі тұтатып алайын дегем... міңгірлеген түрімнен өзім қысылыпта тұрмын. Гүлім құлкісін тоқтатып байыппен қарап қалыпты. Темекі шекпейтінімді білетін. Ұялған тек тұрмас деген:

— Інішек, шылымың бар ма?

Сұрап алған жалғыз тал темекімді тұтата алсам ше? Әншнейіндегі еркіндігіне басып, жігітін таң қалдырып қоламдағы темекіні Гүлім жұлып алды. Енді тіпті састым. Мен мен емес едім. Суға кеткен тал қармайды дейді ғой. Өзімше сез бастадым.

— Ана үсіп өлген жігіт туралы зерттеп болдындар ма? Бригадирдің қатысы бары дөлелденді ме?

— М, м, м... — деді Қаби маңғаздана сейлеп, тексеріп бояш қалдық. Бұл өзі былай... шатасқандау, шатақтау дүние болыш түр... өріден келе жатқан... күнгір -күнгір...

Мына жігіттің екі күрек тісі өзгелерінен шығынды екен — ау... Шашын мен құсал тарайды екен. Иміген түрін... мұрт қойып альпты. Гүлім мұның несін ұнатты екен?

Тфу! Енді ойлайтын несі қалды. Жазда той. Пәлі, Гүлім де тындармай түр ғой. Сен бақыттысың ба, Гүлім? Маған неге олай қарадың Гүл...ім, Гүлім, гүл...

— ... Ба, Арман аға?

— А, аа?

— Оны танисыз ба деймін?

— Кімді айтасың, Қаби?

Тапалтак жігіт көзілдірігін жұлып алды. Өйтсе де ренжіген түрін барынша білдірмейге тырысыш:

— Ал ол жігіт болса сізбен бірге өткізген күндерін ертеден кешке дейін жыграуға бар!

Мені бұл тығырықтан тағы Гүлім өзі құтқарды:

— Қаби, бара тұршы. Менің ағаға айттар бір ауыз өңгімем бар еді.

Жігіт кібіртек басып ұзай берді. Мен ұрлық үстінде колға түсіп қалған баладайын Гүлімнің бетіне тұра караудан тайсақтап, кеткен Қабидің ізін қуалай көзіммен ұзатып үнсіз тұрмын.

Гүлімнің бұдан бұрын шофер жігіті болғанын да білемін. Байғұс бала мектептегі барлық стендаларды түгел жаттал алған шығар. Онда Гүлімге тұра сұрақ қойғанмын:

— Гүлім, мына жігіт сені күтіп жүр ме? Үлғи оқушылармен қабаттасады да жүреді. Ал мектептің аты мектеп. Кездесу орны емес! Өрі кепкеси мыжырайып алыш... саған лайықты емес! — деп, бір -ақ кестім. Ұыздай жас тарихшы маған үнсіз ұзак қарады. Содан былай ол шоферді мектепте де, басқа жерде де кездестірмедім. Бірақ онымен Қабиды тенестіруге бола ма? Гүлім де ондағыдай жас емес. “Не айтқың келеді, Гүлім? Сөйлешпі. Жо -жок, сөйлеме. Белгілі ғой... тек сен соны шын сүйесің бе? Шыныменен?” Кенет Гүлімнің көзіне көзім түсіп кетіп еді, о! Ғажап? “мұның не Гүлім? Неге мұнайдың? Құлетін кезің ғой?” Бірақ көмекейіме көптелген сөздің бірін де айта алмадым. Айтпадым. Мұнды көздер мені айыптаған түр еді...

Гүлім де тіл қатпастан біз өкше туфлиін қадап басып ұзай берді. Қөшениң ортасында тәлтиіп осы тұрысымның ауыл жұртына ынғайсыз сезім оятарын еске түсіре алмастан құмдауыттау жерге ап-айқын түскен леп белгілерін көзбен ұзатып тұра бердім, тұра бердім.

Гүлім Қабимен қатарласты. Менің журегім кеудемнен жарып шығардай аласұра бұлқынды. Бірақ Гүлім екпінін тежеместен ұзай берді. Қаби бірдене деген сияқты. Қолын созды. Қуа қатарласты. Бірте -бірте баяулап қала бастады.

Көздер мені айыптаған еді. Бірақ менде оны ұғарлық шама жоқ еді. Көздер...

“Өзім жемеймін, өзгеге бермеймін” дегендей, Гүлімге біреу ынтық болды деген сыйбыс естісем, (алақандай ауылда сез жата ма?) дереу еле ғашық жанның кейпіне еніп, сол жігітінің бойынан бір мін тауыш (мінсіз адам бола ма?) ешбір жанға шақ келмейтін аса эгоистік меммендігім табан асты

оянып, сөзбен оның нәзік жанын аяусыз соққылауға кірісетінмін. Қазір ғой сол пасықтығыма бетім күйіп отырғаны. Ал ол кезде “япымай, осынау тамаша сезді қалай ғана ойлап тапқанмын. Данышпан екенмін ғой деп өзіме өзім мәз едім.”

Қоңырқай бақ ішінде қоңырқай өкінішке толы өңгімесін Арман аға былай жалғастырды: “Гұлім тұрмысқа жиырма жетіге келіп шықты. Бұл жолы күйеуі туралы ештеңе білмедім. Бұл тұста төрт балаға (төртіншісі — ұл) өке атанып, салихалы азамат, алғыр директор атанып үлгергенмін, қысқасы өз қызығым өзімде, қағанағым қарық, саганағым сарық...

Гұлімнің менің өмірімнен мұлдем кеткенін өз өйелімнен сезіндім. Өйелім ешқашан бетіме келіп керген емес еді. Алғаш сол күні мінез көрсекті. Мезгілімен ішілмей ас қалды. Жеті жыл отасқан өйелімнің біреуді тілдей алатынын сол күні естідім. Қалай ішіне жинай берген? Елеусіз қоя салса тез ұмытар ма едім? Жылуы қашқан ошқа Гұлімді жіл еске салатын.

Шіркін... Тіл қатпастан үн-түнсіз өркім өз жұмысымен айналысып бірге отыратын алғашқы ұстаздық еткен жылдар; мектептен бірге қайтатын кездер; өсем өзілдескен сөттер — ып-ыстық елесімен жанымды баурайды. Қабыргаға ілінген стендалар, музей белмесі, қыл аяғы шахмат тақтасы да сары өріктей уылжыған қыз бейнесін көз алдымға өкеле береді, өкеле береді.

Мұның бәрі ештеңе емес еді-ау, — ағаның үніне өксікке үқсас бір дыбыс қосылды. Демі де жалын аралас шыққандай.

Гұлімді содан кейін бес-алты жыл өткенде кешеде жолықтырдым. Аудан орталығына қызмет бабымен барғанмын. Суық күздің қары мен жаңбыры кезек жағаласқан, ызғарлы жел тұра сүйегіне шақ ете түсетін бір ете жайсыз кезде. Аялдамада бүрісіп түрған балалы өйелге көзім түсті. Тұсынан ете бере жүргізушіме токта дедім. Турін көрмесем де жүрегім өз енін лоблып, еркімнен тыс түйсікмен сол екенін сездім. Жүргізушім енін балалық табы кетпеген, он жылдықты биыл ғана бітірген бозбала. Шегініп қатарластырды. Жүрегім алдамапты: Гұлім! Бірақ мен білетін Гұлім емес. Бетен. Жат. Тек көзі ғана таныс. Ол да тұнғызық мұнның ішінде қалған. Мұнның мұнарына оранған.

— Ауылға барайын десем, автобус жүрмейді екен... —
үні өте баяу, естілер -естілмес.

— Кел, отыр. Менің енді бір кеңсеге кіріп шығатын
шаруам қалды. Сосын ауылға жүремін.

Бірақ шаруасы түскір тез бітеп қоя ма? Сағат жарым
айтыс-тартыспен қызыл кеңірдек болып, өйтеуір керек
нәрсемді алатын болып келісіп, көнілім бірлеп машинаға
келсем жүргізушім жалғыз отыр. Қолыма бір жапырақ
қағаз ұстата салды. Онда “Кешіріңіз, Арман! Сізді қөргім
келіп еді. Оным бекершілік екен. Мен ешқайда бармаймын”
деп жазылыпты. Жол бойы Гүлімнің жүдеу өні, түсінкі
иығы, көк тамыры білеулене булыға жетелгені, дәл өзі
сияқты жүдеу қызы көз алдынан кетпей қойды. Бір
сүмдығы жас сәбидің жүзіндегі терең торлаған мүн. Не
болса соған қуанатын, мына өмірдің қызығына ұмтылатын
кезі емес пе? Жан -жағында не болып жатқанымен тук ісі
жоқ жандай еңсесін төмен салып, алдына тұра қарап қатып
қалған көзқарасы көз алдында тұрды да қойды. Құдды
өмірдің бар қын -қыстаудынан өтіп, әл -дәрмені таусылған
құрттақаңдай кемпір дерсің.

Онбағанмын мен! Машинадан түсіп неге өз орынныма
мінгізбедім? Шалқайыш отырып артқы есікті ымдайтын не
қылған бюрократтын! Ең құрығанда шешесінің халін неге
сұрамадым? Талай жыл көрші тұрған жандар емес пе еді?
Көрші қақы үшін -ақ сұрау керек еді гой! Күйеуі арак ішсе,
жүрген ортасына сыйлы болмаса Гүлімнің не жазығы бар?
“Сізді қөргім келіп еді...” Өрине, ауылда Гүлімнің ешкімі
жоқ екенін білемін. Кім үшін, не үшін ауылға барады деп
те ойламағаным -ау! Дәл сол жерде кайта оралып үйін
тауып алу түк те қын шаруа емес еді. Менің көзімді шел
басқан! Шел басқан... Өзгені қөргім келмейді. Тек өзгенің
көзінен өзімдіғана қөргім келеді. Осы жалғыз жапырақ
қағаздан да маған жолыққысы келген, мені қөргісі келген
жанды, “мені әлі сүйеді екен” дегендіғана үқтym -ау
алғапқыда. Соған өзімшe мәз болғанмын. Мәзбін. Не деген
ой-әрісі тар, ұсақ адаммын?

Мені нағыз ер жігітке лайық қөркі, ер азamatқа лайық
акылы бар дейді жүрт. Менің шын мәнісінде кім екенімді
Гүлім айтты. “Бекершілік екен”. Мен туралы айтылғаның
бәрі бекершілік. Соның бәрі сыртқы қөрініс.

Мен өзімді шын аялап сүйген адамды өңменінен бір емес,
әлденеше рет итердім ғой. Бақыт сыйлай алмайтынымды

білген соң неге тура айтпадым? Неге? Here? Уыздай пәк, сенгіш кезінде бір ауыз сезім жеткілікті еді-ау! Менің сезімді қайтармайтынын, ережедей қабылдайтынын өзім түгел өзгелер де байқады емес пе, айтып журді емес пе? Жоқ, оның орынына өле ғаштық жанның рөліне еніл, тыныштың алдын емес пе? Сонда тек қана өзімді, тек өз сезімінді ғана ойладым. Одан арғыны ойлауга қабілетім жетпеді, мойынның жар бермеді, өзімшілдігім ұстады. Мен тек өзімді...

Осының бәрі ештеңе емес еді...

Мұның бәрі ештеңе емес еді.

Бір жолы тағы сол аудан орталығындағы жалғыз мектептің қасынан өтіп бара жатыр едім, тіп -титей сары қызы жүгіріп қашып келеді екен.

— Ана бала үрады! — деді де солқылдан жылап жіберді. Қуа жетіп қалған бала маған тығылған қызыға енді қолы жетпесін біліп жалма-жан кейін қарай салды. Өзімше үлкендік істеп, жылаған қызды жұбатуға кірістім.

— Жаксы бала жыламайды. Қоя ғой. Атың кім?

— А...р...мангул.

— Өйбат есім екен. Мә орамал. Көзінді сурт. Болды. Енді жыламаймыз. Сабагыңа бара ғой. Нешінші оқисың?

— Үш.

Бала өксіп қойып тынышталады. Мен ештеп таныр-кап қалдым. Биыл ғана мектеп есігін ашқан бала дерлік, тым неренжік.

— Мен сізді танимын, — деді қызы бала мені одан әрмен таң-тамаша етіп: — сіз Арман ағасыз! Титтей қолымен менің сүқ саусағымды мықтап ұстап алышты.

Мыымда найзагай ойнал өтті.

Аудан орталығына келген шаруамды ұмытып, Арман-гүлдің қолынан ұстаған күйі оның үйіне жеттім. Ауылдың шет жағында кілкене ғана жер үйде тұрып жатыр екен. Гүлімнің шешесі бір уыс болып шегіп кетіпти. Қолымның сыртынан сүйіп амандасты. Дауыс салған жоқ. Сөл дірілденкі қарттарға тән үнмен болған жайды баяу айтып берді.

— Жылың өткіздік, қарағым. Өлмелі кемпір мен тышқандай баладан не шықсын? Өйтекеүір ырымы да. Құдайға шүкір, көрші-көлем көмектесті. Ел іші ғой.

— Ы...ы...ы... Гүлімнің бірге істеген мұғалімдері, окушылары келіп тұрады... кезектесіп...

— Қүйеу баланыз ше? — дедім қорқа соқтап, жан жарасына тиіл кетем бе деп.

— Е, е шырағым, тірі болсын де. Гүлмаржанымның көзі тірісінде сыйлай алмаған жаңнан не қайыр күтемін. Тек тірі болсын де...

— Қызым сені аузынан тастамайтын еді ғой... Ауру жеңіп қалжырап жатқанда да сандырақтады емес пе?

— Содан күйеу бала өзі өлім аузында жатқан адамды сабап... у?!

— Содан мені арашпа түсесің деп бұрыппқа атып жіберіп...

— “Армангүлдің атын дереу өзгерт! Өйтпесе өз балам демеймін” деп...

— Ақ қар, кек мұзда сәбиді жалаң аяқ далага қуыш...

— Сонда-ақ кетіп қалған.

— Е, е қарағым, қайсы бірін айтайын... Өлмеген соң отырмыз. Енді мына бір жапырағымды бакытты ете ғер деп Алладан тілел үйіктаймын, осының амандығын тілеп оянамын...

Ол жаны қиналған кезде мені іздепті.

Іздепті.

Менен рухани тірек іздепті.

Шақырыпты.

Ал мен болсам керендік, топастық көрсетіппін. Бір кездері сүйікті жан екенін былай қойғанда, қаралайым танысқа көрсетілер іззеті көрсеті алмаппын.

Ие, мен Гүлімнің ыстық ықыласына лайықты жан болмай шықтым. Нәзік Гүлім өзге дүниеге аттанып бара жатып та қаралайым шындыққа көзімді ашып кетті.

Енді маңайымдағы жандарға үніле қарауым, мейірім нұрына бөлеуім — сол Гүлім үйреткен сабак. Қазір аулымның төй түрган сәбінен таяққа сүйенген картына дейін жүзбе жуз танып, мұн-мұхтажын сезіне білсем, сол үшін де Гүлімге қарыздармын. Жастар маған топталыш келіп те, жеке-жеке келіп те сырларын айтады, ақыл -кенес сұрайды. Сол үшін де Гүлімге қарыздармын. Менің атыма біреу бір ауыз жылы сез айтса мен Гүлімді еске аламын.

Иә, мен оны сүйдім. Сүйемін. Пенделік суюғана емес. Бұл — жүректегі арманың сую. Арманымның аты — Гүлім.

Коңыр күздің кешінде айтылған бұл жүрек түкпіріндегі сыр маған қатты өсер етті. Арман ағаны ерекше эталон тұтып, “қызы-қырынға маңғаз қарайды” деген пікірімнен

журнақ та қалмады. Сол кісіге еліктең, қағілез денеме, жүқалтақ өніме үйлесер-үйлеспесіне қарамай қыздарға ұнағым келіп, аға құсап тәсімді керіңкіреп, аға құсап салмақты аяқ тастауға тыраштанатынымды қайтерсін.

Оқырманым менің бұл әңгімемнен жалын атқан махаббаттың орнына өртеннен қалған күліндей өкінішпін оқығанына риза болмас та? Алғашқы сезімнің ерікті билеген үлпілін аттап етіп, көңіл дүrbісін екі ынтықтың бір -біріне бере алған жә бере алмаған қуаныш, қызығы қашшалықты? Соны айтқым келген. Аттарын да өзгертуедім. Тұрағын дәлдеп атамаған соң қазақта неше Арман жоқ, олардың неше құлпырған Гүлі жоқ? Тек сол Гүлдер бақыт сыйлай алсын де һәм бақытты болсын де.

Енді көрісуіміз негайбыл ағаны шығарып салуға вокзалға келдім. Бір күн көмегенге сағынып қалыптын. Қызық сезім. Әлде “жаксы ай мен күндей. Өмбеге бірдей” деп осындаидан айта ма екен? Поезына өзім билетін өкеп бердім, білемін. Өрі мына он екі беттен тұратын, ұзынан екі бүктелген жұқа дәлтер мен үшін әншнейін кеп қағаздың бірі, аға үшін естелік кой. Апарып беріл жаксы атты болғам келді ме?

Аға қасындағы талдырмаш денелі, (атын атамаса бозбала екен деп қаларлық) жұқа өнді (көрінер тамағынан ішкен асы) денесімен дene жабысқан қара джинси киген, тубіті сыртына шыққан свитерден саусақтарының ұшы ғана көрінген қызға:

— Армангүл, амандас. Бұл ағаң осы Алматыда тұратын жазушы. — деді. “Ай, обалым өзіме. Нем бар еді қоқырайып, журналистпін десем де тақияма тар келмес еді. Ал жазушым, енді репутациянды қалай қоргайсың” деп, ішімен өзіме үрсып қоямын. Нәп-нәзік үлбіреген саусақтарды ұзағырак ұстал қалдым ба, аға сезін өрі қарай жалғап таныстыра берді:

— Армангүл осындағы мединституттың сонғы курсында оқиды.

Тағы бірдене айтқысы келгендей жеткірінді. Бірак үндемеді.

Армангүл...

Мүмкін романның жаңа тарауы басталып кетуі де...

Иә, бәрі мүмкін.

Бұл өмір ғой...

Сіздер не білесіздер? (желтоқсан желі)

Аурухана.

Терезеден даға үңілеміз. Ұсак қар толастар емес. Тұқ жапырағы қалмаған сидым теректің бутактарына қона береді, қона береді. Аспан тұнеріп тұр. Құн бұлыңғыр. Еңсені езген мына тыныштықтан ғері мына тап-таза ауада, шіркін, ашпақ карды шықырлата басып серуендесем ғой!

Радио саңқылда: “сол желтоқсанның ызғырық желі өнменіңнен ете сокқан түнде алаңға Алматыда оқитын казақ студенттері лек-легімен келіп жатыр, келіп жатыр...” дейді.

Дәмелі терең курсінді.

Өзі терезеден әлдебір алыс қыырға кез тігеді. Жалпы өзі Әлимадай сейлеуік емес. Жұп-жұқа жағы тамақ ішкенде болмаса кеп ашылмайтын қатқан қайystай қара сұр келіншек. Бұгін палатада екеуміз ғана қалдық. Менің іштім пысып оны сөйлетуге тырысамын.

— Неге курсінді?

— Сол лек-легімен келген балалардың ішінде менен он жасы үлкен Назымбек ағам да бар еді. — менің журналистік құмарлығым оянды:

— Иә, “желтоқсанның батыры” екен ғой?

Дәмеліңің маған жаман көзімен атып жіберердей қаралының көргенде үнімдегі желпілелеген жеңілдіктен ұялып темен қарадым. “е, өлген болды ғой” деп ойларап үлгергенімше.

— Сіздер не білесіздер! — деді кіналай шамданып, сосын дауысы сөл жұмсаарды, бауулады. Бар болғаны өзі сияқты әйел ғана, ешқашан билік басында болмаған, оның ағасының тағдырына титтей де қатысы жок маган дөрекідік көрсеткеніне қысылғандай болды. Менде үн жок.

Дәмелі қоңыр үнмен басын төмен тұқыртқан күйі сейлеп кетті.

— Қызылжардың түбіндегі кішкене казак ауылда тұрдық. Ағам отбасында екінші ұл еді. Облыс орталығында СПТУ-да оқып, механизатор болды. Өзі 1983 жылы Совет армиясы катарына шақырылып, Тюменьнен сержант атағын алыш ауылға оралды. Сонын 1985 жылы Алматыға барып “машинастройльнигіда” оқыды. Сол кезде 2-ші курста оқып жүрген.

1986 жылдың жаңа жыл қарсаңында осы Алматыда тұратын нағашы апайымнан “тез жетіндер” деген жедел хат алыш, ата-анам Алматыға үшті. Онда бәрі жасырын еді ғой. Сыбырлап қана сөйлесетін.

Өкелгенде ағамды танымай қалдым. Мұлдем бөтен адам сияқты. Тесектен тұра алмайды. Сау тамтық жок.

Мені кішкентай кезімде өуелете аспанға лақтырып, қағыш алыш ойнатастыны бар еді. Сықылықта күліл, “лақтыр да лақтыр” деп алдынан түспейді екем. Аспан мен жер арасында қалықтаған құйім өзімді ерекшеле сезімге бөлейтін болуы керек.

Ауыл дөрігері тұн жамылыш келіп екпе жасап журді. “ауруханага жатқызуға болмайды” десті. Күн сайын милиция келіп оңаша сөйлесіп кететін. Бірде ағамды тұргызып қойып, мойнынан былай ұрып қалғанында кескен теректей сұлап тұсті. Мен онда он төрттемін. Есіктен көріп қалдым да шар-шар етіп арашаға тұстім. Өке-шешем басқа бөлмеде отырған. Мен шырқырап жылап жатқан соң қорқа басып олар да келді. Сонда...

Кейін: “Дәмелінің жылағаны жақсы болды ғой, өйтепе үйге келіп үрмайтын болды” десіп отыратын. Яғни, олар біліп жүрсе де ешқандай қайран жасай алмағаны ғой... қудалау мықты болды. Тізімде (совет үкіметіне қарсылардың, алаңға шыққан жастардың тізімінде) тұрсын деп ұрып-согатын. Қазір ойлап отырсам үр да жық топас тобырға желеу керек болған сияқты. Өйтпесе бәрі бір ауылдың балалары. Ұзында өші, қыскада кегі жоқ.

1987 жылдың біріншінде тәуірленген сияқты болғанда “қарал отырғанша қалаға барып жұмыс істеймін” деп, наурыз айында Петропавлға кеткен. Темір жол депосында бес-алтынай істеді. Онда да тергеу-тексеру. Онда да үру-сөғу. “Өсіресе, бастан үраратының қыын” деуші еді қайран ағатайым. Бір жолы сондай тергеуден сокқы алғаны сондай — ауруханага жедел жәрдем машинасымен алаған ғой. Содан кейін-ақ оналмалты. Тырса еткен дыбыстан шошитын болды. Үрей. Біреу каттырақ сөйлесе басын қолымен жауып, бұға қалатын халға жетілті. Ауруы асқынғанда шыршық атып қырық бүктелетін. Кейде қол-аяғын бауырына алыш, бір уыс болыш бүрсіп қалатын. Алшамсадай жігіт кез алдымызда майшамдай еріп, мұжіліп, құрып бара жатты. Неге? Не үшін?

Сүйген кызы болатын. Хатын мен таситын едім. Оның інісі менімен сыйыптас. Алғебраның ішіне тығылған хатты апарып: “Сағындықтан сабак сұрауға келіп едім” деп, майысып есігін қағамын. Ол қыз терезеден қарап тұрып, дереке шығады да, қып-қызыл болып, кітапты алып, ішіне өзі жазған хатты тығып екі-үш минуттан соң алғебрамды өзіме қайтаратын. Ондайда үйге арсаландал қуаныш жетем. Ағамның бір қажетіне жарағаным мақтанағын.

Кейін ағам қатты ауырып жатқанда ол қыз оны-мұны сылтауратып біздің үйге жиі келіп жүрді. Бірақ менің анам оны қуалайтын. Ол келсе Назымбектің ауруы аскынып кетеді дейтін. Кейін тұрмысқа шығып, Кашир қаласына кетті ғой. Сол кезде өртке қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, халық емшілерінің тұрағын айттып келіп тұрды.

Иә, дөрігерлер жолатпаған соң (ез қызметінен айырылыш қаламыз деп қорқыпты) халық емін жағаладық. Ауру жаңына батқанда бір жерде емші бар екен десе тұра шабамыз.

Улкендер өздері сыбырласқаны болмаса, біздерді ба-ласынып ештеңе ашып айтқан емес. Ол бір үй ішімізben үрей жайлаган күндер еди.

Остапенко деген көршіміз не болса соны бізден сұрайтын еді. Соның әйелі біздің тігін машинамызды шарбактың сыртына әкеліп: “өкіметтің жауының заты бізге керек емес!” деп айқайлағаны. Дәп бір соған біз өзіміз жалынып берген-дей-ақ, дәп бір өзі осыдан бір ай бұрын жалынып, жалба-рынып сұрап алғанын ұмытқандай-ақ. Қазақ көршілердің өзі орыс өкім көріп қалса тергеп біtedі деп көшпеде бізben сөлемдесуге де қорыққан заман еді.

Ал сіздер желтоқсан десе тек ұрандаған жігерлі қыз—жігіттерді көздеріне елестететін шығарсыздар? Аланға бірнеше мың жастар шықты. Ішінде менің ағам сияқты “қазағым-ау, бұлыққан бостандығында көрсем-ау” деген жүрек үлпілімен тұра жүгіргендер де болды.

Сонда ағам бөлмелестеріне: “бүкіл Алматыдағы қазақ жастары түгел жинальып жатыр. Намыс қайда? Өз жерімізде өз сөзімізді сөйлемесек жігіт болғанымыз не керек?! — деген.

Сен жанбасаң лапылдаап,
Мен жанбасам лапылдаап,
Аспан қалай ашылмак!!! —

деп, ақынның сөзін ту етіп тұра жүгірген. Бір-бірінің қолтығынан ұстап сап түзең шеруде келе жатса алдында

бұрымы жуан (тура өзі сүйген қызының бұрымында) бір қызды солдат сүйрәй жөнелген. Назымбек тұра ұмтылып арашаға түсін.

Дубинка желкеден тигенде көз алдын қап-қара түнек басқан. Ол есіне былай алады: “Есімді жинасам — айдалада жатырмын. Айналам көп өлік. Мүмкін тірі шығар? Жок, бетіне қонған қар ерімейді. Ештеңе ойлай алмаймын. Басымның іші бос қуыс. Дүңгірлеп тұр. Тұн болуы керек. Алыстан жарық көрінеді. Сол жарықты бетке алып, төлтіректеп жүріп кеттім. Ұзак-ұзак жүрген сияқтымын. Нағашы апамның үйіне келгенде жалаң аяғым қап-қара, тұра бетенке сияқты үп-улкен болыпты. Басымдағы вокзалда көмір түсіріп, соның ақшасына алған ондатр бәркім де жоқ. Сөнді күртемде жоқ еken. Басымның қанын жуыпты. Дәрігер шақыруға қорқыпты. Апайым еніреп жүріп бар білгенін істеп, өйтеке жа-нымның қалғанына шүкірлік қылышты. Мен сияқтыларды көмір түсіретін машинаға ағаш тиегендей лақтырып — лақтырып, қаланың сыртына апарып төгіл тастаған еken”.

Бұл менін ағам айтқан үзік-үзік сөздерден құраған суретім. Бір сөз айтуға қиналған кездері көп еді-ау, марқұмның. Кейін отбасымызға да қаржылық киындық келтірген — ағамды емдегуге кеткен ақшаның көл-кесір болғандығы. Қарыздандық. Жұмыска тұру да киын болды ғой. Білім алу түргай....

Сіздер не білесіздер? Бұл бостандықтың қалай келгенін сол кезде аязға үскен, қанға беккен ұл-қыздардан, солардың аруағынан сұрау керек.

Сіздер не білесіздер?

Үні құмығып барып тоқтады. Мен Назымбек Фазылұлы Қерімовтың қарындасын қалай, не деп жұбатарымды білмей қинальп отырмын. Сіз ше?

Аскат (Кішкентай жүректің үлкен қасіреті)

Жас өйел зырылдаған машина үніне ілесіп нөзік дауысымен сыйылта өн салып отыр. Жалғыз ұлы даладан жүгіріп кірді де, шешесінің мойынына асыла кетті:

— Мам, а, мам! Мен қашан мектепке барамын?

— Баrasың, құлышым! Сен де мектепке барасың. Дөү жігіт болып өсерсің. Құлышашым сол, құлдырындаған!

— Өсет, Маржан, Абылай — бөрі мектепке кетті. Мен қашан барам?

— Кейін, балапаным.

— Папам келген соң ба?

Тігін машинасы зырылдауын кілт тоқтатты. Құлакқа үрган таңадай тылсым тыныштық баланың тынысын тарылтып жіберді. “Папам” дей беріп еді...

— Қақылдаң қалдың ғой, қараң өшкірдің баласы! Қарасы батсын оның!!!

Әп-сөтте дауысы бұзылып, мінезі өзгеріп шыға келген шешесінен қорыққан бес жасар Асхат дереу ас үстелінің астына кіріп кетті. Мамасы мұндайда қолында не тұrsa, соны мұның басына жібере салудан тайынбайды.

Қапелімде не істеп кіналы болғанын ұқпай қалған Асхат көздері жыптылышқатап жылап жіберді. “Мектепке барам” деу жаман ба? Мамасы бүйтіп ашуланатын болса мектепке бармай-ақ кояр. Не бол кетті өзі?

Өсettің семкесі кек. Ішінде кітабы көп. “Өкем өкеліп берді” деп мақтанып кеше үйдің сыртында бөрін бір-бірлеп алыш Асхатқа көрсеткен. Сонда Асхаттың да мектепке барғысы келіп кеткен. Тек “Бұл — құпия. Апам біліп қойса үрсады. Қірлетеңін” — деп үрсады. Ешкімге менің көрсеткенімді айтпа!” деген соңғана үндемеген. Шіркін, өзіне де сондай өдемі кітаптар, пеналь, дәптер өперсе ғой... Ал бүгін Маржан Өсет пен Абылайдың қолынан ұстап алыш мектепке кетіп барады. Бұған шекесінен қарайды. Кеше ғана бұған: “бакшаны бірге суарысайықшы, шелектің құлағынан ұсташы, арам шөпті сен де жұлсайшы” демегендей-ақ...

Мамасы неге “қарасы өшсін” дейді екен? “Қарасы батсын!” өкесін суға кетсін дегені ме екен? Биыл жазда өзі де суға кете жаздады. Оның қандай қорқынышты екенін бұл білмей кім біледі?

Өкесі суға кетсе Асхат сағынбай ма? Неге үйтіп айтады екен? Онсыз да көп-көеөп болды ғой Асхаттың өкесін көрмегеніне. Қунде таңертең көзін ашқан бойда өкесін іздейді. Тек қазір мамасына сұрақ қойып мазаламайды. Қөзімен іздейді. Іздейді де не киімі, не өзі көрінбеген соң үлкен кісішпе бір күрсініп алыш, үндемей киімдерін кие бастайды. Енді міне, аласының ашуынан қорқып жылағанына өкесін сағынғаны қосылып үлкен кісішпе еніреп отыр. Балапанымай, қайтейін...

Көрші тәте келіп еді, екеуі біраз сейлесіп, мұның шешесіне қосылыш ол да жылап алды. Енді, міне, екеуі өлденеге күліп жатыр. Үстелдің астындағы мұны бері шығуға шақырганмен Асхат өзір шығуға қорқып отыр. Балмұздак өперемін десе де шықпайды Асхат. Жемейді Асхат. Енді бар ғой өкесі келгенше осы арадан шықпай отыра береді Асхат. Отырады.

“Онда ма, онда өзіңе сакал-мұрт шығады” дейді көрші тәте. Мейлі. Шықсын. Бәрібір отыра береді Асхат. Отырады.

— Өне, шыға бастады! — дейді көрші тәте.

Асхат еріксіз бет-ауызын сипады. Өтірік! Өздері мәз. Үлкендер неге өтірік айтады осы! Мен үлкейіп, папа болсам бар ғой ұлымды қасымнан бір сөт те қалдырmas едім! Қалдырмаймын!!!

Ұршық

Сараның бүгін Алматыдан келіп қонақ болыш жатқан құрбысын қуткенине он күн болды. Он күн. Жан досына айтар сөзі де сарқылған. Өз күйеуінен де қымсына бастады. Өзі түү алыстан шақыртып алыш, құрбысы үшін сауапты іс істегеніне өзіне-өзі риза еді. Бірак күндер зырылдаған өткен сайын не дерін білмей толғануда.

Бүгін таңдағы түсіне өжесі кіріп, бұның қолына ұршығын үстартты.

Иә, баяғыда, өжесі қайтыс болардың алдында мұны қасына шақырып алыш, басынан сипап отырып сүйікті немересіне:

— Сара, сен сөз жүйесін танисың. Ата -баба мұрасының қадрін білесің. Өз ұршығымды саған тастасам бағасын білер адамға табысадым деп кетер едім... — дегені. Онда Сара жап-жас балаң қыз. Өжесінің көнілі үшін елтілдең:

— Иә, әже, білем! Білем ғой! — деді. Не дегенін, қандай аманат арқалаганын сезініп те үлгермеген.

Содан бері жүн түтіп, жіп иіріл қарық қылғаны шамалы болғанымен өжесінің ұршығын қайда көшсе де жанынан қалдырмайды. Тіпті өжесін аса сағынып кеткенде ұршықты қолына алыш сипап, сүртіп, шырып қоятыны бар. Ауылда жүргенде жіп иіріп бөпелеріне шұлдық та тоқитын. Өй, казір қалада бәрі дайын ғой, бәрі дайын.

Ұршық. Иә, сен қазақ үйі үшін бүтіндеуші болатынсың. Қолғап та, шұлдық та иіріп беретінсің. Басқұр сияқты қазақ

үйдін, киіз үйдің өдемілік нәм беріктік үшін, алаша сияқты тәсесінш үшін, сырмақ тәрізді сөндік бүйімдар үшін, кездің жауын алатын шашактар үшін де зыр қағатынсың. Анасының бұл бойжетіл қалғанда осы үршықпен ирген жіптен тоқыған свитері ше?

Сол үршық қайда екен?

Сара тұра салсымен үршығын іздеді. Қолына ұстағанда әжесінің өздеріне күлімсірей ертегі айтып отырып осы үршықтағы аппак жұнді бипаздай созғаны елестеп кетті.

Үршықтай зыр қақкан уақыт -ай!

Ақын құрбысымен бір төсекте сыйырлай сырласып, жігіттерді сыртынан мазақтап сықылықтаған балауса кезі күні кеше сияқты еді... Енді қараса, міне, жиырма үш жыл зырқырап өте шығыпты.

Сара қеудесін кере курсініп салды.

“Көрші үйдің бойжеткені Марал қызға құда түсуге келліпті” деген сыйбысты ести салсымен дереу Алматыға, Маралдың туған анасы Рауфияға-акын құрбысына телефон шалды. Ол да сөзге келмestен артынып-тартынып жетіп келді. Түу қиырдағы мұнайдың астанасы Атырау қаласына. Қазақстанның екінші бір қиырынан. Тез-ақ жетті. Ие, қызының бақытын қызықтаудан асқан анаға не керек?

Ие, бар мәселе — Маралдың әкесі мен шешесінің, мына Рауфия мен Хасеннің ажырасып кеткендігінде еді. Күйеуге шыққалы жатқан қыздың шешесімен емес, әкесінің қолында өскендігінде еді. Аракқа бола екі жарылған отбасы балаға бола сottасып, Рауфияны аналық құқынан айырғанында еді. Мына алмағайып заманда осындай да сүмдүштіктер болыш жатады екен!

Жо-жоқ, аракқа күмар болған әкесі еді ғой...

Берекесіз тірліктен екі қолың төбесіне қойып қашып шыққан ақын келіншек екі сәбійін бауырына қысып, бір кездері өзіне білім берген, талай таланттың бағын ашқан ару Алматым қайдастың деп алысқа аттанды. Өттеген -айы, қанша жерден талантты болсаң дағы, тесік тамақты пенде ғанастың. Нан жеуің керек. Оның үстінен мынау жөудір көз екі құлыншашына бала бақша мен мектеп керек. Пәтер мәселесі өз алдына... Жазған жырларың бөрі бір ауыздан қанша тамаша деп тамсанса да баслаға өткізу де бір киямет кайым екен. Сол тұста қаламақы дегенің қасқалдақтың қанында тамбай кеткені жөнебар.

Иә, Алматысын аңсап жеткен нәзік келіншекке алыш қаладан иан тауып жеу оңай болмай шыкты. Қысташ қысылыш шығып, жазғы үш ай каникулда ата — өжесінің қасында дем алуға жіберген балапандарынан қапелімде көз жазып қалам деген ой түсіне де кіріп — шықпапты. Жаз бойы кең жерде емін — еркін асыр салыш ойнасын, қызылсыраған қарақтары өжесінің сақтаған сур етін, құрт-майын жеп қон жинасын деген-ді. Аяғы бұлай боларын білсе өлсе жіберер ме еді?

Ойламаған жерден балалардың туған өкесі сотқа арыз жазып іс қозғады. Енді Рауфияға қос құльнының көрудің өзі бір мүң болды.

Алға тартқан аргументі: Рауфияның отбасы бөлек ағасы құрт ауруымен ауырады -мыс. (Ондай анықтаманы қайдан алғанын түсінсе бүйірмасын) Рауфияның тұракты табысы жоқ (онысы рас, енді). Басында баспанасы жоқтығы... т. т. толттырып жазылған арызды бетке үстап, оқу жасындағы екі бала сол күйі ата — өжесінің қолында қалды. Қалды да барды...

Шырқыраған ана жүрегін қолына үстап Рауфия бір келді. Екі келді. Үш келді... Бар қаржысы жол кіресіне азар жететін келіншектің жұқа қалтасы қорғаушының есігінен сұғалаудың қайдан ауыссын? Екі мың шақырымды нәтижесіз қашанғы талтай берсін, шарасы таусылған ана қамығып, торығып тоқтады. Женеліп тынды. Енесінің қа?арлы үкімі: “жалғыз үлдің -Хасеннің үрпағы осында қалады!”

Ал күйеуге тимеген Хасеннің үш апайы үш жактан жабылғанда Рауфия шыныман солардың тұқымын бір өзі құртып жатқандай — ак өзін кіналы сезінді. Ау, одан да солар өз інілеріне “арағынды кой, есінді жи!” десе ше?

Хош. Сонымен аласы ана жақта, балалары мына жақта... Тек сыртынан тілеуін тілеп жүріп жаткан. Мына Сара досы болмағанда қызының күйеуге тигелі жатқандығынан да хабарсыз қалмақшы екен...

Кастарында Сараның күйеуі бар, үшеулеп отырып жоспар құрды. Туған қызының тойына “қонақ” болып келген аласы қалай жүруі керек, кай жерде тұруы керек, не деуі керек — бәрі-бәрі бүге-шігесіне дейін қалдырмай талданды. Саралар да сезге қалмайтындей, аласы да баласының өмірінде бір рет кездесетін тамаша куанышына

куа болатындаі, содан ең жағымды өсөр ғана есте қала-
тындаі... Бәрін ескерді.

Ең алдымен енесімен қалай сөлемдесу керек, аюдай
ақырған үш қайынбикесінің сынынан қалай өтеді? Тойға
жиналған топтың ішінде артық сөз айтылмай, той шырқын
бұзбай, аңсал жеткен анасы қызының қуанышына қалай
ортактасады — бәрін саралады.

Міне, той күні де келіп жетті. Сара күйеуі екеуі ортала-
рына Рауфияны алып тойға келді. Мінсіз жасалған жоспар
бойынша қадамдарын санап басқан ушеу өр өткелектен
шыбын жанын шуберекке түйіп өтіп, орындарына жетті -
ау... Той басталғанына аз уақыт өткенде “Рауфия туыс-
қандар отырған столға келсін” деген ұсыныс түсті. Сара
“талаі жылғы туініспестіктің тоны жібін дегені -ау” деп,
қуаныш кетті. Бір жағынан мынандай кілт өзгеріске туінє
алмай айран-асыр. Рауфияның ұлы анасын біге шакыр-
ғанда қуанганин тіпті тебесі көкке сөл -пәл тимей қалды.
Осыны ойлаап тапқан өзіне сондай риза болды. Енді аз -
маздан кейін ақын құрбысының балалары өз анасын,
сағынып аңсал жеткен аналарын қайта құшагына алардай
көрініп кетті...

Асаба “кім өнер көрсетеді?” дегенде, Рауфия жүлкінші
шығып мен өлең оқимын дегені... Сасқаннан Сараның жаны
қара бақайының ұшына бір -ақ барды. Енді ине үстінде
отырғандай қылақтасын келіп... Істер амалы жоқ. Көзі ба-
қырайып үнсіз ғана тыңдайды. Ал Рауфия болса тәгілдіріп
жан ботасына арнаған шумактарын айтЫП жатыр, айтЫП
жатыр. Ел қыбыр етпей сілтідей тұнып, сүйсінші тыңдау
қалыпты. Тек асаба ғана түк туінбес санылауы жоқ түй-
сіксіз жандай керексіз сұрақтар беріп...

Ұзатылып жатқан қыздың екі анасы барын білмеген
байғустың басы қатпай қайтсін?

Е, бұлардікі де тұнып тұрган саясат екен. Ағайын
арасында отырғызуы Рауфияны тырп еткізбей бақылауда
устаудан туған екен. Баласының біге шакыруы да...

Мейлі ғой...

Той тамаша өтті. Анасы қызының бақытты күнінің күесі
болды. Естелік суретке де түсті. (Оның да ретін келтіргеніне
Сара өзіне дән риза).

Ендігі мәселе Рауфияның қызына деп әкелген жасауын
қыз отауына жеткізу.

Сараның шын қиналған жері осы болды.

Анасына қарсы тәрбиеленген қызы анасын бойына тіпті дарытар емес. Сені бақтай тастап кеткен деп күнде қақсан отырған соң сөбі жүрек қайдан кешірсін? Неше кунгі әрекеті бос далбаса болыш қалды. Ішпінде бәрі бар жәшік - жәшік қыз жасауын талай жерден жеткізгенін кайтерсін? Амал жоқ, бәрін бір белмеге жинап қойып: “Біздің үй кен. Осында тұра берсін. Қызың да тас емес. Бір кезде көnlі жібір. Сол кезде тағы хабарласып, өзің келіп өз қолыннан табыстарсың.” деп жұбатты.

Өжесінің үршығын қолына қыса ұстаған Сара соңғы күндөрі көз алдынан өткен оқигаларды тағы бір ойынан өткізді де, бір күрсініп алыш құрбысына беттеді.

Саған не сый жасарымды білмей жүр едім. Бүгін түнде осы әжемнің үршығы түсіме енгені. Ендігі жерде үршығың тұра айналып, түтінің тұзу шықсын. Бұл — кезінде бүтін бір өулетті аштықтан аман алыш қалған киелі үршық. Төріңе іліп қой. Саған тек лайым жақсылық тілеп тұрсын. Үршығың тұзу зырылдаса бағың да ашылар.

Рауфия сезімтал ақын жүргегімен құрбысын қапысыз түсінді. Дереу жолға жиналды.

Шыныменен үршығы тұзу зырылдап Алматысына жетсімен қызметі өсті. Жоқ жерден бір программаға ілесіп пәтеріне тегін күрделі жөндеу жасалды. Баспада жатқан кітаптары бірінен кейін бірі жарық кере бастады. Сол сапары сөтті болыш, ұлы өзін іздең келді. Өуелгіде Рауфия тұте деп қысла-қымтырыла атаса да, кейін бойы үйреніп көдімгідей еркелейтін, арқа тұтатын болды. Анасына деген күрмет үшкіншің көзінен көрген Рауфияның төбесі кекке сәл тимей, қиялы қанаттанып шыға келетін.

Үршық па?

Иә, ол киелі зат.

Бәрінен бұрын Рауфия өз бойынан өз жігерін тірілтті.

Өзіне езгенің емес, өз көзімен қарап, өз жігерін шындалы нық қадам жасады. Көңіліндегі әкпе, реніш, нала атаулыны ысырып тастап, алыста тұрса да ұлы мен қызының мерейі үшін; өзіне өзін дөлелдеу үшін тіршілікке құныға ұмтылды. Үрпағы үшін адам баласының, қазактың қолынан келмейтіні жоқ! Шын сезім! Айналайындарым, сендердің үршықтарың дұрыс бағытқа дөңгелесін, заман көшінен қалмай зырылдасын.

Ғибратты әңгіме (болған оқиға)

Жақында қазақ радиосынан бір әңгіме тындалдым.

Пайғамбар заманында бір адам жолаушы келе жатып абайсызда кісі өлтіріп қояды. Сол жерде “жазасы — өлім” деп үкім шығарылады. Сонда өлгі адам “бір ай мұрсағ берініздер. Менің өкелік парызым, перзенттік қарызым бар еді. Еліме барып осыларды орындаған келейін. Сосын алдарыңызға келемін” — дейді. Кепілге сол жерде бір кісі табылып, күнанаρ жігіт еліне бет альш жүріп кетеді. Тура бір ай мерзім етіп, уәделі сағаты жетіп, сот үкімін орындау үшін кепіл болған кісіні дарға тартуға дайындалып жатқанда көз үшінда шаң көрінеді. Шаң астынан күнаалы жігіт шығады. Ел таң болып сұрайды:

— Неліктен өз ажалыңда сонша асықтын?

— Мен үшін кепіл болған азамат нақақтан өліп кетер деп қорықтым. Онда жер бетінде әділетсіздік көбейер еді.

Ел енді кепіл болған азаматтан сұрайды:

— Ал сен не үшін кепілдік бердін? Ол бұл жігітті бұрыннан тавушпы ма едің?

— Жоқ, жер бетінде сенім жоқ екен демесін деп түнілмесін дедім. Ол жігітке жүрегім сенді. “Уәде — құдай аты” деп сенетін, мына дүниеде әділдік бар деп сенетін азаматтың жігері күм болмасын дедім.

Иә, ғибратты әңгіме.

Отыз күн ораза ұстап, бір Аллаға тәуекел етіп отырган иманды елге енді өзім күә болған бір оқиғаны айтқым келеді.

Сонымен...

Гүлжанат Атырауға тойға келді.

Талай ақынның жырына арқау болған Ақ Жайыққа келіп тұрып өзенге бір түсіп шықласам болмас деген ойменен жағалауға барады. Қунге қыздырынған екі өрімдей жас астарына кенетоздау одеалоны тесеп, кішкене сәбиін ортаға алып шұңқілдесіп отырганын көріп, соларға жақындаиды. Өзінің суға жүзе білмейтінін, жас жігіт кемектессе өзінің мына киелі Ақ Жайықтың сұнына бір шомыш шығқысы келетінін жеткізеді. Арманың айта жүріп, қолындағы жақут көзді жүзігін шешіп (суда саусағынан сырғып кетер деген оймен), мойыныдағы алтын алқасымен қоса жас келіншектін алақанына салды.

Жібек мейріммен аймалаған Жайыктың мәлдірін қызықтап жүріп уақыттың қалай зымырап өткенін байқамай қалыпты. Қыр басында жеңіл көлікпен өзін іздеп келген тойшылар асықтырганда Гүлжанат раҳметін жүре айтып жүгіре басып машинаға отырады.

Дүрілден той да өтеді. Той аяқтла келе: “Алматыдан келген құдашаның мойыны бос кетпесін. Мына маржанды Сіз тағынды!” дегенде; менің мойынымдағы елдің кез жауын алатын жақұт алқамды байқамай тұрганы ма деп, алқымымды сипасам, жок! Ол ғана емес, жұзіктерім де жок! Мәссаған безгелдек! Мана күндіз Жайыққа түскенде өз қолыммен шешіп...

Ойбуй, енді қайттім?

Сағат түнгі екінің кезі...

Олар ендігі үйлеріне кетіп қалған да шығар...

Жас баласы бар...

Жо, аттарын білмеймін.

Жігіт котельныйда істеймін деген.

Пәтер жалдаپ тұрамыз деген.

Жан-жағымнан сөуегейлік пікір айтушы көп.

Өздері пәтер жалдаپ тұрган болса...

Мұктаждық қысып...

Сен кеткен сөтте-ақ ломбардқа өткізіп...

Ойбай, білеміз ғой, сенің сол алқа-жұзіктеріңің пәлен мың тұратынын...

Жеті түнде сені кім күтіп отыр дейсің?

Мен бәрібір өзім болған сол жағалауға барғым келіп табандап тұрыш алдым. Иман жүзді балалар сияқты еді деп болмаймын.

Ақыры бір жас жігіт менің көnlімді қимады ма, “жүрініз, мен апарайын” деп, машинасына от алдырды.

Келсек, жағалауда от көрінеді. Әлгі екеуі күндіз тәсендеген одеалоны жамылып, дірдек қағып тоңып отыр.

Сезімім алдамағанына мен мәзбін. Алғысымды тегіп жатырмын.

Алматыма жетіп алған соң ойланайын: яшырау, мынау сенім құдіретіне қандай жарқын мысал. Алғысымды дұрыстап айта алмаған не деген жын куған көбелек едім? Аттарын да жәндеп сұрап алмаппын. Ау, ел жоғалып табылғанына сүйінші берер болар еді... мен өз қолымда ақпа болмай (қол сөмкем той болған жерде қалып кеткен), жол

бастап барған жігіттен бес жұз теңге алып: “жаурап қалдындар, тез таксимен үйлеріңе жетіндер” дептін.

Мен Гүлжанаттың өкінішін тыңдал болып осы мақаланы жаздым.

Рамазан айында естіген осы өнгіме жүрегімді тербеді. Сүйкімжі жас келіншектің “апа-ау, сіз маған сеніп қымбат бағалы заттарыңызды тастап кеткенде мен қалай кетіп қалайын? Өйтекі, есіне түскенде осы жерге бір келер деп күттік” деген қоңырау үні құлағымнаң кетпейді дегені жүрек қылыш шертеді. Мына алмағайып заманда, адами құндылықтар жоғалды, әлемді ақша деген айдаңар билеп тұр деген заманда бабаларымыздың көзіндегі болған мөрттікті, таза да мелдір адамдың сенімді қарапайым ісімен дөлелдеген ғажайып ахлақ иесі жас қазақтың ұлы мен қызына деген аналық жүректің аппақ ықылышын риясыз көңілден жеткізсем деп едім.

Мүмкін сол жастардың өздері оқып таныр. Мүмкін солардың жолдастары оқыр. Мүмкін жас баласымен танға дейін жаурап, бебегін бауырымен кезек жылыштқандарын естіген кісі оқыр. Оқыр да айттар... Тіпті осы оқиғадан мұлде хабары жок, бірақ жүрегі мейірімге, санасты сенімге тола жан оқыр...

Рамазан айында рухани сіңлім Гүлжанаттың сезін қағаз бетіне түсіріп “Атырау” газетіне жолдан отырмын. Рухани тазару айында ғибырратты өнгіме оқи отырыңыз. Оразан кабыл болсын ұстаған жан.

Айтпақшы, алматылық Гүлжанаттың атыраулықтар туралы пікірінің өзгеруіне осы оқиға себепші болыпты.

Адам алғаш естіген сезінен пікір қалыштасады ғой.

Гүлжанат та бірінші рет естіген анекдоты адайлардың (адай дегені-жалпы батыс өнірдің адамдарын айтқаны) машинаны алғаш көргенде қуып жетпекші болып құғандығын, ол кездегі жолсыз адырда машинаның жылдамдығы баяу ма, әлде адайлар жүйрік пе, көп қуып кешке қарай машинаның артындағы қызыл светі жанғанда “қара, қара! Зорықты. Енді қайтсек те қуып жетіп үсталық” деп мәз болғандарынан ол жактың халқы өпенделеу, есерлеу, үр да жық көрінеді екен. Мына иманды жастарды кездестіргелі пікірім жұз сексен градуска бұрылды деп күліп қояды өзі.

Ақ жарма алғысты ақ қағаздың бетіне түсірдім.

Көршінің қызы

Менің бес жасынан папамдармен көрші болдың. Көзімді тырнағ аша салсымен сол үй жаққа қарайтынын. Озипа әжем самаурынға жаңқа салып жатқанын көрсем, бітті бетімді де жумастан солай тартам. Ол кезде мынау сияқты биік етіп аппак қанылтырдан дуал тұргызу ешкімнің ойна кіріп-шыққан емес. Бәрі алаң-ашық. Тіпті есік құльшталмайды. Кілттің кекіліне кез келген бұтаны қыстыра салып әжем “аллаға аманат” деп күбірлейді де, дүкеніне кете береді. Жалпы сол үйге құлыш салынғаның көрмеппін. Жаз болса қаладағы ұлы мен қызының мен қатарлас немережиендері шұбырып осы үйде жүреді. Ал қыста өлен туыстың, бөлен жұрагаттың шәкірт балалары осы үйде жатып оқиды.

Әжем өте жуас кісі болатын. Балым (өз мамамды айтам. Неге екенін білмеймін, біздің үйдің балалары түгел өз әкешешемізді атымен атап, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын көрші шалды-папа, кемпірін-әже дейтінбіз) үрсып та, кейде қағып та жіберетін. Жас кезде не болса соған өуессің. Біздің ауылдың бойжеткендері төбесін қоқитып шаш түйеді. Өз шашым қыска. Балым басында шашын түйіп берем дегенде келіскеңімен тарағым ауыртып жіберді ме, қағып қалып ұшырып түсірді. Бақырып жылап әжеме тарттым. Әжем көзімді алақанымен сұртті де, “кел, күнім, менің шашымды түйе ғой” деді. Өкіргенімді дереу тия салып шашқа жармастым. Аппак селдір шаш. Тұбін будым. Томпайту үшін не салсам екен? Ә, міне, иына орамал жарап қалар. Жұмарлап әжемнің төбесіне қойып, шашпен жауып, жан жағынан темір түйреуіштермен піскілеп жатырмын. Әжем ун демейді. Шыдамды. Әйтеуір бірдене етіп қоқиттым. Өз жұмысымды тамашалауға сөл алғыстасам болды, құлап туседі. Қайта жармасамын. Әжем қанша өурелеп жатсам да қыңқ демейді. Қазір ойлаймын қандай жуас кісі болған деп. Сол кісінің жасына жете қоймасақ та тарақ қатты тисе бас теріміз қан қаксап қоя береді. Ал папам ыссы кісі болатын. Көзәйнегінің устінен сузеген бұқаша бір алайып қараса қара қарғадай шұылдаған көп бала бірден жым боламыз. Әй, әжем тамаша кісі ғой! Әжем айтады: баяғыда қалада мұғалімдік оқып жүргенде шашым ұзын болды деп, өсіресе жуғанда ұзарып кетеді деп, шей сандықтың устіне шығып тарамасам ұшы жерге тиеді деп, шатасын жазу үшін

мойынныма екі-үш ораушы едім деп... Ертегі сияқты. Қазіргі ишкітан сөл асатын селдір селеу шаш сондай болғанына қалай сенерсін?

Бүгін әжем жұн тұтіп отыр екен. Мен де қасына қонжия кеттім. Аппак күмістей үлпілдеген жұнге қызылқаным сондай, мен де дәл солай үлбіреткім келеді. Жұні түскір менің нәзік саусақтарыма бағынар емес. Иртік-іртік түйін-деліп кала береді. Әжем баяу өндөтіп, болар-болмас теңселіп, ұзақ-шұбак жырды тегілтіп отыр. Мен де өуенге қосылып ыңылдаған боламын. Бірсыдырғы өуезбен жүректі жып-жылы өлдилеген сөздерден қазір есімдегісі:

Былтырғы құлын тай шықты,
Күмістен белбеке айшыкты.
Бакұлдаспай, коштаспай
Құлымынан жан шықты-ай...

Ойлап отырсаң жоқтау екен. Әжемнің көктемде өлген баласына арнап шығарған жоқтауы. Өзін өзі өнмен жұбатуы екен ғой. Ол кезде не білілпін. Тық-тық еткен биік өкше туфлидің дыбысы естіліп, артынша Балзия апамның өзі көрінді. Мөлт қара юбка, аппак кофта. Шаш деген біл-биік етіп түйілген. О?, мен қашан өсер екенмін!

— Жай шақырып па?

— Біздің совхоздың атынан айтысқа тұс дейді. Балзияның танауы делдиңкі, жүзі алабұрта қызарып тұр. Қабагы шытыңқы. Өзі кесімді үнмен “бармаймын!” деді. Әжем сұраулы жұзбен аңтарылды.

— Ағамның қайтыс болғанына жыл толған жоқ қой!

— Ө, ө-деді әжем, басын білінер-білінбес изеп: — шей қойшы. Мына Рыскул мұрыныңнан маржан түскенше жұн түтемін деп шаршаған шығар. Өзің де шөлдеген шығарсын.

Мен мырс еттім. Балым мамамның айтып жүргені ғой. “тұткен жұнің көп болып мұрыныңа жеткенде екі аппак маржан түседі дейтін”. Қанша жұн тұттім, сол маржандарды алғым келіп... бірақ өлі бір де бір маржан көрмедім. Ағын да, көгін де, ешқайсын да! Үлкендер жұн тұтсін деп бізді алдайды екен. Иісі танау қытықтаған әжемнің таба наны келді. Қеленкеде жайылған дастарханға лап қойдық. Қаймақпен бір-бір нац жеп, бір-бір кесе шәй ішкен балалар ойынға тұра жүгірді. Мен де солармен ілесіп кете жаздал, кете жаздал қалып қойдыым. Әжемнің мен үшін, мен шөлдеді деп дастархан жайғызғаны үшін сабыр сақтап отырмын.

Он жастан асып барамын, бала емеспін ғой. Өрі түскі ас пен кешкі тамақтың аралығындағы жайылған дастарханды “байдак шәй” деп атап, төтті-демді бірдеңелер қояды. Әжеме қарал қоямын, қалтасынан қант шаққыш кішкене қыпқашын қашан шығарар екен деймін. Дүкеннің қанттына сұт қосып құйдіретін мұндай төтті тек біздің Сағыздағана бар. Басқа еш жерде дәл мұндай ешкім істей алмайды. Не шынылтыр болыш тістеуге келмейді, не болмаса былжырап тісіне жабысып жегізбейді. Ал бізде қайнатқан сары секер тілді үйіріп, аузында еріп тұрады ғой, шіркін! Жоқ, әжем бұл жолы қызыл ірімшік шығарды. Ой, шәй үшін бұдан демді не тістеуіш болушы еді! Қазір Алматыда киросы мың жарым теңге тұратын бұл ірімшіктің ем болмайтын ауруы жок қой, жоқ! Ақ әжем менің! Соны тістеп шәй ішкен болыш сыйылыш отырмын. Әжем тамағын кенеп сез бастады:

— Ал, қызыым, әңгіменді естиік.

— Совхоз директорының белмесінде Жасан ағай, порторг ағай және отдел кадр ағай отыр екен. Мектеп директорынан рұхсат алыш, тіпті районодан күн сұрап қойыпты. Мен бармаймын деп айтқан соң папамды да шақырды. Бәрібір келіспедім.

— Неге барғың келмеді, әлде бірденеден сескенесің бе?

— Жоқ! — деді Балзия кіділеу үнмен. — Өз таланттыма шек келтіріп отырганым жоқ. Сосын бәсендеу дауыспен: — ағамның қайтыс болғанына жыл толған да жоқ, ел не дейді?

— Салт дәстурді ескергенің дұрыс қой, қызыым. Азаматтың артын өз жары күтүі керек. Анасы жоқтаса жарасады. Ал сен қарындастысың. Оның устіне ойын — той іздең ерігіп бара жатқан жоқсың. Саған ауылдың намысын қорға деп ел ағалары колқа салыш отыр. “Халық қаласа хан түйесін сояр” деген мәтел бар. Өнер халықтікі. Барғаның жән болар.

Балзия жузі алабұртыш алма мойны иіліп, басы тәмен салбырады. “Әбестік істеп алдым ба?” деп күбірледі.

— Жоқ, балам. Мінез болмаса — өнер жоқ. Бәрі де дұрыс. Сен айттысқа киетін қос етек кейлегінді жәнде. Өкене мен езім айттармын.

Мұның бәрін естіл отырып мен ерте көктемде Наурыз ағаның қайтыс болған кезін есіме алдым. Үйдің іші сырты тола қара құрым адам. Біз балалар жақындауға батпай сырттан қарал журміз. Бір кезде осы Балзия апамның

жоқтау айтқан дауысы өуелеп кетті. Ел жым-жырт. Өлеңмен әңгіме айтып жатқан сияқты. Бір сөзін қайталамайды. Жаттанды жоқтау емес. Ұзақ айтты. Ағасының өліміне сенбекенін, жолдастарынан қалай сұрағанын, Гурьевке қалай жеткенін, мейітханаға қалай кіргенін... Өдette мұндай кезде молдалар дауысын макамдай созып куран бастап кететін. Мына жоқтаудың түрі белек, айшығы өзгеше, ешкім узгісі келмеді ме — тым-тырыс. Бір кезде Бурабай көршінің жетім ботасы зарлы дауысын соза боздап қоя бергені. Балзия да сөл тыныстады да өзіне өзі токтам, басу айтқан мағынада жырлап дауысын бәсендете берді, бәсендете берді. Сосын апайдың өзі көрінді. Екі жағынан екі кісі сүйемелдеп өкеліп, мырыш табыт салынған астаулы машинаның кабинасына отырғызды. Өдette біздің ауыл кісі жерлегенде қабір басына өйел адамды апармайды. Бірақ үлкендер “ағасына өзі топырақ салсын, көңіл сұзысын” деп әдейі апарыпты. Менің Балзиямен жасты Рахиля деген апам сол түні қасында болыш еді, сол кісі айтады: байғұс қыз түнімен үйшіктай алмады. Үстіне көрпе жауып құрбылары Оңболғаш пен Халдекен екі жағынан басып алса да Балзия апамның қол-аяғы шошып селкілдегенде көрпе үшпүшпүш кетеді дейді. Екі тәулік бойы үйшіктамалты. Өуелгіде мейітханадан ағасының денесін көріп келген соң қаладағы қонған үйдегі женгесі “үйшіктама! Ояу отырғанда сөл нәрседен қорқып шыңғырып отырсын. Үйкысырап сөйлеп жүрсөн, аяғы ауыр, әне-міне күні жақындалп отырған келіншегін ая. Өлер ағаң өлді. Мынау үл бала болса орынның басар. Шыда. Сыр берме. Кейін үйшіктарсың” десе керек. Онсыз да жүрегіне үрей үялаған, уайым мекендереген бойжеткен үйшіктай алмас еді. Туган жездесін фамилияң басқа деп жолатпаған соң, Балзия апам табыт дайындауға, машина жалдауға өзі кіріседі гой. Өй, қаланың өріп кемірген шенеушіктері-ай! “Мен тұған қарындастымын, міне паспортым!” деп мейітханаға да өзі кірулі. Талай өлікті аралап, су түбінде он бір күн жатып қалған борсып, шіри бастаған денені табу оцай дейсің бе қыз балаға? Беті жаялактай болып борбылып ісіл кеткен дейді. Денесі кекбенбек теңбліл-тенбліл дейді. Қайтыс боларынан бұрын ата-анасына сәлем бере келгенде өзі өтектеп кигізген кейлекten басқасы бөтен біреудікі төрізді дейді.

Марқұм тергеуші болып істеуші еді. Гурьевтің өз басында тұрды. Форма кимей, оқиға болған жерге елеусіз ғана көп қызықтаушының біріндегі болып тұра қалып, айтылған репликадан өзіне қажетті фактілерді тез корыттып, қылмыскерді тез табатын. Ол кісі жүргізген іс жатып қалмай шашпаң шешімін табатын. Өз саласының мақтаулы маманы атанған-ды.

Осының бәрі жас қыздың, ақын жүректі нәзік қыздың жанына батқан төрізді. Жанға батқан сезім ауызынан өлең болып төгілген. Оның өлең жазатыны ел жұрты солай білген. Білген де сенім артқан. Өне, менің Балзия апам сондай. Мен апайыммен көрші тұрганым мақтанамын. Айтпақшы, ол біздің үйдің қызы. Қалай дейсіз бе?

Қыстың бір қызық шүнәк аязды күні шыны аяқтың сылдырынан ояндым. Балым мен Лекер бір қызды орталарына алып шей ішіп отыр. Тұнгі сағат үште?! Дастанханда сапар кесенің үлкендігіндегі дәу алмалар. Үйдің ішін жаздың жайдары жұпар иісі жайлап алған. Алманы бас салдым. Балым мама “одан да барып көршіден Алматыда оқитын қызы келгенін айтып сүйінші сұра, Озипа өжең бұдан да күштісін береді” дейді. Сөйтсем, Балзиялардың үйі студент қыз алыста оқуда жүргенде бізге көрші қонған гой. Ал қыздары хатта суреттеген үй деп жеті түнде жаңылып біздің есікті қақпай ма. Таңғы үште Алматыдан поезбен келіп, вокзалдан үш шақырым жерді жаяу өтіп сағынып жетсе ешкім есік ашпайды. Балаларының бәрі үйінде біздің ата-анамыздың аланы жоқ, үйқысы катта да. Азар оянған ағам есік ашса: “не, сендерге қыз керек емес пе” деп Балзия жыларман болып тұр дейді. Әбден жаураған. Оны бас салып үйге кіргізіп, шәй беріп жылтырып отырғандары екен. Тұғандарын қанша сағынып жетсе де дастанханнан аттай алмаған Балзия Балымның қолынан шәй ішіп отыр. Міне солай! Ол бірнеше сағатқа болса да біздің үйдің қызы болған!

Кешірім

Қалима мен-зен.

Әрттей қаулаган өсек өзегін өртеп кетті.

Қолы ештеңеге бармайды. Не істеп жүргенін өзі де түсінбейді. Төрт бөлмелі үйде сенделіп жүргеніне үшінші күн. Көрші апасына рахмет. Өріске сиырды айдай салып,

дүкеннен нан өкеп беріп, көшеге шығатын іске өзі жүгіріп жүр. Бұрындары қонақ көп келіп, мал сойылым қарбаласқанда бас-сирак үйтіп, шек-қарын аршып қолғабысын аямайтын. Үйден иісін бүркүратып таба-таба нан жабатын Қалима еді. Елдің ауызының сұы құрып құмартып жетін наны бүгін көкәязданып піспей қойды.

Көрші апасы “мына бала қарыны ашып жылайтын сияқты” дегенде ғана көңіл аударса-емшегінде сүт жок. Үшін тілініп-тілініп қанап тұр. Бөсе, соңша шырылдан жұбата алмай қойғаны.

Иә, жан күйизелісі деген осы екен ғой.

“Жанашыр” қатындардың бірі:

— Ойбай, сенің күйеуіңің барыш журген сылқымының жасы сенен үлкен екен ғой! — деп “жаналық” айттып кетсе, екінші біреуі:

— Бетім-ай, ең болмаса түрі болса екен-ау, түрі! Оның қасында сен он есе, жок жүз есе сұлусын! — деп дәлдірлейді. Қалиманың кірмегені қара жер. “Өлейін десем жан тәтті, кірейін десем көр қатты” деп осындайда айтқан шығар.

Үшінші күні кешкүрм ауылдан көкесі келгенде бұрынғыдай қуанып алдынан жүгіріп шыға алмады. Тіпті сол сүмдікты өзі істеп, елді өзі шулатып отыргандай бүгежектеп үяттан беті өртеді.

Көкесі асықпай жайласып отырған соң салмақпен сөз бастиады.

— Басынды көтер. Жұнжіме, балам!

Баласы екені рас. Осы Қалиманың екілердегі кезі-түн. Бір құмалакшы кісі көкесіне “үйінде екі кісі ауырып жатыр. Бірі өлсе, екіншісі тірі қалады деп тұр құмалағым. Тағдырлары сенің қолыңда. Тез жет” дейді. Жиырма бес шақырымдай Бұлактыға сар желіп жетіп келсе анасы ауырса да аяқ үсті жүр де, осы ағасының тұңғышы Қалима пеш түбінде кірпігі кимылдан жатыр екен. Сол жылдары осы бір жаман ауру шығып, халық арасында “қырылдақ” деп атальш жас сөбілерді баудай түсірген. Самат өрі-сәрі бол аз ойланады. Сосын анасымен іштей қоптасып, баланы тонының ішінен кеудесіне таңыш алғып жолға шығады. Сағызға келісімен ауыл советке кіріп баланы өз атына жаздырады. Сол күнгі тұнгі поезбен Атырауға тартады. “Мынау менің балам, мен теміржолшымын” деп, ауру

баланы теміржол ауруханасына алғызады. Ол кезде темір жол тікелей одаққа, Мескеуге бағынатын. Теміржол емханалары жақсы жабдықталған, мамандары да білікті. Сол жылғы “қырылдақпен” ауырған бар баладан осы Қалимағана аман қалыпты. Ал шешесі көктемге жетпей қайтыс болыпты. Сондағы Самат көкесінің көзсіз ерлігінің арқасында тірі қалған Қалимағой бұл.

— Балам! — деді қамкор үнмен: сенің атаң Жантілеу қажы Мекке-Мединеге жаяу барған санаулы қажылардың бірі. Маңғыстау арқылы жаяу шығып, бір жарым жылын жолға жұмсап, 81-інші номермен тіркелінген екен. Ондай бақыт ілүде біреуге ғана бүйірған. Атаңын Құлақтыда мешіт соғып, бала оқытқанын біл этін шығарсын. Құдайдың құдіретімен сусыз жерде бұлқылден бұлак ағып шыққанын естіген боларсың. Өлі күнге атаңың бұлағының басына барып ауру кісі емделіп, бала көтермеген перзентті болыш қайтатының ел айтады. Жанбыр жаумаган жылы сол жерге жинальп тасаттық береді. Өн: сенің атаң сондай. Сен сол кісінің үрпағысың.

Ел бүгін шулайды, ертең ұмытады. Бұдан басқа қызықтырақ тақырыпты табуы мүмкін. Сен өз баланды ойла. Бірінен бірі кіші бес үл өсіріп әтырысың.

Еркектін бірі мына мен. Кеңде еркек деген макұлдықтың ақылын нәпсісі билеп кететін жөзі болады.

Ағатай күйеубалам жетім ести. Жоғарғы білім алды. Ел катарына ілікті деген осы болар деп дандайсып кеткені шығар. Білдей бір ауданның ағамінері атану онай ма?

Ана неме “қатынның қойынан үстап алды” деп сары аязда үш-төрт жігітке үргизыпты дейді. Сауап. Үш-төрт күн сүйкі шоланда қамағанына да тырс демес едім. Енді анау қатынға “мені зорлады” дегізіп арыз жазғызыпты. Ол дегенің статьямен түрмеге жабу. Түрме.

Ендігі Ағатай да ақылға келген шығар, тәубесіне түскен болар. Сен кешір. Сен кешірсөн, Алла кешіреді.

Азаматынды өзің қорғамасаң балаларынды өз қолыңмен жетім етесің. Ойлан, асықпай ойлан. Таң атқанша бір шешімге кел. Ойлан, балам. Қарсы арыз жаз. Зейт те азаматынды өзің қорға. Саған қын болса да айтайын. Зорлық емес екенін дәлелдей алсаң ғана құтқарасың. Ойлан.

Қалима түнімен үйіктамады. Үйіктай алмады. Ағатайдың студент кездегі қарының қабысқан қара чөмоданын

апты. Ішінен көп хат алды. Өмір сүрге ынтық аппак көңілмен жазылған аппақ көгеріпінің қанатындаған парактар. Өзі жазған хаттар бардым, көрдім, келдім сияқты хабарлы сейлеммен аяқталған хаттар. Агатай жазған сезімге тола сыршыл хаттар. Екеуінің бірін-бірі бір көру үшін Бұлактыға екеуі екі қаладан, бірі Оралдан, екіншісі Ақтөбеден асығып жететін кездері. Екеуі бір партада отырган мектептегі оқушылық шағы. Қалың қара дөптерге тышқан ізіндегі ұсақ жазумен Агатайдың кестеленген қымбат сырлары. Оқыды. Бөрін оқыды. Жалаң аяқ студенттің азамат болып қалай қалыптасқанынан хабар беріп тұрган күнделікті парактай берді, парактай берді. Өжеттігі. Алғырылғы. Білімдарлығы, ізденісі. Ие, Агатай ез өмірін ез қолымен жасаған азамат, езі менгерген математика мамандығы сияқты бар ісіне тиянақты. Бір қағазын шашау шығармай жинап жүреді. Улкен мекеменің бас маманы солай болуы занды.

Әйелдікке салынып кетсе барсын, езіне езі істеді деп қолың сілтей салса... езіне жасаған опасыздықка кегін солай қайтарса!... Өзін ешуақытта қызым демей, ылғи тек балам деп еркелетіп, алақанында аялаған көкесінің үні құлакта түр.

Жоқ. Балаларымның өкесі.

Сондағы кешірімінің қызығын енді, міне, езі көріп отыр. Көрген емей немене, бүгін той. Басында ұлдары “апа, әкеміздің алпыс жасқа толғанын тойлап берейік те” деп етінген. Кенже қызы Назира сүйікті өкесінің туған күніне барын сала кірісті. Өкесінің жолын қуып қаржыгер маман болған ол барлық той шығынын мұнтаздай етіп есептеп, сөн — салтанатқа да көп көңіл бөліпті. Көңілхош бастаған немерелер тойда билейтін оюлы кейлектеріне дейін ескеріпті. Көңілхоштың атасына шығарған өлеңіне өздері де таң-тамаша болды. Екі қатарлы зеулім үйлері сапырлысқан жанға толып, ойдәй, думан басталып кетті.

Екеуі жиырма шақты немересінің ең кішісін қолдарына көтеріп, қалғандары қаздай тізіліп тойханаға кіріп келгенде көңіл құсы құйқылжып кекке алып үшқаны-ай! Адам баласына одан басқа бакыт бар ма? Өрісі Алматы-Астана, берісі Алпана-Наршеккес әй, ойдағы — қырдағысы жиналышп, туыс-жекжат, дос-жаран, кластас, оқытқан үстаздар — ой, бір мерейі өссін.

Иә, сол кезде кепшірмегенде бұл болар ма еді, болмас па еді? Ағатай істің адамы ғой. Есіктен кірген бойда жүрелей отыра кетті.

"Мен бүтін жүремін, бірер киімімді сумкаға сал. Барған соң машина жіберемін. Қалаға көшпеміз. Артық деген затты сат. Тарат. Керектерін ғана ал. Бұып-түйіп дайын отыр" деді.

Мұнда келгенде біраз қиналса да, еңсесін тіктең өзі үй салды. Ұлдың бәрі бір-бір мекеменің бетке үстар азаматына айналған. Алты рет құда-құдағай атанып үлгерді. Өне, немерелері. Солардан төтті не бар екен дүниеде. Міне "үріп ішіп, шайқап текті" деген осы шығар. Шүкір, Алла, төубе, төубе.



МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
Қайран, қымыз!	8
Ерте сөнген ғұмыр	11
Менің анам (хатқа жауап)	15
Шарынқұл Хикаят	21
Мен қазак емеспін	21
Қайран, қыл-қыска қызы ғұмыр-ай	25
Керексіз бала	31
Сенің қызың	35
Корада	37
Шалғагат	40
Шарынқұл	44
Немере	47
Қазақы салтым-ай	50
Ұштап ананың әңгімесі	58
Аяқталмаған диалог	60
Тылсым дүние	63
“Боздактарым-ай!!!”	66
“Никак нет!” (Софыс ардагерінің әңгімесі)	69
Гимнастерка	70
Оққағары бар	71
Түсі тура келетін ана	72
Сәбина	74
“Уголь” қане?	79
Серіз қырлы бір сырлы азamat	81
Ұстаздардың ұстасы	84
Аккайыр ага	86
Нарғыз ұстаз баланың бағын ашады	90
Айгүлдің уайымы	94
Леналар сабактан неге қашты?	96
Сыйлық	99
Қыз көрелік	100
Құда түсу	103
Байдың тойы, кедейдің ойы	106
Қыз алып қашудың қызығы	108
Мен қалай күйеуге тидім?	115
“Алып қашудың” курбаны	119
“Женгетай” жездे	124
Бес қыздың бел шешпесі (немесе күйеуге тиу науқаны)	128
Сезімді қалай тәрбиелеуге болады?	135
Ең сұлу есім	138
Ғазиз — Ғазиза	140
Марат-Ғазиза	146
Күйеу “жолдас”	150
Тәрбие келін	153
Диалект	155
Әкініш	157

Тексіз деп тегін айтпас	159
Ансардың күлкісі	161
Мениң өгей енем	163
Кекшіл катын	166
Махаббат деген не езі?	168
Алланың құдіреті	171
Жылаудын да түрі бар	173
Шайқалған шаңырак	176
Азап арқалан ана	179
Қарыз	185
Жар қадірі	188
Қырмызы. Аныз болған аналар	191
Жаны жібек жездем мениң	194
Өке мейірімін аңсау	195
Өкені сағыну	197
Тұнғыштар	199
Қызыл топтай	205
Кешір біз бейшараны	206
Сананы сілкіле, Сайлаш!	209
Көнілдің көзі	213
Сіздер не білесіздер? (желтоқсан желі)	225
Асхат (Кішкентай жүректің үлкен қасіреті)	228
Үршық	230
Гибраттың өнгіме (болған оқиға)	235
Көршінің қызы	238
Кешірім	242

